

@bilim_times_jurnaly

БІЛІМ

times журналы

Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал

11 (80) 2023

Жарқынбике Нуайқызы Сүлейменова

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
педагогика ғылымдарының докторы, профессор*

Журнал 2017 жылдың 29 тамызында Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке алу туралы № 16653 Қуәлік алған.

Бас редактор Анар ҚАСЫМБЕКОВА

Бас редактордың бірінші орынбасары Әсемай СӘРСЕНБАЕВА

Бас редактордың орынбасарлары:
Тазагүл БУСТАНОВА
Роза ЖАРКИМБЕКОВА
Индира ТҮЗЕЛБАЕВА

Жауапты хатшы
Айбар ЕРМЕКҚАЛИЕВ
Жауапты хатшының орынбасары
Римма ҚҰЛАБАЕВА

Жоба жетекшісі Еркінбек СЕРІКБАЙ

Редакциялық ақылдастар алқасының төрағасы
Бақтияр СМАНОВ,

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі

Редакциялық ақылдастар алқасы төрағасының орынбасары

Нұрайша БЕКЕЕВА,
Филология ғылымдарының кандидаты

Редакциялық ақылдастар алқасының мүшелері:

Айболат Набидуллин,
Абай атынд.ҚазҰПУ PhD докторанты
Осман Қабадайы, Түркия Республикасы
Гази университетінің докторанты

Таралымы: Оқырман мен мақала авторларының тапсырысы негізінде

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Журналдағы суреттер сапасына автор жауапты.
Таралымы: *Оқырман мен мақала авторларының тапсырысы негізінде*

Меншік иесі: ЖК Тургунов
Мекенжайы: Алматы қ., Құлагер ықш. ауд. 64/1
Журнал «JasA» баспаханасында басылды.

Байланыс: +7702-909-93-99
e-mail: erkinbek-kaz@list.ru

Оразбаева Ф.Ш. Мемлекеттік тілді оқыту – ел мен ұлтты сақтау кепілі.....	2
Құрманәлиев К. Түріктерге қазақ тілін үйреткен ғалым.....	4
Балтабаева Ж.Қ., Шаханова Р.Ә., Профессор Ж.Сүлейменованың морфологияны оқыту туралы пікірлері.....	6
Дәулетбекова Ж. Көшбасшылық пен кісіліктің үндесімі (Ғалым Жарқынбике Сүлейменованың ғылыми-шығармашылық әлемі туралы бірер сөз).....	8
Сатбекова А. А. Зерделі ғалым, ұлағатты ұстаз, әйгілі әдіскер.....	10
Жақсылықова К.Б. «Қазақ тілі. Бейнесабақтар» (шетелдіктерге қазақ тілін үйрету құралы): мазмұндық-құрылымдық жүйесі.....	13
Жұбай О. Ғылымдағы дәстүр мен сабақтастықтың жарқын үлгісі.....	16
Ермекова Т.Н. Түркі әлемінің құрметті қызметкері.....	20
Prof. Dr. Yuu Kuribayashi Linguistics Education at Okayama University.....	21
Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлеу білік-дағдысының болуы – кәсіби маман көркі.....	22
Орынбаев А.Ә. Құрбы-құрдас, замандас, дос айнымас.....	23
Зейнулина А.Ф., Ташекова А.Т. Филологиялық білім беру кеңістігіндегі ізденіс айшығы (ф.ғ.д., профессор Ж.Н.Сүлейменованың ғылыми еңбектерінің негізінде).....	26
Тұрлыбек Г.Қ. Көшбасшылық-табысты мектеп негізі.....	29
Рустемова Ж.А. Ғылымдағы біздің бағдаршам.....	30
Ильясова Н.Ә. Білім саласында тіл мен мәдениетті сабақтастырған тұлға.....	31
Рустемова Ж.А., Серік К. Әдебиет сабағында «Ер төстік» комиксін оқыту жолдары.....	32
Қыдыршаев А.С., Бақытбаева Г.С., Педагогикалық білім беру жүйесіндегі педагогикалық риториканың теориялық-әдістемелік аспектілері.....	34
Тұрлыбек Г.Қ. Сыр сұлуы.....	38
Ибраймова Л.Ә. Сүлейменова Жарқынбике Нуайқызы – Қазақстанның көрнекті жаңашыл ғалымы.....	39
Жаңабекова А.А. «Қазақ сөзформа құрылымының жиілік сөздіктері» атты еңбек бойынша статистикалық талдаулар.....	40
Ибраева Г. К. Қазақ тілі пәнін оқытудағы инновациялық технологиялардың маңызы.....	44
Қапантайқызы Ш. Ж. Сүлейменова – әдіскер-ғалым.....	46
Мөхәммәтшина А.Ф., Нұрмөхәммәтова Р. С. Чит телгә өйрәткәндә туган телгә таяну.....	47
Абасилов А.М. Академиялық жазылым: білім алушыларды ғылымға баулу және оны ұйымдастыру.....	49
Кобец Н.Н. Исследовательская деятельность учащихся на уроках русского языка и литературы.....	51
Ангешанова Г.Г., Танбетова Н.К. Білім беру үдерісінде геймификацияны тиімді пайдалану.....	53
Дюсенова С.З. Шешендік сөздерді оқыту.....	55



Фаузия Шамсиқызы Оразбаева

*ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
педагогика ғылымдарының докторы,
Абай атындағы Қаз ҰПУ профессоры,
ҚР Еңбек сіңірген қайраткері*

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУ – ЕЛ МЕН ҰЛТТЫ САҚТАУ КЕПІЛІ

ЖОО дайындалатын мамандық иелері сан түрлі бола келіп, гуманитарлық және жаратылыстану бағыттарын қамтиды. Бұл салалардағы оқу жүйесі теориялық-әдістемелік білім берумен қатар, ұлттық рухани құндылықтарды игерген, мемлекеттік тілде еркін сөйлей алатын кәсіби мамандарды дайындауды мақсат етеді. Осы мақсатты іске асыру барысында коммуникативтік қарым-қатынасты қамтамасыз ететін қазақ тілі – тәуелсіз Ұлы Дала Елінің мемлекеттік тілі, қазақтың туы, елтаңбасы сияқты рәміздердің қатарына жататын ұлттық тіл.

Қазіргі еліміз бен қоғамның алдында тұрған міндет – ұлттық сана мен жоғарғы білім арқылы генетикалық кодтың сапалы көрсеткіші бола алатын интеллектуал тұлғаны дайындау. Мұндай интеллектуал тұлға, ең алдымен, мамандыққа сай пікір-көзқарасын, ойын, кәсіби ұстанымдарын мемлекеттік тілде жеткізе біліп, кәсіби пәндерден сапалы білім алуы қажет.

Жоғарғы мектепте сапалы білім беру дегеніміз – тәуелсіз Қазақ Елінің өркеніетін дамытуға қызмет ететін; мамандығы бойынша арнаулы пәндерді жан-жақты меңгерген; қоғамдық-әлеуметтік ортада кәсіби әлеуеті терең; білім саласында жаһандық бәсекеге қабілетті; ұлттық және адамзаттық құндылықтарды игерген; креативтік, сыни, шығармашыл ойлау дарыны мол; өз бетімен іздену дағдылары қалыптасқан; мәдени-танымдық қабілеті жоғары, өмірден өз орнын таба білетін; білімді де білікті маман иесін тәрбиелеу. Психологиялық тұрғыдан алғанда, адамның тумысынан бойына сіңген қабілет-дағдысы, сана-сезімі орта арнаулы мектеп пен жоғарғы оқу орнында дамиды, бекиді. Осы тұрғыдан келгенде, ЖОО студенті – белгілі бір кәсіпті игерген болашақ маман, еліміздің өркеніетін қамтамасыз ететін ұлт өкілі, білім мен біліктіліктің өнегесі.

Болашақ маман үшін тіл жалпы адамзатқа тән қатысымдық, танымдық құрал қызметін атқарумен қатар, оның кәсіби күзіндеттілігінің негізі болып табылады. Тіл келешек маманның сөйлеу шеберлігінің айқын көрсеткішіне, оқыту, үйрету әрекетін ұйымдастырудың басты шартына, білім нәтижелілігінің кепіліне, оқу мен тәрбиені ұштастырудың тегеурінді тетігіне айнала келіп, тұлға қалыптастырушылық сипатқа ие болады. Кәсіби маман бүкіл қоғамның интеллектуалдық әлеуетін дамытуда, ұлттың рухани кеңістігін сақтауда шешуші рөл атқарады. Сол себепті қазіргі уақытта кәсіби маманның тіл шеберлігін жетілдіру, оларға қоғамдық ортада сөйлесу әдіс-тәсілдерін меңгерту, қазақша сөз өнерін игерту жолдарын

қарастыру жоғары оқу орындарында «Кәсіби қазақ тілі», «Іскерлік қазақ тілі», «Сөз шеберлігі», «Ой өрнегі – сөз», «Мемлекеттік тіл алаңы», «Тіл риторикасы» сияқты пәндерді оқу циклына ендіру арқылы қолға алынады. Пәннің мақсатын анықтау, оның білім мазмұнын түзу, болашақ кәсіби маманның тіл шеберлігін дамыту амалдарын айқындау, сапалы маман даярлау жүйесінде инновациялық серпіліс жасау – бүгінгі күн тәртібінде тұрған мәселе.

Аталмыш пәндердің зерттеу нысаны – әрбір кәсіптің, мамандықтың теориялық негізін тілдік қатынас барысында мәнерлі, әсерлі, ұтымды сөйлеудің амал-тәсілдерімен байланыстыра зерделеу арқылы интеллектуалды әлеуеті жоғары кәсіби маман тәрбиелеудің басты ұстанымдарын ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан тұжырымдау.

Бұл пәндердің басты мақсаты – түрлі мамандықта оқитын студенттерге тілді өз кәсібіне сай терең меңгерте отырып, болашақ маманның өз саласына қатысты сөйлеу өнерін, жазу стилін, терминдерін, іс-қағаздарын, сөз қолданысын, тіл мәдениетін, ой-пікірін білім, білік, дағды арқылы жан-жақты жеткізе білуге үйрету.

Сөз шеберлігіне қатысты сабақтардың міндеттері:

- Кәсіби маманның сөйленіс имиджін қалыптастыру.
- Студенттің шешен сөйлеу күзіндеттілігі мен ой біліктілігін бірлікте дамыту.
- Рухани құндылық ретінде тілдің бай сөздік қорын меңгерту.
- Жас маманға қарым-қатынас жасаудың риторикалық ілімін, ұтымды әдіс-тәсілдерін үйрету.
- Тіл шеберлігі мен ойлау қабілетінің біртұтас қызметін меңгерту.
- Тіл дағдысының қабылдау, пайымдау, сөйлеу үдерісінің логикалық-психологиялық жолдарын айқындау.
- Кәсіби маманның тілдік тұлғасын қалыптастыру.

Жоғарыда көрсетілген мақсат-міндеттер маман тәрбиелеуге қатысты түрлі алғышарттардың жүзеге асуын қажет етеді.

Біріншіден, болашақ кәсіби маманның ұлттық интеллигенция өкілі екенін ескере отырып, оның бойына мемлекеттік тілге деген жауапкершілікті сіңіру шарт. Себебі білім мен ғылым – адамның ақыл-ой қабілетін, оның ішкі мүмкіндіктерін дамытатын күш. Ол сана, таным [1], объективті әлем, субъект, ақиқат, парасат, мәдениет [2], тұлға және тағы басқа ұғымдарды айқындайды.

Екіншіден, оқу барысында студент сөз шеберлігіне үйренудің бәсекелестік өріс алған жаңа дәуірдің қатаң талабы тудырған мүдделілік екенін саналы

түрде бағамдайды. Осы арқылы болашақ маманның өз ойын, пікірін шеберлікпен дәйекті, дәлелді, жүйелі, мазмұнды етіп айта білу дағдыларын меңгеруге деген мотивациясы артады. Бұл орайда студенттерге көпшілік алдында сөйлеу талаптарына сай сөз амалдары мен тәсілдерін, пікірталас мәдениетіне қатысты коммуникативтік дағдылар мен ресми-іскерлік қатынастағы сөз жұмсау әдебінің нормаларын меңгерту тиімді болып табылады.

Аталмыш пәндер кәсіби маманның түсінікті, әсерлі, көркем сөйлей білуіне айрықша мән береді. Пәнді оқыту барысында әр мамандықтың өзіне тән сөз қолданыстары мен тіл орамдары, тұрақты тіркестері, образды сөздік қоры болашақ маманның дүниетанымын кеңейтіп, сөйлеу дағдысы мен қабілетін жетілдіреді.

Алғашқы кезеңдегі риториканы зерттеген ғалымдар сөз өнерін көбінесе педагогикалық риторикамен байланысты қарастырады. Мысалы, инженерлік педагогиканы арнайы зерттеген Т.Л.Владимирова: «Білім беру мен тәрбиелеу саласындағы сөйленіс – тілдік қарым-қатынасты оңтайландырудың (тиімді етудің) теориясы мен практикасын зерттейтін риториканың жеке түрі» деген тұжырым жасайды [3]. Л.Н. Горобецтің ұстанымы бойынша: «Педагогикалық риторика – тиімді (ыңғайлы) педагогикалық коммуникацияның формалары мен талаптарын зерттейтін ғылым. Ол педагогикалық қарым-қатынасты пафостық, модальдық, т.б. түрлі риторикалық жанрлар арқылы сендіру, дәйектеп түсіндіру әдістеріне икемдеу тәжірибесін қарастыратын ғылым. Сондықтан бұл ғылым адамзаттық мәдениет пен өнер саласына тікелей қатысты» [4], - дейді. Л.Н. Горобецтің бұл пайымдауын коммуникация теориясы мен риторика ғылымын сабақтастыратын пәнаралық ғылым ретінде қабылдауға болады. Осындай болжамдар басқа ғалымдардың зерттеулерінде де кездеседі. Мысалы, А.А. Мурашев пен А.К. Михальская педагогикалық риториканы: «синкреттік пән» деп санайды және «бұл пәннің негізгі зерттеу нысаны оқыту мен тәрбиелеу үдерісіндегі қатынас» деп есептейді. «Сондықтан педагогикалық риторика педагогикалық қарым-қатынас аясындағы тілдік коммуникацияның теориясын қарастырады» деп таниды [5].

Сөйлеу өнеріне қатысты пәндер жеке ғылым саласы ретінде кейінгі кезде жан-жақты қалыптасып келеді. Ғалымдар сөз өнерін әдеби нормамен [6] байланысты көркемсөз мәдениетінің [7] іргелі саласы деп бағалайды. Бұл ілім педагогикалық риторикамен ғана емес, ұлттың сөз байлығында қазақ

тілінің канатты сөздерімен, мақал-мәтелдерімен, фразеологиялық оралымдарымен, этимологиялық тіркестерімен байланысты салалардың барлығында қарастырылатын тіл қазынасы болып табылады.

Кәсіби маманның мемлекеттік тілде сөйлеу қызметі – кез келген тілдік қарым-қатынас жағдайында әртүрлі жанрдағы (пікірлесім, тілдесім, сұрақ-жауап, монолог, баяндама, сұхбат, дәріс, тезис, ситуациялық тапсырмалар, т.б.) кәсіби мәтінді түзе біліп, ой-пікірін екінші адамға түсінікті түрде жеткізе білу қабілеті.

Осы мәселелердің шешімін табуда ЖОО оқитын әртүрлі мамандық иелеріне мемлекеттік тілде сөз өнерін оқыту мен үйрету филолог мамандарға жүктеледі. Себебі олар – филология ғылымын фонетика, фонология, лексика, морфология, синтаксис, семасиология, этимология, шешендік өнер, т. б. салалар бойынша толық меңгерген, теориялық-әдістемелік білімдері жетік, сабақ беру шеберліктері тәжірибеде дәлелденген ұстаздар.

Сондай ұстаздардың бірі – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Білім беру ісінің үздігі, екі мәрте «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері Сүлейменова Жарқынбике Нуайқызы.

Профессор Жарқынбике Нуайқызы Сүлейменованың ғылыми зерттеулері жоғары білім беру жүйесі мен орта мектептің өзекті мәселелеріне: қазақ тілі білімінің базалық мазмұнын анықтауға, кәсіби мамандарды сапалы даярлаудың әдіснамалық, әдістемелік мәселелерін зерделеуге, морфологияны оқытудың теориясы мен тәжірибесіне, оқытудың жаңа технологиялары мен әдістемелік тәжірибелерін жинақтауға арналған. Тілшінің мемлекеттік тілді басқа ұлттарға үйретудің жаңа әдістемелік қырларын айқындаған теориялық-әдістемелік еңбектері бүгінгі күннің өзекті проблемаларын сөз ете отырып, үздіксіз білім беру жүйесінде қолданылып келеді.

Осы орайда Сүлейменова Жарқынбике Нуайқызының «Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі» [8] атты еңбегі болашақ мамандарға теориялық біліммен қатар, кәсіби-әдістемелік іскерліктер мен дағдылар жүйесін меңгертуді көздейді. Оқу құралының мақсаты – ЖОО-да оқитын студенттердің мемлекеттік тілден алатын білім деңгейінің өрісін кеңейту, оқылатын тілдік пәндер бойынша магистранттардың кәсіби-теориялық құзыреттілігін қалыптастыру. Тілші-ғалым: «жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, ең бетімен білімін жетілдіре алатын, ең бастысы, мамандығы бойынша қажетті кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан терең білімді және оны жас ұрпақты оқытып-тәрбиелеуде қолданудың әдістемелік жүйесін білетін білікті, ізгілікті маман даярлау өте маңызды мәселе» деп атап көрсетіп, мемлекеттік тілді оқытудың басты мәселелерін зерттеп-зерделейді.

Тілші-ұстаз жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің әдіснамалық негіздерін психолінгвистикалық, педагогикалық, дидактикалық тұрғыдан сөз етеді. Тілді меңгерту үдерісін диалектикалық-динамикалық құбылыс

ретінде қарастыру, тілді үйретуді ұлттық құндылықтармен байланыстыра үйрету, оны қоғамтану, философия, мәдениеттану, әдебиет секілді пәндермен бірлестікте оқыту әлемдік тәжірибелерді сараптап, ғылыми ой-тұжырымдарды зерделеуді керек етеді. Осы орайда, тілді тек қатынас құралы ғана емес, әр халықтың интеллектуалды әлеуетінің, санасы мен дүниетаным деңгейінің көрсеткіші ретінде оқыту маңызды орын алады. Бұл ғылыми педагогикалық негізде тілді үйретудің коммуникативтік теориясын жетік білуді, оның таным теориясымен байланысын іске асыруды, тұлға мәдениетін қалыптастыру теориясын жетілдіруді, олардың әдіснамалық негізін айқындауды талап етеді. [9].

Ғалым Жарқынбике Нуайқызының зерттеулері [10] қазақ тілін оқыту үдерісіндегі білім беру мазмұнына айырықша назар аудара отырып, оны өзіндік ұстанымдармен байытады. Мәселен, тілші: «білім мазмұны – студент танып, білуге тиісті ғылыми білімдер жиынтығынан құрылған жүйе болса, білім студенттің ғылыми пәннен іріктелген білім мазмұнын әрекеттік негізде меңгерген білік, дағдыларының нәтижесі болып табылады», дей отырып, – «жоғары мектепте аталған ғылыми курстан білім беру мазмұнының ғылыми дидактикалық негіздерін айқындау, оны сапалы меңгертуде оқытуды ұйымдастырудың негізгі формалары – дәріс, семинар сабақтардың біртұтастықта жүзеге асуы, тұлғаның белсенді оқу әрекетін, кәсіби, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың және магистрант білімін бақылап, бағалаудың әдістемелік қырларын ашу жоғары білім берудің маңызды мәселелері болып табылады» деген түйінді ойға келеді.

Демек, сөз өнерін меңгерту барысындағы білім беру мазмұны мемлекеттік тілді қоғамның барлық саласында коммуникативтік білім, білік, дағды, іскерлік бағытында жүзеге асыра отырып, қазақтың тіл байлығын болашақ ұрпаққа кәсіби маман арқылы игертуді көздейді.

Білім мазмұнында әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуы; психофизиологиялық және индивидуалдық ерекшеліктеріне сай білімге қол жеткізуі; жеке адамның білімділігін ынталандыру; оқу мен тәрбиенің бірлігі; білім берудің ізгілікті сипаты; білім мен ғылымның, практика мен өндірістің интеграциялануы; білім сапасын кәсіптік бағдарлау; білім беру жүйесін ақпараттандыру сияқты қағидалар жоғары мектеп бағдарламасында негізге алынады.

Автор білім беру мазмұнына сәйкес төмендегі ұстанымдардың ұтымдылығын анықтап, олардың әрқайсысын жіктеп көрсетеді. Олар – жалпы; жекепәндік; іскерлік, дағдылық, құзыреттілік жүйесі тұрғысынан; кәсіби бағдар беру тұрғысынан; маманның шығармашылық қабілетін дамыту тұрғысынан сипатталады. Ұстаз тарапынан ұсынылған оқытудың сапасын арттыратын дидактикалық ұстанымдар мен білім беру жүйесіне қатысты айтылған ой-пікірлер – кәсіби маман дайындауда тәжірибеден өткен, оқу үдерісінде

маңызды рөл атқаратын тұжырымдар.

Жарқынбике Нуайқызы Сүлейменова жоғары мектепте мемлекеттік тілді оқыту мәселесіне; студенттерге теориялық білім, дағды, кәсіби құзыреттілік қалыптастырудың жолдарына; сабақ барысында қолданылатын тиімді амал-тәсілдерге; белсенді оқыту әдістері мен электронды оқу құралдарын тиімді пайдаланудың әдістемесіне зерделі, дәйекті пікір білдіріп, тіл білімінің әдістеме саласының дамуына мол үлес қосып келеді.

Қазақ тілі ел өркениетін дамытудың басты шарты болғандықтан, мемлекетшілдік рухтың салтанат құруына, халықтың өзінің төлтума салт-дәстүрлерін дәріптеп, ұлттық даралығын сақтауына, ұлттық мамандардың білім мен мәдениетті интеллектуалды әлеуеттің басты көрсеткіші ретінде түйсінуіне оң ықпалын тигізеді. Тілдің осындай қоғамдық-әлеуметтік қызметі кәсіби мамандардың бұл мәселеге ыждағаттылықпен қарауын талап етеді.

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік негізі қарым-қатынас құралы тілдің қоғамдағы рөлі мен қызметіне байланысты. Қоғамның сұранысы мен замана талабын ескере отырып, тілдің қолданыс өрісін кеңейту тіл – қоғам – заман бірлігі туралы кәсіби маманның өзіндік көзқарасының болуын талап етеді. Оқыту барысында тілдің жалпы әлеуметтанудың көрсеткіші екеніне жете көңіл бөлініп, тілдің жеке адам тағдырындағы ғана емес, жалпы мемлекет тағдырындағы орнын түйсінуге жол ашатын тағылымдық мәселелердің қамтылуы тілдің қолданыс аясын кеңейтуге, оның жаһандық қауымдастық алдындағы мақсат-міндетін анықтауға мүмкіндік берері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оразалиева Э. *Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы.* – Алматы: «Ан-Арыс», 2007, – 312 б.
2. Манкеева Ж. *Мәдени лексиканың ұлттық сипаты.* – Алматы: «Ғылым», 1997. – 272 б.
3. Владимирова Т.Л. *Риторика. Техника речи.* – Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2010. – 80с. (Электронный ресурс).
4. Горобец Л.Н. *Педагогическая риторика в системе профессиональной подготовки учителя нефилолога (электронный ресурс).* fihLib/hersen_9_14_pdf
5. Михальская А.К. *Педагогическая риторика. История и теория* – М., 1998.
6. Сыздықова Р. *Тілдік норма және оның қалыптасуы.* – Алматы: «Ел-шежіре», 8 том. 2014. – 290 б.
7. Уәли Н. *Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері.* – Алматы: «Қазақ тілі», 2021. – 408 б.
8. Сүлейменова Ж. *Жоғарғы мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі.* – Алматы: «Қыздар университеті». 2018. – 266 б.
9. Оразбаева Ф. *Қазақ тілі білімінің мәселелері. Антология.* – Алматы: «Қазақ тілі», 2019. – 656 б.
10. Сүлейменова Ж.Н., А.А. Самбекова, т.б. *Қазақ тілі пәнінен жаттығулар жинағы.* – Алматы. 2010. – 213 б. Сүлейменова Ж., Г.Көпеева. *Сабақ – оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы.* – Алматы. – 116 б.

ТҮРІКТЕРГЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТКЕН ҒАЛЫМ

Кез келген тілді үйрену, басқа тілде сөйлеу, түсіну ол тілдің тіл білімдік негізін білумен тікелей байланысты. Сондықтан тілді оқыту әдістемесінде жақсы нәтижеге жету үшін қашан да тіл білімі мәселесі үнемі алдыңғы қатарға шығады. Бұл әдістедегі дәстүрлі талап заңдылықтарының басты бағыты, негізі екендігі ақиқат. Сондықтан бұл негіз әдістемелік зерттеулерде үнемі қарастырылуы дәстүрге айналған. Өйткені, тілді оқыту әдістемесі тіл біліміне негізделіп, тіл ғылымы зерттеулеріне, сондағы теориялық қағидаларға сүйенеді.

Қазақ тілінің грамматикалық құрылысын меңгермей, қазақша сөйлеу мүмкін емес. Сондықтан барлық қазақ тілі оқулықтарында грамматика мәселелері үнемі беріліп келеді. Мәселен, 1925 жылдан бастап, 1936 жылға дейін орыстарға қазақ тілін оқыту үшін оқулықтар жазған әдіскер ғалым Т.Шонанов тілді үйрену үшін сөздік қор мен грамматиканы білу керек деп санаған[1].

Орыс топтарға арналған оқулықтарда осы ұстаным жалғасын тапты. Мәселен, Ғ.Бегалиевтің [2], Н.Оралбаева, Х.Есенов, С.Хайруллинаның [3], Ш.Бектұров, А.Бектұрованың [4], Ш.Құрманбайұлы, М.Мамаева, А.Сабанбаевалардың [5] оқулықтары мен оқу құралдарында да сөздік пен грамматикаға орын берілген.

Демек, қазақша сөйлеу үшін сөздік қор ғана емес, грамматикадан білім беру керек екені тәжірибеде де, ғылымда да дәлелденген. Сондықтан қазақша сөйлеуге үйретуде, қазақша дұрыс сөйлеуді қалыптастыруда грамматикадан да тіл үйренушілерге дерек беріледі. Осы міндетті жақсы түсінген әдіскер ұстаз Сүлейменова Жарқынбике Нуайқызы кандидаттық диссертациясында оқу орыс тілінде жүретін мектепте қазақ тілінен етістікті оқыту мәселесін қарастырды. Өйткені қазақша байланыстырып сөйлеу морфологиялық тұлғаларды дұрыс қолданумен тікелей байланысты [6].

Жарқынбике Нуайқызының бұл тақырыпты таңдауына Павлодар педагогикалық институтында аға оқытушылық қызметке орналасқан кезден бастап орыс топтарына Практикалық қазақ тілінен сабақ бергенінің де үлкен септігі тиді десек артық емес. Жас маман өзге тілді топтарда мемлекеттік тілді меңгеруде сөз таптарының ішіндегі ең күрделісі етістік екенін басты назарда ұстады.

Ж.Сүлейменова қазақ тілін оқытып

қоймай, оның кең қолданылуына да атсалысқан қайраткерлігін де айтып өткеніміз абзал. Филология факультетінің орыс тілі мен әдебиеті кафедрасына практикалық қазақ тілі пәні оқытушысы болып жұмысқа орналасқан кезде институтта қазақ тілі мен әдебиеті бөлімі болмаған еді. Жас маман институтта жұмыс істеген екі жыл бойы факультетте қазақ бөлімінің ашылуына белсенділік танытып, талай рет республикалық теледидардан сөйлеп, институт басшыларына қазақ бөлімін ашу туралы ұсыныстар жасады. 1990 жылы Институттың Филология факультетінде қазақ бөлімі ашылды. Қазақ тілінің жанашыры болған, ана тіліміздің қадір-қасиетін, рухани кенішін өскелең ұрпаққа үйретуді мақсат еткен Жарқынбике Нуайқызы өзі еңбек жолын бастаған Павлодар пединститутында қазақ бөлімінің ашылуына өзіндік себепкер болғанын тілші ғалымдар бұл күндері үлкен сүйіспеншілікпен айтып жүргені анық.

Әдіскер-ғалым диссертациялық жұмысында тілді меңгерудің мотивін анықтау, сөйлеу әрекетінің продуктивті түрлерін бір-бірімен тығыз байланыстыра үйретудің психофизиологиялық жолдарын белгілеу, қабылдау, дағды, ес-жады, оқушылардың дара ерекшелігі, темперамент сияқты психикалық процестердің ерекшеліктерін білудің орыс тілді мектептерде қазақ тілі пәнін оқытуда аса маңыздылығын тәжірибе арқылы дәлелдеген. Қазақ тілін ана тіл ретінде оқыту мен өзге тіл ретінде оқыту әдістемесінің арасында елеулі айырмашылықта бар екендігі белгілі. Осыны ескерген Жарқынбике Нуайқызы өз зерттеуінде өзге ұлт оқушыларына қазақ тілін үйретуде берілетін білім көлемі мен мазмұнын анықтап, оқытудың ұстанымдары мен оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін саралаған және оны тәжірибе жүзінде дәлелдей білген. Бұл тәжірибесін ол Түркияда қазақ тілін шет тілінде үйрету барысында да бағдарламаша етіп алғанын айтқанымыз абзал.

Оның жоғары мектепте жинақтаған әдістемелік-теориялық білім деңгейінің сапасы – болашақ жас ұрпақтың білім көрсеткіші, сондықтан жоғары білім берудің жаңаша моделін құру, білім мазмұнын жаңарту, әрекеттік-шығармашылық оқуға көшу, білімнің тұлғалық-бағдарлық, бастысы, нәтижелілігіне бағдарлауды жүзеге асыру керектігі зерделі ғалымның алдына қойған мақсат-міндетіне айнал

ды. Ғалым қазақ тілін шетелдіктерге де үйретуді мақсат етіп, Түркияда қызмет қылғанын да сөз еткенді жөн көрді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жоғары білім беру жүйесін дамытудың маңызды бағыты интернационалдандыру процестері болып табылады. Қазақстандық жоғары оқу орындары шетелдің жетекші жоғары оқу орындарымен халықаралық келісім-шарттар жасап, халықаралық жобаларға қатысып, шетелдік ғалымдарды жұмысқа шақырып, бірлескен және қос дипломдық білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру жұмыстары қолға алынды. Сондай-ақ студенттердің, оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлық бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Осы жерде ерекше атап өтерлік жайт түркітанушы тілші ғалымдардың Түркия Республикасының жоғары оқу орындарына барып, дәріс оқуы 90–жылдардың басында белең алды. Солардың алғашқы легінде қазақ тіл білімі ғылымының дамуына, түркологияда өзіндік орын алуына қомақты үлес қосқан, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырған ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбайқызы болғанын үлкен мақтанышпен еске аламыз. Ғалым 1992–1994 жылдары Түркия Республикасының Анкара университетінде түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілінің грамматикалық құрылысы жайында дәріс оқыды. Ұстазы бастаған жауапты да мәртебелі сапар жолы Жарқынбикеке де бұйырды. Түркия республикасындағы алдыңғы қатарлы үлкен университеттің бірі Нийде университеті мен Қазақстан Республикасы Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті арасындағы білім кеңістігіндегі халықаралық ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол қойылып, университет студенттері мен магистранттары Нийде университетіне академиялық ұтқырлық бойынша білім алу ісі басталды. Ал профессор Жарқынбике Нуайқызы 2012–2016 жылдар аралығында аталған университеттің Білім және әдебиет факультетінің Қазіргі түркі тілдері мен әдебиеті бөлімінде профессор қызметін атқарды. Түрік студенттеріне «Қазақ тілі», «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы», «Татар тілі», «Түрік тіліне кіріспе» пәндерінен дәріс оқыды. Ұстазы Нұржамал Оралбайқызының «Қазақша үйренеміз» деген екі кітаптан тұратын оқу құралы бойынша түрік

студенттеріне сабақ жүргізіп, қазақ тілін үйретті. Осы жылдар ішінде Жарқынбике тек қана студенттерге дәріс оқып қана қойған жоқ, Нийде университетінде «Халықаралық түрік ғылыми-зерттеу симпозиумының» өткізілуіне және «Қазақ-түрік бөлім-мұражайының» ашылуына да атсалысты. Сол Симпозиум он төрт жылдан бері екі университет арасында жалғасын тауып келеді.

Түрік студенттерге бірнеше жыл қазақ тілін үйреткен еңбеккер ғалым өзі де түрік тілін жақсы меңгеріп, екі жақтың делегациялары арасында аудармашылықты да абыроймен атқарып жүр. Жарқынбике Нуайқызы бірнеше халықаралық ғылыми жобаларға қатысып, түркі мәдениеті мен тілдерінің дамуына өз үлесін қосуда. «Білім көкжиегі», «Түркі мәдениеті» атты Анкарада шығатын журналдардың редакция алқасының мүшесі. Осы еңбектері еленіп, Жарқынбике Сүлейменова 2018 жылы Түркия Республикасының «Түркі әлеміне еңбегін сіңірген қайраткер» төсбелгісімен марапатталды.

Ғалымның қаламынан: «Жоғары мектепте қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» үлгілік бағдарламаларының, «12 жылдық мектептің негізгі орта буынының білім мазмұны» тұжырымдамасы авторларының бірі. Ғалымның «Қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері» (2001), «Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис» («Сын есім (шырай категориясынан басқасы). Сан есім. Шақ категориясы. Үстеу. Шылау» тараулары) (2002), «Іскерлік қазақ тілі» (2002), «Қазақ тілі сабақтарында жүргізілетін тіл дамыту жұмыстары»(2003), «Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабақтарында жүргізілетін оқу ойындары»(Ф. Төрегелдиевамен бірге) (2006), «Қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқыту»(2008), «Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесі» ұжымдық монографиялары(2009), «Қазіргі қазақ тілі морфологиясы»(2009) электронды оқулық пен оқу құралдары, «Қазіргі қазақ тілі морфологиясынан өздік жұмыс тапсырмалары»(Ж. Отарбековамен бірге) (2011), «Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі»(2018) монографиялары, «Әдебиет әлемінде»(2018), «Сабақ – оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы»(2021), т.б. оқу құралдары, мектеп оқушыларына арналған «Қазақ тілі» (1, 5, 6-сыныптар) оқулықтары мен оқу құралдары, «Әскери іс. Түсіндірме сөздік» (1996), «Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Сөздік-анықтағыш» (2009), «Қазақша-түрікше, түрікше-қазақша» қысқаша сөздігі»(2014), «Қазақша, түрікше, ағылшынша, орысша тілашар»(2014), «Қазақша, ағылшынша, қытайша тілашар» (2018), «Қазақша-

түрікше, түрікше-қазақша» электронды сөздігі»(2020), т.б. еңбектер жарық көріп, ғалымдардың, магистранттардың, докторанттардың, оқытушылардың, мұғалімдердің, студенттердің қолына тиді, іздеп оқитын еңбектеріне айналды.

Ж.Сүлейменова – гранттық, халықаралық жобалардың орындаушысы. Ол – «Қазақстан аймағындағы ұйғырлардың материалдық емес мәдени мұрасы» халықаралық гранттық жоба бойынша «Учугуларын somut olmayan kulturel mirasi. “Kazakistan örneği», («Қазақстандағы ұйғырлардың материалдық емес мәдени мұрасы») энциклопедиясы мен «Kazakistan'da uyuşmlanan uyuşursa eserler katalogu» («Қазақстанда жарияланған ұйғыр тіліндегі еңбектер каталогі) авторларының бірі (2020). Сонымен қатар «Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы ұлттық бренд негізінде меңгерту» гранттық жоба бойынша «Қазақ тілі. Бейнесабақтар» (шетелдіктерге қазақ тілін үйрету құралы) (2021), «Ұлттық бренд. Қазақ тілі» (шетелдіктерге қазақ тілін үйретуге арналған электронды оқулық) (2022), «Саяхаттап оқиық» оқу құралының, т.б. жарияланым авторларының бірі.

Жарқынбике Сүлейменова Түркия, Польша, Ресей, Жапония, Қытай, Өзбекстан, Азербайжан, т.б. мемлекеттерде өткен ғылыми конференциялар, симпозиумдар мен форумдарда жоғары білім беру жүйесі мен тіл білімі терминдері, түркілік ортақ терминологиялық қор мәселелері бойынша талқылауларға қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісіп келеді.

Жоғарыда айтылған әдіскер-ғалымның ғылым, білім саласындағы еңбектері ескеріліп, «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі»(1996), Қазақстан Республикасы «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының екі мәрте иегері (2008,2020) атанды. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің дамуына қосқан үлесі үшін 70 жылдық мерейтойына орай «Құрмет белгісі» медалімен (2014), Түркия Республикасының «Түркі әлеміне еңбегін сіңірген қайраткер»(2018) сыйлығының иегері атағымен, Ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Осылайша өмірін адал еңбекпен өрнектеген, қарапайымдылығы мен кішіпейілділігі ізеттілігімен ұласқан ғалымның мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттыруда, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуде, өзге ұлт өкілдерінің оны оқып-үйренуіне білімі мен білігін көрсете беретініне сенім мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Шонанов Т. «Самоучитель киргизского языка для русских (словарь и грамматика) 1-с изд. Оренбург. 1925.

2 Бегалиев Ф. Қазақ тілі. Учебник казахского языка VI-VII классов семилетних и средних русских школ. 1951.

3 Оралбаева Н., Есенов Х., Хайруллина. Изучаем казахский язык. 1989. 336 с.

4 Бектұров Ш., Бектұрова А. Қазақ тілін для начинающих. 1994. 387 б.

5 Құрманбайұлы Ш., Мамаева М., Сабанбаева А. Қазақ тілі. Жоғары оқу орындары заң факультеттерінің студенттеріне арналған оқу құралы. 2001.

6 Сүлейменова Ж. Оқу орыс тілінде жүретін мектепте қазақ тілінен етістікті оқыту. Канд.дисс. Алматы.1993.

Ж.Қ.Балтабаева,

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
профессоры, п.ғ.д.*

Р.Ә.Шаханова,

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
профессоры, п.ғ.д.*

ПРОФЕССОР Ж.СҮЛЕЙМЕНОВАНЫҢ МОРФОЛОГИЯНЫ ОҚИТУ ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕРІ

Еліміздегі жоғары білім беру сала-сында өндіріс пен нарықтың жылдам өзгеріп жатқан жағдайына бейімделген жаңа үлгідегі мамандар даярлауға үлкен мән берілуде. Бұл ретте оқытудың жаңа әдіс-тәсілдермен жүргізілуі басты жеке болуы тиіс. Сондықтан жоғары мектепте оқытуды ұйымдастыруда іргелі білімді кеңінен меңгерген, бастамашыл, жаңа тұрпатты маман даярлау басты міндет болып табылады. Мұндай міндет үдесінен көрінуі студенттің жоғары оқу орнында нәтижеге бағдарланған, толыққанды білім алуына байланысты. Сол себепті болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлауда қазақ тілінің салаларын оқытудың жолдарын ғылыми-әдістемелік тұрғыда негіздеу еліміздегі жоғары білім берудің мақсаты және күтілетін нәтижелерімен үндесіп жатқанын көрсетеді.

Әбу Насыр әл-Фараби «Әлеуметтік-этикалық трактаттарында»: «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген ұғым... Қандай ғылым болса да, ол адам санасына дербес, ерекше мәндерді ұғыну арқылы ұялайды» [1,96].- деп көрсеткен. Әрине, адамның белгісіз нәрсені ашу қабілеті бірден қалыптаса қоймайды. Ол үшін білімнің қай сатысында болмасын оқу процесінде мұғалім тиімді әдістерді пайдалана отырып, білім алушыларды қызықтыра білуі қажет. Әсіресе бұл жұмыс жоғары мектепте басты назарда болуы қажеттігі анық. Бұл мәселе жоғары оқу орындарында қазақ тілінің салаларын оқытуды арнайы қарастырған ғылыми әдістемелік еңбектерде айтылып та жүр. Осы бағыттағы соны ізденістің, ғылыми зерттеудің бірі – «Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбында қорғалған Жарқынбике Нуайқызы Сүлейменованың докторлық диссертациясы[2]. Диссертацияда алғаш рет қазақ тілі морфологиясын жоғары оқу орындарында жүйелеп оқытудың ғылыми-теориялық, әдіснамалық негізі жасалды. Ғалым қазақ тілі морфологиясының теориялық мәселелері және оны оқытуға қатысты пікір айтқан ғалымдар А.Байтұрсынұлы Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, Х.Басымов, С.Жиенбаев, Ғ.Бегалиев, Ш.Х.Сарыбаев, І.Кеңесбаев, М.Балакәвтардың пікірлерін, көзқарастарын ескере отырып, мәселені кең ауқымда, ғылыми-әдістемелік тұрғыда дамытты.

Әдіскер ғалым Ж.Сүлейменова болашақ қазақ тілі мамандарын даярлау ісінде жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, өз бетімен білімін жетілдіре алатын, ең

бастысы мамандығы бойынша қажетті білім, іскерлік, дағдысы қалыптасқан терең білімді және оны жас ұрпақты оқытып-тәрбиелеуде қолданудың әдістемелік жүйесін білетін білікті, ізгілікті маман даярлау екендігін терең түсіне отырып, алайда жоғары мектептегі оқыту үдерісінде белең алған оқудың түсіндірмелі-иллюстративті түрінің үстем болуы, білімді меңгеруде студент тұлғасының объект ретінде ғана көрінуі оның шығармашылықпен жұмыс жасау мүмкіншілігін шектеп келгендігін назарда ұстап, бұл кемшіліктен шығудың жолын қарастырды. Жоғары мектептерде белең алып отырған оқу-тәрбие үдерісіндегі мұндай кемшіліктерден педагогика, психология ілімі қағидалары мен жинақталған педагогикалық озық тәжірибелердің, сондай-ақ оқытудың әдістемелік жаңа моделінің енгізілуі, ғылымның соңғы жетістіктерін пайдалану арқылы арылуға болатындығын түсінген Жарқынбике Нуайқызы осы бағыттағы ой қорытындыларының бәрін эксперимент арқылы дәлелдеді.

Ғалым пікірінше, морфология сөздердің құрылымын зерттейтін ғылым болғандықтан, сөздердің құрылымының күрделілігі морфологияның күрделілігін туғызады. Бұл жағдай морфологияны оқытуды қиындатады да, оқыту, білім беру үрдісінде, жоғарғы оқу орындарында қазақ тілі мамандарын дайындау ісінде морфологияны оқытуға ерекше мән беруді талап етеді. Сондай-ақ, морфологияның сөз түрлендіргіш қосымшалары, яғни сөз тұлғасын түрлендіретін қосымшалары синтаксисте сөйлем мүшелерін, сөйлемнің түрлерін жасап, яғни олар синтаксистік қызмет атқаратындығын, сондықтан білімгер морфологияда сөздің тұлғасын түрлендіретін қосымшаларды жетік меңгергенде ғана, синтаксисте олардың қызметін меңгеру оларға қиын болмайтындығын да ескерткен. Сонымен қатар әдіскер ғалым морфологияда сөз тұлғасын түрлендіретін қосымшаларды толық ажырата алмау да оларды сөзжасамдық қосымшалармен шатастыруға әкелетіндігіне, өйткені сөзжасамдық қосымшалар мен сөз тұлғасын түрлендіретін қосымшаларда омонимдік қасиет өте күшті екендігіне де мән берген[2,28-6.].

Мектептің ертеңгі беделі тұлғасы бүгінгі болашақ маманның құзырлы даярлығы ең алдымен мамандығы бойынша ғылыми білімді сапалы игеруіне байланысты екендігі түсінікті. Оның жоғары мектепте жинақтаған әдістемелік-теориялық білім деңгейінің сапасы – болашақ жас ұрпақтың білім көрсеткіші,

сондықтан жоғары білім берудің жаңаша моделін құру, білім мазмұнын жаңарту, әрекеттік-шығармашылық оқуға көшу, білімнің тұлғалық-бағдарлық, бастысы, нәтижелілігіне бағдарлауды жүзеге асыру керектігі зерттеушінің алдына қойған межесі болды. Осы жеке үдесіне сай ғалым қазақ тілінің грамматикасының морфология саласы жан-жақты зерттеліп, мақсат міндеттері біршама айқындалса да, морфологияны жоғары оқу орындарында оқыту мәселесі назардан тыс қалған, талас туғызатын, соңғы зерттеу нәтижелерімен қайшы келетін, тап басып, дәл айтуға келмейтін түйткілді мәселелері де бар деген тұжырымға келе отырып, осы пікірдің дәлелі ретінде морфологиялық (грамматикалық) ұғымдар, яғни грамматикалық мағына мен грамматикалық форма сәйкестігі, морфологиялық формалар, кейбір морфологиялық категориялар, сөз таптары теориясы тұрғысындағы ғалымдардың әртүрлі көзқарастарын, сөздердің бір лексика-грамматикалық топтан екінші лексика-грамматикалық топқа ауысу ерекшеліктері, көмекші морфеманы танудағы, оны жіктеудегі ғалымдардың пікір қайшылықтарын келтіре отырып, өзіндік тұжырымдар жасаған.

Сонымен қатар әдіскер ғалым өз зерттеуінде жоғары мектеп дидактикасының басты мәселелерінің бірі - жаңа заманда жаңаша ойлайтын тұлғаның оқу белсенділігін арттыруға, жан-жақты дамытуға бағытталған оқыту үдерісін ұйымдастыру, түсіндірмелі-ақпараттық білім беруден ақыл-ой әрекетіне, танымдық іс-әрекеттер амал-тәсілдерін белсенді меңгеруге көшу, яғни студенттің білім сапасын көтеретін жаңа жүйені – оқытудың белсенді (активний) әдістерін ғылыми негіздеу екендігін көрсете келіп, морфологияны оқытуды белсенді әдістер жүйесіне құрған. Ғалым белсенді әдістерге мынадай түсінік берген: «Осы тұрғыдан келгенде, студенттің кәсіби іздену-зерттеушілік, өз бетіндік шығармашылық, теориялық сыни, кәсіби әдістемелік-теориялық ойлау қабілетін арттыруға негіз болатын ерекше ынта-ықылас, серпінмен, қызығушылықпен, жасампаздықпен, құлшыныспен, жігермен орындалатын, негізінен, жұптың, топтың, ұжымның бірлескен мақсатты оқу әрекетін тудыратын әдістер жиынтығын белсенді әдістер деп атауды жөн көрдік» [2,98-6.].

Зерттеушінің атаған белсенді әдістерді морфология пәнін оқытуда қалай пайдалануға болатындығын күнделікті сабақ барысында сынақтан өткізіп, дәлелдеуі әдіскер

ғалымның институт бітіргелі жоғары оқу орындарындағы оқытушылық қызметінің нәтижесі деуге де болады. Осы орайда әдіскер ұстаз ұсынған әдістердің бірі – пікірсайыс. Студент пікірсайыс ұйымдастыру арқылы түрлі тақырыпта сөйлеуге, пікір таластыруға, өз ойын дәлелдеуге, басқаның пікірінің қате екенін дәлелдеуге жаттығу арқылы шебер сөйлеуге жаттығады, дағдыланады. Сондай-ақ пікірсайыс - студенттердің сөйлеу мәдениетін арттырып, олардың топ алдында өзін-өзі талдай білуге, басқаны тыңдай білуге, өз көзқарасын дәлелдей білуге, сауатты сөйлей білуге үйрететін тиімді әдіс. Ғалымның өз сөзімен айтқанда, «Пікірсайыс студенттің өткен материалды толық меңгеруге, оқу мәселелерін дұрыс шешу жолында ізденуге, ойлау, сөйлеу қабілетін дамытуға, пәнге қызығушылығын арттыруға түрткі болады. Сұрақ қою, оны өзі құрастыруы, фактілерге сүйене отырып жауап беруі, өз сөзімен жетік жеткізуі тақырыпты еркін меңгеруіне көмектеседі» [2,105-б.]. Әдіскер-ғалым пікірсайыстың таңдалған тақырыптың әртүрлі көзқараста, пікірталас туғызатындай болуын негізгі шарт деп есептей келіп, бірақ студенттерде білім қоры болмаса, бұл әдісті қолданудың ешқандай дидактикалық мәні болмайтындығын да ескерткен.

Тәжірибелі ұстаз семинар және зертханалық сабақтардың пікірталасқа құрылуы студенттердің оқу материалын жете, саналы, берік ұғынуларына мүмкіндік беретіндігін және пікірталаста алдымен мұғалімнің студенттермен пікірталасы жеке, содан соң жұптық қатыста айтысу, кейін топтық, соңында командалық топтар арасындағы пікірсайысқа жалғаса, нәтижелі болатындығын тәжірибе барысында өзі өткізген сабақтары арқылы дәлелдеген. Әдіскер ғалым оқу пікірталастарын ұйымдастыруда негізінен морфологиялық күрмеуі күрделі түйткілді, пікір алалығы көп тұжырымдарды іріктеп алған. Яғни пікірталасты ұйымдастыруда грамматикалық мағына, грамматикалық категория, сөзформа, қосымшалардың жіктелуі, нөлдік морфема, етіс, шырай категориясы, көмекші сөздер, аналитикалық форма, модаль категориясы т.б. пікір қайшылықтары көп тақырыптарды таңдап, студенттер ұғымында осындай морфологияның теориялық мәселелерін қалай оқыту қажеттігін көңілге қонымды етіп түсіндіре білген. Жарқынбике Нуайқызы алдымен пікірсайысқа даярлық жасап, яғни мақсатын анықтап, қарастырылатын мәселелерді, практикалық тапсырмаларды іріктеу қажеттігін, шығармашылық және еске түсіруге байланысты сұрақтарды да таңдап алу қажеттігін ең басты жұмыс деп есептейді. Өйткені, әдіскердің тұжырымынша, пікірсайыс сабақтарындағы практикалық тапсырмалар теориялық мәселелерді игеруге қызмет етуі тиіс және кез келген әрекет уәж, түрткі, мақсат, нәтижеден тұратындықтан, пікірталас нәтижесі уәждемеге, яғни қызығу, танымдық

қызығуға жетелейтіндей, дағды қалыптастыратындай болуы керек.

Әдіскер ұстаз зерттеуіндегі келесі әдіс – проблемалық-ізденімдік әдіс. Алдымен ғалым проблемалық-ізденімдік әдістің дәстүрлі әдістен қандай ерекшелігі бар екендігіне назар аударған: «Басты ерекшелігі – оқу әрекетінің құрылымында, себебі дәстүрлі әдістер бойынша алдымен “даяр” білім беріліп, содан соң бекітуге жаттығулар жүргізілсе, соңғысында алдымен оқу проблемалары қойылып, ол субъектінің өзіндік ізденістері негізінде шешіледі» [2,101-б.]. Бірақ проблемалық-ізденімдік оқу әдісін қолданудағы ең басты талап – білімгерлерді қызықтыратындай проблемалық тапсырманы дұрыс таңдай білу. Сондықтан ғалым оқу тапсырмасының мазмұнының сапалық дәрежесі оқытушы шеберлігіне, ізденісіне, шығармашылық қабілетіне, кәсіби құзыреттілік дәрежесіне байланысты шешілетіндігіне мән бере келіп, проблема қою объектіні зерттеу, іздеу үдерісіндегі диалектикалық қарама-қайшылық болып табылатындығын және жоғары мектептегі даярлық болашақ маманның шығармашылық қабілетін дамыту міндеттерін көздесе, бұл процесс шығармашылық-проблемалық бағыттағы тапсырмаларды орындаумен тығыз байланысты болатындығын басты назарда ұстаған.

Ғалым ұсынып отырған бұл әдісті, яғни проблемалық-ізденіс әдісі арқылы студент тыңдаушы, қабылдаушы, есте сақтаушы ғана емес, ол өзі білімді жоспарлап, жинақтайтын, қорытып, дәлелдейтіндігін, шешімін табатындығын бұл жерде көп дәлелдеп жатудың қажеті жоқ тәрізді. Ең басты мәселе осы әдісті орнымен, ұтымды қолдана білуде, өйткені бұл әдіс студенттің ақыл-ойының дамуына, шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Ж.Сүлейменова тұжырымынша, «Қазіргі қазақ тілі морфологиясы» сабақтарында морфологиялық ұғымдарды меңгертуде проблемалық-ізденімдік әдісті жүзеге асыру былай жүргізіледі: проблеманы оқытушының немесе студенттің өзі тауып, шешуін, болжамдарын біліп, оны тексерудің амал-тәсілдерін, тиімді жолдарын білу, материал жинау, талдау, өңдеу, қорытынды жасау; оны практикада қолдану. Оқу материалын проблемалап түсіндірудің мәні – білімді оқытушының даяр күйінде емес, проблема қоя отырып, студентті өз бетінше ойландырып, оны шешу жолдарына үйретуінде. Танымдық әрекетте жеке тұлғаны белсендіру процесінде уәждеме ғана жетекші себепші болады... Проблемалық әдісті қолданушы оқытушы проблемалық жағдаяттың мазмұны мен типологиясын білуі керек» [2,102-б.].

Бұл әдістің ерекшелігін осылайша сипаттай келіп, әдіскер ұстаз проблемалық жағдаяттың негізі қарама-қайшылыққа құрылатындығын және оның мынадай кезеңдері болатындығын көрсеткен: проблемалық жағдаят – проблемалық тапсырма шешімінің жо-

лын модельдеу – шешу. Проблемалық оқытудың мақсаты мен нәтижелілігі қызығушылықтың болуымен, белгілі мен белгісіздің ара салмағының дұрыс құрылуымен, шешілуге тиісті ақпараттың маңыздылығы мен қажеттілігіне байланысты. Проблемалық жағдаяттың субъектінің қиындықты сезінуі, ойлауды, жаңа білімді іздеуді қажет етуі – дәлелдеуді қажет етпейтін нақты мәселе.

Жарқынбике Нуайқызы бұл әдістің өзіндік ерекшеліктерін осылайша пайымдай келіп, өзінің тәжірибесінде «Қазіргі қазақ тілі морфология» курсы оқытумен байланысты кейбір лекция, практикалық сабақтардың мазмұнын проблемалық етіп құрғандығын, яғни бұл әдісті іс жүзінде қалай пайдаланғандығын нақты тақырыптармен көрсеткен. Мысалы, “Грамматикалық мағынаның түрлері”, “Нөлдік морфема мен нөлдік форма”, “Морфемика. Грамматикалық омонимиялар”, “Сапалық сын есімнің шырай категориясы”, “Етістіктің етіс лексико-грамматикалық категориясы”, “Сөздің аналитикалық формасы”, “Қимылдың өту сипаты категориясы”, “Көмекші сөздер” т.б. тақырыптарға құрылған сабақтардың оқу материалдарын проблемалық жағдаяттар тудырып, оны шештіру арқылы игертудің тиімділігін тәжірибеде анықтаған. Бірақ кез-келген оқу материалының проблемалық сипат ала алмайтындығын да ескерткен.

Қорыта айтқанда, ғалымның қазақ тілінің морфология саласын оқытуда қолданылатын әдістерді таңдай білуі және теориялық тұрғыда білімгерлерге қиындық келтіретін теориялық мәселелерді оқытуға қатысты өз ұсыныстарын дәлелдеп келтіруі қазақ тілін жоғары мектепте оқыту әдістемесіне қосылған құнды үлес болуымен бірге, күнделікті сабақ үдерісінде ғалым атап отырған белсенді әдістерді тақырыптың ретіне қарай шебер пайдалана білсе, еңбек жолын жаңа бастаған жастың да, тәжірибелі ұстаздың да ұтары көп болар еді. Сондықтан бірнеше жыл күш-жігермен зерделенген зерттеулер, ғылыми-әдістемелік еңбектер күнделікті қолданыста пайдаланылғаны жөн екендігі ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 *Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1994. -448 б.*
- 2 *Сүлейменова Ж.Н.Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқыту әдістемесі. Монография. Алматы, 2004.*

КӨШБАСШЫЛЫҚ ПЕН КІСІЛІКТІҢ ҮНДЕСІМІ

(Ғалым Жарқынбике Сүлейменованың
ғылыми-шығармашылық әлемі туралы бірер сөз)

Біз білетін қазақтың аяулы қызы, педагогика ғылымдарының докторы, Ұлт білімі мен тәрбиесінің егіз өрімін берік ұстанған қасиетті қара шаңырақ – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры, «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі», Қазақстан Республикасы «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының екі мәрте иегері, аталмыш университеттің 70 жылдық мерейтойына орай тағайындалған «Құрмет белгісі» медалінің, Түркия Республикасының «Түркі әлеміне еңбегін сіңірген қайраткер» сыйлығының иегері Жарқынбике Нуайқызы Сүлейменова – отандық әдістеме ғылымының дамуына зор үлес қосып келе жатқан санаулы тұлғаның бірі ғана емес, бірегейі. Бұлай деуіміздің себебі: ғалым тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап қазақ тілін оқыту әдістемесі саласын зерттеуге, оның күрмеулі мәселелерін жіті зерделеуге, көкжиегін кеңейтуге қызмет етіп жүрген көшбасшы тұлғалардың қатарынан берік орын алады. Сөз мәніне терең бойлайтын жанға «ҒАЛЫМ» деген анықтаманың өзі де жеткілікті көрінетіні, рас. Өйткені ғалымдық қасиет секілді, бұл айқындауыш сөз де кез келген жанға бұйыра бермейтіні хақ. Әлбетте, бұл жерде біз айтып отырған ғалымдық – қағаз жүзінде алған формальді дәрежемен, атақпен ғана бағаланбайтын, өлермендік пен өршеленіп жүріп жинайтын, қайсысы шын, қайсысы жалған екені беймәлім әлдебір «бағамдармен» өлшенбейтін өзгеше биіктік! Егер сол биіктікті бағындыра алған біздің кейіпкеріміз осы ортаның мәртебелі тұғырында ғана емес, оның көшбасында тұр десек, оның дәйегі қайсы? Ендеше, сөзімізді дәлелдеп, ойымызды таратып көрелік.

Біріншіден, Жарқынбике Нуайқызы - кешегі Ұлт Ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы негізін салған, отандық білім беру саласында ұлтымыздың ұлы құндылығы - Ана тілін, Қазақ тілін, оқытудың әдістемесін дамытуға өзінің сүбелі үлесін қосып жүрген зияткер зерттеуші. Ғалымның бұл бағыттағы зерттеу еңбектерін екі салаға бөлуге болады: бірі - үздіксіз білім беру жүйесіндегі орта мектептерде қазақ тілін оқытумен байланысты болса; екіншісі жоғары оқу орындарындағы тілді меңгерудің өзекті мәселелеріне қатысты зерттеулерден тұрады. Екі салада да қазақ тілінің білім мазмұнын анықтауға, оқытудың әдіснамалық негіздерін, әдістемелік жолдарын, инновациялық бағдарларын айқындауға бағытталғанын атап айту ләзім. Сондықтан зерттеушінің «Оқу орыс тілінде жүретін мектепте қазақ тілінен етістікті оқыту» деген тақырыптағы кандидаттық диссертация-

сы да, «Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбындағы докторлық диссертациясы да ұлттық педагогикадағы өзекті һәм іргелі мәселелерді дер кезінде зерделеуімен құнды.

Сөздіктерде көрсетілгендей, «әдістеме ғылымы – педагогиканың жеке бір пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін бір саласы» ғана емес, бұл саланың білім беру жүйесіндегі мәні одан әлдеқайда тереңде жатыр. Шындығында да, әдістеме нақты бір ғылыми заңдылықтарды негізге алып, теориялық қағидаттарға бағынғанымен, ол әр ізденушіден дара ойлауды, шебер шешім жасауды, заманның талабын тамыршыдай тап басатын көрегенділікті қажет етеді. Себебі әдістеме – өнертекес, синтезді ғылым. Сондықтан бұл салада зерттеушінің жарияланымдарының саны ғана емес, сапасы басты рөл атқарады. Егер зерттеу тақырыбында мемлекеттік білім беру саясаты ұлттық құндылықтармен сабақтасса, отандық оқыту жүйесінде өріс алған өзекті мәселелердің шешімі әлемдік білім кеңістігіндегі өркеніет таллаптармен ұштастырылса, онда мұндай зерттеулердің құны да арта түспек. Жарқынбике Нуайқызы қаламынан туған еңбектерге осы сипат тән.

Мұғалімдікті таңдаған мамандар болашақ кәсібінің ерекшелігі «Құдай бұйыртқан міндетті» (Ы.Алтынсарин) арқалауында екенін саналы қабылдағанда ғана ол жас ұрпаққа тағылымды тәрбие мен берік білімді өзара бірлікте беру қажеттігін түсінеді. Осы түсініктен туындайтын кәсіби даярлық өз деңгейінде жүзеге асуы үшін педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына енетін пәндер тізбесінің ең басында пәнді оқыту әдістемесі тұруы заңды. Себебі мұғалім – адамқалыптастырушылық қызметті атқаратын, баланы ғаламмен үйлесімде өмір сүруге дайындайтын, өз пәні арқылы жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастырып, оған өмір сүрудің ең тиімді амал-тәсілін меңгертетін бірден-бір жауапты адам. Ал, әдістеме – дәл осы жолда Мұғалімге бағыт беретін, айқын жол сілтейтін өнертекес ғылым. Әдістеме – Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «елбүгіншіл заманда, ертеңнің қамын жейтін» ғылым. Сондықтан Жарқынбике Сүлейменованың тілді оқыту әдістемесіне сіңірген еңбегінің де бүкіл тамыры осы идеядан бастау алып жатқаны айқын аңғарылады.

Егер тіл атаулы әр адам үшін – өмір сүрудің, тіршіліктің етудің ең басты құралы болса, сол құралды сауатты жұмсауға

үйрету тіл ғылымы мен сөз өнерінің ұтымды амал-тәсілдерін үйлесімде меңгерту жолымен ғана жүзеге аспақ. Осы егіз өрімді үйретудің төте жолын табу – әдістеменің басты міндеті. Егер ғылыми аспектіде қарастырылатын «тіл – алып машина болса», пән сабақтарында «оның тетіктерін білгізе» отырып, дұрыс әрі шебер қолдануға үйрету шарт. Ал, егер сөз сөйлеу – өнер болса, тілді оқыту әдістемесі – сөз өнерін меңгертудің тиімді бағдарын нұсқайтын өзгеше тұрпаттағы ғылыми тұғырлардан тұруы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, Ж.Сүлейменова кандидаттық диссертациясында «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады» деп негіздеген Ахмет Байтұрсынұлының тұжырымын басшылыққа ала отырып, орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан меңгерудің өзгеше әдістемелік жолдарын зерттеуімен дараланады. Онда ғалым қазақ тілінде қарым-қатынас жасаудың өзіндік ерекшелігін танытатын етістік сөздерді қолданудың ғылыми-теориялық қағидаларын айқындай отырып, қазақша сөз әдебін, сөз жұмсау заңдылықтары мен әдіс-амалдарын жүйелі үйретудің жолдарын қарастырды. Қазақ тіліндегі сөзжасамдылығы мен түрленуі жағынан ерекше күрделі әрі қызықты саласы саналатын етістіктің грамматикалық категорияларын жүйелеп меңгерту арқылы өзге тілді мектеп оқушысының сөйлеу дағдыларын дамытудың педагогикалық ұстанымдары мен психологиялық аспектілері әр қырынан талданды.

Ж.Нуайқызы мектеп оқушыларына қазақ тілін оқытудың сан алуан мәселелерін зерделеуді үнемі назарда ұстады. Оған «Қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері», «Қазақ тілі сабақтарында жүргізілетін тіл дамыту жұмыстары», «Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабақтарында жүргізілетін оқу ойындары» (Ф. Төрегелдиевамен бірге), «Сабақ – оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы», «Қазіргі қазақ тілі морфологиясынан өздік жұмыс тапсырмалары» (Ж. Отарбековамен бірге), «Әдебиет әлемінде» және т.б. оқу құралдарын даярлауы дәлел болады. Сонымен қатар, жалпы білім беретін орта мектептердің 1, 5, 6-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқулықтары мен оқу құралдары да автордың көп жылғы ізденістерінің ізгі нәтижесі мен айқын көрсеткіштері. Отандық білім беру жүйесіндегі реформалардың өрістеуіне атқалысқан ғалым «12 жылдық мектептің негізгі орта буынының білім мазмұны» тұжырымдамасының авторларының бірі ретінде жаңашылдықтың жаршысы бола білді.

Профессор Ж.Сүйлейменованың қазақ тілін оқытудың әдістемесіне қатысты бірқатар еңбектері өзі қызмет етіп келе жатқан педагог мамандарды даярлаумен ұштасып жатыр. Сондықтан да ғалымның іштен зерттеп жүрген саласының бағым бағыты жоғары білім жүйесіндегі қазақ тілін оқыту мәселелеріне арналуы заңды. Зерттеу пәні әртүрлі болғанымен, нысаны ортақ екі деңгейдегі тілді оқыту жүйесі өзара тығыз байланысты екені дау тудырмайды. Ол кандидаттық диссертациясын жазу барысында негізгі мектепте етістікті оқыту жолдарын зерттей жүріп, оқушылар меңгеретін білім сапасының жоғарылауы пән мұғалімінің кәсіби біліктілігіне тікелей қатысты екенін жадына түйді. Сондықтан жоғары оқу орындарында маман даярлаудың маңызы мен мәнін жіті зерттеді.

Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін дайындау бағытында кең көлемді ізденістер жасауды мұрат еткен ғалым, бір жағынан, қазақ тіл білімінің ғылыми-теориялық негіздерін жаңа парадигмалық тұрғыдан парқытаса, екінші жағынан, теориялық тұжырымдардың қолданымдық қызметін кеңейтетін аспектілерді қатар зерделеді. Көп жылғы ізденіс нәтижесінде «Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис» оқулығы, «Қазіргі қазақ тілі морфологиясы» электронды оқулықтары нақты мамандықтардың талабына сай әзірленді.

Тілді оқыту әдістемесі саласындағы зерттеу жұмыстарында профессор Ж.Сүйлейменова әлемдік білім кеңістігіндегі озық идеяларды басшылыққа ала отырып, оларды отандық педагогикадағы ізгі дәстүрлермен сабақтастыруды үнемі есте тұтты. Осылайша, жоғары білім беру жүйесінде ғылыми жаңа концепциялардың орнығуын қамтамасыз ете отырып, заманауи талаптарға жауап беретін интеллектуалдық әлеуеті қалыптасқан кәсіби маман әзірлеуге өз үлесін қосуды парыз санады. Жаңашылдықтың дамуына ұйытқы бола білді. Нәтижесінде «Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесі» ұжымдық монографиясы, «Жоғары мектепте қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары» оқу құралы, «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» бірлiгi бағдарламалары, «Қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқыту» атты монографиялары жарық көрді.

Ғалым Ж.Сүйлейменованың студенттерге ғылым тілін меңгерту бағытындағы назар аударатын маңызды еңбектерінің бірі – А.Орынбаев, Ж.Абитжановалармен бірлесіп әзірлеген «Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Сөздік-анықтағыш». Жоғары мектепте болашақ қазақ тілі мамандарының кәсіби-әдістемелік білік-даярлықтарын қалыптастыруда «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» ғылыми курсының маңызы қаншалықты зор болса, оның ғылыми аппаратын меңгертуде, болашақ педагог мамандардың теориялық білім-біліктерін шыңдауда сан алуан салалық терминдері мен күрделі ұғымдарын анық та айқын түсінуі, дұрыс та толық меңгеруі үшін мұндай кәсіби-арнаулы сөздіктің орны соншалықты мәнді. Анықтағыш-сөздікті

құрастыру барысында авторлар «ресми бекітілген терминдер мен атаулар ішінде қазақ тілін оқыту әдістемесі саласы бойынша материал жеткіліксіз жарияланғанын, сондықтан оларды жүйелеу, жинақтау, жалпы мазмұнын айқындаудың күн тәртібіндегі өзекті екенін» ескере отырып, студенттерді салалық терминдерді мағынасына қарай сауатты қолдануға төселдіруді көздеген. Өйткені қазақ тілін оқыту әдістемесі саласының ұғымдық аппараты толық анықталмағаны, көп терминдердің жарыспалы қолданылуының, терминдік ұғымдардағы ала-құлалықтардың орын алып отыруының салдарынан білім сапасының төмендейтінін ескерді. Сол себепті авторлар тілді оқыту әдістемесі саласымен тығыз тоғысып жатқан педагогика, психология ғылымдарындағы ортақ тірек термин сөздерді іріктеуде жүйелілік, толымдылық, ғылыми ұстанымдарды ескеруге баса мән берді.

Тіл үйретумен тығыз сабақтастықта ғалым жүргізген ізденістердің нәтижесі ретінде өзге де құралдарды атап көрсетуге болады. Олардың қатарында Ж.Сүйлейменованың басшылығымен әзірленген «Әскери іс. Түсіндірме сөздік», «Қазақша-түрікше, түрікше қазақша» электронды сөздігі», «Қазақша, түрікше, ағылшынша, орысша тілашар», «Қазақша, ағылшынша, қытайша тілашар» сияқты еңбектерінің мәдениетаралық қарым-қатынасты жетілдіруге қосар үлесі мол. Мәселен, «Қазақша-түрікше, түрікше-қазақша қысқаша сөздікте» күнделікті тұрмыста және мерзімді басылымдарда жиі ұшырасатын, яғни тілде қолданылуы белсенді, қоғамдық өмірдің әр алуан саласында жиі жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестері қамтылған. Сөздік қазақ тілінің сөздік қорын игерту мақсатында филология мамандығында оқитын түрік студенттері мен магистранттарына, сонымен қатар қазақ тілі мен түрік тілдерін өз бетінше үйренуші қауымға, жалпы, тіл үйренушілерге арналған.

Профессор Жарқынбике Сүйлейменованың көшбасшылық даралығын айғақтайтын екінші қыры – отандық педагогика саласында ғылыми кадрларды, егемен Қазақстанның жас ғалымдарын даярлауға қосып жүрген жемісті еңбегі. Ол 2018 жылдан бері Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің жанынан ашылған «6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті», «6D020500 - Филология мамандықтары» бойынша докторлық диссертация қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасы қызметін атқарып келеді. Терең білімді, көркем мінезді, ғылыми ортада беделі биік төрағаның болмыс мәдениеті, жас ізденушілермен биязы қарым-қатынасы, қорғау алдында толқыған көңілдеріне дем беруі, әрдайым ақыл-кеңесін айтып, жөн сілтеп, жол көрсетуі олардың өз күшіне сенімін нығайтып, ғылымға деген құрметін арттыратыны даусыз. Ғалым Ж.Сүйлейменова басқарып келе жатқан уақыт аралығында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі және филология салалары бойынша жас ғалымның томағасын сыпырып, PhD докторы дәрежесін беріп, ғылым көкжиегіне қанат қақтырды.

Біршама уақыт Жарқынбике ханым басқарған Диссертациялық кеңестің мүшесі бола жүріп, жаңа толқын ғалымдардың ғылым жолындағы тұсауын кесуге атсалысқан жайымыз бар. Сол кезде төрағалықты мансап деп емес, «Күдай бұйыртқан міндетім» (Ы.Алтынсарин) деп санайтын төрағаның ұйымдастырушылық қасиетіне тәнті болдым. Кеңес мүшелері тарапынан қай кезде де пікірдің объективті болуын, кез келген сынның да, оң пікірдің де әділ болғанын талап етуі өзі сүйген мамандыққа деген адалдығын танытатын. Сондықтан да кеңестегі талқылаулар қорғаушыларға да, кеңес мүшелеріне де өмір сабағын беретін.

Ғалым Жарқынбике Сүйлейменованың көшбасшылық қырын айқындайтын үшінші қыры – отандық педагогика саласында кәсіби мамандардың ғылыми-интеллектуалдық әлеуетін көтеру мен бағалау бағытындағы тынымсыз еңбегі. 30 жылдан аса уақыт бойы республикалық, облыстық, қалалық Мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында үздіксіз дәріс оқып, педагог мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру бойынша жаңа заман талабына сай бағдар беруі, акме-құзиреттіліктерін жетілдіруге үлес қосып келеді. Республиканың барлық аймақтарында жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орны оқытушыларына тілді, гуманитарлық пәндерді оқытудың инновациялық бағыттары жөнінде курстар өткізіп, дәрістер оқиды, тренингтер жүргізеді.

Ол Қазақстан Республикасы Жоғары аттестациялық комитетінде педагогика мамандығы бойынша сарапшы, эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың РОӘК филология мамандығы бойынша комиссия құрамында және ҚР БҒМ Оқулықтарды сараптау кеңесінің құрамында қызмет атқарады.

Ғалым Ж.Сүйлейменованың көшбасшылық қасиеті мен қабілетінің төртінші қыры – оның қайсарлығы. Қаймағы бұзылмаған қасиетті Қазалы жерінде дүние есігін ашып, алдымен, Қызылорда қаласындағы М. Мәметова атындағы педагогикалық училищесін, 1987 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогтік институтының Филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын үздік бітірген оның ғылыми жолы да жастарға үлгі боларлықтай тағлымға толы. Сонау 1987 жылы еңбек жолын бастаған Павлодар педагогика институтында жастық жігерімен алғаш рет сол жоғары оқу орнында «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының ашылуына ұйытқы болды. Желтоқсан ызғарынан кейінгі ең бір қиын-қыстау кезеңде қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлайтын мамандықты ашу ниетінің өзі ерлікке паранар болатын. Бірақ тек идея ұсынушы емес, бастаған ісін соңына дейін жеткізе білетін қайсарлық танытқан қаршадай қазақ қызының өзге ұлт үстемдік құрған аймақта көрсеткен еңбегінің нәтижесінде сол мамандық талай қазақ жасының бағын өрлетіп, өмірлік жолын таңдауына жол ашты.

Ғалымның көшбасшылық қасиетін дәлелдейтін бесінші қыры – әлемдік білім кеңістігінде ұлттық педагогика

ка жаңашылдықтарын танытудағы, таратуудағы ерен еңбегі. 2012-2016 жылдары Түркия Республикасы Нийде Өмер Халисдемир университетінің шақыруымен Түркі тілдері мен әдебиеті бөлімінде профессор қызметін атқарды, бірнеше халықаралық ғылыми жобаларға қатысып, түркі мәдениеті мен тілдерінің дамуына өз үлесін қосып келеді. 2018 жылы Түркия Республикасының «Түркі әлеміне еңбегін сіңірген қайраткер» сыйлығының иегері атағымен марапатталды.

Ж.Н. Сүлейменова – гранттық, халықаралық жобалардың жетекшісі, орындаушысы ретінде де ғылымның дамуына ықпал етіп келе жатқан көрнекті ғалым. Ол «Қазақстан аймағындағы ұйғырлардың материалдық емес мәдени мұрасы» халықаралық гранттық жоба бойынша «Uygurlarin somut olmayan kulturel mirasi. “Kazakistan örneği», («Қазақстандағы ұйғырлардың материалдық емес мәдени мұрасы») энциклопедиясы мен «Kazakistan'da uyuımlanan uygursa eserler katalogu»

(«Қазақстанда жарияланған ұйғыр тіліндегі еңбектер каталогі») авторларының бірі. Сонымен қатар, «Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы ұлттық бренд негізінде меңгерту» гранттық жоба бойынша «Қазақ тілі. Бейнесабақтар» (шетелдіктерге қазақ тілін үйрету құралы), «Ұлттық бренд. Қазақ тілі» (шетелдіктерге қазақ тілін үйретуге арналған электронды оқулық), «Саяхаттап оқиық» оқу құралының, т.б. жарияланым авторларының бірі.

Жарқынбике Сүлейменова Түркия Республикасы, Польша Халық Республикасы, Ресей, Жапония, Қытай Халық Республикасы, Өзбекстан, Азербайжан, т.б. мемлекеттерде өткен ғылыми конференциялар, симпозиумдар мен форумдарда жоғары білім беру жүйесі мен тіл білімі терминдері, түркілік ортақ терминологиялық қор мәселелері бойынша талқылауларға қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісіп келеді.

Ж.Н. Сүлейменованың көптеген ғылыми мақалалары отандық мерзімді баслымдармен қатар, Scopus деректер ба-

засымен индекстелетін рецензияланған шетелдік ғылыми баслымдарда, шетелдік ақпарат көздерінде, РИИЦ журналдарында, сондай-ақ халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында, т.б. газет-журналдарда жарық көрді.

Профессор Ж.Н. Сүлейменова 1990 жылдан осы кезеңге дейін қазіргі Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде аға оқытушылықтан бастап, доцент, профессор қызметін абыроймен алып келеді. Бірқатар жылдары ректорат кеңесінің ғалым хатшысы, декан орынбасары, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Қай жерде қандай қызметте жүрсе де, кісілік қалыбынан танбайтын табандылығымен, сұлу да нұрлы жүзімен, сүйкімді әрекетімен, көшбасшылық болмысымен кез келген жанды бірден баурап алатын Жарқынбике Нуайқызына мерейтойыңыз құтты болсын, жаңашылдықтың жаршысы, жақсылықтардың ұйытқысы болып аман жүре бер деп тілек айтамыз.

Сатбекова Айгүл Амантайқызы

*педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Педагогикалық
Ғылымдар Академиясының академигі
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті,
Алматы, Қазақстан*

ЗЕРДЕЛІ ҒАЛЫМ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ӘЙГІЛІ ӘДІСКЕР

*Бір әріп үйреткен кісіге қырық жыл қызмет ет
Пайгамбар хадисі*

«Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешнәрсесін ұмытпайтын, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек жан» деп қазақ ғұламасы әл-Фараби айтқан екен. Шығыс данасының осы сөзін жадына сақтаған, ұстаздық қызмет пен ғалымдықты қатар ұстаған, ең алдымен, шәкірттеріне сыйлы, адалдық пен адамгершілікті биік тұғырға қойған ұлағатты ұстаз, әдіскер ғалым Сүлейменова Жарқынбике Нуайқызы туралы ізгілік ниетпен лебіз білдіруді мен өз парызым деп санаймын.

Әр адам өзінің өмір жолында белеске көтерілгенде белгілі бір қорытындылар жасай бастайды. Қандай істер атқарылды? Қандай жетістіктерге жетті? Болашақтағы мақсаттары мен міндеттері қандай

болмақ? Күнделікті күйбең тірлікте біз өткенді сараптай бермейміз, бірақ мерейтой қарсаңында артта қалған жылдарға көз тастаймыз. Міне, осындай өмірлік кезеңге Жарқынбике Нуайқызы да келді.

Адамның бойында талант пен дарын, келім мен келбет, ақыл мен парасат болса, ол адамға табиғаттың тартқан құнды сыйы. Жекелеген кейбір адамдармен қарым-қатынаста болмаса да, бір көргеннен-ақ оның қандай адам екенін бет жүзінен бірден таниды. Қазақтың «түсі игіден түңілме» деген сөзі бар емес пе? Бұл сөз осындай ұлағатты кісілерге арнап айтылған тәрізді. Жарқынбике Нуайқызының сыпайылығы мен ішкі мәдениетінің жоғары парасаттылығы көзге көрініп тұрады.

Шәкіртіне білім нәрін беретін ұстаздың өн бойында білімділік пен өмірге деген құштарлық болуы тиіс. Мұндай қасиеттер профессор Жарқынбике Нуайқызының бойынан табылады. Бұл есім бүгінде педагогикалық ғылыми ортада жақсы танымал. Профессор Ж.Н.Сүлейменова қазіргі таңда Қазақстанның педагогика

ғылымында беделді тұлғалардың бірі.

Жарқынбике Сүлейменова 1963 жылдың желтоқсан айының 26-шы жұлдызында Алаштың анасы атанған Сыр өңірі Қызылорда облысының көптеген текті, қайталанбайтын тұлғалардың кіндігі кесілген Қазалының киелі топырағында дүниеге келген. Түркі тектес халықтардың қолбасшысы әрі даңқты тұлғасы Жалаңтөс Баһадүр мен қазақтың хас батыры әрі парасатты биі, Сыр елі ғана емес, ісі қазақтың мақтан тұтатын, үлгі алар батыр қолбасшыларының бірі Жанқожа Нұрмұхаммедұлының ұрпағы Жарқынбике Нуайқызы былай дейді: «Бүгінгі және келешек ұрпақтың бақытты өмірі үшін елін қорғап, артында өшпестей мәңгілік мұра қалдырған Жалантөс баһадүр атамыздың өркениеттің өріне, сән-салтанатты төріне сүйейтін де, тірейтін де еңбегі ұшан-теңіз. Оның ерекше батырлығы, ел қорғаудағы қаһармандық тұлғасы мен сіңірген іс-әрекеті, туған халқының естен шықпас тарихына айналып, түркі тектес халықтардың ортақ мақтанышы

болары сөзсіз». Немесе «Жанкожа секілді тұлғалардың өмірі халқымыз үшін үлгі-өнеге. Олар ұлттық мемлекетті сақтап қалу жолында өмірлерін қиды. Қазіргі күні де біз үшін мемлекет ұғымы аса қымбат. Бабалар аңсап, армандаған киелі Тәуелсіздікке қол жеткіздік. Ендігі міндет – егемендіктің тұғырын бекітіп, нығайтуда қалтқысыз қызмет ете беру».

Ж.Сүлейменова 1979 жылы сегізінші сыныпты бітірген соң, **қазыналы Қазалыдан қанат қағып** Қызылорда қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық училищеде білім алады. 1983 жылы қазақтың маңдайына біткен жалғыз Қыздар педагогика институтының филология факультетіне түсіп, аталған оқу орнын 1987 жылы үздік бітірген қыз білікті маман болды. Қазақ қыздарының парасат мектебіне айналған бірегей университетте оқыған Жарқынбике өз қатарластарының үздігі болды. Студенттік кездің өзінде қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Бұл оның келешегіне кең өріс ашып, ғылыми ізденістеріне де, қоғамдық лауазымды қызметтер атқаруына да мүмкіндік берді.

Сыр тұнған Сыр топырағынан шыққан Сүлейменова еңбек жолын 1987 жылы Павлодар педагогикалық институтының аға оқытушысы қызметінен бастайды. Терең ойдың хабаршысы - асыл сөздің қадір-қасиетін игерген Жарқынбике Нуайқызы өзіне, біліміне, ақыл-сезіміне деген сенімі ақыры оны үлкен жетістіктерге жеткізеді. Ал әрбір жетістік үлкен еңбекпен, үзбей жігерінді жанумен, белсенділік танытумен келетіні және оның келесі тағы бір жетістіктердің басы екендігі де белгілі.

1989-1990 жылдары Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының ізденушісі, 1990-1993 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының аспирантурасында оқып, білімін жетілдіреді. Шығармашылық-ғылыми қызметін Ж.Сүлейменова белсенді педагогикалық және әкімшілік қызметпен ұштастыруда. 1993 жылдан бері күні бүгінге дейін Қыздар университетінде аға оқытушы, доцент, ғалым хатшы, декан орынбасары, кафедра меңгерушісі, профессор қызметтерін абдыраймен атқаруда.

Елімізде білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты-дүниетанымы жоғары, білімді, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеп өсіру екені белгілі. Жарқынбике Сүлейменова 1993 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор С.М.Исаевтың жетекшілігімен «Оқу орыс тілінде жүретін мектепте қазақ тілінен етістікті оқыту» тақырыбында кандидаттық диссертация, 2005 жылы профессор Н. Оралбайқызының жетекшілігімен «Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Диссертацияның жаңалығы қазақ тілін оқыту әдістемесінде қазақ тілі морфологиясын алғаш рет жоғары оқу орындарында жүйелеп оқытудың ғылыми-теориялық, әдіснамалық негізі жасалып, оның басты мақсаты морфологияны оқытудың тиімді әдістемелік жүйесін айқындау, сапалы білім берудің жолдарын, әдістерін анықтау екендігі дәйектелген мәнді нәтижелерімен құнды. Ғалым-әдіскердің

тұжырымдық ұстанымы диссертациялық жұмысында толық көрініс тапқан. Соның ішінде заманына лайық маман даярлау ісін білім, іскерлік, дағдылар берумен шектемі, кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында студенттің өз бетінше білім алуына, білімін практикада басқа ғылым негіздерімен кіріктіре біртұтас жүйеде, өмірде қолдана білуге дағдыландыру әдістемеден негізгі орын алуы керек. Студентке морфологиядан сапалы білім алу оның болашақ кәсіби қызметінде қажеттілігін, теориялық білімнің ақыл-ойын, ойлау қабілетін дамытуға, тіл маманы үшін өте қажет сөйлеу мәдениетінің дұрыс қалыптасуына әсері күштілігін студент санасына жеткізу, оны түсіну, сезіндіруге ықпал ету әдістемеден орын алғаны дұрыс. Жоғары білікті маман даярлаудың жаңа тұжырымдарына сәйкес оқудың тұлғалық-бағдарлық, ізгілік, демократиялық сипаты студенттің оқытудың объектісінен гөрі субъекті қызметін атқаруына, өз бетінше білім алып, өзін-өзі тексеріп, бағалауға, өзінің оқу әрекетін өзі басқарып, оқу мазмұнын өзі құрауға мүмкіндік жасау. Бұл студент пен оқытушы әрекетінің өзара ынтымақтастық сипат алуына, студенттің шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға оның оқу белсенділігін арттыратын әдіс-тәсілдердің (проблемалық-бағдарламалық, интерактив, эвристикалық әдістер т.б.) тиімді жүзеге асуына мүмкіндік береді. Бұл еңбек қазақ тілі теориясы мен әдістемесіне тың өзгерістер енгізді. [1].

Әдіскер ғалымға 2010 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің шешімімен профессор ғылыми атағы беріледі. Тынымсыз ізденіс, өз білімін үздіксіз жетілдіру оның басты ұстанымы.

Әдістеме - ғылым мен білімнің арасын жалғайтын алтын көпір. Ол ғылымдағы жүдделі жаңа ойлардың білім жүйесіне енуіне қызмет етеді. Әдістеме заманауи сұраным мен білім беру саласының өзара бірлікте дамуын қамтамасыз етеді. Сондықтан да жастардың келешегіне лайық білім беріп, қажетті біліктерді қалыптастырудың жолдарын іздейтін әдіскер-ғалым, біріншіден, өркендетке бастайтын озық ойларды саралай отырып, жаңаруға тірек болатын қағидаларды қапысыз тани алуы тиіс. Екіншіден, сол жанашылдықты өзгермелі дүниеде өмір сүріп жатқан жас толқынның талабына сай, танымына орайлы, қабылдауына қолайлы етіп ұсынудың ұтымды жолдарын таба алуы қажет. [2].

Ғалым-әдіскердің «Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі» еңбегін жазудағы мақсаты - ЖОО-да оқылатын тілдік пәндер бойынша магистранттардың кәсіби-теориялық құзыреттілігін қалыптастыру, келешектегі кәсіби қызметіне қажетті тілдік теориялық біліммен қатар кәсіби-әдістемелік іскерліктер мен дағдылар жүйесін меңгерту. Еңбек үш бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімінде білім беру мазмұны мен оны анықтаудың өлшемдері туралы сөз болады. Екінші тарау «Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың әдістері мен құралдары» деп аталып, оқытушының кәсіби біліктілігі, жоғары мектепте қазақ тілін оқытуда белсенді оқыту әдістері мен техникалық оқу құралдарын тиімді

қолдану әдістемесіне кеңірек тоқталады. «Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың әдістемелік негіздері» деп аталатын үшінші тарауында ғалым ЖОО-да қазақ тілін оқытуды ұйымдастыру формалары, атап айтқанда, теориялық білім, іскерлік, дағды, кәсіби құзыреттілік қалыптастыру жүйесі; жаттығулар жүйесі; студенттің өздігінен орындайтын жұмысы; электронды оқу құралын тиімді қолдану әдістемесі мен студенттің оқу-танымдық әрекеті нәтижесін бақылау, бағалаудың рейтингтік жүйесін негіздеп, кең түсініктеме береді, ең бастысы оларды меңгерудің әдістемелік жолдарын талдап түсіндіреді. Тілші-әдіскер «Қазақ тілінің грамматикалық жүйесін жоғары мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негізі базалық білім мазмұнын ғылыми анықтау, оқу үдерісін нәтижелік, әрекеттік, белсенділік ұстанымдарына негіздеп, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына бағдарлап құру, ХХІ ғасыр жетістігі компьютерлік-аппараттық технологияны тиімді қолданумен сипатталады», - деген қорытынды жасайды. [3].

Профессор Ж.Сүлейменованың 200-ге жуық ғылыми жұмысы жарық көрген. Оның ішінде монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдары, сөздіктер және ғылыми мақалалар бар. Ж.Н.Сүлейменованың көптеген ғылыми мақалалары Scopus деректер базасымен индекстелетін рецензияланған шетелдік ғылыми басшыларда, шетелдік басшыларда, РИНЦ журналдарында, сондай-ақ отандық КОКСОН журналдарында, халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында, т.б. газет-журналдарда жарық көрген. Білім берудің көкейкесті мәселелері бойынша халықаралық республикалық ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарларға ұдайы атсалысып, үн қосады.

Зерделі ғалым, ұлағатты ұстаз, белгілі әдіскер Ж.Н.Сүлейменованың ғылыми-зерттеу еңбектері мен кәсіби қызметінің негізгі бағыттарына арнайы тоқталуды жөн көрдік.

1. «Қазіргі қазақ тілі морфологиясы» пәнін оқыту жүйесін жетілдірудің бағыт-бағдарларын ұзақ жылдар бойы зерттеп келе жатқан ғылыми ортада өз қолтаңбасы бар ғалым.

Жарқынбике Нуайқызы 2005 жылы профессор Н. Оралбайқызының жетекшілігімен «Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Зерттеу идеялары ғалымның «Қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқыту», «Жоғары мектепте қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары» атты монографиялары, «Қазіргі қазақ тілі морфологиясы» атты электронды оқулықтары, «Қазіргі қазақ тілі морфологиясынан өздік жұмыс тапсырмалары» (Ж. Отарбековамен бірге) т. б. оқу құралдарында кеңінен қолданылып, педагог жұртшылық тарапынан қолдау тапты.

2. Ұлттық тілді дамытушы ғалым.

Ғалымның зерттеулері жоғары білім беру жүйесі мен орта мектептің өзекті мәселелеріне, қазақ тілінен білім беру мазмұнын анықтауға, жоғары мектепте қазақ тілі мамандарын сапалы даярлаудың әдіснамалық, әдістемелік мәселелерін талқылауға, қазақ тілі морфологиясын

оқытудың теориясы мен тәжірибесіне, оқытудың жаңа технологиялары мен жаңа әдістемелік тәжірибелерін жинақтауға арналған. Сонымен қатар әдіскер ғалым Ж.Сүлейменова Қазақстан тәуелсіздігін алған тұста қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болып, оны оқытып-үйретудің теориялық-әдістемелік негіздерін айқындауға байланысты басқа ұлттарға қазақ тілін оқытудың жаңа әдістемелік қырларын зерттеп-зерделейді.

3. Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының дамуына қосқан үлесі.

Ж.Н.Сүлейменованың «Жоғары мектепте қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» бірүлгі бағдарламалары мен «12 жылдық мектептің негізгі орта буынының білім мазмұны» тұжырымдамасы авторларының бірі. Әдіскер ғалымның «Қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқыту», жоғары мектепте қазақ тілін оқытуды ұйымдастырудың тиімді жолдары мен белсенді оқу әдістері, техникалық оқу құралдарын қолдану әдістемесі баяндалған «Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты монографиялары, «Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис» (Мына бөлімдердің авторы: Сын есім. Сан есім. Шақ категориясы. Үстеу. Шылау.), «12 жылдық мектептің негізгі орта буынының білім мазмұны», «Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесі» ұжымдық монографиялары, «Іскерлік қазақ тілі», «Қазіргі қазақ тілі морфологиясы» электронды оқулықтары, «Қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері», «Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабақтарында жүргізілетін оқу ойындары» (Ф. Төрегелдиевамен бірге), «Қазіргі қазақ тілі морфологиясынан өздік жұмыс тапсырмалары» (Ж. Отарбековамен бірге), «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту әдістемесі», «Қазақ тілі сабақтарында жүргізілетін тіл дамыту жұмыстары», «Сабақ – оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы», «Әдебиет әлемінде» сынды оқу құралдары, мектеп оқушыларына арналған «Қазақ тілі» (1, 5, 6-сыныптар) оқулықтары мен оқу құралдары, «Қазақша-Түркше», «Қазақша-түрікше, түрікше қазақша» электронды сөздігі, «Қазақша, түрікше, ағылшынша, орысша тілашар», «Қазақша, ағылшынша, қытайша тілашар», «Әскери терминдер түсіндірме сөздігі», «Қазақ тілін оқыту әдістемесінен қысқаша анықтағыш» сөздіктері және т.б. оқу құралдарының қазақ тіл білімі мен қазақ тілін оқыту әдістемесінің дамуына қосар үлесі мол.

4. Ғылыми кадрларды дайындауға атсалысып келе жатқан ғалым.

Шебер педагог Ж.Н.Сүлейменова – ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар республиканың жоғары оқу орындарында педагог, ғылыми кадрларды дайындауға атсалысып келе жатқан ғалым. Ол 2001-2002 оқу жылында Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті «Қазақ тілі» кафедрасының меңгерушісі, 2009-2012 жылдары «Тіл теориясы, оқыту әдістемесі және Қазақстан тілдері» кафедрасын басқарды. Ал 2016-2018 жылдары «Тіл теориясы және оқыту әдістемесі» кафедрасының

меңгерушісі қызметін мінсіз атқарды. Ғалым Қыздар педагогикалық университетінің докторантурасында, магистратурасында, бакалавриатында «ЖОО-да қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Қазақ тілі оқытушысының инновациялық мәдениеті», «Тілді оқытудың коммуникативтік негіздері»,

«Психоллингвистика», «Компьютерлік лингвистика», «Корпустық лингвистика және ақпараттық коммуникациялық технология», «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы», «Түркілік мәдени-тілдік феномен», «Ғылыми зерттеу әдістері», «Қазақ тілінің терминжасамы», «Мәтін лингвистикасы» және т.б. пәндерден дәріс оқиды, семинар жүргізеді.

5. Диссертациялық кеңестегі ғалымның орны.

Профессор Ж.Н.Сүлейменованың сан салалы қызметінің ішінде білім беруді ұйымдастырумен қатар ғылымның дамуын жолға қою бағытын да ерекше бөліп көрсетуге болады. 2018 жылдан бері Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің жанынан ашылған «6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті», «6D020500-Филология» мамандықтары бойынша докторлық диссертация қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасы қызметін абыроймен атқаруда. Жарқынбике Сүлейменованың жетекшілігімен бірнеше докторант пен магистрлер дайындалды. Ғалымның шәкірттері қазір Қазақстанның көптеген облыстарында педагогикалық және оқу ағарту саласында жемісті еңбек етуде.

6. Түркі әлеміне еңбегін сіңірген қайраткер.

Ғалым Ж.Сүлейменова 2012-2016 жылдары Түркия Республикасы Нийде Өмер Халисдемир университетінің шақыруымен Түркі тілдері мен әдебиеті бөлімінде профессор қызметін атқарып, дәріс оқиды және ғылыми жұмыстарға жетекшілік етті. Сондай-ақ ғалым бірнеше халықаралық ғылыми жобаларға қатысып, түркі мәдениеті мен тілдерінің дамуына өз үлесін қосуда. «Қазақша-Түркше», «Қазақша-түрікше, түрікше қазақша» электронды сөздігі, «Қазақша, түрікше, ағылшынша, орысша тілашар», «Қазақша, ағылшынша, қытайша тілашар» сөздіктері жарық көрді.

Профессор Ж.Н. Сүлейменова – гранттық, халықаралық жобалар орындаушысы. Ол «Ұйғырлардың материалдық емес мәдени мұрасы. Қазақстан бойынша» халықаралық гранттық жоба бойынша «Uygurların somut olmayan kulturel mirası. “Kazakistan örneği», («Ұйғырлардың материалдық емес мәдени мұрасы. Қазақстан бойынша») энциклопедиясы мен «Kazakistan’da yaumlanan uygursa eserler katalogu» («Қазақстанда жарияланған ұйғыр тіліндегі еңбектер каталогі) авторларының бірі. Сонымен қатар «Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы ұлттық бренд негізінде меңгерту» гранттық жоба бойынша «Қазақ тілі. Бейнесабақтар» (шетелдіктерге қазақ тілін үйрету құралы), «Ұлттық бренд. Қазақ тілі» (шетелдіктерге қазақ тілін үйретуге арналған электронды оқулық), «Саяхаттап оқиық» оқу құралының, т.б.

жарияланым авторларының бірі.

7. Ұстаздардың білімін жетілдірудегі қолтаңбасы.

Профессор Жарқынбике Нуайқызы Алматы қалалық және облыстық біліктілікті жетілу институттарында авторлық курстар бойынша дәріс оқып, өз тәжірибесімен бөлісіп келеді. Ол Қазақстан Республикасы Жоғары аттестациялық комитетінде педагогика мамандығы бойынша сарапшы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың РӨӘК филология мамандығы бойынша комиссия құрамында және ҚР БҒМ Оқулықтарды сараптау кеңесінің құрамында қызмет атқарды. Ж.Н.Сүлейменова – 30 жылдан аса уақыт бойы республикалық, облыстық, аудандық Мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында үздіксіз дәріс оқып, педагог мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруға зор үлес қосып келе жатқан ғалым-әдіскер. Республиканың барлық аймақтарында мектеп мұғалімдеріне тілді, гуманитарлық пәндерді оқытудың инновациялық бағыттары жөнінде авторлық курстар өткізіп, дәрістер оқыған.

Адамдық пен ар-ождан, әдептілік пен сыйайлық - сатылмайтын ең бір асыл қасиет екендігін үнемі назарда ұстайтын Жарқынбике Нуайқызы біліммен адамзаттың игілігіне қызмет етіп жүр. Бүгінде ғалымның ғылыми-әдістемелік еңбектері ұстаздар қауымы мен студенттердің жиі жүгінетін оқу құралына айналды.

Қазіргі қазақ тілі морфологиясы, қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты жазылған оқу құралдарына авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы КУӘЛПК-тер алған.

Профессор Жарқынбике Сүлейменованың біліктілігі отандық және алыс-жақын шетелдік ғылым ошақтарының ісіне қажеттілігі жалғасып келеді. Оған дәлел, Түркия Республикасы, Польша Халық Республикасы, Ресей, Жапония, Қытай Халық Республикасы, Өзбекстан, Әзірбайжан, т.б. мемлекеттерде өткен ғылыми конференция, симпозиумдар мен форумдарда жоғары білім беру жүйесі мен тіл білімі терминдері, түркілік ортақ терминологиялық қор мәселелері бойынша талқылауларға қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісіп келеді.

Жарқынбике Нуайқызы Қазақстанның өркениетін дамытуда жас ғалымдарды даярлауда да жемісті еңбек етуде. Оларға үнемі ғылыми кеңес, бағыт беріп отыру да талай табандылықты талап ететін еңбек екені белгілі. Шәкірттері арқылы өзі де үнемі білімін жетілдіріп отыратын ұстаз қандай қоғамдық қызметте жүрсе де ғалымдық, зерттеушілік жұмысын қоса алып жүрді.

Қызылорда қаласында педагогикалық жоғары колледжде есімі берілген Кеңес Одағының батыры М.Мәметованың 100 жылдық, оқу орнының 90 жылдық мерейтойы аясында «Жастық жалынымыз – сүйікті Отанымызға!» атты республикалық жастардың патриоттық форумына колледждің табысты, жұлдызды Сыр топырағының түлегі профессор Жарқынбике Сүлейменова құрметті қонақ ретінде арнайы шақырылды. Ғалым «Сұлулық пен сымбаттылық символы» атты сұқбатында былай дейді: «...Қазіргі күннің жыл сайынғы өзгеріске ұшырап

отырған заманның өзгеше үрдісі, яғни әлемнің өте тез жылдам дамуы нәзік жандыларға мүлде бөлекше заманауи талаптар мен жауапкершіліктер жүктеуде. Осы тұрғыдан еліміздің даму қарқынына өз үлесін қосуда нәзік жандылардың орны айрықша. Жалпы алғанда, қоғамның қай саласы болмасын, әйелдер табысты қызмет етуде. Саясатта да, мемлекеттік секторларда, министрлер қатарында да, ірі ұйымдар мен корпорациялардың басшылары ретінде де әйелді көруге болады. Біз қызмет етіп жүрген салада, яғни білім беру саласында нәзік жандылардың саны басым. Осы тұста өзіміздің университет туралы айтып өткім келеді. Біздің университетіміздің ерекшелігі – тек қана қыздар оқитын әлемдегі бірегей жоғары оқу орны болуында. Бүгінде Университетіміз әлемдік білім кеңістігінде заманауи қыздар оқу орны ретінде мойындалып отыр және Қазақстан жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі көшбасшыларының бірі...»

Ғалым-ұстаздың білікті кадрлар даярлаудағы және ғылыми-педагогикалық қызметі әрдайым жоғары бағаланып отырды. Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткізген табыстары мен білім беру саласына қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен», «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» медалімен, «Жоғары оқу

орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының екі мәрте иегері атанды, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің дамуына қосқан үлесі үшін «Құрмет белгісі» медалімен және Түркия Республикасының «Түркі әлеміне еңбегін сіңірген қайраткер» сыйлығымен марапатталды.

Профессор Жарқынбике Нуайқызы – білімді де білікті ұстаз, жастардың ақылшысы, жанашыры. Ол әр шәкіртіне ұл-қызындай қарайды. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

«Нағыз ер біліктілігін білдіруге әуес емес» (С.Сарайы) дейді екен даналар. Бұл даналық тұжырым ғылым жолын қазақ тілінен етістікті оқытудан бастап, сыпайылық пен ғылымға адалдығын қатар ұстап келе жатқан педагогика ғылымдарының докторы, профессор Жарқынбике Нуайқызы Сүлейменова тәрізді жандар туралы екені даусыз.

Қорыта айтар болсақ, әдіскер-ғалым Жарқынбике Нуайқызы, оның ғалымдық еңбегі, ұстаздық ұлағаты, адамгершілік асыл қасиеттері туралы әлі де айтылар, жазылар. «Бақыттың мәні-парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, адамның өз мінез-құлқын іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруы»

деген данышпан бабамыз әл-Фарабидің сөзіне сүйенер болсақ, Жарқынбике Нуайқызы сол парасаттылыққа жеткен бақытты жанның бірі деп есептеймін. Адамның да, ұстаздың да басты бақыты, өмірінің мәні елге қалтқысыз қызмет ету, қыз балалардың білімі, тәрбиесі арқылы ұрпақты, ұлтты, әлемді тәрбиелеу. Олай болса бүгінде мерейлі алпыс жасқа толып отырған ұлағатты ұстаз, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Жарқынбике Нуайқызы Сүлейменова сондай үлкен бақыттың иесі десек, артық айтпаймыз.

Осындай ойларымызды айта келіп, әріптестердің алғысына оранып, шәкірттеріңіздің бақытына бөленіп, ұлылар ұрпағының ұстаздық ұлы жолында жасай беріңіз дегіміз келеді. Біз, өз кезегімізде, жанымызда жүрген жақсы адамның бекзат болмысын осылайша бедерлеп шығу әріптестік ізеттің бір парасы ғана деп ұқтық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ұлттың ұлағатты ұясы: Анықтамалық-танымдық жинақ.- Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2020 жыл.
2. Дәулетбекова Ж.Т. Қалдырған ізін мәңгілік...-Алматы: «Үш қиян» баспасы, 2021.
3. Сүлейменова Ж.Н. Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқу құралы.-Алматы, 2018.-212 б.

Жақсылықова К.Б.,

пед.ғыл.докторы, профессор.

Сәтбаев Университеті, Алматы.

kulyai@inbox.ru

«ҚАЗАҚ ТІЛІ. БЕЙНЕСАБАҚТАР» (ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУ ҚҰРАЛЫ): МАЗМҰНДЫҚ-ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖҮЙЕСІ

Елімізде үздіксіз білім беру жүйесінің негізгі буыны жоғары мектеп бүгінде қарқынды даму үстінде. Ал білікті филолог мамандарды даярлау – жоғары мектептің біртұтас құрамдас бөлігі екені белгілі. Болашақ филолог маманның кәсіби-теориялық, ғылыми-әдістемелік даярлығын арттыруда негізгі арнаулы пәндер бойынша терең, жан-жақты білім берудің, бағдарлама, оқулық, оқу-әдістемелік құралдар, заманауи озық педагогикалық технологиялардан толық хабардар етудің, педагогикалық тәжірибе идеяларын жинақтап ұсынудың маңызы зор. Болашақ филолог маманның кәсіби-әдістемелік даярлығы ең алдымен Мемлекеттік білім стандарты бойынша жоғары оқу орынында оқу бағдарламасында (ОБ) белгіленген кәсіби арнайы пәндерді игеру негізінде қалыптасады. Жоғары мектепте болашақ филолог мамандарының кәсіби-әдістемелік даярлығын қалыптастыруда

Қазіргі қазақ тілі ғылыми курсы оқытудың маңызы зор. Қазіргі қазақ тілі – тіл білімінің фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, синтаксис салаларын құрайтын республикадағы жоғары оқу орындарының филолог мамандарын даярлайтын филология факультеттерінде оқылатын ғылыми курс. Орта мектептің ертеңгі белді тұлғасы бүгінгі болашақ филолог маманның құзырлы даярлығы ең алдымен мамандығы бойынша ғылыми білімді сапалы игеруіне байланысты. Оның жоғары мектепте жинақтаған кәсіби-әдістемелік, ғылыми-теориялық білім деңгейінің сапасы – болашақ жас ұрпақтың білім көрсеткіші, сондықтан жоғары мектепте филолог мамандарды даярлаудың инновациялық жаңаша моделін құру, білім мазмұнын жаңаша жаңарту, әрекеттік-шығармашылық, креативті оқуға көшу, білімнің тұлғалық-бағдарлық, бастысы, нәтижелілігіне бағдарлауды жүзеге асыру керек.

Жоғары мектепте филолог мамандарды даярлауда қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттелуіне, әсіресе, қазіргі қазақ тілі морфологиясының теориялық, әдістемелік мәселелеріне байланысты көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізіп, келелі ойларын ортаға салып, оның дамуына қомақты үлес қосып жүрген ғалым, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің жанынан ашылған «6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті», «6D020500-Филология мамандықтары» бойынша докторлық диссертация қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасы, «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі», Қазақстан Республикасы «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының екі мәрте иегері, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің дамуына қосқан үлесі үшін «Құрмет белгісі» медалінің, Түркия Республикасының «Түркі әлеміне еңбегін сіңірген қайраткер» сыйлығының иегері, педагогика ғылымдарының докторы,

профессор, Сүлейменова Жарқынбике Нуайқызының еңбегі ерекше атап өтуді қажет етеді.

Ғалым-әдіскер Жарқынбике Нуайқызы ғылыми еңбектерінде жоғары мектепте филолог мамандарын сапалы даярлаудың әдіснамалық, әдістемелік мәселелерін, қазақ тілі морфологиясын оқытудың теориясы мен технологиясын жан-жақты зерттеумен қатар, жаһандану ғасырының талабына сай қазақ тілін басқа ұлттарға сапалы оқыту мазмұнын анықтап, оны оқытып-үйретудің ғылыми-әдістемелік негіздерін, цифрлық ресурстарға негізделген оқытудың жаңа технологиялары мен жаңа әдістемелік модельдерін дайындау мәселесімен айналысуда.

Республиканың білім беру саласындағы білімді әдіскер-ғалым, білікті тәлімгер ретінде танымал Жарқынбике Нуайқызының қаламынан туған екі жүзден аса ғылыми-әдістемелік еңбектері мен мақалалары, оқулықтары мен оқу құралдары республикалық жоғары оқу орындарының, мектептерінің оқу процесінде, алыс-жақын шетелдердің жоғары оқу орындарында кеңінен қолданыс табуда. Атап айтқанда, «Жоғары мектепте қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» бірлiгi бағдарламалары, «12 жылдық мектептің негiзгi орта буынының бiлiм мазмұны» тұжырымдамасының авторларының бiрi, «Қазақ тiлi морфологиясын жоғары мектепте оқыту», «Жоғары мектепте қазақ тiлiн оқыту әдiстемесi» монографиялары, «Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис», «Жоғары оқу орындарында қазақ тiлiн оқыту әдiстемесi» ұжымдық монографиялары, «Іскерлік қазақ тiлi», «Қазiргi қазақ тiлi морфологиясы» электронды оқулық пен оқу құралдары, «Қазақ тiлiн оқытудың кейбiр мәселелерi», «Қазақ тiлi сабақтарында жүргiзiлетiн тiл дамыту жұмыстары», «Бастауыш сыныптың қазақ тiлi сабақтарында жүргiзiлетiн оқу ойындары» (Ф. Төрегелдиевамен бiрге), «Сабақ – оқытуды ұйымдастырудың негiзгi формасы», «Қазiргi қазақ тiлi морфологиясынан өзiк жұмыс тапсырмалары» (Ж. Отарбековамен бiрге), «Әдебиет әлемiнде», т.б. оқу құралдары, мектеп оқушыларына арналған «Қазақ тiлi» (1, 5, 6-сыныптар) оқулықтары мен оқу құралдары, «Әскери iс. Түсiндiрме сөздiк», «Қазақ тiлiн оқыту әдiстемесi. Сөздiк-анықтағыш», «Қазақша-түрiкше, түрiкше қазақша» электронды сөздiгi», «Қазақша, түрiкше, ағылшынша, орысша тiлашар», «Қазақша, ағылшынша, қытайша тiлашар», т.б. оқулықтары мен оқу құралдары.

Жарқынбике Нуайқызы республикалық гранттық, халықаралық жобалар орындаушысы ретiнде «Қазақстан аймағындағы ұйғырлардың материалдық емес мәдени мұрасы» халықаралық гранттық жоба бойынша «Uygurların somut olmayan kulturel mirası. “Kazakistan örneği», («Қазақстандағы ұйғырлардың материалдық емес мәдени мұрасы») энциклопедиясы мен «Kazakistan’da uyuşmlanan uygursla eserler katalogu» («Қазақстанда жарияланған ұйғыр тiлiндегi еңбектер каталогi) авторларының бiрi.

Ғалым-әдіскер Жарқынбике Нуайқызының авторлық бірлестікте қазақ тілін оқыту әдістемесі саласының дамуына қосқан тағы бір жаңалығы – «Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы ұлттық бренд негізінде меңгерту» гранттық жоба аясында «Қазақ тілі. Бейнесабактар» (шетелдіктерге қазақ тілін үйрету құралы), «Ұлттық бренд. Қазақ тілі» (шетелдіктерге қазақ тілін үйретуге арналған электронды оқулық), «Саяхаттап оқыық» оқу құралын жасап, тәжірибеге енгізуі.

Ұсынып отырған мақалада Жарқынбике Нуайқызының әріптестерімен бірге дайындаған «Қазақ тілі. Бейнесабактар» (шетелдіктерге қазақ тілін үйрету құралы) топтамасының мазмұндық-құрылымдық жүйесі, басты ерекшеліктері сөз болады.

Қазіргі Жаңа Қазақстан жағдайында мемлекеттік тілдің қоғамдағы қолданыс аясын кеңейту үшін біріншіден, әлемдік және халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, қазақ тілін оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп, енгізу; екіншіден, мемлекеттік тілді тиімді меңгерудің ең үздік, цифрлық технологияға негізделген инновациялық әдістемелік, тәжірибелік оқу-құралдарын, аудио-бейнематериалдарын дайындау қажеттігі туындауда.

Осыған байланысты бүгінгі күні республикада мемлекеттік тілді басқа ұлт өкілдеріне оқытып үйретуді ұйымдастыру ісінің жаңа бағытта қарқынды қолға алынуы ғалым-әдіскерлер алдына оқыту мазмұны жаңаша ұсынылған ұтымды заманауи тұрғыдағы инновациялық оқу-әдістемелік құралдарын жасау қажеттігі туралы мәселе қойып отыр.

Әрине, мемлекеттік тіл бойынша тіл үйренушілерге берілетін білім мазмұны дайындалған оқу-әдістемелік құралда көрініс бермек. Ал оқу-әдістемелік құралдың сапасы оны құрастырушылардың әдістемелік шеберлігіне байланысты екені сөзсіз. Дегенмен, тәжірибелі әдіскерлердің өзі оқу құралдарын құрастыру барысында әлемдік әдістеме ілімінде қабылданған, ғылыми заңдылық, өлшем, ережелерді шарттарды басшылыққа алатыны белгілі. Сонымен қатар оқу құралының тілді оқытып үйретуді қандай мақсатта, қалай қолданылатынын және кімдерге арналатыны ескеріледі.

Әлеуметтік желілердегі ақпараттардың соңғы мәліметіне сүйенетін болсақ, кейінгі кезде мемлекеттік тілді меңгеруге ниет білдіріп отырғандар ішінде біздің орыс тілді отандастарымызбен қатар, елімізде ресми және іскери қызмет атқарып жүрген жақын және алыс шетелдік азаматтар да, елімізге қызығушылық танытып, туристік саяхатпен келушілер, еліміздің азаматтығын алуға талпыныс жасап жүрген шетелдіктер де баршылық.

Осындай сұраныстарды шешу мақсатында «Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы ұлттық бренд негізінде меңгерту» гранттық жоба аясында дайындалған «Қазақ тілі. Бейнесабактар» (шетелдіктерге қазақ тілін үйрету құралы) 15 бейнесабактан тұратын оқу құралының құрылымы мен мазмұны тілді оқытып үйретумен қатар, тіл үйренушілерге халқымыздың бай рухани-мәдени құндылықтарын таныстыру

арқылы олардың транслингвистикалық, трансмәдени қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

Бұл жерде тіл үйретуші мен тіл үйренуші еңбегінің негізгі құралы және оқу ақпаратының негізгі көзі болып табылатын оқу құралының мазмұны мен құрылымы қандай шарттарға сай, басты ерекшелігі неде деген сұрақ туады.

Жарқынбике Нуайқызының әріптестерімен бірге авторлық бірлестікте мемлекеттік тілді үйренуге ниет білдіруші басқа ұлт өкілдері үшін дайындалған «Қазақ тілі. Бейнесабактар» (шетелдіктерге қазақ тілін үйрету құралы) оқу құралының басты ерекшелігі – халықаралық, ұлттық стандартқа негізделуінде және қазақ тілін ұлттық бренд арқылы оқыту үшін инновациялық технологиялардың басты қағидаларын ұтымды басшылыққа алып, коммуникативтік, когнитивтік, аксиологиялық бағытта жасалынуында.

Оқу құралында ұсынылған бейнесабактар мазмұны күнделікті тұрмыс-тіршілік, әлеуметтік-мәдени, сонымен қатар ішінара кәсіби салаларда тіл үйренушінің қазақша тілдік қатынасқа түсуіне мүмкіндік беретін қатысымдық-когнитивтік бағыттағы неғұрлым жиі қолданылатын лексика-грамматикалық материалдарды қамтиды.

Бейнесабактар мазмұнындағы ерекшелік – ұсынылған лексикалық және грамматикалық тілдік бірліктер мен қолданыстар ұлттық бренд мазмұнын ашатын қазақтың ұлттық, рухани-мәдени құндылықтарының танымдық білім аясын қамтитындығында.

Бейнесабактарда берілген мәтіндер, сұхбаттар мен бейнекөріністердің мазмұны, жаттықтыру тапсырмаларының жүйесі тіл үйренушінің тілді үйренуге қызығушылығын тудырумен қатар, танымдық көкжиектерін кеңейтетіні сөзсіз.

Елтаным, тілтаным, тілдесім бөлімдерінен тұратын оқу құралының мазмұнын құрайтын «Сәлем – сөздің анасы», «Ас – адамның арқауы», «Көркіне көз тоймас ...», «Гүл-гүл жайна, күліп ойна ...», «Өнер, білім бар жұрттар ...» тақырыптары тіл үйренушілерге қазақтың сәлемдесу әдебінен бастап, ұлттық мәдениетіміз, ұлы тұлғаларымыз және олардың өнегелі өмірі, ұлттық колөнер, ұлттық тағамдар мен ұлттық ойындар, еліміздің көрікті орындары жайында мол танымдық-тәрбиелік мәліметтер беру арқылы қазақ халқының табиғи болмысын аша келе, олардың қатысымдық, мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыруға, тілді еркін меңгеруге деген талпыныстарын арттыруға мүмкіндік береді.

Оқу құралының «Тілтаным» бөлімі грамматикалық материалдар бойынша тіл үйренушінің тілдік құзыреттілігін оңтайлы қалыптастыруға бағытталған. Мұнда тіл үйренушіге қазақ әліпбиі мен дыбыстарын таныстыру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуды үйретуге бағытталған фонетикалық тренажер жаттығулары өте сәтті шыққан. Мысалы, тіл үйренушілер тілдік қатынаста қазақ сөздерін, қазақша тілдік құрылымдарды дұрыс айтуға жаттығу мақсатында бейне-

баянды баяу қарқынға қойып бірнеше рет тыңдауына және қайталауына мүмкіндік жасалынған.

Оқу құралының «Тілдесім» бөлімі сөйлесім әрекетінің барлық: оқылым, жазылым, тыңдалым, жазылым түрлерін қамтыған. Оқылымға арналған мәтіндердің, Тыңдалым бойынша ұсынылған сұхбаттар мен бейнекөріністер алдыңғы елтаным бөлігі тақырыптарына сәйкес алынып, олардың мазмұнын толық ашуға бағытталма келе, әр түрлі инновациялық жаттықтыру тапсырмалары арқылы тіл үйренушінің игерген лексикалық, грамматикалық тілдік білімдерін пысықтап, бекітіп отырады және қазақша дұрыс сөйлеуге машықтануға мүмкіндік береді.

Бейнесабақтардың тағы бір ерекшелігі - жасанды табиғи орта қалыптастыру арқылы тіл үйренушілердің санасында туындайтын психологиялық кедергілерді жеңуге көмектесуі. Шағын сөздерден, сөйлемдерден тұратын әр түрлі ойындар, шағын сұхбаттарды біртіндеп күрделендіру арқылы тіл үйренушінің күрделі тілдік құрылымдарды біртіндеп оңай меңгеруіне жағдай жасай келе, олардың тіл үйренудегі сенімдігін арттыруы. Жасанды табиғи ортада - тіл үйренушінің тіл үйрену белсенділігін арттыру, өзіне деген сенімін күшейту, іздендіру, қызығушылығын арттыру мақсаты толық жүзеге асырылып отырады.

«Қазақ тілі. Бейнесабақтар» (шетелдіктерге қазақ тілін үйрету құралы) оқу құралының мазмұны мен құрылымы ғаламдық лингводидактика ілімінде басшылыққа алынатын халықаралық стандарттың икемділігі, жүйелілігі, сабақтастығы, түсініктілігі, тиімділігі, танымдылығы ұстанымдарына сәйкес құрастырылған. Енді осы шарттардың оқу құралының мазмұны мен құрылымында көрініс беруіне тоқталайық.

Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы ұлттық бренд негізінде меңгертуге арналған оқу құралының мазмұны тіл үйренушілердің материалды есте сақтап, түсінуіне және нақтылы жағдайларда тәжірибеде қолдануына жеңіл және өңдеуге, өзгертуге ыңғайлы жасалынған. Әр бөлім, әр модуль бойынша тіл үйренушілердің жеке жас ерекшеліктерін, тілді меңгеру жағдайын ескеру негізінде оқу мазмұнын өңдеп, өзгертіп отыру назарға алынуы оның мазмұнының икемділігін көрсетеді.

Оқу құралының мазмұны мен құрамына енген барлық элементтерінің мазмұны логикалық байланыста, ұсынылған тілдік және қатысымдық материалдардың бірін-бірі толықтырып отыруы жүйелілік ұстанымына сай келеді. Бұл тіл үйренушілерге тілді белгілі ретпен оқытуға, олардың тілді үйрену дағдысын жүйелі түрде қалыптастыруға бейімдейді.

Оқу құралы мазмұнының сабақтастығы – қазақ халқының рухани-мәдени құндылықтары жайындағы түрлі дереккөздерден алынған ақпараттар өзара сабақтастықта шоғырландырылып, тілді үйренушілерге өзара байланыстағы тұтас жүйе ретінде ұсынылуында. Бұл келесі модульде тіл үйренушілердің ал-

дында игерген білімі мен білігіне тығыз сабақтастықта сүйену арқылы тіл үйретуді жүзеге асырудың ескерілуінде.

Қазақ тілін ұлттық бренд негізінде меңгертуге арналған оқу құралының мазмұнының түсініктілігі - берілген материалдардың тіл үйренушілердің пайдалануына түсінікті, практикалық тұрғыда қолдану мүмкіндігі кең, бірақ шағын, ықшам мәтін, сұхбат, бейнематериал түрінде, олардың білім деңгейіне сай жасалынғандығында.

Оқу құралы мазмұнының тиімділігі - тіл үйренушінің кез келген уақытта бейнесабақтармен өз бетімен жұмыс жасауына, түсінбесе, қайтадан қайталап, бірнеше рет көріп-тыңдауына, жаттықтыру тапсырмаларды қайталап орындауларына қолайлылығында.

«Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы ұлттық бренд негізінде меңгерту» гранттық жоба аясында дайындалған «Қазақ тілі. Бейнесабақтар» (шетелдіктерге қазақ тілін үйрету құралы) оқу құралының мазмұны сөзсіз танымдық бағытта құрылған. Бұл оқу құралының мазмұны достық қарым-қатынас рухында қазақ халқының менталитетін танытып, оны тіл үйренушінің түсіну, қабылдау дағдысының қалыптасуына және қазақстандық ұлтжандылықтың табиғатын танытуға бағытталған. Сонымен қатар, тілді меңгеру барысында үйренуші тұлға оқу құралы мазмұны арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдени құндылықтарын, оның басқа ұлттардың мәдени құндылықтарымен тығыз байланыста даму жолы туралы қосымша мәлімет алу арқылы өзінің ой-өрісін дамытып, таным жүйесін байытады.

Атап айтқанда, «Қазақ тілі. Бейнесабақтар» (шетелдіктерге қазақ тілін үйрету құралы) оқу құралының құрылымдық-мазмұндық жүйесі құрамындағы әр модульде ұсынылған лексика-грамматикалық, бейнебаян, сұхбат, мәтіндік материалдар мен барлық жаттықтыру тапсырмаларының сапасы мен дәрежесі жоғары, өз ара байланысқан және өзара сабақтасқан қазақ тілін сандық ресурстар арқылы ұлттық бренд негізінде меңгертудің біртұтас инновациялық моделі ретінде құрастырылғанын көрсетеді.

Сонымен қатар, жалпы еуропалық стандарттар негізінде лингводидактикалық қызметтерді басшылыққа ала отырып жасалынған оқу құралының қызметі қатысымдық, ақпараттық, уәждік, толеранттық қатынасқа бағытталуында.

Оқу құралының қатысымдық қызметін – Елтаным, Тілтаным, Тілдесім модульдері бойынша алынған тақырыптар мен оның мазмұны бойынша сөйлесім әрекетінің барлық түрін қамти берілген қатысымдық бағыттағы жаттықтыру тапсырмалары, ұтымды алынған тілдік құрылымдар, мақал-мәтелдер тіл үйренушінің айтар ойын жүйелі жеткізуге дағдыландыратын, қазақша дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын, кез келген жағдайда сөз тауып, оны орынды қолдануға жетелейтін қатысымдық құзыретті дамытуға бағытталғандығынан көреміз.

Ғылыми тұрғыда сұрыпталып берілген лингвоелтанымдық, лингвограмматикалық және коммуникативтік бағыттағы оқу

материалының (мақал-мәтелдер, ұлттық этнографиялық атаулар мен тұрақты тіркестер, фильмдерден үзінділер, ән-күйлер) мазмұны оқу кешенінің ақпараттық қызметін айқындайды. Оқу үрдісінде оқу құралын қолдану арқылы тіл үйренушілер қазақша қарым-қатынасқа қажет әр алуан ақпараттарды тіл арқылы меңгере отырып, дүниетанымын кеңейтуге мүмкіндік алады.

Оқу құралының уәждік қызметі - алғашқы қазақша сәлемдесу мәдениетін игеруге арналған «Сәлем сөздің анасы» модулінен қазақ халқының колөнерін, қолданбалы бұйымдарын таныстыру арқылы қазақ тілін үйрететін «Өнер, білім, бар жұрттар» модуліне дейін оның құрамына енген барлық оқу материалының қызықты мазмұнында, тартымды тапсырмалар мен әр түрлі жаттығулардың құрылымы арқылы жүзеге асқан. Оқу құралы мазмұнында танымдық креативтік жаттығулар, проблемалық тапсырмалар мен интеллектуалдық материалдың (жұмбақтар, мақал-мәтелдер) үйлесімді берілуі тіл үйренушілердің қазақша тілдік қатынас жасау ынтасын оятатын құрал болып табылатын көрсетеді.

Оқу құралының қызметі толеранттық қатынасқа бейімделген деп толық айта аламыз. Себебі оқу құралы мазмұнының жаһандастыру үрдісінде тіл үйренушіге мемлекеттік тіл арқылы тіл иесі халықтың рухани-мәдени мұрасы мен құндылықтарын оқу құралының өзегі ретінде (Мысалы, «Сәлем – сөздің анасы», «Ас – адамның арқауы», «Көркіне көз тоймас ...» , «Гүл-гүл жайна, күліп ойна ...» , «Өнер, білім бар жұрттар ... ») ұлттық бренд негізінде ұсынылуы, сонымен бірге басқа ұлт пен ұлыс өкілдерінің рухани асыл қазыналарын, бағыс өркениеті мен жалпы адамзаттық әлемдік өркениеттің баға жетпес байлықтарын олармен кіріктіре игерту арқылы ұлтаралық сыйласым, достық қарым-қатынасты бекіте түсуге бағытталуында көрініс берген.

Жоғарыда айтылған ойымызды қорытындылай келе, қазақ тілін сандық ресурстар арқылы ұлттық бренд негізінде ұтымды меңгертуге бағытталма дайындалған «Қазақ тілі. Бейнесабақтар» (шетелдіктерге қазақ тілін үйрету құралы) оқу құралы мемлекеттік тілді үйретуді жандандыруға мүмкіндік беретін жаңа үлгідегі оқытудың бейнесабақтар құралы деп тұжырымдаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сүлейменова Ж.Н. Өмірбаян. – (қолжазба). Алматы, 2023.
2. Сүлейменова Ж.Н. «Қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқыту» - Алматы, 2004.- 238б.
3. Сүлейменова Ж., Еркемова Т. және т.б. Қазақ тілі. Бейнесабақтар. Алматы: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. 2021.-100 б. ISBN 978-601-346-109-0

Жұбай О.,

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің профессоры м.а., филол.ғ.д.

ҒЫЛЫМДАҒЫ ДӘСТҮР МЕН САБАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Бүгінгі таңда қазақ тілі морфологиясында басы ашылмаған, әлі де шешімін таппай жүрген мәселелер өте көп. Ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кезең мен қазіргі кездегі категориялардың жіктелуінде бірізділік жоқ. Тіл білімінде жаңа бағыттардың қарқынды дамуына байланысты талас тудырып жүрген мәселелерді жаңа аспектіде қарағанда талас мәселелер шешімін таба алады. Осыған байланысты педагогика ғылымдарының докторы, профессор Жарқынбике Сүлейменова: «Морфология – өте күрделі ғылыми курс, көпшілікке ол зерттелген сала болып көрінгенімен, оның әлі зерттеуді қажет ететін мәселелері өте көп, даулы мәселелері де жеткілікті. Олардың бәрі дерлік морфологияны оқыту кезінде байқалып отырады. Сондықтан морфологияны оқытуда ғылыми жаңалықтарды мұқият қадағалап отыру өте қажет. Ғылыми жаңалықтардан бірсыпыра мәселелерге жауап табуға болады», – дейді [1, 36-б.].

Сондай даулы мәселелердің қатарында сапа, сан-шама категорияларының тілдегі көрінісі – сын есім, сан есімдерді жатқызуға болады. Қ.Жұбанов сан есім мен сын есімді заттың белгісін білдіруіне байланысты біріктіріп сипаттайды: «Есімнің бірқатары заттың өзін емес, заттың не істің тұрғылықты белгісін көрсетеді. Мұның өзі екі түрлі: сан белгі, сыпат белгі. Осыған қарай бірін сан есім, бірін сын есім дейміз. Сын есім морфологияда **-рақ, -рек, -лау, -леу** қосымшаларын, қосақты қосар буынды өзіне ерте алады: қызыл-қызылрақ, қызылдау, қып-қызыл; сан есім морфологияда **-ншы** қосымшасын тағына алады: бес-бесінші. Сын есім мен сан есімнің екеуі де синтаксисте затты да, істе де анықтауышты не бірі бірін сала алады: биік (сын есім, анықтауыш), тас (зат есім, анықтауыш), үй (анықталушы); бес биік үй; биік бес үй дегендер сияқты» [2, 302-б.].

Қазақ тілінде сапа – негізгі концептілердің бірі. Ол заттар әлемін танудағы басты ұғымдардың бірі саналады. Бұл «сапа» концептісінің грамматикалық сипатынан да байқалады. Сапаны білдіретін

сөздердің грамматикалық тоды сын есім категориясының түзілуіне негіз болады. Сын есім заттың белгісін көрсететіндіктен, зат есімдерді айқындайтын сөздер тобы ретінде қалыптасты. Сын есімдер адамдардың когнитивті тәжірибесінде ерекше мәнге ие, себебі ол тілдік санада шынайы болмыстың атрибутивті «портретін» қалыптастырады. Сын есім семантикасы «сапа» концептінде көрініс табатын белгілер жиынтығы ретінде әлем туралы білімдердің көрінісі болып табылады; онсыз адам затты тани алмайды, яғни заттың белгілерін, ерекшелігін анықтай алмайды. Сын есімдер сөйлесімнің мәні ғана емес, сонымен қатар әлемді танып-түсінудің де негізі болып табылады. Сын есімдер адамның тілегі бейнесі сыртқы (анатомиялық) және ішкі (интеллектуалды, ментальді, эмоционалды, т.б.) параметрлері бойынша айқындалады. Ғаламды сөзбен көрсетудесынесіміңіңерекшелігінзерттеу арқылы адамның ақиқат болмысты тану ерекшеліктері көрінеді, тілдік таңбада көрініс тапқан ғалам бейнесінің санадағы көрінісі айқындалады. Сын есімдерден когнитивтік үдеріс ретіндегі концептуалдану және категориялану ерекшелігі айқындалады. Заттың белгісін білдіретін сөз табы ретінде сын есімді когнитивті тұрғыдан сипаттап, семантикалық және лингвомәдениеттанымдық ерекшеліктерін нақтылау арқылы «сапа» концептінің өзіндік сипаты айқындалады.

Сын есімдер адамның дүниетанымын, өзін қалай танытынын көрінеді. Сын есімдерде халықтың сан ғасырлық тәжірибесі көрініс тапқан. Қазақ тілінде сын есімдер грамматикалық көрсеткіші бар, ерекше парадигма түзген дербес грамматикалық топ ретінде қалыптасты. Әлем этномәдени ерекшеліктерге байланысты түрліше танылып, түрліше сипатталады. Қазақ ғаламының тілдегі бейнесін қалыптастыра отырып, «сапа» концептісі ұлттық дүниетанымды танытады. Ол қазақ ғаламын сөзбен жеткізуде түрлі тәсілдермен беріледі. Адам айналасын сезім мүшелері арқылы қабылдап, түйсінеді. Ғаламның сапалық

белгісі сенсорлық жүйе арқылы (иіс, дәм, көру, есту, сезіну) байқалады. Адамның сенсорлық қабылдауы А.Байтұрсынұлы еңбектерінде толық қамтылған: «Зат тегінде екі түрлі: біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіскелетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар, екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар. Сол деректі хәм дерексіз заттардың атын көрсететін сөздерді зат есім дейміз» [52, 199-200-б.]. Қазақ тілінде көзбен көруге болатын, сезуге болатын түрі, эмоционалды-ментальді сын есімдер жиі кездеседі, естілетін, дәмді білдіретін, иіс мүшелері арқылы байқалатын белгілерді сипаттайтын сын есімдер әлдеқайда аз. Басқа сезім мүшелері арқылы сипатталатын сын есімдермен салыстырғанда, иісті білдіретін сын есімдер біршама нақты. Қазақ тіліндегі сын есімдерді талдау арқылы «сапа» концептісінің тілдегі көрінісін айқындауға болады.

Профессор Ж.Сүлейменова «сапа» концептісінің тілдегі репрезентациясына «Сын есім – семантика, грамматикалық жағынан, яғни морфологиялық ерекшелігі мен сөзжасам, сөз түрлендіру амалы жағынан да, синтаксистік қызметі мен басқа сөздермен тіркесіп қолданылуы жағынан да қазіргі қазақ тіліндегі өзіне тән ерекшелігі бар сөз табының бірі. Сын есім – семантикалық жағынан заттың, құбылыстың түрлі сапа, белгісін, түсін, көлемін, затқа, құбылысқа, іс-әрекетке қатысын білдіретін сөздер» деген анықтама бере отырып, өз ішінен заттың түр-түсін; көлемдік, аумақтық, салмақтық белгісін, сынын; сапалық белгі, сипатын; дәмін, иісін және басқа сипаттарына байланысты белгілерін; затқа, қимыл іс-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіруіне қарай саралайды [3, 460-б.]. Ғалым сын есім ешбір өзгеріске түспей-ақ, зат есіммен тіркесіп, заттың әр алуан қызметін, сындық белгісін анықтай алатынын, морфологиялық тұрғыдан алғанда, сын есім – түрленбейтін сөз табы екенін ескерте келіп: «Шырай

тұлғалары (сонымен бірге категориясы да) жалпы сын есімге тән түрлену жүйесіне емес, сын есімнің бір ғана мағыналық тобына, сапалық сын есімге ғана тән, ал қатыстық сын есімдерге шырай тұлғалары жалғанбайды», – дейді [3, 460-б.].

Бұл орайда ғалым кандидаттық диссертациясына жетекшілік еткен белгілі ғалым, профессор С. Исаевтың ұстанымдарын басшылыққа алған. Ы.Мамановтың ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, филология ғылымдарының докторы, профессор С.Исаев: «Шырай категориясы, әдетте, сын есімнің категориясы деп танылып жүр. Бірақ, біріншіден, сын есімнің бәрі бірдей, яғни сын есім сөз табына жататын сөздердің барлығы шырай тұлғаларымен түрленбейді, шырай тұлғалары кез келген сын есімге жалғана бермейді. Мысалы, *жақсы – жақсырақ – жап-жақсы, үлкен – үлкендеу – үп-үлкен, сары – сарылау – сап-сары – өте сары*, т.б. болса да, *таулы* дегенмен *таулырақ* не *тап-таулы*, *өте таулы* деп, *кешкі* дегеннен *кешкілеу*, не *кеп-кешкі*, *аса кешкі* деп, шырай түрлерін жасауға болмайды. Яғни сын есімнің бір түрі – сапалық сын есімдерге шырай жұрнақтары жалғанып, шырай түрлерін жасауға болса, сын есімнің мағыналық тобының екінші тобы – қатыстық сын есімдерге шырай жұрнақтары жалғана алмайды да одан шырай түрлері жасалмайды. Яғни шырай категориясы жалпы сын есімге емес, сын есімнің бір ғана семантикалық түрі – сапалық сын есімге ғана тән. Екіншіден, сын есім – қазақ тілінде түрленбейтін сөз табы. Яғни сын есім өзінің семантикалық (мағыналық), қызметтік ерекшелігі – зат атауының (зат есімнің) әр түрлі сапалық, сындық белгілерін, түр-түсін, бір сөзбен айтқанда, заттың әр түрлі белгісін білдіретін сөздер болғандықтан, сөйлеу процесінде осы мәнде негізінен зат есіммен тіркесіп қолданылатыны белгілі», – дейді [3, 463-б.].

Профессор Ж.Сүлейменова сапалық сын есімдердің қатыстық сын есімдерден айырмашылығы білдіретін мағынасына және шырай тұлғаларымен түрлене алуымен байланысты екенін ескертеді. Алайда, тарихи тұрғыдан алғанда, туынды сын есім болатын, түбір мен қосымшаға бөлінетін қызыл, жасыл, ұзын, үлкен тәрізді сөздердің қызғылт, жас-кылтым, ұз-ар, ұз-ақ, үлке-йген, үлке-ю сияқты туынды сөздермен тарихи тұрғыдан түбірлес сөздермен қатар ашық, толық, ақылды, қараңғы сияқты туынды сөздерді сапалық сын есім ретінде танып, ол сөздердің сапалық сын есім қатарына

көшкенін айтады [3, 461-б.]. Ол сөздерге шырай тұлғалары үстеліп, сапалық сын есімдердің шырай категориясын жасай алатынын мысалдармен дәйектейді: ашық – ашығырақ – ашықтау – тым ашық; толық – толығырақ – толықтау – топ-толық – тым толық; ақылды – ақылдырақ – ақылдылау – тым ақылды, т.б.

Ғалым қатыстық сын есімдердің шырай тұлғаларын қабылдау қабылетін тілдің эволюциялық жолмен дамуымен байланыстырады: «Тілдің даму барысында туынды түбір кейбір қатыстық сын есімдер қатыстық мағынамен бірге заттың сапалық сипатын да білдіреді, сөйтіп, бара-бара сапалық сын есімдерге ауысып кетеді. Оны ажыратудың бірден-бір белгісі – мағыналық жағымен бірге шырай қосымшаларының жалғана алуы немесе керісінше жалғана алмауы. Қатыстық сын есімдерге шырай қосымшалары жалғана алмайды. Ал қосымша арқылы жасалған туынды сын есімдерге шырай тұлғалары жалғанса, олар сапалық сын есімдерге ауысқан сөздер болып табылады [3, 462-б.]. Бұл тұрғыдан, ғалымның ұстанымдары Ы.Маманов, С.Исаев сынды ғалымдардың тұжырымдарымен сабақтасып жатқанын байқаймыз. Бұл орайда Ы.Маманов: «Сапалық сын есімді қатыстық сын есімнен айырудағы басты бір критерий – сапалық сын есім шырай категориясымен өзгереді, ал қатыстық сын есімде ондай қасиет жоқ. Бойшаң, ақылды деген сын есімдер бой және ақыл деген зат есімдерге -шаң, -ды жұрнақтары жалғану арқылы жасалған. Ал бұларға бойшаңдау, бойшаңырақ, ақылдырақ, ақылдылау деп шырай жұрнақтарын тағы да қосуға болады. Бұл ретте тымақты сын есімі зат есімнен (тымақ) жасалғанмен, шырай жұрнақтарын қабылдай алмайтындығы ескеріліп, кез келген туынды сын есімнің бәрін қатысты сын есім демейтіндігіміз ескерілуі керек. Сын есімді сапалық сын есім және қатыстық сын есім деп екіге бөлудің басты себебі – шырай формалары тек сапалық сын есімге тән категория екендігін, сапалық сын есімдер шырай формаларына негіз болатындығын айырып көрсету», – дейді [4, 456-б.].

Зерттеуші Н.Оралбаеваның «Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі» [5] деген монографиясында сын есімнің асырмалы шырайын жасайтын өте, тіпті, ең, тым сияқты көрсеткіштерді үстеу қатарынан шығарып, көмекшілер тобына қосу керектігі туралы айтқан тұжырымдары мен профессор С.Исаевтың «Сөздің аналитикалық

формасына сын есімнің күшейтпелі тұлғасы да жатады. Біріншіден, күшейтпелі буындардың үстелуі не қосымша, не префикс, не артикул сияқты тұлғаларға жатпайды, мұнда жартылай қайталау бар. Сондықтан үстелес буындар көмекші сөздер мәнінде қолданылады. Сонымен бірге күшейтпелі асырмалы шырай тұлғасын жасайтын күшейткіш үстеу деп аталып жүрген өте, тым, аса, тіпті, орасан тәрізді көмекші сөздердің сапалық сындармен тіркесуі де сөздің аналитикалық формасына жатады. Өйткені бұл жерде күшейткіш буындар да (*үп-үлкен, тап-тамаша, аса жақсы, тіпті қызыл т.б.*), біріншіден, форма тудыратын қосымшалар сияқты өзі тіркескен сөзге қосымша грамматикалық (күшейткіш) мағына үстейді, бірақ лексикалық мағынасына нұсқан келтірмейді, не өзгертіп жібермейді, екіншіден, белгілі парадигмалақ түрлену жүйесінің бір тұлғалық көрсеткіші, түрі (күшейтпелі шырай) болып табылады» деген [6, 52-б.] тұжырымын негізге ала отырып: «Қазіргі тілімізде көмекшілер сөйлемде дербес сөзге тіркесіп, оған түрлі грамматикалық мағына үстейді» деген пікір негізгі орын алады. Осыдан көмекшілі сөз ұғымы туған. Рас, «көмекшілі сөз ұғымы морфологияда толық қалыптасып үлгерді» деп айта алмаймыз. Оқыту үдерісінде бұл термин, көбіне, қолданыла бермейді. Ал ол – өкінішті жағдай, «Бұл термин оқыту үдерісінде сөз құрамына талдау жасау кезінде үнемі қолданылуы қажет» деп санаймыз, өйткені ол көмекшілердің мағынасын ашуға, оның мағынасын қай сөзден іздеуге, олардың дербес лексикалық мағынасы жағын аңғартуға, категориялардың көрсеткішін жақсы білуге, лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаны ажырата білуге үйретуде үлкен мәні бары сөзсіз», – дейді [1, 37-б.].

Филология ғылымдарының докторы, профессор С. Исаевтың жетекшілігімен кандидаттық диссертация («Оқу орыс тілінде жүретін мектепте қазақ тілінен етістікті оқыту», 1993), профессор Н. Оралбайдың жетекшілігімен докторлық диссертациясын («Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-теориялық негіздері», 2005) қорғаған Ж.Сүлейменова ұстаздарының ұстанымдарын негізге ала отырып, қосымшалы сөз деген модельге сәйкес көмекшілі сөз деген атауды ұсынады да оған «сөйлемдегі дербес сөз бен оған тіркескен көмекші сөзден құралған сөз тұлға» деген анықтама береді [1, 37-б.]. Бұл орайда ғалымдарды

өте, тым, аса, ең, т.с.с. сөздерді үстеу қатарынан шығаруға қатысты ұстанымдарын толық қолдаймыз. Бұлай деуіміздің бірнеше себебі бар:

1) «үстеулер қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі белгісін, жүзеге асу амал-тәсілін, мекенін, себебін, мезгілін, жай-күйін білдіретін» [3, 545-б.] сөз табы ретінде танылса, «күшейткіш үстеу» деп аталып жүрген ғалымдарды өте, тым, аса, ең, т.с.с. сөздерінің ондай мағынасы жоқ, ол сөздер ондай мәнде жұмсала алмайды;

2) үстеулер белгілі бір сұраққа (қашан? қалай? қайда? т.с.с.) жауап берсе, өте, тым, аса, ең, т.с.с. сөздері ешқандай сұраққа жауап бере алмайды, тіркескен сын есіммен бірге қандай? деген сұраққа жауап береді. Бұл – осы сөздерден кейін келген сын есімдердің сұрақтары. Жеке тұрғанда ешқандай сұраққа жауап бере алмайды;

3) үстеулер белгілі бір сөйлем мүшесі (көбінесе пысықтауыш) болады. Ал өте, тым, аса, ең, т.с.с. сөздері тіркескен сөзімен бірге сөйлем мүшесі бола алады. Жеке тұрғанда сөйлем мүшесі бола алмайды;

4) үстеулер етістіктен (баяндауыштан) бұрын келіп, іс-әрекетті айқындап, нақтылайтын болса, өте, тым, аса, ең, т.с.с. сөздері етістіктен бұрын келе алмайды, олар көбінесе сын есімнен бұрын келіп, күшейту мәнін үстейді. Н.Оралбай, С.Исаев сынды ғалымдар көрсеткендей, өте ұялды, тіпті асықты, тым қажыды сияқты жеке қолданыстарда өте, тіпті, тым сияқты сөздер тілдің ықшамдау заңдылығына сәйкес тіркескен сын есімдерінің түсіп қалуының нәтижесінде пайда болған.

5) Бүгінгі таңда күшейткіш үстеу ретінде танылып жүрген өте, тым, аса, ең, т.с.с. сөздерінің көрсетілген сипаттары сөздерді таптастыру ұстанымдары бойынша да аталған бірліктердің үстеуден гөрі шылауға көбірек жақын екенін көрсетеді, яғни «толық лексикалық мағынасы жоқ, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып немесе белгілі бір сөздердің жетегінде қолданылып, оған әр түрлі грамматикалық мағына үстеу үшін қолданылатын сөздер бар» [3, 556-б.] түрінде беріліп жүрген анықтамаға сәйкес келеді.

А.Байтұрсынұлы «өз алдына мағынасы кем басқа сөздің маңайында тұрғанда мағына шығатын сөздерді» «қосалқы сөз» (демеу) деп атағаны белгілі. Ғалым таңдаулы шырай таңдау қосалқы сөздерінің (ең, нақ, тап, тым, бек, қас) көмегімен жа-

салатынын айтады [7, 219-б.]. Дағдыландыруға арналған тапсырмаларында да ең, нақ, тап, тым, бек, қас сөздерін «таңдау қосалқы сөздер» деп атайды: Жай шырайлы сөздер таптырып оларға таңдау қосалқы сөздерін қостырту. Осы атауды Қ.Жұбанов та қолданады [2]. Ғалымдардың ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, өте, тым, аса, ең, т.с.с. сөздерін демеулердің қатарына қосқанымыз жөн.

Ж.Сүлейменова сын есімді сөздерді таптастыру ұстанымдарына сәйкес (мағынасы, түрленімі, синтаксистік қызметі) сипаттай отырып, сын есімнің сөз табы ретіндегі маңызды семантикалық белгісі, сөйлемдегі негізгі әрі басты қызметі – анықтауыш болу екенін ескертеді. Ал басқа сөйлем мүшелерінің қызметін атқаруы (затсымақтануы, үстеусімектенуі – А.Байтұрсынұлының терминдері) оның негізгі синтаксистік белгісі емес, қолданыстық, қатыстық сипатына байланысты екенін, яғни анықтауыштық қызметтен басқа қызметті белгілі шарттылықпен ғана атқаратынын айтады [3, 461-462-б.].

Ғалым сапалық сын есім мен қатыстық сын есім синтаксистік қызметі бойынша да ерекшеленетінін ескерте келіп, сапалық сын есімдер қимылды анықтағанмен (үстеусімектенгенмен), қатыстық сын есімдер ондай қызметте жұмсалмайтынын, өте сирек жұмсалатынын айтады. Бұл ерекшелік көп уақыт зерттеушілер назарынан тыс қалып келді.

Профессор Ж.Сүлейменова сын есім сияқты, сан есімдер де зат есіммен, заттанған сөздермен тіркесе келіп, анықтауыш қызметін атқаратынын айтады. Сан есімдер кейде зат есімсіз де қолданылатынын ескерте келіп, ондай жағдайда сан есім заттық мағынаны, мөлшерді білдіретінін әрі сандардың атауы ретінде жұмсалатынын айтады. Мыңнан біреу шыққанда басшы болып, Жүзден біреу шықса екен соңына ерер (Дулатов). Алтау ала болса, ауыздағы кетер, төртеу түгел болса, төбедегі келер (Мақал). Шаруаның біреуі екеу болып (Абай). Өтемістен туған он едік, Онымыз атқа мінгенде (Махамбет) деген сөйлемдерді мысал ретінде келтіре отырып, осындағы мыңнан, жүзден, алтау, төртеу, біреуі, онымыз сан есімдері «адам» деген ұғымды, яғни әрі заттық ұғымды, әрі сандық мөлшерін білдіріп тұрғанын айтады [3, 470-б.].

Зерттеуші сан есімнің негізгі ерекшелігі ретінде басқа сөз таптарынан жасалмайтынында екенін

ескерте келіп, сан есімдер есептік сан есімдердің тіркесуі, қосарлануы, әр түрлі жұрнақтардың жалғануы арқылы қалыптасқанын айтады.

Профессор қазіргі қазақ тілінде семантикалық жағынан сан есімге жақын сөздер тобын көрсетеді: салмақ өлшемдерін білдіретін сөздер (қадақ, пұт, келі, батпан); көлем мөлшерін білдіретін сөздер (бір шымышым, бір уыс, бір тілім, бір құшақ); қалыңдық өлшемін білдіретін сөздер (пышақ сырты, шынашақ, бармақ, екі елі, т.б.); қашықтық өлшемін білдіретін сөздер (адым, таяқ тастам, шақырым, қозы көш жер, ат шаптырым, т.б.); ұзындық өлшемін білдіретін сөздер (тұтам, сынық сүйем, кере қарыс, кез, аршын, құлаш, т.б.); сан есімдердің тура мағынасындағы сөздер («жарты» мағынасын білдіретін сөздер: жарты, жарым; «бір» мағынасын білдіретін сөздер: жеке, дара, жалғыз, жалқы; «екі» мағынасын білдіретін сөздер: егіз, қос, пар; «төрттен бір» мағынасында: ширек); уақыт мөлшерін білдіретін сөздер (сүт пісірім уақыт, шай қайнатым, биенің бір сауымындай уақыт). Зерттеуші бұл сөздер мөлшер мәнін білдіргенмен, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай сан есім бола алмайтынын ескертеді [3, 470-б.].

Ғалым «бір» сан есімінің мағынасын контекст арқылы нақтылау керек екенін ескерте келіп, ол етістіктің алдында келіп, бастапқы нақты сандық мағынасы көмескіленіп, күшейткіштік мағына үстейтінін; белгісіздік мағынасында қолданылып, белгісіздік есімдігі болатынын; сын есіммен тіркескенде, сындық мағынаны күшейту мәнінде қолданылатынын; сандық мағынадан ауытқи келе бір сөзі «біресе» шылауының орнына қолданылатынын; уақыт, күн, мезгіл, кез, сәт, заман, жолы сияқты сөздермен тіркесіп, болжалдық мағынада мезгілді білдіретінін айтады [3, 474-б.].

Сонымен қатар «бір» сөзінің қатысуымен жаңа сөздер жасалатынын:

- а) синтетикалық тәсілмен:
 - **лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік** жұрнақтары арқылы: бірлік, бірлестік;
 - **ық/-ік, -лас/-лес** жұрнақтары арқылы: бірік, бірлес;
 - **дай/-дей** жұрнағы арқылы: бірдей;
 - **ау/-еу** жұрнағы арқылы: біреу;
 - барыс септігінің көнеленуі арқылы: бірге;
 - жатыс септігінің көнеленуі арқылы: бірде;
 - шығыс септігінің көнеленуі арқылы: бірден;
- ә) аналитикалық тәсілмен:
 - қосарланып, болжалдық, шамалық

мағынаны білдіреді. бірен-саран, бірді-екілі, бір-екеуі;

- «бір» сөзі өзара, бір-бірімен қосарланғанда үстеу, есімдік орнына жүреді: бір-бір, бір-біріндеп, бірден-бір, бірте-бірте, бір-бірлеп, бірде-бір, т.б.

«Бір» сөзі

а) өңкей, келкі, сыдырғы, ыңғай, тұтас, түрлі, калыпты, талай сөздерімен бірігу арқылы сын есімдер;

ә) неше, деме, деңе сөздерінің кірігіп кетуі арқылы белгісіздік есімдіктері (бірнеше, бірдеме, бірдеңе);

б) аз, жолата, сыпыра, шама, талай сөздерімен бірігу арқылы бірде сын есім, бірде үстеу сөз табының орнына жүретін (біраз, біржола, біржолата, біршама, бірталай) сөздер жасалатынын айтып, мысалдармен дәйектейді [3, 473-475-б.].

Профессор есептік сан есімдердің қатысуымен жасалған тұрақты тіркестерді көрсетеді:

БІР саны: бір жасап қалу, бір киер, бір қайнауы ішінде, бір қыдыру жер, бір сабақ жіп бермеу, бір сөзді, бір сырлы, сегіз қырлы, бір шөкім, бір қайнатым уақыт, т.б.

ЕКІ саны: екі асығыс, бір қарбалас, екі дүниеде, екі жарты бір бүтін, екі жеп биге шығу, екі жүзді, екі арада шыбын өлу, екі иығына екі кісі мінгендей, екі иығынан дем алу, екі кеме басын ұстау, екі көзі бұлаудай, екі көзі төртеу болу, екі қолға бір күрек, екі ойлы, екі ұшты, екі еткізбеу, екі шоқып бір қарау, т.б.

ҮШ саны: үш қайнаса сорпасы қосылау, үш ұйықтаса түсіне кірмеу, т.б.;

ТӨРТ саны: төрт арыстың баласы, төрт аяғы тең жорға, төрт түлік мал, төрт құбыласы сай, төрт көзі түгел, төрт тағандау, т.б.;

БЕС саны: бесаспап адам, бес бересі, алты аласы жоқ, бессайыс, бесенеден белгілі, бес саусақтай білу, т.б.;

АЛТЫ саны: алты қырдың асты, алтыбақан, т.б.;

ЖЕТІ саны: жеті қабат жер асты, жеті ата, жеті күн, жеті түн, жетісін беру, жерден жеті қоян тапқандай, т.б.;

ТОҒЫЗ саны: тоғыз жолдың торабы, тоғыз қабат торқа, бір тоғыз, тоғыз құмалақ, т.б.;

ҚЫРЫҚ саны: қырықтың бірі – Қызыр, қысқа күнде қырық шабу, қырық беру, қырық күн, т.б. [3, 473-б.].

Сан-шама категориясы сезімдік қабылдау нәтижесінде пайда болмаған, ол адам ойының абстрактілі қызметіне байланысты түзілген. Сондықтан сан есімдердің тұрақты тіркестердің құрамындағы қолданысы қазақ халқының дүниетанымынан мол ақпарат

береді. Сонымен қатар ғалым алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан сан есімдерінің қалыптасуы, реттік сан есім жасайтын **-ыншы/-інші** қосымшасының дамуына қатысты да ақпарат береді.

Ақымет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» атты еңбегінде сөз таптарын, категорияларды сипаттауда әрдайым қолданысын, норманы да көрсетіп отырады. Ғалымның ұстанымын басшылыққа алған профессор Ж.Сүлейменова дара сан есімдер де, күрделі сан есімдер де зат есіммен тіркесіп қолданылғанда зат есімге көптік жалғауы жалғанбайтынын айтады. Бүгінгі таңда тілдегі жүйені бұзып, қате сөйлеушілер көбейді. Себебі дұрыс сөйлеу нормаларына оқулықтың авторлары аса мән бермейді. Осыған байланысты ғалымның сын есім, сан есімдерді сипаттауда қолданыстағы ерекшелігін қоса түсіндіруі – әбден құптарлық жайт. «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, ол нағыз қазақша болып шықпайды» [7, 142-б.], – деп А.Байтұрсынұлы жазғандай, бүгінгі таңда орыс тілінің үлгісімен көптік қосымшасын бейберекет жалғай берушілер көп.

Бүгінде педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, екі мәрте «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері Сүлейменова Жарқынбике Нуайқызы мерейлі жасын атап өткелі отыр. Ғалым – «Жоғары мектепте қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» бірүлгі бағдарламалары, «12 жылдық мектептің негізгі орта буынының білім мазмұны» тұжырымдамасының, «Қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте

оқыту», «Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі» монографияларының, «Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис», «Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесі» ұжымдық монографияларының, «Іскерлік қазақ тілі», «Қазіргі қазақ тілі морфологиясы» электронды оқулық пен оқу құралдарының, «Қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері», «Қазақ тілі сабақтарында жүргізілетін тіл дамыту жұмыстары», «Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабақтарында жүргізілетін оқу ойындары» (Ф. Төрегелдиевамен бірге), «Сабақ – оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы», «Қазіргі қазақ тілі морфологиясынан өздік жұмыс тапсырмалары» (Ж. Отарбековамен бірге), «Әдебиет әлемінде», т.б. оқу құралдары, мектеп оқушыларына арналған «Қазақ тілі» (1, 5, 6-сыныптар) оқулықтары мен оқу құралдарының, «Әскери іс. Түсіндірме сөздік», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Сөздік-анықтағыш», «Қазақша-түрікше, түрікше қазақша» электронды сөздігі», «Қазақша, түрікше, ағылшынша, орысша тілашар», «Қазақша, ағылшынша, қытайша тілашар», т.б. еңбектердің авторы. Ұстаздардың ұстанымын басшылыққа алып, қазақ ғылымы мен білімінің дамып, жетілуіне өзіндік үлес қосып жүрген Жарқынбике ханымның денсаулығы мықты болып, мақсат-мұратына жетуіне тілектеспіз.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Сүлейменова. Ж. Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқыту әдістемесі. Монография. - Алматы, 2004. - 36-б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999. - 581 б.
3. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002. - 783 б.
4. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Арыс, 2007. - 488 б.
5. Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. - Алматы: Ғылым, 1986. -192 бет.
6. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 144 б.
7. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. - Астана, 2017. - 740 б.

*Түркі әлемінің құрметті қызметкері
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗМЕТКЕРІ

Қазақстандық білім кеңістігінде профессор Жарқынбике Нуайқызы Сүлейменованың есімі белгілі әдіскер ғалым, ұлағатты ұстаз, шетелде (Түркияда) қызмет еткен санаулы ғалымның бірі ретінде танымал. Шетелде қызмет ету айтуға оңай болғанымен, бірнеше жыл қатарынан туған жер мен отбасынан жырақта өмір сүру, қызмет ету, жаңа лингвомәдени ортаға ену, сіңу, әлеуметтену – қарапайым азамат үшін де, әсіресе дәріс жүргізетін ғалым үшін де оңай шаруа емес. Бірақ ұлт мұратын өз мұратынан биік қоятын жандар үшін мұны да еңсеруге болатынын профессор Ж.Н. Сүлейменова Түркияның бір қиырындағы Нийде қаласындағы университетте қызмет ету барысында көрсете білді. Өйткені дәл осы кезеңде қазақстандық білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастыру шарттарына сәйкес жаңғырту талабы қойылған еді. Осы тұрғыдан альмаматеріміз – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті мен Түркия Республикасындағы ірі университеттердің бірі Нийде университеті арасындағы білім кеңістігіндегі халықаралық ынтымақтастық аясында кафедралық қос профессоры Ж.Н. Сүлейменова мен Г.Қ. Абдирасилова дәріс оқуға атанды. Қазіргі Өмер Халисдемир атындағы бұл университетті сол жылдары басқарған түркілік рухы биік, парасатты азамат Аднан Гурурдің бастама-сымен ашылған Түркі тілі мен әдебиеті бөлімінің алғашқы шетелдік ұстаздары ретінде абыроймен қызмет етті. Түрік балаларға «Қазақ тілі», «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы», «Татар тілі» пәндерінен дәріс оқып, докторант, магистранттарға жетекшілік жасады. Сол жылдары академиялық ұтқырлық бағдарламасымен біздің университетке «Жарқын кожадан» білім алған, қазақша тілі жатық студенттер келіп жүрді. Сол жерде қызмет ете жүріп, Нийде Университеті (ректор – А. Гурур) және Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің (ректор – Д.Ж. Нөкетаева) бірлескен жобасы – Қазақ музейінің ашылуына мұрындық болды. Музейде қазақтардың ұлттық киімдері, қолөнер бұйымдары, бағалы кітаптар қойылған. Музейдің лентасын Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры Қазына Аймағанбетқызы және Нийде университетінің ректоры, про-

фессор, доктор Аднан Гурур қиды. Ашылу салтанатында сөз алған Нийде университеті ректоры Аднан Гурур: «Нийде Университеті және Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университеті бірлесіп ашқан көрмеге қош келдіңіз! Бүгін бұл жерде Түрік – Қазақ Музейі атында бір музей аштық. Музейдің мұнда ашудағы мақсатымыз – Түрік – Қазақ арасындағы достықты, Түркия және Қазақстан арасындағы бірлікті одан әрі жалғастыру. 2011 жылынан бері Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетімен Нийде университеттің арасындағы достық жалғасын табуда. Осы достығымызды одан әрі нығайту мақсатында музей ашуды жөн көрдік. Қазақтар мен Түріктер тарих, мәдениет, тіл және дін жағынан ортақ болғанымыз, Түбі бір Түркінің ұрпағы болғанымыз бәріңізге аян. Осы ортақтығымыздың жалғасуы үшін кішкентай болса да үлесімізді қосқымыз келді. Осы жерде екі университеттердің бірлесіп жұмыс жасауы Қазақстан үшін де, Түркия үшін де маңызды нәтижелер беретініне сенімдіміз», - деп ыстық лебізін білдірді. Аталған шараны ұйымдастыруда екі университеттің арасындағы «елшілік» қызметі біздің профессорларымызға жүктелгені белгілі.

Профессор Ж. Сүлейменова тек Нийде университетінде сабақ беріп қана қоймай, біршама қоғамдық шараларға да белсенді қатысты. Атап айтар болсақ:

- Қала ортасындағы тарихи ескерткіш үйінде Қазақ-түрік мұражайын ашуға мұрындық болуы;
- Сол жерде қалалықтарға Қазақ тілі, ҚР туралы дәрістер оқуы;
- Сөздік, тілашар жариялауы;
- волонтер ретінде қазақ тілін үйретуі;
- Симпозиум мен форумдар ұйымдастыруы. (Қазіргі жылда өтетін «Түркі әлемі зерттеулері» симпозиумның ең алғашқы ұйымдастырушыларының ба-сында профессорлар Хикмет Қораш, Ж.Н. Сүлейменова, Г.Қ. Абдирасилова сияқты ғалымдарымыздың тұрғанын біреу білсе, біреу білмес).

Осындай шараларға белсене қатысып, құнды баяндамалар жасауының арқасында түрік ғылыми қауымдастығы арасында да зор беделге ие болды. Соның нәтижесінде түрік ғалымдары тарапынан бірнеше халықаралық жобаларға шақырту алып, күні бүгінге дейін «Білім көкжиегі», «Түркі мәдениеті» атты Анкарада шығатын журналдар редакциясы құрамында қызмет етуде.

Сондай-ақ жүйелі түрде Түркияның Газиентеп қаласында өтетін Әл-Фараби халықаралық әлеуметтік білімдер конгресінің ұйымдастырушыларының бірі. Түркиялық әріптес ғалымдармен әлі де шығармашылық байланысын үзген емес. Шетелдік ғалымдармен авторлық бірлестікте «Қазақстанда шыққан ұйғыр шығармаларының каталогы (Гүлбахрам Молотова, Эльвира Молотова, Ахмет Туран Түріктермен бірге)», «Ұйғырлардың материалдық емес мәдени мұрасы Қазақстан бойынша (Адем Огер, Ахмет Туран Түрік және т.б.)», «Қазақша – орысша – ағылшынша - түрікше тілашар» т.т. сүбелі еңбектер жазып, тіл білімінің лексикография саласына да өз қолтаңбасын қалдырып келеді. Ғалымды түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор жасау проблемасы да толғандырады. Сондықтан да докторанты А. Сарбалинаға осы салаға қатысты тақырып беріп, авторлық бірлестікте республикалық басылымдар мен конференцияларда, шетелдік индекстелетін журналдарға салмақты зерттеу нәтижелерін ұсынып келеді. «... түркі тілдеріндегі терминдердің жасалуының тәсілдерін (лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік), функционалдық, өзіндік ерекшеліктері мен ортақ қырларын анықтау, тілдік тұрғыдан жүйелеу, осы тұрғысынан ұлттық терминқорды жасауда ұлт тіліндегі термин шығармашылығына нұсқан келтірмес үшін түркі тілдерінің терминжасамдағы озық үлгілері негізінде терминжасамның ұлттық үлгі/модельдерін қалыптастыру қажет», - деп есептейді ғалым. Қысқасы, түркі тілдес ұлттардың сан ғасырлық тарихы, руханияты, тілі мен әдебиеті, мәдениеті мен өнері тамырлас екендігіне сүйене отырып, ортақ терминологиялық қор жасаудың қажеттігіне айырықша мән береді. Профессор Ж.Н. Сүлейменованың осындай түркі жұртына сіңірген айырықша еңбегін елеген түрік елі оны «Түркі әлеміне қызмет» сыйлығымен марапаттады. Қорыта айтқанда, өз түйгенін өзгеге үйретуге жалықпаған көрнекті педагог ғалым, ұлтының тілін түркінің тілі деп аталатын Еуразия кеңістігінің алып бөлшегінің бірі деп қайрат қып жүрген маман Жарқынбике ханымды мерейлі жасымен құттықтап, шығармашылық шабыт, отбасылық бақыт тілейміз.



Prof. Dr. Yuu KURIBAYASHI

Okayama University, Japan

kuri@okayama-u.ac.jp

LINGUISTICS EDUCATION AT OKAYAMA UNIVERSITY

In this paper, I would like to give an overview of our university and the study of the Turkic languages in Japan, and introduce the current state of linguistics education at our faculty and my approach to education.

University Profile

1. History: Okayama University (OU) was established in 1949 through the merger of various educational institutions. It has since developed into a comprehensive university with a focus on research and education.

2. Campuses: OU has multiple campuses, with the main campus situated in Okayama City, Japan. It also has a medical school and hospital, as well as other specialized facilities. At present, about 20,000 students, including exchange students and faculty members, are committed to learning and working.

3. Academic Programs: OU offers a wide range of undergraduate and graduate programs across various disciplines, including humanities, social sciences, natural sciences, engineering, and medicine.

4. Research: OU is known for its research activities and contributions to various fields. It has research centers and institutes dedicated to specific areas of study.

5. International Collaboration: OU actively engages in international collaboration and exchange programs with universities and research institutions worldwide. It encourages international students to study at the university and provides support for their integration.

6. Rankings: OU has been selected as Top Global University in Japan by MEXT (Ministry of Education, Culture, Sports, Science and Technology) of Japanese Government.

7. Language of Instruction: While some programs may be available in English, many courses are conducted in Japanese. International students often need to demonstrate proficiency in the Japanese language or enroll in language programs before starting their academic studies.

For more detailed information in English, see (http://www.okayama-u.ac.jp/eng/about_okayama_university/index.html).

School of Letters

The official capacity of the School of Letters is 175 students per year. Around 10% of our graduates decide to pursue further study at graduate school, either here at Okayama University, elsewhere in Japan, or abroad. From 2004, the four departments were merged into one department, the Department of Humanities, offering five major courses: Philosophy, Theory and History of Art; Behavioral Sciences; History and Archeology; Linguistic Science; and Language, Literature and Culture. In 2016, in accordance with the implementation of the 4-semester, 50-minute class system, the educational system and the curriculum

were reformed. Today, the School of Letters consists of eight departments: Philosophy and Ethics; Aesthetics and History of Art Geography, Sociology, Anthropology, and Socio-Cultural Studies; Psychology; History and Archeology; Linguistics and Linguistics of Modern Japanese; Japanese Linguistics and Literature; and Chinese, English, French, and German Linguistics and Literatures.

Linguistics and Linguistics of Modern Japanese

The research conducted in the field of linguistics and linguistics of Modern Japanese at Okayama University concerns general linguistics, Turkish and Turkic languages, Philippine languages, sociolinguistics, Japanese grammar, teaching Japanese as a foreign/second language, among many others. All members of this major share the common goal of understanding human language through empirical research, and both our teaching and research reflect this goal. This major has two sub-fields: Linguistics and Linguistics of Modern Japanese. Linguistics (1 Prof., 1 Assoc. Prof.) is the scientific study of these properties, and which tries to explain why human languages are what they are. Linguistics of Modern Japanese (2 Profs., 1 Assoc. Prof.) is a sub-field of linguistics. Its main concern is Modern Japanese. It explores the grammar of Modern Japanese, the way we communicate in the language, the relation between the language and society, and how best to teach the language to non-native speakers. Modern Japanese is also contrasted with other languages.

Educational Environment with Diverse Learning

From the 2023 entrance examination, the number of applicants for special selections such as Comprehensive Selection, School Recommendation-Based Selection, and International Baccalaureate Entrance Examination has been expanded. As a research university that promotes the Sustainable Development Goals (SDGs) advocated by the United Nations, Okayama University promotes student diversity through special selection.

The educational problem that concerns us is that some international students from Asian countries who have received an education based on authoritarianism do not have the habit of thinking for themselves and learning actively. This is due to one-sided lecture content that is mainly memorization, lecture content such as chatting that has nothing to do with their specialty, and inadequate instruction that does not pay attention to the interests of the learners. Education at our Faculty is based on a credit system with three pillars: lectures, seminars, and graduation thesis exercises, but in recent years, the following innovative educational models in higher education have been adopted as much as possible.

1. Flipped Classroom:

- In a flipped classroom model, traditional

teaching methods are reversed. Students study course materials, such as lectures and readings, outside of class and use class time for interactive activities, discussions, and problem-solving.

2. Online Learning:

- Online learning involves delivering content through digital platforms, allowing students to access materials at their own pace.

3. Experiential Learning:

- Experiential learning emphasizes hands-on experiences, internships, co-operative education, and other forms of practical application of knowledge.

4. Data-Driven Learning Analytics:

- Learning analytics involves using data to understand and optimize the learning process. By tracking student performance and engagement, educators can identify areas for improvement and tailor instruction to individual needs.

5. Global Collaborations:

- Faculty facilitate global collaborations and partnerships, allowing students to engage in exchange programs, and collaborative research with peers from around the world.

Our faculty combines these multiple innovative approaches to create a holistic and engaging learning experience, using learning management systems (LMS).

Short history of Turkological studies in Japan

Turkish and Turkic language studies (or Turkological studies) in Japan have a long tradition, mostly because of the enthusiastic research into whether Japanese is a member of the Altaic language family. The comparative study of Turkic and other Altaic languages, such as the Mongolic and Tungusic languages, began in the late 1950s and 1960s. To date, there is no consensus by Japanese linguists on whether the Turkic, Mongolian, Tungusic, Korean, and Japanese languages make up one language family. In the field of linguistics, Katsuji Fujioka of the University of Tokyo gave lectures in 1930 using Julius Nemeth's *Türkische Grammatik* as a part of his seminar on Altaic linguistics. Kazuo Takeuchi of Okayama University compiled the first Turkish–Japanese dictionary in 1987 and the first Japanese–Turkish dictionary in 2000. It is likely that only Japanese scholars paid much attention to these important contributions to Old Turkic and Turkic linguistics because they were written in Japanese (Hattori 1974). Today, the number of linguists specializing in Turkish and Turkic language studies is limited in Japan (Katsuda 2002, Eltazarov 2016, Kuribayashi 2022b). Until 1990, most linguists interested in Turkish and Turkic language studies worked under the title “general linguistics.”

New approach to Turkish textbooks

Considering the shortcomings in the existing textbooks, I decided to write a completely new textbook for university students, and it was published in March 2022 (Kuribayashi 2022a). The contents of this

new textbook are as follows:

1. Torukogo wo hanasu minzoku to sono bunpoo wo siru (Knowing Turkish-speaking ethnic groups and their distribution)
2. Torukogo to Tyurukusyogo no rekisi wo siru (Knowing the history of Turkish and Turkic languages)
3. Torukogo no onsee to bunpoo wo siru (Knowing the sound and grammar of Turkish)
4. Turukusyogo deno Hosi no Oojisama ("The Little Prince" in Turkic languages)
5. Torukogo to Nihongo wo taisyoosasete bunsekisuru (Learning Turkish in contrast with Japanese)
6. Toruko no wakamono kotoba no genzai (Daily slang used by young people in Turkey)
7. Nihongo wo manabu Torukogo wasya no onsee to bunpoo no tokutyoo (Grammatical and phonetic characteristics of Turkish native speakers learning Japanese)
8. Henkyoo no ti no Tyurukugo (Field report of Turkic language in rural area)
9. Okadaisee no tameno Toruko no gengo to bunka nituite no dokusyo annai (Guide for reading materials about Turkish language and culture for students at Okayama University)

My conclusion is that Turkish textbooks must contain material that is attractive for Japanese learners of Turkish and Turkic. For example, slang can be introduced as attractive material, because those expressions will be

used by university-age Japanese learners in their daily lives. Body language and facial expressions are interesting aspects of everyday interaction that can be studied for their remarkable cultural difference. Learners' curiosity will be peaked and their attention captured by these para-linguistic aspects of communication. Furthermore, from a linguistic point of view, recent outcomes of acoustic phonetics are also useful to support Japanese learners learning to master the r/l distinction found in Turkic languages. By using software, learners can see their physical output on the screen, thus allowing them to recognize and correct the subtle differences in the pronunciation of r/l that they produce. In this way, language learners should make full use of supportive devices such as Praat. At the same time, not only linguistic, but also cultural and historical knowledge of Turkish and Turkic people are indispensable to Turkish and Turkic language learning. More knowledge in this field makes it possible to motivate and cultivate serious language study.

Acknowledgements

This research was supported in part by JSPS KAKENHI Grant Number 23K00524.

Appendix

A part of my syllabus of the lecture "Language and Culture of Turkish People 1"

is as follows:

(Synopsis of lecture, Objects of study, Goals of attainment, Lecture schedule)

References

- [1] Eltazarov, J. 2016. Japonya'da Türkçenin Araştırılması ve Öğretimi Meseleleri. Akademik Tarih ve Düşünce Dergisi. IdeaCilt:2/Sayı:7.
- [2] Hattori, S. 1974. The Studies of the Turkic Languages in Japan after World War II. Türk Dili Araştırmaları Yıllığı Belleten 1973-1974, 25-39. Ankara: Türk Dil Kurumu.
- [3] Katsuda, S. 2002. The development of the study of Turkish linguistics and Literature in Japan - Concentrating on Turkologists since 1970-. Orient Vol. 37, 84-90. The Society for Near Eastern Studies in Japan.
- [4] Kuribayashi, Y. 2022a. Torukogo wasyano Gengo to Bunka (Language and Culture of Turkish Speaking People). Okayama: Okayama University Press.
- [5] Kuribayashi, Y. 2022b. Turkish textbooks used in Japan and related problems. Funda Güven, Jeannette Okur (eds.) Teaching Turkish and Turkic Languages during the Pandemic: Past, Present and Future Directions. Proceedings of the 6th AATT Conference. Madison, Wisconsin: Turko-Tatar Press. pp.219-239.

A.C.Қыдыршаев,

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
п.ғ.д., профессор (Орал қаласы, Қазақстан)
kdirshaev_abat@mail.ru*

ШЕШЕН СӨЙЛЕУ БІЛІК-ДАҒДЫСЫНЫҢ БОЛУЫ – КӘСІБИ МАМАН КӨРКІ

Іскерлік қарым-қатынас – алуан қызмет жүйесіндегі адамдар арасындағы байланыстар дамуының күрделі де сан қатпарлы үдерісі. Бұған қатысушылар ресми статусты сөйлей отырып, нақтылы міндеттерге негізделген межелі мақсатты нысаналайды. Бұл үдерістің басты ерекшелігі – уақытты мөлшерлі пайдалану. Сөйлеу сәтін мөлшерлі пайдалану – ұлттық мәдени дәстүрлермен, кәсіби этикалық қағидаттармен анықталатын бекітілген өлшемдерге бағыну деген сөз. Әрине, бізге ресми байланыс орнатудың алуан түрлі жағдаяттарына орайлас «жазылған» не «жазылмаған» норма тәртіптері мәлім. Қызмет барысында қабылданған тәртіп жүйесі, сәйкесінше бұл ретте орнымен кідіре, ауытқи, өзгерте білу формалары іскерлік этикет делінеді. Оның басты функциясы – адамдар арасындағы өзара түсіністікке септесер ережелерді қалыптастыру. Бұл орайдағы маңызды функциялардың бірі – ынғайлылықты ескеру, жинақылықты жақтау және тәжірибе негіздеріне сүйену [1;2;3;4;5].

Жалпы, іскерлік этикет құрамына енетін қағидаларды төмендегідей екі топқа жіктеуге болар еді:

- белгілі бір ұжымның өзара тең дәрежелі мүшелері арасындағы қарым-қатынас жүйесінде жүзеге асатын нормалар;
- ұжым басшысы мен оған бағыныштылар арасындағы байланыс қалпын анықтайтын нормалар.

Ал жалпы қағидалы талаптар сапы-

на жеке симпатия мен антипатияға байланыссыз барлық жұмыстас әріптестермен, қарсыластармен жасалатын жылы жүзді, ескерту бағытында жүзеге асатын қарым-қатынастар нормаларын қосар едік. Іскерлік қарым-қатынас – адам өмірінің аса қажетті бөлігі, өзге адамдармен қарым-қатынас жасаудың маңызды түрі. Осы қарым-қатынастың мәңгілік әрі басты қозғаушы тетіктерінің бірі ретінде этикалық нормаларды танымыз. Бұлар арқылы біз адамдар іс-әрекетіндегі жақсылық пен зұлымдық, әділдік пен әділетсіздік, дұрыстық пен бұрыстық туралы көзқарастарымызды, пікір-түйіндерімізді аңғартамыз. Өзімізге бағынышты адамдармен, бастығымызбен, не әріптестерімізбен іскерлік ынтымақтастықта қарым-қатынас жасай отырып, әрқайсысымыз қалай болғанда да саналы не стихиялы тұрғыда осы этикалық нормаларға арқа сүйейміз, оларды тірек етеміз. Десек те, адам атаулының моральдық нормаларды түсіну дәрежесіне қарай, оның мазмұнын қандай деңгейде түсінуіне қарай, қарым-қатынас кезінде оны қандай дәрежеде ескеруіне байланысты ол өзінің іскерлік деңгейдегі қарым-қатынасын жеңілдетпек. Оны мейлінше тиімді қолдана отырып, алға қойылған міндеттерді шешуде және мақсатқа жетуде бірден-бір жәрдемші ете аламыз. Сондай-ақ этикалық нормаларды жөнімен тиімді қолдана, үйлестіре білмеушілік қарым-қатынасты қиындатып, оны мүлдем кереғар қалыпқа түсіруі әбден мүмкін. Демек, іскерлік

қарым-қатынас әдебін білу арқылы белгілі бір іс саласында табысқа қол жеткізуге болады. Демек, ортақ адами іскерлік этикалық нормаларды тиімді қолдана білмеу қарым-қатынасты күрделендіріп қиындата түспек. Мәселен, жас маман (басшы) өзінің әкесіндей кісімен қандай іскерлік қарым-қатынаста болуы тиіс. Күле қарасаң, көйлегіне жамау сұрайтындар жетіп артылады [3;6;7].

Қызметтік байланыстар өзара тиімді әріптестік, бәсекелестік бастамалар негізінде құрылып, өзара сұраныстар мен қажеттіліктерден, ортақ істен туындауы тиіс. Сөзсіз, мұндай ынтымақтастық тұрғыдағы байланыс іскер маман белсенділігін арттырмақ, өндірістің, бизнестің технологиялық үдерісінің факторы болмақ. Кімде-кім адамдармен істес болғысы келсе, жақсы ойлана білуі өз алдына, одан да жоғары ғажап сөйлесе білуі тиіс. Ал іскерлік қарым-қатынас басқарудағы қарым-қатынас этикасы мен іскерлік сөйлеу мәдениетін қамтиды. Мақсат – жергілікті басшыларда қазіргі заман құндылықтарына бағытталған, ізгілік көзқарастарға негізделген адамгершілік идеяларын қалыптастыру. Біздіңше, осы орайдағы теориялық, практикалық білім негіздері өзара және әлеуметтік іскерлік қарым-қатынас салаларында іскерлік, коммуникациялық жетістіктер, табысты әрекеттер әкелері сөзсіз. Олардың басшы ретінде де, әріптес ретінде де тиісті этикет ережелерін сақтай білулері кәсіби шеберліктерін де шындамақ.

Қай деңгейде де іскерлік қарым-қатынаста да сөйлеу мәдениеті туралы, аудитория алдында сөйлеуге дайындалуға бағыт беру ережелері, өз тыңдаушыларының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері туралы мағлұматтар ауадай қажет. Нәтижеде осы реттегі практикалық жұмыстар арқылы коммуникативтік дағдылар іске асырылып, іскерлік қарым-қатынас ерекшеліктерін әркім өз тәжірибесі елегінен өткізе алмақ. Бұл өз алдына бір мәселе. Ал жалпы іскери қарым-қатынаста «вертикальды», «горизонтальды» байланыстардың этикалық қырлары туралы не білеміз? Қызметкерлермен тіл табыса қарым-қатынас жасай білу іс-әрекеттің нәтижесін танытатыны аян. Бұл арада дінгек іспеттез этикалық алтын қағида: өзіңізге бағынышты адамдармен байланысыңыз басшыңыздың сізбен қарым-қатынасының қалай болғанын қалауыңызға сәйкесті келуі. Ал, бұл реттегі іскерлік қарым-қатынастың ұтымды нәтижеге қол жеткізуі басшының өзіне бағыныштылармен байланыста қолданар этикалық нормалары және қағидастарымен анықталмақ. Бұлардың сапына қызмет бабындағы этикалық мәдениеттің қайсысы тиімді, қайсысы тиімсіз екендігін ескеру еңбек. Алғашқы кезекте бұл бағыттағы нормалы қағидастар іскерлік қарым-қатынас табиғатын аңғартатындай, басқару үдерісіндегі ұйғарымдардың ненің негізінде және қалай берілуіне, қызметтік тәртіптің неден көрінетініне бірден-бір байланысты. Ал бұл арадағы іскерлік қарым-қатынас этикасының сақталмауы жағдайында көпшілік адамдар ұжымда өзін адамгершілік тұрғысынан қорғанысыз сезініп, ынғайсыз күйге енеді.

Басшының өз қызметкерлерімен байланысы іскерлік қарым-қатынастың тұтас құрылымына әсер етіп, оның адами-психологиялық табиғатын айқындауға сеп. Нәтижеде дәл осы деңгейлер дәрежесінде қарым-қатынас мәдениетінің эталонды қағидастары қалыптаспақ.

Бұл орайдағы іскерлік қарым-қатынастың қағидалы үлгілерінің бірқатары төмендегіше:

- Өз ұйымыңызды қарым-қатынастың жоғары моральдық нормаларына сәйкес бірлігі мықты ұжымға айналдыру. Қызметкерлерді ұйымның алғы мақсаттарына жұмылдыра білу. Адам атаулы өзін ұжым мүшелерімен тығыз бірлікте екендігін толық аңғарғанда ғана өзін адамгершілік жағынан да, психологиялық жағынан да еркін сезінетіндігін ескеру;
- Жауапкершілік мәселесіне байланысты проблемалар туындаған жағдайда басшы атаулының оның басты себептерін анықтауы. Проблема білімсіздіктен (надандықтан, мәдениетсіздіктен) туындап жатса, онда қарауыңыздағы қызметкерлердің әлсіз, кем тұстарын олардың бетіне басып үнемі айта бермеу. Қайта оның кемшіліктерін жоюға, толықтыруға қандай жәрдем жасай аларынды ойлану;
- Қызметкерлерге этикалық нормаларға сәйкесті ескерту жасау. Жағдаят турасында барлық ақпараттарды жинау, сәйкесінше қарым-қатынастың лайықты формасын таңдау. Ескертпелерді көзбе-көз тек оңаша отырғанда ғана айту;
- Адамның жеке басын емес, оның іс-әрекетін сынау;
- Қажетіне қарай комплимент айта отырып, сынды сыналап жеткізу амалын қолдану. Іскерлік қарым-қатынасты достық нотасында аяқтау;
- Өзіңізге бағынышты адамдардың жеке өміріне орынсыз араласпау;
- Қызметкерлердің бәріне бірдей тең құқылы мүше ретінде қарау;
- Қызметкерлердің ұтымды қадамын, жақсы табысын мадақтауға келгенде мүдірмеу, жылы сөзінді аяп қалмау;
- Ортақ іске қатысты жіберген қателіктерді

жасырмау, бүгіп қалмау;
 - Қарауыңыздағылардың алдында әркез адал болу;
 - Белгілі бір ұйғарым жасарда әр түрлі нюанстарға сәйкесті мөлшерлі жағдаятты және қызметкердің жеке тұлғалық қалпын ескеру [3,7-13].

Ал «төменнен жоғары» қарайғы іскерлік қарым-қатынас қызметкердің өз басшысымен арадағы байланысын аңғартпақ. Бұл орайдағы қарым-қатынас мәдениетінің этикалық қағидасын бір ауыз сөзбен «қарауыңыздағы қызметкерлер сізге қандай қалыпта қарым-қатынас жасауын қаласаңыз, сол деңгейде басшыңызбен де байланыс орнату жөн» дегуе болар еді. Жалпы өз басшысымен қалай тіл табыса білудің өзі қарауындағыларға қандай адамгершілік талаптары негізінде байланыс орната алудан бірден-бір кем емес. Бұл реттегі іскерлік қарым-қатынасқа бірден-бір қажетті этикалық қағидалар үлгілерінің біразы төмендегіше:

- Ұжымда әділ байланыстарға негізделген адамгершілік тұрғыдағы өзара ниеттес, тілектестік бағыттағы атмосфера ны қалыптастыруға көмектесу;

- Өз көзқарасыңызды тықпалауға не оған ақыл үйретуге ұмтылмау. Өзіндік ұсыныстарыңыз бен ескертпелеріңізді орныммен орнықты да мәдениетті түрде білдіру;
 - Қатқыл түрде кесіп-пішкен тонда үзілді-кесілді бағытта сөйлеспей;
 - Үнемі адал да әділ, сенімді болу, жағымпаздық, жарамсақтықтан аулақ жүру. Өзіндік мінезіңіз, ұстанымыңыз болмай.

«Горизонтальды» қарым-қатынас - тең дәрежелі әріптестер арасындағы іскерлік байланыстар. Бұл арадағы этикалық қағидалы дінгек: «Іскерлік қарым-қатынаста әріптесіңіздің сізге қалай қарағанын қаласаңыз, сіз де онымен сондай қатынас ұстану. Белгілі бір жағдаятта өзіңізді қалай ұстауда қиналасыз, өзіңізді әріптесте орнына қоя білу». Әрине, әріптесаралық іскерлік қарым-қатынастың тиімді нормалық қағидастарын реттеу мен жағымды тон табуын оп-оңай шаруа еместігін ескеру артық болмайды. Бұл орайда ұстаным боларлық қағидалы үлгілер төмендегіше:

- Өзгелер тарапынан өзіңізге белгілі бір ерекше байланыс талап ету;
- Ортақ істі орындаудағы жауапкершілік пен құқықтардың нақты да дәл бөлінуіне қол жеткізу;
- Өз жауапкершілігіңізді қарауыңыздағыларға аударма салмау;
- Әріптестеріңіз туралы күні бұрын жаман ойда болмау. Олармен қарым-қатынаста мүмкіндік болғанша сенімсіздіктен, өсек-аяннан ада болу, ондайларды маңыңызға жолатпау;
- Өңгімелесуші әріптесіңізді өз атымен атап, ретіне қарай бұны жиі қайталап отыру;
- Дидарласушыңызға жылы қатынасыңызды білдіру мақсатында достық пейілде болу;
- Қолыңыздан келмейтін нәрсеге уәде бермеу. Өзіңіздің іскерлік мүмкіндіктеріңізді тым асыра бағаламау;
- Өзіңізді емес, өзгені тыңдауға тырысу;
- Дидарласушыңыздың сізге жат еместігін, ұнайтындығын сөзбен, көзқараспен, ым-ишаратпен сездіру. Жымия отырып, көзіне

Сөйлеушінің тегі, аты-жөні	Талау шарттары																		
1.	Кіріспе мен қорытындымен сәйкестігі																		
2.	Шешен мәтнінің тіркестік элементтері мен сөздердің табиғатына сәйкестігі																		
3.	Сөйлеушінің мәтіндік бірліктерімен сәйкестігі																		
4.	Сөйлеушінің мәтіндік бірліктерімен сәйкестігі																		
5.	Шешен мәтнінің тіркестік элементтері мен сөздердің табиғатына сәйкестігі																		
6.	Шешен мәтнінің тіркестік элементтері мен сөздердің табиғатына сәйкестігі																		
7.	Шешен мәтнінің тіркестік элементтері мен сөздердің табиғатына сәйкестігі																		
8.	Сөйлеушінің мәтіндік бірліктерімен сәйкестігі																		
9.	Сөйлеушінің мәтіндік бірліктерімен сәйкестігі																		
10.	Сөйлеушінің мәтіндік бірліктерімен сәйкестігі																		
11.	Жалпы ұғай саны																		

Шешен-педагогтың шешен сөйлеу сапасының бақылау үлгісі

Тегі, аты-жөні _____
 Мекені _____
 Сөйлеу мазмұны _____

К-с	Бағалана отырған сапаның дәрежесі	Бақылау	Ескерту
I.	Сөйлеу мазмұны 1. Сөйлеу жоспары, жалпы және нақты мақсаттың анықталуы 2. Тақырып таңдауы, аудиторияға сәйкестігіне өсетін алуы 3. Сөйлеу мәнінің жанрлығы: а) қазіргі уақыт саналатын ұстанымға және мемлекет заңдарына сүйенуі; б) жеке білім және тәжірибесін тиялдануы; в) бірқалыпты ақпарат құралдарын қолдануы; г) тыңдаушы үшін материал жасалғанына болуы 4. Логикалыы 5. Шешеннің сөйлеу түрлері		
II.	Сөйлеу стилі 1. Сөйлеу құрылымы (сөйлеу сөзіндігі, мағыналық тарауларға жіктелуі, түзілімі) 2. Дәрежелерін біртеуі және олардан пайдаланылуы (статистикалық қолдану аяғы, белгілі тұжыраларға сілтеме жасауы) 3. Аудиториямен байланысы 4. Аудиторияның назарын аударуға алуы (сөзгі сөздер мен көрнеу элементтерін үйлестіру аяғы)		
III.	Сөйлеу мәнері 1. Қарымқатынастың негізін түсініктілігі (аппетиттілігі, айқындалуы) 2. Материалды еркін меңгергендігі 3. Сөйлеу ұрпақтығы (сөзді орындау қолдану аяғы, тіркестерін үйлестіру орындауы) 4. Белгіленген мен эмоциональдылығы		
IV.	Сөйлеу әрекеті Шешеннің мәнісіне қатысты: а) ақпаратты естіу б) түрлену в) аяқ, ишарат, дене қимылы (жест) г) бет қимылы (микромимика) д) сөйлеушінің		
V.	Сөйлеу жетілдіргі а) дәлізге құлақ немесе түсінікті б) сөйлеушінің (интонациясы) өзіндіксіздігі в) сөйлеу қорқымы (темі) г) ұялтану есетесуі		
VI.	Сөйлеушінің жеке сапалық белгісі 1. Жылы бақарушы (фрунциясы) 2. Айтпағандарға нақ көзқарасының болуы 3. Табиғатпен (көрсеткіші, әділеттігі) мен сыйлашылығы		
VII.	Өз ескерту түрлері а) тақырыптың ашылу деңгейі б) аудиторияға қатынасының рөлдеріне сәйкестігі в) сөйлеушінің сөйлеуіне қатынастың мағыналы қатынастылығы		
VIII.	Шешен мен оның сөйлеуінің жалпы баға 1. Сөйлеушінің сөйлеуінің деңгейі 2. Шешеннің қатынасты сәй екендігі		

тура қарау;
 - Әріптесіңізге өзіңіздің жеке мақсатыңызға қол жеткізудің құралы емес, сыйлауға тұрарлық тұлға ретінде қарау [3,15].

Қысқасы, бүгінгі қоғамдағы жас мамандардың іскерлік қарым-қатынас әдебінің аспектілерін жете білуі бастаған ісінің сәтті өрлеуіне кепіл болмақ.

Ұйымдастыра білген қашан да ұтады. Сіздің іс-әрекетіңіздің алдын-ала ұйымдастырылуы – түсінікті де нақты, логикалық тұрғыда ойлануға және тиімді қалыпта хабарлама жасауға бастар жол. Сөз сөйлеудің қандай формасын (сөйленер сөздің құрлымы, тірек сөздер не толық концепт) қолдансаңыз да, сіздің бұл орайдағы алғашқы әрбір қадамыңыз бастапқы жоспар ретінде қабылданады. Бұлар әрқилы. Олар сан алуан жаңа дағдыларды талап етеді. Олар өте-мөте нәзік қимылды қажет етеді. Десең те, біз олардың түпкілікті мақсатқа қызмет етерін білеміз. Бұл орайда да баса ескереріміз: сөйленер сөздің көру үшін емес, тыңдар құлақ үшін екендігі. Сөз сөйлеу мәдениетін дамыту үшін, дауыстап сөйлеу бірден-бір маңызды. Бұл ретте өлең, жаңылтпаштар, алдын-ала сөйленер сөздің жобалы нұсқаларын оқудың ешбір артық-кемі жоқ. Керісінше, өте пайдалы. Өз дауыс ырғағыңызбен және көпшілік алдына өзіңізді қалай алып шығарыңызды алдын-ала көріп-біліп болжағанға не жетсін. Барынша аз жазып, көбірек сөйлеуге, өз-өзіне көбірек сұрақтар бере отырып, динамикалы қалыпта сөз сөйлеудің техникасын дамытуға ұмтылу орынды.

Сөйленер сөз. Қашан да аудитория шешеннен тыңдаушыларды жалықтырмайтын, тақырыпқа сәйкесті ақпарат беретін не сенім ұялатар түйін айтатын және көпшілікке беймәлім сюрприздермен риза қылар мезеттерге толы тұщымды сөз күтеді. Сондай-ақ аудитория кейін дұрыс шешім қабылдау үшін, шешеннен нақтылы ақпарат, сөз мазмұнына сәйкес мағыналы тұрғыда бағыт сілтер, алғы

істерге орайлас үлкен сенім туғызар тұжырым күтеді. Көбіне-көп мәжілістер өткізілер залдар үшін, сюрприздер мен түрлі көңіл көтерер сергіту сәттері тән емес. Бірақ бұл осы реттегі сөйленер сөздің бір сарынды не жалықтырар қалыпта болуы керек дегенді аңғартпайды. Тіпті де, керісінше. Қайта бұл реттегі сөз жанды да қайталанбас қалпымен ерекшеленсе ұтымды болмақ [2,38-60].

Сөйленер сөздің мазмұны. Ең алдымен, істі бастамастан бұрын, сөйленер сөзге және оның мазмұнына өзіңіздің қатысыңыз, көңіл-күйіңіз, көзқарасыңыз туралы айқындыққа жету, ең бастысы өз-өзіңізді мысқал да алда-усыратпай, адал болғаныңыз дұрыс. Себебі сіздің бұл реттегі мысқал да болса жағымсыз көзқарасыңыз ұйымдастыру ісінің, эзирліктің және сөйлеу сәтінің әрбір аспектісіне жайыла отырып, ақырында аудиторияның сөзіңізді жағымсыз қабылдауына әкеліп соқтыруы мүмкін. Егер де сіз өз сөзіңізде айтар идеяларыңызға көпшіліктің қарсы болуы мүмкін деген сезімнен бастасаңыз, осы сезімді тыңдаушыларыңызға жұқтыруыңыз мүмкін, нәтижеде олар өзіңіз қорқасоқтап күткендей қатты қарсылық білдіруі әбден мүмкін [2;6;7;8].

Алғашқы ой үзіктері. Кезекті тақырып бойынша өзіңіз айтар мәліметтердің бәрін де қағазға түсіріңіз. Қол астыңыздағы материалдарды салған жерден жүйелей бастау міндетті емес. Басыңызды артық нәрселерден босатып, олар тасқынына ерік беріңіз. Бұндай сәт сіздің ойлап шығарушылық қабілетіңіздің еселеп артуына септеседі. Біз бұларды «ой үзіктері» дегенді жөн көреміз. Шаршап не жалығып кетсеңіз, ой үзіктерін теруді қоя салып, өзге іспен айналысыңыз. Миыңыз бәрібір жұмыс жасай береді. Ақырында аса

қажетті, нақтылы да қызықты ой міндетті түрде жүйеленеді.

Негізгі ой. Өз сөйлер сөзіңіздің басты ой ұшығын жүйелеп жинақтай отырып, жазып шығыңыз. Бұлайша істеу аудиторияны, мақсатты және күтілер нәтижені анықтауға бірден-бір сеп. Бастысы жазғандарың белгілі бір саланы аңғартардай (мәселен, идеяны, концепцияны, өзіңізді, өнімді) болғаны дұрыс. Мысалы, менің сөз сөйлеудегі мақсатым – ұсыншылып отырған жобаның жүзеге асыруға оңтайлығы әрі пайдалылығына кеңес мүшелерінің көзін жеткізу.

Егер де сіздің негізгі ойыңызда басты сөз «тәрбиелеу» болатын болса, мүмкіндігіне қарай бұның орнына басқа сөзді алғаныңыз жөн. Себебі «тәрбиелеу» сөзінің көзге көрінбейтін жасырын психологиялық мағынасы - шешендерге өз тыңдаушыларына шекеден қарап сөйлеуге, нотация оқуға, әкелік мәнерде сөйлесуге мәжбүр ететіндей. Ал егер де сіз «хабарлау» сөзін таңдап алсаңыз, онда міндетті түрде негізгі ойға аудиторияға хабарлаудың қажеттілік себебін айтуды енгізген дұрыс («Оларға бұл ақпарат не себептен қажетті?»). Ал көпшілік жағдайда шешен үшін «мәлімет беру» - өзгелердің білуі аса қажеттілік туғызбаса да, өзі білетін тақырып төңірегінде айту секілді эгоистік тұрғыдағы талқылауға жол ашар алғы шарт іспеттес, т.б. Мақала соңында шешен-педагогтың сөйлеген сөзін талдау мен шешен сөйлеу сапасын бағалау үлгісін қоса беруді жөн санадық [5;6]

• Еске! Бағалау жүйесін екі ұпайлық («+», «-») немесе төрт ұпайлық («2», «3», «4», «5») өлшемде беруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазіргі қоғамдағы және білім беру

саласындағы иешендіктандудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары (Жалпы редакциясын басқарған: Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик), (17 қараша 2023 ж.). – Орал: М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, 2023. – 350 бет.

2. Қадыр Мырза Әлі. Ең алдымен - ел қамы. Афоризмдер. Алматы: ТОО «Мерекенің баспалар үйі», Mereke baspasy, 2012. – 896 бет.

3. Қыдыршаев А.С., Төлегенова Д.Қ. Искерлік иешендіктанду қағидалары. Бизнесмендерге, кәсіпкерлерге, студенттерге және барлық деңгейдегі басшыларға арналған көмекші оқу құралы. – Орал: «Ағартушы» баспасы, 2007. – 68 бет.

4. Қыдыршаев А.С. Искерлік иешендіктанду. – Орал, 2007., -30 Мв. электронды оқулық.

5. Қыдыршаев А.С. Кестелі иешендіктанду. Оқу-әдістемелік құрал. – Орал, 2007. – 84 бет.

6. Қыдыршаев А.С. Шеешендіктанду. Оқулық бакалавриат білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы жоғары оқу орнының филология бөлімінің студенттері үшін дайындалған. 4-басылым. – Орал: «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасы, 2023. – 424 бет.

7. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары). Оқу құралы. – Орал: «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасы, 2017. – 364 бет.

8. Тәлімгер ұстаз. Ғалым-журналист. Шешен-би. Қоғам қайраткері: Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы. Қазақстан ғалымдарының библиографиясы. Жауапты редакторы М.Қ.Әжіғалиев. Орал, «Полиграфсервис» ЖШС баспасы, 2023. – 312 бет.

Абай Әлібекұлы ОРЫНБАЕВ

*ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері,
ҚР Қазақ Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары
академиясының корреспондент мүшесі,
ҚР Журналистер Одағының мүшесі*

ҚҰРБЫ-ҚҰРДАС, ЗАМАНДАС, ДОС АЙНЫМАС...

Соңғы кездері ана-мына шаруашаралардың ретімен туған жерге келуім жиілеп кеткен болатын. Бұл жолы да қасиетті Темір жеріне табан тіреуіме себеп – аудан әкімі Саламат Ермұханұлының телефон шалуы болды:

– Әбеке, салауалейкум, ауданымызға қарындасыңыз Светлана Айтбаева келе жатыр. Қарындасымыз 28 қараша күні «Сармат» этно-фольклорлық ансамбльмен бірге келіп, жұртшылық алдында концерт бермекші, келіп бірге болсаңыз дұрыс болар еді! – деген болатын.

Талай жауапты мемлекеттік қызметтерде болып, тіптен сонау халықаралық БҰҰ-ның мінберінен де сөз сөйлеп талай игілікті шаруаларға мұрындық болып жүрген, жасы зейнеткерлікке тақағасын анау жайлы Астананы тастап еліне келген азаматтың мына ұсынысымен бірден келісем де іштей ойланып қалдым. Сонша жерден мынадай шараға құр қол барудың

реті және жоқ. Оның үстіне, өзім сыйлайтын Сәкеннің ұсынысын қабылдау өз алдына, құр сопайып жетіп бармай, қолдау да көрсету керек...

Сонымен, уақыт тығыз болғандықтан, кешіктірмей таныс-біліс болып қалған Эльдар Асқарұлы Қонаев ағамызға кіріп, Светлана қарындасымызға арналған «Алғыс хат» пен төсбелгі-медальдарды әзірлеп, «бес қаруымды сайлап» жолға дайын болдым... Әрине, сый-сияпаттың бәрі Халықаралық Д.А.Қонаев қоры атынан әзірленді. Оның да өзіндік себебі жоқ емес, себебі бүгінде қазағын төрткүл дүниеге танытып жүрген Димаш баламыздың есімі де осы Қонаев атасының есімін ырымдап беруден ғой...

О баста елге келу жоспарында болмаса да, қарындасымыздың жұбайы Қанат та өзінің іссапарларынан бас тартып, баламыз Димаштың жанына басқа жігіттерді қосып жіберіп, елге бірге келіпті. Мұнысы

енді үлкен адамгершілік, еліне деген сый-құрметінің көрінісі деп қабылдадық... Туған жердегі кездесулер кереметтей жақсы өтіп, ел де бір жасап қалғандай...

Мен де Алматыға қайту үшін Темір ауданының орталығы Шұбарқұдықтан бірден Ақтөбе әуежайына келіп, уақытым бар болғандықтан, 3-4 күннен бері хабар алыспаған өзіме жақын жандарды оймен түгендеп, қайсыбіріне телефон шала бастадым. Мерейтойы жақындап қалған Жарқынға да телефон шалып, жағдайын, дайындығын сұрадым. Сөз арасында Жарқын:

– Журналға мен жөнінде пікір жазып берсең қалай болар екен? – деп сұрады. Мерейтой иелері мұндай шаруаны кемі 5-6 ай бұрын ойластырушы еді. Күтпеген ұсыныс.

– Жарқын-ау, мұндай шаруаны ерте-рек айпадың ба, бір айға жетпейтін уақыт қалды ғой? Қай журналда шықпақшы, әлде

арнайы өзіне арналған журнал саны ма? – деп, мен сауалымды жаудырып жатырмын.

– Ия-ия, журналдың арнайы нөмірін сұрап отырмын... Саған жазу қиын емес қой, сүйкей салмайсың ба? – дейді Жарқын да өзімсіне, көпшік қоя сөйлейтін қашанғы әдетіне басып...

– Жарайды, олай болса «сүйкеп» көрейік, – деймін мен Жарқындай жанның ұсынысынан бас тартпайтындығымды бірден білдіріп.

Ұшақ бір сағаттай кешігіп Алматыны бетке алып көтерілді. Түнгі рейс болғандықтан орындарына жайғасқан елдің көбі бірден дем алуға кіріскен сынайлы. Қазір күннің де әбден қысқарып қалған уақыты. Ұшақтың қажетті биіктігіне көтерілуін күтпестен мен де қағаз қаламымды қолға алдым. Өйтпегенде ше, жанағы Жарқын досымның «сүйкей салмайсың ба» деген мақтау сөзінің үрдісінен шығу керек қой енді...

Алдымен, әдеттегі дағдымнан ауытқып, жазбақ дүниенің тақырыбын қойдым да, ойланып қалдым. Ондағым, тақырыпты «айқайлатып» алмадым ба деген әлсіздеу ойдың қылаң бергені еді. Ойпырмай, өз ойымыздан өзіміз үркеміз, бір-бірімізге деген жылы сөз, сезім-көңілімізден де қалып бара жатқандаймыз ба, қалай? Мүмкін, өмір-тіршіліктің қатайыңқырап бара жатқандығының да әсері болар... Бірақ, мүмкін болса, өз ұстанымымыздан, көңіл-көрігімізден айнымағанымыз абзал-ау!..

Сонымен, құрбы-құрдас, замандас, айнымас дос Жарқын кім? Мен бұл жерде Жарқынбике Нуайқызының бүгінгі ғылым биігіне жеткен жетістігін, ғылымдағы өзіндік орнын сөз еткелі отырған жоқпын, оны жазатындар менсіз де жетіп артылатын болар... Оның үстіне бір емес, екі мәрте «ЖОО-ның үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын жеңіп алғандар саусақпен санарлық қана... Мен, айтар пікіріміздің көлемін мақала талабы шектеп тастағандықтан, тек Жарқынның адами, өзін көзбен көріп куә болған, түсініп-түйген, санамен қабылдап, жүреппен сезінген адами табиғатын ғана бір-екі ауыз сөзбен тілге тиек етіп көрейін...

Ия, таныстығымызға, анау-мынау емес, табаны күректің қырық жыл толыпты...

Сонау 1982-83 жылдар – студент болып оқып жатсақ та сол оқуға түскендігіміздің қызығы әлі басыла қоймаған шақ. Мен ҚазПИ-дің, Жарқын ЖенПИ-дің студенттеріміз. Қателеспесем, 1983 жылдың күзі, ЖенПИ-де тіл мен әдебиеттен олимпиада болып, біраз ЖОО-ның қыз-жігіттері жиналып қалғанбыз. ҚазПИ-ден 2-ші курсты бастап жатқан біздерді басқарып барған Серік Мақыров пен Серкерхан Хасанова тәріздес ұстаздарымыз студенттерге шын қамқор бола білген асыл жандар болатын. Бұл күндері екеуі де бақилық болған...

Олимпиада қорытындысы бойынша Жарқын бастаған жеңиліктер бірінші орынды жеңіп алды. Сайыс барысында бірінші курсты енді бастап жатса да Жарқын тәріздес жеңиліктердің білімінің мықтылығы сезіліп-ақ жүрді. Әсіресе, көркіне көз тоярылмайтын әп-әдемі болып жүрген Жарқынның алғырлығын, білімге деген қабілет тереңдігін сезіп қалған болатынбыз. Бақсақ, кейін естіп білдік қой, Жарқынымыз Қызылорда педучилишесін үздік бітіріп келген екен. Яғни, мектепті

бітіре сала сол мектептің жүрдім-бардым білімімен немесе біз тәріздес мектеп бітіріп, бірер жыл еңбекке араласып, «қарайыңқырып» келмеген.

Сонымен, біз екінші орынды иелендік. Үшінші орынды, қателеспесем, семейлік студенттер алды... Осылай басталған таныстығымыз арақидік араға жылдар түсіп отырса да қырық жыл бойы үзілмепті.

Институт бітіріп, әркім қазіргідей қалаған жағына емес, нақты институтпен келісіліп, солардың жіберген жағына кеттік. Мен институттың орыс тобын бітірген, өзін қоғамдық жұмыстар арқылы жақсы танытын Лена және Магира атты қыздармен бірге сонау Алакөл ауданы Бескөл бекетіндегі № 56 мектепке кеттім.

Бескөл – Ұшарал қалашығынан 10-15 шақырым жерде, Қытаймен шекарадағы Ақтоғай-Достық темір жолы бойында орналасқан бекет (станция). Мектеп тікелей Мәскеуге бағынышты Темір жол қатынасы министрліне қарайтын орыс мектебі болғандықтан ба, қазақ тілі пәні мүлдем оқытылмайды екен. Бір тоқсан дене тәрбиесі мен еңбектен сабақ берген мен әрі қарай қайдан шыдайын, «Қой, әскеріме барып келейін, әскери борышты өтеу де мойындағы бір борыш қой» деген ойға келдім.

Ұшаралдағы әскери комиссариатпен келісіп, 16 қарашада поезға отырған өрімдей қазақтың жігіттері ертесіне таңертең Алматыға келдік. Біздің басшыларымыз Свердловск әскери округінен арнайы алып кетуге келген екі орыс офицері. Алматыдан Свердловскіге ұшатын ұшағымыз кешкісің екен. Үйге барып әке-шешеммен көрісіп келуге әлгі офицерлерден рұқсат сұрадым. Қазір ойласам, олардың мені сөзге келместен жібере салғанына таң қаламын, әлде менің басқа жігіттерге қарағанда ЖОО бітірген ести-ярлау жасым әсер етті ме, әлде заманның сондай кеңдеу кезі болды ма...

Сонымен, таксиге ақша қайдан болсын, сірә автобуспен болар, үйге келіп аз уақыт шешемнің жанында болып, қоштасып, бірден келген ізіммен кері қайттым. Ол кез жұртшылық, аса бір қажеттілік болмаса, негізінен такси дегенге көп отыра бермейді, таксиге жаппай отыратын кезі – автобустар тоқтаған түнгі мезгіл.

Менің бұл жағдайды тәттіштеп айттып отырғанымын себебі, қалай хабар алысқанымыз қазір нақты есімде жоқ, әйтеуір мені әскерге соңғы курста оқып жүрген Жарқынның екі құрбысымен шығарып салғандығы болатын. Сірә, менің өзін қыздар институтына келіп, сол жерден бәріміз аэропортқа бірге шыққан тәріздіміз... Ойлап отырсама, ол да бір біздердің, біздердің ғана емес-ау жалпы бұдан 35-40 жыл бұрынғы сол кездегі жастардың балаң да мөлдір таза қатынастарындағы көріністің бірі іспеттес жағдай.

Сонымен, дүниені дүр сілкіндірген 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан дәл бір ай бұрын мен әскерге кеттім. Ұлан байтақ Ресей жерінің Сібір аймағына кіретін бұл жердегі жағдайды айтсақ тым ұзаққа кетеміз, қысқасы, институт бітірген біраз жігіттер Елань елді мекеніндегі оқу полкының артиллерия дивизионына келіп, барлаушы-топогеодезист әскери мамандығын игеруге кірістік. Алматыда

болған Желтоқсан оқиғасының хабарын да келер жылдың көктемінде бір-ақ білдік. Коммунист ретінде өзімнен бірнеше рет жауап алған (допрос) айрықша бөлім офицерінің әрекетін де, бірнеше ай бойы біздерге (азиаттықтарға) қару бермеудің, әскери нысандарды күзетуге шығармаудың сырын да кейін түсінгендей болдық...

Сол Алматыдағы Желтоқсан дүрбелеңінің ақыры мәңгілік мызғымастай көрінген Кеңестер Одағының ірге тасын шайқалтып, ақыры үлкен державаның ыдырап, жоқ болуына алғышарт болғандығы тарихтан белгілі...

1990-шы жылдардың басында ел сең соққан балықтай не істерге білмей жүргенде, оның ішінде өзіміз де бармыз, біздің Жарқын жоғары оқу орындарындағы қызметіне адал болып, еш жаққа мойын бұрмастан ұстаздығын жалғастыра берді, кандидаттық диссертациясын қорғап алды, нағыз ғалымға тән табандылығын танытты. Мүмкін оған өзінің ғылыми жетекшісі, сол қыздар педагогика институтын он жыл басқарған марқұм Сейілбек Исаев ағамыздың да қамқор көңілінің әсері болған болуы керек... Өкінішке орай, біртуар ғалым ағамыз өмірден ертерек кеткен соң, Жарқынның ендігі ғылыми жетекшісі, Жарқынның өзі ізденуші ғалым ретінде аз уақыт еңбек еткен Абай атындағы педагогикалық университеттің профессоры Нұржамал Оралбаева апайымыз болды. Қазақ тіл ғылымы мен оқыту әдістемесінде өзіндік айшықты орны бар Нұржамал апайымыз әдістеме тарихында да талай ғылыми бағыттарда бастамашы болған, тұтас бір ғалымдар шоғырын даярлап додаға қосқан ұлы ғалым-бапкер десе болғандай жаратылысы ерекше жан болатын...

Міне, осы апамыздың жетекшілігімен 2000-шы жылдардың басында докторлығын қорғаған Жарқын отыз жылдан аса уақыттан бері өзі білім алған қазіргі Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде жемісті еңбек етіп келеді. Қазіргі мына зымыраған заман өлшеммен алар болсақ, тіптен де аз уақыт емес. Арасында осы оқу орнынан 4-5 жыл туысқан Түркия еліне барып келген ғалым-ұстаз ретіндегі сапарын қосыңыз... Арақидік қайсыбір шаруалармен университетке келе қалсаң, әріптестері арасында болсын, студенттер арасында болсын ұйытқы болып жүрген баяғы сол Жарқынды көреміз. Қанша жылдар өтсе де мінез-табиғатынан ажырамай, болмысына ана сүтімен біткен ізіт-ілтпатымен ортасының береке-бірлігін келтіріп жүргені... Ұстаздық қылу, ғылыммен айналысу, отбасын ұстап ұрпақ тәрбиелеу – осының барлығы бір адам үшін аз сынақ та, салмақ та емес екендігін ойша ғана бағамдап, Жарқындай жанындағы дос-құрбының бар екендігіне басыңды игендей боласың.

Бір салада жүрген соң анда-санда болса да телефонмен хабар алысамыз. Бірер мақала-кітабымыз авторлық бірлестікте жарық көрді, басы сөз болып, аяқсыз қалып қойып жатқандары да жоқ емес...

Осы жылдар ішінде сан-сала жұмыстармен жүрсе де Жарқынның елгезек мінезі мен не нәрседі болмасын көмек-қолдауын көрсетуге әзір тұратын қасиеті бір өзгермей келеді. Сөз-қимылына қарап уақытының өте тапшы екендігін қаншама көріп, сезіп жүрсем де, қандай да бір ша-

руадан бас тартып, себеп-дәлелін көлденең тартқан кезін көрмеппін. Қашанда сөзінді құлықтана тындап, жарқырап жүрген Жарқынды көремін... Кезінде өзіне аса қатысы болмаса да Шамғали Сарыбаев мұрасын аударып жүйелеу, толық жинағын шығару бастамасына да өзімен бірге біраз адамдарды тартып, қызу қолдау білдірген болатын. Бұл жұмыс, өкінішке орай, кейінге қалдырылса да, қыздар университетінде Шамғали Харесұлы Сарыбаев кабинетінің ашылып, оның толық жабдықталуына басшылық жасады. Тіптен мен қызмет атқарып жүрген мұнай компаниясындағы қызметкерлер үшін қазақ тілі дәрістерін өткізуді де Жарқын өз жауапкершілігіне алып, осы бір іске оқытушылар тартқан болатын...

Енді ойлап отырсам, бүгінгі мына өмірде әйел баласына артылар жүк тым көбейіп кеткен сынайлы. Соның өзінде еш сыр бермей, қиындықты күлкімен жеңіп, үлкенге құрметінен, кішіге ізетінен жаңылмай келе жатқан, үлгілі ұл-қыз тәрбиелеп отырған бүгінгі Жарқындарға қалай сүйініп, қалайша бас имессің!.. Құнары жоқ қу тақырдан мәуелі ағаштың тамыр алып кетпесі белгілі, мүмкін, сонау жалпытүркілік әулие бабамыз Қорқыт жаратылған қасиетті Қызылорда топырағынан шыққаны да тегін болмас... Бірді айтып, бірге кетеміз осындайда, әкем бақилық болып, қырқына ел жиналып жатқан. Арасында Жарқынның телефон соғып:

– Ауылдан әкем келіп, бірге жүр едік, әкеммен келе берсем бола ма? – дейді.

Ойбай-ау, соны да сұрай ма екен адам, садақа той емес, садақаға адам артықтық етуші ме еді...

– Әрине, міндетті түрде алып кел! – деймін мен.

Кеудесінде біраз медальдары жарқырап, қияқ мұртын шиыра қайырған, жүріс-тұрысы ширақ-ақ еңбек ері ақсақал ағамыз есімде жақсы қалып қойыпты. Астың батасы да жиылған жұрттың көңілін ерекше аулап қалған ақсақал ағамызға берілді. Молданың осындайда айтатын насихат сөздерін де, өзінің айтар батасын да өз қолына алған ардагер ағамыз ас батасын ұзақ қайырды, қара сөзбен емес, таныс, жаттанды қысқа батамен емес, төгілген ұзақ-сонар жыр жолдарымен... Көңіл жұбату сөздерін айтып, ас басында күбір-күбір әңгімелерін ағытып отырған жұрт сілтідей тынып, еңселерін көтеріп, анық та ағынды жыр жолдарына құлақ түре қалған жайлары бар... Жарқындай дара қызды, бара ғалымды дүниеге әкелген ағамыз алғашқы да соңғы рет осылайша көрініп, осылайша есте қалған болатын...

Міне, енді сол асылдың тұяғы – біздің Жарқын да кезекті бір белесті бағындырып отыр. Мүмкін, әйелдік жаратылыс-табиғатына басып, осы бір мерейлі жасты жария етпеуге көңіл етсе де, бұл күн Жарқынды білетіндер үшін, Жарқынға тілекшілер үшін, қалай айтқанмен де ерекше күн. Сондықтан да барша жүрекжарды тілек Жарқындай дос-құрбыға арналып, өзіне деген тілеулес жандардың барша құрмет-көңілін Жарқын бүгін ерекше сезінуі керек!..

Дос-құрбыға деген көңілдегі кіршіксіз ойлар толқынын жарқ етіп жанған ұшақ ішіндегі шамдар жарығы бөліп жібергендей... Шам жарығымен бірге ілесе ұшағымыздың төмендей бастағандығы жөнінде хабарлама да айтылып, маужыраған ел бойларын тіктеп, бастарын көтере бастады... Екі-үш сағаттан бері қағазға шұқшиып, ой құшағынан енді босаған менде шаршау жоқ, қайта керісінше, көңіл-сарайым кеңіп сала бергендей ме, қалай?! Ия, мына қамшының сабындай қысқа ғана дөнгеленген дүниеде мүмкін адами бақыт дегеннің өзі де осы шығар-ау, доскөңіл бір азаматымыздың шақыруымен ел-жұрттың ортасында болдым, ізімен екінші дос-құрбыға арнау-тілегімді қағазға түсіріп отырғаным мынау...

Жүзі де, жаны да жарқын, биліктің сарсаң саясатымен қоғам мың құбылып, пенделік белең алса да адамдығы мен адалдығынан айнымай келе жатқан Жарқынбикеге бүгінгідей күні айтар тілек біреу ғана: ғылымның ауыр да абыройлы қара тасын арқалап жүріп сол ғылым көкжиегінің кеңеюіне бір адамдай үлес қосып қана қойған жоқсың, ұл-қыз өсірдің, жай өсірген жоқсың, қатарының алды қылып өсірдің! Сенің бұйрығыңның жетер, Сен бағындырар белестердің әлі талайына куә болатындығымызға ешкім де шәк келтіре қоймас! Алла амандығын бергей, шыққан жасымыздың қуанышы мол болғай, ана Жарқын, дана Жарқын, дара Жарқын!..

Зейнулина А.Ф.

*ф.ғ.к., профессор,
«Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар*

Ташекова А.Т.

*пед.ғыл.магистрі, аға оқытушы
«Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар*

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ІЗДЕНІС АЙШЫҒЫ (ф.ғ.д., профессор Ж.Н.Сүлейменованың ғылыми еңбектерінің негізінде)

Кез келген рухани немесе материалдық құндылықтардың алғы шарттары ой-сана таразысында пісіп жетілгенімен оның өмірге келіп, адамзат кәдесіне жарату сөз, яғни тіл арқылы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа аманат, жәдігер болып қалатындығы белгілі. Сөз — ақпарат сақтаушы тілдік бірлік болып саналады. Сөз — ақпарат жеткізу немесе тарату құралы, сөз — ақпарат алу құралы, сөз — ақпарат алмасу құралы. Ал сөз құдіретін таныту тіл арқылы жүзеге асырылады. Тіл қатнас құралы ғана емес, сонымен бірге ойлаудың, ойдың жарыққа шығуының да құралы. Адамның ойы тіл арқылы, тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы айтылып, белгілі алады. Ол және оның мазмұны тіл арқылы көрініп, сол арқылы ұғынылады. Тілдің табиғатын айқындауда оның қатынас құралы болу қызметімен бірге ойлаудың және ойды жүзеге асырудың құралы, ойдың материалдық формасы екендігі

де ескерілуі қажет. Осы құбылыстың барлығы тілді үйрету, меңгерту үрдісі арқылы жүзеге асырылады. Жалпы адамзат баласының дүниетанымы үшін тіл қызметінің ролі ерекше десек, ал филологиялық білімнің болуы – кешенді ойлау мен тіл мәдениетінің тоғысқан кеңістігі деп білуіміз керек.

...Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі — аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі — меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі — тую, талғау. Тілдің міндеті — ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің туюін түйгенінше айтуға жарату. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын

меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйгеі күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек, - деген екен ұлт ұстазы А.Байтұрсынов.

Әдістеме ғылымының ішінде ең күрделісі — тілді оқыту. Өйткені адам баласына тән барлық қасиет тіл арқылы айқындалады. Адамның санасы, болмысы, танымы, ой-өрісі және т.б. оның тілі арқылы көрінеді. Тілді оқыту әдістемесі заман талабына қарай дамып, жетіліп отырады. Бірақ білім беру жүйесі өзгергенмен, оның оқыту мен тәрбиеге қойылатын талабы жаңартылғанмен, өзінің өміршеңдігін жоймайтын, әр кезеңде қазық болып, түп негізін құрайтын идеялар мен әдістемелер бар. Оған қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытұлы, Құдайберген Жұбанов және т.б. ұлы тұлғаларымыздың еңбектерін

жатқызамыз. Бұл істі әр кезеңде бүгінге дейін жалғастырып, ана тіліміздің оқыту әдістемесін зерттеп, зерделеп жүрген ғалымдарымыз баршылық.

Өркениетті елдер қатарына ену мәселесінде елдің мемлекеттік

тіліне де жаңа міндеттер жүктелуде. Себебі, қоғам мен бірге тіл де дамиды. Өркениеттер

тоғысында білім беру саласы мәдениеттің ажырамас және дамытушы бөлігі ретінде қызмет

атқарады. Қазақстанның білім беру саласы еліміздің ғылыми дүниетанымы мен интел-

лектуалды күш-қуатын қалыптастыруда бар күшін салуда. Осы орайда әлемдік мәдениеттің

озық үлгілерін ескере отырып, өз ұлттық мәдениетіміздің салтанат құру мәселесін бас-

ты назарда ұстауымыз қажет. Адамзаттың этностық тілі мен сыртқы дүниетанымдық орта

туралы ұғымның ара қатысы қашанда біртұтас құбылыс есебінде әр түрлі ғылым салаларын-

да әр қырынан қарастырылып келеді. Тіл сол халықтың дүниетанымын ғана емес, бүкіл бол-

мысын айқындап тұратын құрал екенін ескерсек, қазіргідей интеграциялық даму кезеңінде

мемлекеттік тілді қарым-қатынас құралы ретінде кәсіби тұрғыдан оқытуда лингвоэлитаны бағыты өзекті болып отырғаны көпшілікке аян.

Қазақ тілі әдістемесі - ана тілін ұғынудың заңдылықтарын, тілдің қыры мен сырын жас ұрпаққа, қоғамға үйретудің жолдары мен құралдарын зерттейтін педагогика ғылымының бір саласы. Осы ретте қазақ тілі мен оны оқыту-дың тұғыры болып табылатын ұлылардың идеяларын әрі қарай жетілдіріп, өзінің бүкіл зерттеулерінің өзегіне айналдырған, тілді оқыту мен үйретудің теориялық және әдіснамалық мазмұнын зерделеп жүрген әдіскер-ғалымдардың бірі – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, екі мәрте «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері Сүлейменова Жарқынбике Нуайқызы.

Жарқынбике Нуайқызы - тіл мектебі марғасқаларының, атап айтсақ, академик С.М.Исаев, ф.ғ.д., профессор Н.Оралбаева, п.ғ.д., профессор Ф.Оразбаева т.б. сияқты ғалымдардың мектептерінен өткен, бүгінде өзіндік ғылыми тұғыры мықты ғалымдардың бірегейі. Ғалымның зерттеулері жоғары білім беру жүйесі мен орта мектептің өзекті мәселелеріне, қазақ тілінен білім беру мазмұнын анықтауға, жоғары мектепте қазақ тілі мамандарын сапалы даярлаудың әдіснамалық, әдістемелік мәселелерін зерделеуге, қазақ тілі морфологиясын оқытудың теориясы мен тәжірибесіне бағытталған. Ғалым-әдіскердің тілдің табиғатын терең зерделеп, оның қатысымдық қызметін жан-жақты дәйектеген

еңбектерінде қазақ тілі теориясы мен әдісте-ме-сіне тың өзгерістер енгізді. Сөз, сөйлем, белсенді сөз табы етістікті оқыту мәселесін тануға, танытуға және оны қатысымдық әдіс арқылы оқытуға арналған көптеген ғылым-әдістемелік зерттеуге негіз болды. Ғалым тілдік бірлік пен қатысымдық бірліктің ең басты айырмашылығы олардың атқаратын қызметі мен қолдану өрісіне байланысты екенін дәлелдеді. Олардың ара жігін ашып көрсетіп қана қоймай, оны меңгерудің жолдарын ұсынды.

Қазақ тілін өзге ұлтқа оқыту, меңгерту – күрделі процесс. Тіл дамыту жұмысының нәтижесінде оқушының сөз байлығы молайып, тілдің фонетикалық жүйесін меңгертіп, сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Өйткені, сөздерді дұрыс айту, дұрыс жаза білу - тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі. Білім берудің қай түрі болса да, негізінен сабақты ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Сондықтан сабақты дұрыс ұйымдастыру мұғалімнің әдіс-тәсілдері, жаңаша ізденісі, жаңалыққа ұмтылысына байланысты іске асады. Соңғы жылдардағы ақпараттандыру заманында шығып жатқан сан алуан технологиялар мен әдіс-тәсілдердің тиімдісіне сүйеніп, соларды меңгеруге ұмтыламыз. Өзге ұлттарға қазақ тілін оқытып-үйретудің теориялық-әдістемелік негіздерін айқындауға байланысты қазақ тілін оқытудың жаңа әдістемелік қырларын зерттеп-зерделеп, теориялық және тәжірибелік нұсқада дәлелдейтін көп жұмыстар жасалынуы керек. Осы ретте Жарқынбике Нуайқызының мектеп оқушыларына арналған «Қазақ тілі» (1, 5, 6-сыныптар) оқулықтары мен оқу құралдары, «Әскери іс. Түсіндірме сөздік», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Сөздік-анықтағыш», «Қазақша-түрікше, түрікше қазақша» электронды сөздігі», «Қазақша, түрікше, ағылшынша, орысша тілашар», «Қазақша, ағылшынша, қытайша тілашар», т.б. оқу құралдарының қазақ тіл білімі мен қазақ тілін оқыту әдістемесінің дамуына қосылған сүбелі үлес деп білуіміз керек. Ғалымның тұжырымында тілді меңгерудегі басты мақсаты - тіл үйренушінің ауызекі сөйлеу тілін дамыта отырып, қарым-қатынас жасауға мүмкіндік туғызу. Өз толғамын жеткізе алатын, кез-келген адаммен тілдік – қарым-қатынасқа түсе алатын, компетентті іскер азамат тәрбиелеу.

Технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін қолдана отырып бірнеше коммуникативтік компетенциялар дамиды. Осы ретте ғалым – әдіскер коммуникативтік компетенциялар, яғни ауызша сөздің мазмұнын түсіне және оны қысқартып және кеңейтіп жеткізе білу, меңгерілетін материалдар негізі жүйесін айқындап, оны ретімен баяндай білу, түрлі мәтіндердің ерекшелігі мен стилін түсініп бағалай білу, сапалы түсініп оқу, дұрыс оқу, шапшаң оқу, мәнерлеп оқу кітаппен және өзге де әдебиеттермен жұмыс үстінде орынды қолдану сияқты белсенді тіл үйрету үрдісінің кешенді талдау жұмыстары

ұсынылады.

Жалпы, филология ғылымдарының докторы, профессор Жарқынбике Нуайқызы филолог мамандарды даярлауда, оларға кешенді филологиялық білім беру тұрғысынан жасаған еңбегі зор. Ғалымның «Жоғары мектепте қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» бірлiгi бағдарламалары, «12 жылдық мектептің негiзгi орта буынының бiлiм мазмұны» тұжырымдамасының авторларының бiрi ретiнде бүгiнгi қоғам сұранысына сай жаңа әдiстемелердiң мазмұны ұсынылады.

Жоғары оқу орындарында филологиялық білім беру шарттарын жақсы білетін ғалым «Қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқыту», «Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі» монографиялары, «Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис», «Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесі» ұжымдық монографиялары, «Іскерлік қазақ тілі», «Қазіргі қазақ тілі морфологиясы» электронды оқулық пен оқу құралдары, «Қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері», «Қазақ тілі сабақтарында жүргізілетін тіл дамыту жұмыстары», «Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабақтарында жүргізілетін оқу ойындары» (Ф. Төрегелдиевамен бірге), «Сабак – оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы», «Қазіргі қазақ тілі морфологиясынан өздік жұмыс тапсырмалары» (Ж. Отарбековамен бірге), «Әдебиет әлемінде», т.б. оқу құралдары сияқты еңбектері жас ұрпақтың бастауыш баспалдағынан кәсіби маман болғанға дейінгі тіл өресін меңгеру үшін қолданылатын амал – әдістер мазмұнымен танысуға үйренуге зор мүмкіндік туғызады. Мәселен, ғалым өзінің көп жылғы зерттеулерінің бірі - «Морфологияны оқытудың әдіс – тәсілдері» атты еңбегінде граматикалық ойындар ұйымдастыру, пәннің практикалық мәніне үнемі назар аудартып оқыту, тілдік терминдердің мағынасын аша отырып түсіндіру, тақырыпаралық, салааралық, пәнаралық байланыстарды үнемі ескеріп отыру әдістері арқылы тілдік материалды оқытудың сабақтастық, жеңілден күрделіге қарай оқыту, білім мазмұнының толық болуы сияқты негізгі ұстанымдарын анықтайды.

Ең бастысы, морфологиялық тақырыптарды оқытудың арнайы ұстанымдары, атап айтсақ, лексика - грамматикалық, парадигматикалық, морфологиялық синтаксистік, коммуникативтік принциптерінің ерекшеліктері белгіленіп, морфологиялық талдау үлгілерімен дәлелдей алған. Морфологияны оқыту арқылы оқушыға сөздердің грамматикалық мағынасы, сөз таптардың өзара байланыстылығының мәні түсіндіріледі. Сөз таптарының ерекшеліктері, сөз табына жататын сөздердің сөйлемдегі қызметі өмірмен байланыстырылады. Көптік, тәуелдік, септік жалғауларды қолдануда стильдік нормаларды жете білдіру көзделеді. Демек, оқушы морфологияны оқу арқылы

сөздердің грамматикалық мағынасын, сөз таптарының өзара байланыстылығын, мәнін түсінеді.

Сөз таптарының ерекшеліктері, сөз табына жататын сөздердің сөйлемдегі қызметі өмірден алынған мәтіндер мазмұнымен байланыстырылады. Мұғалім құрғақ ережені оқушыға жаттатудың зиян екенін естен шығармау керек. Жаттанды нәрсенің көпке бармай тез ұмытылып қалатыны әсте анық, сондықтан оқушының сөз таптарының қызметі, олардың орын тәртібі, түрленуі мен өзгеруі туралы жүйелі білім алуы шарт.

Сабақта айтылған материалдардың барлығы оқушының есінде түгел қалмаса да оның ішінен ең негізгісі оқушының есінде қалдыруға қол жеткізу керек. Мысалы: оқушылар арасында зат есім туралы толық мағлұмат алғандары жиі ұшырасады. Нақтылы зат атаулары қалам, қағаз, дәптер, орындық т.б зат есім екенін біледі. Ал адамның ойлау қабілеті арқылы топшылаумен түсінетін заттық ұғымдардың атауы абстракты зат есімдерді ақыл, ой, сана, қуаныш, реніш, уайым, қайғы т.б келгенде оқушы тосылып қалады. Осы жағын нақтылы мысалдар арқылы түсіндіру қажет. Сөйлемде сын есім мен сан есімнің алдында тұратынын, етістіктің сөйлемнің соңында келетіні сияқты тіл заңдылықтарын оқушының сөйлеу әрекетінде дұрыс қолдануын қадағалап отыру тіл мәдениетінің нормаларын сақтауға да үйрету үрдісінің негізін қалайды. Осылайша, грамматиканы оқытуға байланысты тұлға мен мазмұн бірлігі арқылы тілдік құбылыстарды бір жақты талдауға жол бермейтінін дәлелдейді. Екіншіден, грамматикалық ұғымдардың біртіндеп қалыптасқанын дәлелдеп, аталмыш ұғымдар элементтер ретінде белгілі жүйенің жиынтығы болып, ана тілі грамматикасының мектепте оқылатын пәндердің барлығыны да қатысы бар екенін ұғындырады, сондықтан қазақ тілінен теориялық білім берудің нәтижесінде оқушылардың ой - өрісін, дүниетанымын қалыптастырып, сөйлеу, жазу тілін дамыту іске асырылатынын танытады.

Жарқынбике Нуайқызы жалпы алғашқы ғылыми жолын Ертістің Павлодар өңірінде Павлодар педагогикалық институтында орыс тілді аудиторияда қазақ тілін оқытудан бастаған. Павлодар өңірінде алғашқы қазақ филологиясы кафедрасы ашылғанда қызмет жасаған оқытушыларымыздың бірі деп мақтан тұтамыз. Енді міне, қазақ тілін Қазақстан топырағында ғана емес, Түркия Республикасы, Польша Халық Республикасы, Ресей, Жапония, Қытай Халық Республикасы, Өзбекстан, Азербайжан, т.б. мемлекеттерде өткен ғылыми конференциялар, симпозиумдар мен форумдарда жоғары білім беру жүйесі мен тіл білімі терминдері, түркілік ортақ терминологиялық қор мәселелері бойынша талқылауларға қатысып, қазақ тілінің оқыту ерекшеліктерімен таныстыра білген, өз тәжірибелерімен бөлісе алған зерделі практик – ғалым.

Мәселен, әрбір сабақты түсіндіру кезінде берілетін теориялық мағлұматтың көлемі студенттің игеруіне қолайлы болуы, оның қызығушылығын арттыруы өте маңызды. Ауызекі сөйлеу тілі мен жазбаша сауаттылыққа меңгеруде тіл дамыту жұмыстарын дұрыс ұйымдастырудың мәні зор. Әсіресе, студенттердің өздері жақсы көретін тақырыптарға бейімдей өтілген сабақтардың ролі жоғары. Берілген материалдармен жүргізілетін жұмыс түрлері тіл үйренушілер шығармашылықпен жұмыс жасайтындай деңгейде ұйымдастырылуы шарт. Бұл филологиялық білімді меңгерудің алғы шарттары болуы қажет.

Қазақ тілі — әлемдегі 6000-ға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан 70-ші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ, ол дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан 600 тілдің, мемлекеттік мәртебеге ие 200 тілдің қатарында тұр. Осы ана тіліміздің мәртебесінің бұдан да жоғары болуы - сөз жоқ отбасына, қоғамға байланысты, ең бастысы, филологтардың құзырында, борышында болуы қажет.

Қазақ тілін оқыту жөніндегі әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде дидактикалық ұстанымдардың бірнеше түрлері қамтылған. Филологиялық білім ұстанымында оқытудың ғылыми ұстанымын, жүйелілік ұстанымын, материалды дұрыс орналастыру ұстанымын, алдын-ала болжау ұстанымын, саналылық ұстанымын, оқытудың берік, тиянақты болу ұстанымын, теория мен практиканы өмірмен байланыстыру ұстанымын, оқытудың көрнекілік ұстанымының тұтастығында болса, білім алушының сауаттылық, тіл мәдениеті, шешендік өнер сияқты күзиреті өз биігінен көрінетіні сөзсіз.

Ғалым – практик Жарқынбике Нуайқызының көп жылғы ғылыми зерттеулерінен түйгеніміз - жас ұрпақты тәрбиелеу әрі дамыту, оқу материалын саналы меңгерту, ғылыми дұрыс білім беру, білім, білік, дағды беріктігі, түсініктілік, көрнекілік, оқушылардың оқу еңбегінде көрсеткен белсенділігі мен өздік жұмысы, білімнің жүйелілік және бірізділігі, оқытудың сабақтастығы сияқты тұтастық білім мазмұны.

Түйіндеп айтсақ, бүгінгі таңдағы филологтар ұлттық білім жүйесінің өзекті міндеттеріне сәйкес оқу үдерісінде оқытудың инновациялық технологияларын қолданатын (филолог-педагог), үздіксіз кәсіптік біліктілікті арттыруды жоспарлайтын, білім тәжірибесіне мониторинг зерттеулер жүргізетін (филолог-зерттеуші), инновациялық идеяларды жүзеге асыратын, мемлекеттік органдардың өкілдерімен байланыс орнатып, коммуникация құрай алатын (мәдениаралық коммуникация менеджері), ақпарат талаптарына сәйкес медиатұлғалармен байланыс орнатын (PR-менеджер), БАҚ саласында ақпарат алу, сақтау, өңдеу әдістері мен құралдарын тиімді пайдаланатын, қоғам сұранысына орай блогтар

жүргізетін (блоггер), жарнамалық және презентациялық мәтіндер құрайтын (копирайтер), мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғаларына, саясаткерлерге, қоғам қайраткерлеріне немесе кәсіпкерлерге арналған баяндамалар дайындайтын (спичрайтер), бағдарламалық идеяларды әзірлейтін (репортер), бағдарламаларды жүргізетін (тележүргізуші, радиожүргізуші), материалдарды редакциялайтын (редактор, корректор), деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға арналған компьютерлік жүйелер мен желілердің бағдарламалық және ақпараттық құралдарын қолданатын (құжат айналымын ұйымдастырушы), деректерді талдау және басқару құралдарын әзірлеу үшін сандық технологияны іске асыратын (IT-лингвист), ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланып, мамандық бойынша жобалық іс-шараларды жүргізетін маман күзиретін игеру қажет. Әрине, бұл білімділік пен біліктілікті игеру – бүгінгі күннің талабы, барлығымыз осы жолда ізденіп жұмыс істейміз.

Филологиялық білім беру машығына еңбегі сіңген профессор Жарқынбике Нуайқызының ғылыми еңбегін тануды аз да болса, тілге тиек еттік. Есіміне заты сай ақ жарқын мінезді адал досымыз, төрт жыл бірге оқып, бір бөлмеде тұрып, қызықты да мағыналы студенттік күнімізді бірге өткізген курстасымыз, түрлі ғылыми тақырыпта ой тұжырымдайтын ғалым әріптесіміз Жарқынбике Нуайқызын 60 жасқа толу мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Денсаулығы қуатты, мәртебесі биік, ғылыми табысы толағай болсын! Отбасында шадыман бақыт болсын! Қазақ Елінің ұрпағына Ана тіліміздің қадір – қасиетін, рухани қуатын танытуда шығармашылық табыс тілейміз!

КӨШБАСШЫЛЫҚ-ТАБЫСТЫ МЕКТЕП НЕГІЗІ

Мектеп – өмір бастауы, білім кемесі, даналықтың мұрасы екені сөзсіз. Өскелең ұрпаққа әлемдік стандартқа сай білім беру мен тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыратын мектеп. Жас буынның қанатын қатайтып, үлкен өмірге жолдама беретін мектептің киесіне шәкірт атаулы бас иеді. Түзу жолда тұсау салдырмас талай мықтыны шығарған білім ордасының өткені мен бүгіні – ұрпаққа өнеге.

Шу қаласында орналасқан Жібек жолы мектеп-лицейі 30 жылдық тарихы бар, ұлттық тәлім мен тәрбиенің қара шаңырағы. «Жібек жолы мектеп-лицейі» Шу қаласы әкімшілігінің 1993 жылғы 13 қыркүйектегі №180 шешіміне сәйкес өз қызметін бастады. Мектепке алғашқы жылы 20 мұғалім мен 220 оқушы қабылданып, 22 сыныпқа топтастырылды. «ҚР білім беру ісінің үздігі» Исламова Жібек Төлеуқызының мұрындық болуымен ашылған Жібек жолы мектеп-лицейінің облыс, республика, халықаралық деңгейдегі жетістіктері мен бағындырған биіктері табысты мектептер қатарынан көрінуіне жол ашты.

Міне, сонау жылдардан бері еліміздің білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер болса да, киелі білім ордасы өзі бағындырған биіктен ешбір төмендемей, жұмысын жалғастыруда. Білім берудің бәсекеге қабілеттілігінің басты өлшеміне айналған қазіргі қоғамда мектеп директоры мен іргесі берік, терең, кәсіби шындалған ұжымның еңбегі жас ұрпақтың сапалы білім алуына жағдай туғызады.

Мектеп келешек ел басқаратын, жерін елі мен халқының мерейін өсіріп, мәртебесін биіктететін жасампаз жандарды тәрбиелейтін киелі де, қасиетті ұя. Ал сол мектептің негізгі тірегі - білімді де білікті ұстаз. Әр баланың қабілетіне қарай дарындылығын дамыту, білім бәйгесінде, дүбірлі жарыстардан «Жүзден -жүйрік, мыңнан –тұлпар» шәкірт шығару - осы ұстаздардың ерен еңбегінің жемісі. Мектептің білім сапасын арттыруда педагогтің жауапкершілігі зор болса, заман талабы педагогтен кәсіби білімді, білік пен дағдыны, мақсат қоюшылықты игеруге деген қызығушылық және білім беру қызметінде ынталылық, педагогикалық және әлеуметтік педагогика мен психологияның негіздерін қолдана білу қабілетін талап етеді. Мектебімізде білім сапасын арттыру, болашақ білімді азамат қалыптастыруда, мұғалімнің кәсіптік шеберлігін, құзырлығын арттыруда мектеп жұмысының, әдістемелік жұмыстың белсенді түрлері мен әдістері кеңінен қолданылуда. Сонымен қатар

озат іс-тәжірибе тарату жұмыстары, шығармашылық есептер беру, әдістемелік пән бірлестік айлықтары, оқушылардың ғылыми жұмыстары, пәндік олимпиада, әдістемелік сипаттағы семинарлар, конференциялар жұмыстың негізгі мазмұнын құрайды.

Ғылым мен техниканың және еліміздің экономикасының қарқынды даму кезеңінде мектебімізде оқушылардың ғылыми-шығармашылық, зерттеушілік ізденісін қалыптастыру мақсатында бірнеше инновациялық жобалар іске асуда. Тәжірибелі мұғалімдерінің жетекшілігімен түрлі сала тақырыптарына негізделген ғылыми жобалар жазып, пәндік олимпиада, байқауларға қатысуда мектеп оқушылары жетістік қоржынын толтыруда.

Атап айтатын болсақ, Ахунбаева Әхсана, Жанқабай Балнұр - Оңтүстік Кореяның Сеул қаласында өткен Халықаралық «Жас ғалым» ғылыми жобалар байқауына қатысып, III дәрежелі орынды иеленді. Нәтижесінде Қазақстанның жоғары оқу орындарының грант иегерлері атанды. Сонымен қатар Малайзияның астанасы Куала-Лумпур қаласында өткен менталдық арифметикадан өткен байқауда Атымтай Нурмахамад II дәрежелі дипломмен марапатталды. Москва қаласында өткен математикалық жарыста Ахунбаев Имран I дәрежелі диплом жүлдесімен қоржынды толтырды. Соңғы 4 жылда облыстық пән олимпиада бойынша 8 оқушы, республикалық пән олимпиада бойынша 7 оқушы жеңімпаз атанса, ғылыми жобалардың облыстық кезеңінде- 9 оқушы, республикалық кезеңінде- 5 оқушы, халықаралық кезеңде- 3 оқушы марапатқа ие болды.

Жібек жолы мектеп-лицейі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының тәжірибесін тарататын жетекші мектеп қатарынан. Соңғы бес жылда мектеп түлектерінің 33-і «Алтын белгі» төсбелгісіне, 9-ы үздік аттестатқа ие болды.

Жібек жолы мектеп-лицейі ұстаздары - кәсіби байқаулар жүлдегерлері, авторлық бағдарламалар, әдістемелік нұсқаулар құрастырушылары. Мектеп ұжымының тынымсыз еңбегі табысты мектеп қатарынан көрсетуде. Дәлел ретінде мектебіміздің физика пәнінің мұғалімі «Жамбыл облысының білім беру саласына сіңірген еңбегі» атағы төсбелгісі және 875 000 теңге сыйақы иегері Б.Х.Джанкиеваны, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің иегері Н.Н.Кобецті, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі «Білім беру ісінің үздігі» Л.Т.Адамбекованы және тарих пәнінің мұғалімі Ж.М.Бахитовті, ағылшын тілі пәні мұғалімі С.П.Харькованы атап өтсе болады.

Педагогикалық ұжымның нәтижелі жұмыстары рейтингтік бағалауда 2018-2023 жылдары аралығында екі рет «Үздік білім беру ұйымы», «Үздік қала мектебі», «Үздік мектеп», « Ғылыми жоба жарыстарының үздігі» номинацияларына ие болды.

«Тәжірибе негізі -ғылым, даналық негізі -білім» дегендей, өлшеусіз еңбек етіп келе жатқан ұстаздар қауымының өз тұғырынан түспей, әлі де біраз белесті бағындыратынына сенімім мол.



Рустемова Ж.А.

Филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті
Қарағанды қаласы
E-mail: rustemova.66@mail.ru

ҒЫЛЫМДАҒЫ БІЗДІҢ БАҒДАРШАМ

Қазақтың ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қазақ тілі білімінің теориясы және әдістемесі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Сүлейменова Жарқынбике Нуайқызымен аталған оқу орнында (ол кезде институт аталатын) 1983-1987 жылдар аралығында бірге оқыдық. 1983 жылы Қызылорда педагогикалық училищесін бітіріп келген өрімдей жас және көз тартарлықтай сұлу қыз тобымыздың старостасы болып сайланды. Көбіміздің мектепті жаңа бітіріп келген кезіміз. Мектептен кейін 1-2 жыл жұмыс істеп барып оқуға түскен қыздар да бар.

Еліміздің түкпір-түкпірінен келген қыздар едік: Қызылорда облысынан – сұлу Жарқынбике, салмақты Әлия, Шығыс Қазақстан облысынан – ойшыл Салтанат, қағілез де елгезек Баян, Жамбыл облысынан – жайдары Гүлбарам, ашық мінезді Гүлмира, Шымкент облысынан – сұңғыла Гүлфайруз, ерке қыз Ұлбазар, Талдықорған облысынан – өр мінезді Гүлнар, байқампаз Айгүл, Павлодар облысынан – аппақ қыз, өжет Рысқұл, еңбекқор Айман, Ақтөбе облысынан – байсалды Базаргүл, қылықты қыз Әлия, көркем қыз Рахима, Алматы облысынан – сабырлы Токтыхан, сөздің тоқ етерін айтатын, бір сөзді Бейбітгүл, ұқыпты да қамқор Бағира, гүлдей майысқан биязы Майгүл, Қарақалпақстаннан келген екі ару – көзіне мейірім нұры ұялап тұратын Шамшырақ пен біртоға, табанды Света, Семей облысынан – тауекелшіл Сәуле, әдемі әзілі өзіне жарасқан Ля, келісті қыз Шолпан және осы мақаланың авторы мен.

Ауыл балаларының, арасында аңғалдық, арасында тарпаңдық, кей кезде тіпті орынсыз ұяңдық танытатын мінездерінің болатынын жоққа шығара алмаймыз. Қазір ойлап отырсам, сол мінездерден арылуға күш-қайрат жұмсағандардың бірі старостамыз Жарқынбике болған екен.

Топтағы қыздар, біз бір-бірімізді жатырқаған жоқпыз. Тез тіл табысып кеттік. Жатақхана бөлмелеріне орналасқан кезде де облыс, жер бойынша емес, мектептен қалыптасқан ұғым-түсінігіміздің бірдейлігіне, танымымыз бен әңгіме етер тақырыбымыздың ортақтығына қарай бөліндік. Руға бөліну дегенді білмек түгіл, кімнің қай рудан екендігін де білмей кеттік. Бұл тұста да старостамыздың тәлімі болғанын айта кетуіміз керек.

Кеңес заманындағы педагогикалық училищелердің де, қазіргі педколледждердің де басты міндеті облыстың педагогикалық мекемелерін білікті кадрлармен қамтамасыз ету болатын. Педучилищені қызыл дипломмен

бітірген Жарқынбике біздің тобымызға жоғары кәсіби дайындыққа ие білікті маман ретінде қосылды. Оның жоғары оқу орнында білім тереңдету және ғылым жолына түсу ниеті уақыт өте келе өз жемісін берді де. Бұған арасына аздаған уақыт салып қорғаған кандидаттық және докторлық диссертациялары және жарық көрген ғылыми еңбектері дәлел. «Ғылымды үйренем деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек-мақсаты ақиқат пен әділдік үшін талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек» деп Әл-Фараби айтқан екен. Жарқынбике ерік-жігері мен тілек-мақсатының ақиқат пен әділдік жолында болғандығын студент кезінде дәлелдеді.

Старостамыздың ақиқатшылдығы сөзінен де, ісінен де, өзгеге қойған талабынан да білініп тұратын. Хакім Абайдың «... ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек» деген сөзін сол кездің өзінде басшылыққа алған Жарқынбикенің ғылыми мақала жазудағы, ғылыми баяндама дайындаудағы алғашқы қадамымызда жол нұсқаушы болғандығын қазіргі күні үлкен риазашылықпен айтқым келеді. Біз оқыған жылдары филология факультетінің қазақ тілі кафедрасы жанында студенттердің ғылыми үйірмесі жұмыс істеді. 90-жылдардан кейін «Үміт» деген атауға ие болған бұл үйірмені сол кездері ұстазымыз Хадиша Қожахметқызы Қожахметова басқарды. Үйірменің мақсаты – филология факультеті студенттерін ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге дағдыландыру, олардың ғылыми жұмыспен айналысуына ықпал ету. Осы үйірме жұмысы іс-шарасының басы-қасында да Жарқынбикенің жүргенін және топтағы әр студенттің ғылыми конференцияларға қатысуына себепкер болғанын айтуым керек.

Әлі есімде, бір күні екі сабақ арасындағы үзілісте ұстазымыз Мақпоз ағай өзінің қазақ әдебиетінің тарихына қатысты жазған мақаласының шимайнұсқасын топ студенттеріне оқыды да, «Осы мақалаға қатысты не айтасындар, қандай ойларың бар?» деп сұрады. Ағайымыздың бойымызда сыншылдық қабілет қалыптастыру мақсатында қолданған тәсілі екендігіне енді жорамал жасап отырмын. Пікір айтуды старостамыз бастады. Біз бәріміз Жарқынбикенің аузына қарап қалдық және оның ойлы, оңды тұжырымдарын ықыласпен тыңдадық. Жарқынбикеден кейін сөйлеудің де қажеті болмай қалды. Ағайдың «Сенікі жөн сөз!» дегендей бас изегені есімде қалыпты.

Старосталық қызметінде Жарқынбике әділдіктің жақтаушысы ретінде де

көрінді. Әрқашан байсалды, бірақ керек жерде бірбеткей, айтқанынан қайтпайтын старостамыздың жігерлі үні әр істе болсын бізді үнемі ширектіріп жүретін еді.

Тобымыздан шыққан ғалым қыздардың, атап айтсақ, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Шақаман Ырысгүл Бектемірқызының, С.Торайғыров атындағы Павлодар педагогикалық университетінің «Үштұғырлы тіл» кафедрасының меңгерушісі, профессор, филология ғылымдарының кандидаты, ХАА академигі Зейнулина Айман Файзуллоунаның, Қазақтың ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қазақ тілі білімінің теориясы және әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, профессор, филология ғылымдарының кандидаты Абдраилова Гүлмира Қалыбаевнаның бағындырған белестері мен асқан асуларында және менің де жеткен жетістіктерімде старостамыздың үлесі бар деп білемін.

«Ғылыми ізденіс дегеніміз – шығармашылық өрлеудің барып тұрған биігі, шыны» деген екен Евгений Бөкетов. Ортамызда теориялық білімін практикамен ұштастыра отырып, ғылыми-әдістемелік ізденіс жолында шығармашылықпен еңбек етіп жүрген мектеп, гимназия, лицей мұғалімдері, оқу ісінің меңгерушілері, директорлары, колледж оқытушылары да бар. Олардың әрқайсысы туған елдің әр жерінде қызмет етеді. Мамандығынан тыс салаға ешқайсысы кетпеді. Бұның өзін мамандыққа деген адалдық деп білемін. Мамандыққа адал болуды, жан қалауынан бас тартпауды да бізге кезіндегі көшбасшымыз Жарқынбике, қазіргі профессор Жарқынбике Нуайқызы үйретті десем, артық айтқандық болмас. Бұл күнде құрбымыз – Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі» белгісінің иегері, екі мәрте Қазақстан Республикасы «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, ең бастысы, бақытты отбасының ұйытқысы, абзал ана! Бұл күнде біздің ғылымдағы бағдаршамымыз!

Жарқынбике Нуайқызын мерейтойымен құттықтай отырып, «Құдықтан су ішкен қазғанға рақмет айтады, ағашты көлеңкелеген екенге рақмет айтады» демекші, оған бар жақсылығы үшін, бар болғаны үшін рақмет айтамыз! Ұрпақ пен шәкірт қызығын қатар көруді тілейміз! Қос перзенті мен шәкірттерінің өзінің бағыт-бағдарымен сара жол тауып үлкен жетістіктерге жетуіне тілектеспіз!

БІЛІМ САЛАСЫНДА ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТТІ САБАҚТАСТЫРҒАН ТҮЛҒА

Тіл мен мәдениет – адамзатқа тән рухани байлықтың қазынасы. Бұл қазына – адамды танытуға ықпал ететін алып күш. Осындай алып күш иесінің бірі де бірегейі – нәзік жанды, парасатты да пайымды қазақ қызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Жарқынбике Нуайқызы Сүлейменова.

Жарқынбике Нуайқызы – ішкі дүниесі мен ойы жарасым тапқан жан сұлулығымен, жүзіне киімі сай сән сұлулығымен ерекшеленетін дара тұлға; қарапайымдылығымен, кішіпейілділігімен, адамгершілігімен дараланатын ізгі тұлға; қазақ грамматикасын, қазақ шығармаларын, қазақ мәдениетін оқыту әдістерімен байланыстыра зерттеумен айналысатын креативті тұлға; қазақша-түрікше, түрікше-қазақша, қазақша-қытайша, қазақша-орысша-ағылшынша-түрікше тілашар мен сөздіктерді айналымға енгізетін интеллектуалды тұлға.

Жарқынбике Нуайқызының тұлғалық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын, эстетикалық талғамын қалыптастырған орта отбасы, білім алған мектебі, Қызылорда қаласындағы М. Мәметова атындағы педагогикалық училищесі, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, Павлодар педагогика институты, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты, Түркия Республикасы Нийде Өмер Халисдемир университеті болды.

Жарқынбике Нуайқызының тұлғалық өсудегі әлеуеті білім беру жүйесіне қосқан үлесімен ерекше айқындалады. Ол оқыту мәселесін зерттеу барысында тілді мәдениеттің формасы ретінде зерделеп, ұлттық таным, ұлттық рух, ұлттық құндылықтарды ұрпақтың бойына сіңіруді мақсат етеді. Қазақ халқының ұлттық болмысын танытатын салт-дәстүрін, наным-сенімін, сөз өнерін, ерлік істерін, дүниетанымын т.б. білім мазмұнына енгізіп, оқудың жаңаша әдістерін ұсынуы рухани сананы жаңғыртуға қосқан мол үлесі деп білеміз.

Ғалым Жарқынбике Нуайқызы оқушыларды өмір шындықтарына бейімдеу – білім берудің негізгі деп, оны жүзеге асырудың жолдарын былайша жүйелейді: Блум таксономиясы бойынша танымдық пәнаралық байланысты жүзеге асыру, оқушылардың әлеуметтенуін қалыптастыруға мүмкіндік жасау [1, 5 б.]. Өз еңбектерінде сөз өнері, халық ауыз әдебиеті, тұрмыс-салт жырлары, батырлар жыры, лиро-эпостық жырлар, айтыс, көне түркі жазба ескерткіштеріндегі жырлар мен жазулар, жыраулар поэзиясы, ағартушы ғалымдар, ақындар, классикалық жазушылар шығармашылығын пайдаланып, ұлттық құндылықтарға, тағылымға толы мәтіндерді сұрыптайды. Жоғарыда

аталған тұжырымына сай тапсырмалар беріп, «Әдебиет әлемінде» атты танымдық оқу құралын құрастырады [2].

Ғалым білім беруде білім мазмұнына баса мән беру керек екенін, оның үш қырын көрсетеді: қоғамның дамуына ықпал ету, ғылыми өндірістің дамуына ықпал ету, кәсіби құзыреттіліктерге бейімдеу. Оның ізгілік, гуманитарлық, демократиялық астарын ұлттық танымнан байланыстыру қажет екенін айтады. Ал әдістемелік сипатын былайша тұжырымдайды: «уәждемелік, оқу-танымдық әрекетін белсендіруді көздеу; жеке дара ерекшеліктерді ескеруге құрылған тұлғалық-бағдарлық оқытуға негіздеу; әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырылған көпдеңгейлік үздіксіз білім беру, ақпараттық білім алу мүмкіндігін кеңейту» [3, 15 б. Сүлейменова Ж. Н. Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. - Алматы, 2018. -266 б.] Бұдан ғалымның ой-тұжырымдары ұлттық білім беру саясатына сай екенін көруге болады.

Кәсіби құзыреттілікке бейімделу іскерліктен, дағдыланудан бастау алса, оның қайнар көзі ізденуде жатыр. Ізденіс мұғалімнің шеберлігін ұштайтын білім – тәрбие – әдістеме үштігіне негізделеді. Осы үштіктің қазақ тілін оқытуда алатын орнын ғалым Ж.Сүлейменованың тұжырымдары негізіне жүйелеуге болады. Ғалымның білімді функционалды-стильдік, қатысымдық ұстанымға негіздеуінің маңызы зор. Бүгінгі білім беру саласы мәтінмен жұмысты алға қойып отырғанын ескерсек, мәтінге функционалды-стильдік талдау жасау арқылы оқыту аса қажет. Бұл тілдік бірліктердің қатысымдық қызметін айқындауға мүмкіндік береді. Болашақ мұғалім мәтін құрамындағы тілдік бірліктердің қатысымдық қызметін түсіндіре алу, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау тапсырмалары мен жаттығулар құрастырып, оқушылармен бірлескен әрекеттік негізде білім берсе, әдістеме прагматикалық бағытта түзіліп, оқыту процесі ғалым атап көрсеткен шындық өмір заңдылықтарымен қабысады.

Профессор Жарқынбике Нуайқызы функционалды-стильдік талдау жасаудың тілдік механизмдерін көрсетеді. Мысалы, аналитикалық формадағы келген жоқ, келген емес грамматикалық категорияларының функциясы – болымсыздық мәнді білдіру екенін, Ол сөйлеп отыр; Сен жүруші болма; Келсе игі еді, келмей еді; Келсе болды, басталады формасындағы тілдік бірліктер сөйлеушінің сөйлеу кезіндегі райын, келе бер, кетіп қал, айта баста формасы қимылдың өту сипатын, келе алмау, білуі тиіс сөйлеушінің көзқарасын білдіретінін атап көрсетуі оған дәлел [3, 144 б.]

Жарқынбике Нуайқызы адамның ойлау жүйесінің дамуына, коммуникацияаралық мәдениеттің қалыптасуына ықпалы зор фактордың бірі тіл үйрену мәселесін де назардан тыс қалдырмаған. Қазіргі жаһандану заманында көп тіл білудің маңызды екенін, бір тілді үйренуге екінші, үшінші, төртінші тілдің кедері келтірмейтінін дәлелдеп, қазақша-орысша-ағылшынша-түрікше тілашар құрастыруы – соның айғағы. Ғалым халықаралық қатынас тіліне айналған, әлемге танымал тілдермен қазақ тілі тең екенін, тіпті бірінші тіл екенін көрсетеді. Оны тілдік оралымдардың, сөздер мен сөз тіркестерінің, сөйлемдердің, сұхбаттасулардың тақырыптарға сәйкестігінен көруге болады. Бұл тілашарды құрастырудағы мақсаты әлемдік білім беру кеңістігіне шығуға жол ашу, Қазақстандық жоғары оқу орындары мен шетелдік жоғары оқу орындары арасындағы халықаралық ынтымақтастық іргетасын қалау екенін айтады [4, 4 б.] Тілашар тіл үйренушеге қажетті ақпаратты жүйелі түрде берумен ерекшеленеді. Тілашардың мазмұнын құрайтын ТАНЫСУ. АРАЛАСУ. КЕЗ-ДЕСУ мәселесі тек адамға, сөйлеушіге қатысты тілдік бірліктерді қажет ететіні ескеріліп, грамматикалық минимумдағы сөздердің де соған сай іріктелуі – үлкен ізденістің нәтижелі көрсеткіші.

Жарқынбике Нуайқызының тіл мен мәдениетті сабақтастыра зерттеуінің тағы бір қыры – қазақ халқының ұлттық сипатын көрсететін асыл белгі музыка өнеріне ден қойып, халықтың өмірін шынайы шеберлікпен танытқан Мұқан Төлебаевтың шығармашылығына мән беруі [5]. Мұқан Төлебаевтың «Біржан – Сара» операсын ұлттық мәдениеттің көрінісін сипаттайтын, ал Әнуранын бостандық пен ерлікке тәрбиелейтін, әндері мен романстарын эстетикалық тәрбие беретін тілдік құрал ретінде пайдалануға болатынына көз жеткіздік. Жинақта іріктелген әрбір мақаланы білім саласында тиімді пайдалануға болады. Атап айтқанда, тұлғалық өсудің, достық, сыйластық қарым-қатынастың үлгісін көрсететін мәтін ретінде қолдануға болады.

Жарқынбике Нуайқызының қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту мәселесімен айналысу жолы ерекше. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту методологиясын толық зерделеп, олардың ішінен тиімді тұжырымдарды орынды саралайды. Сонымен бірге орыс, ағылшын, түрік тілдерін шет тілі ретінде оқыту мәселесін талдап, әрқайсысына тән ерекшеліктерді көрсетеді. Ғалым тілді үйретуде лингвотанымдық қағидаттар негізінде интербелсенді әдістерді қолданудың, кәсіби мамандықпен байланысы, авто-

матты бақылау, қарқынды жеделдетіп үйрету, интернет-ресурстарды, анықтамалық ресурстарды, көңіл көтеру бағдарламалары – қазақша ойын, караоке ойын т.б. ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолданудың маңызды екенін атап көрсетеді [6, 25 б.]. Қазақ тілін ұлттық бренд арқылы оқытудың маңызын былайша түсіндіреді: «Бренд жасау – өзгешелікті дәлелдеумен бірге тілді қызыға үйренуге мол мүмкіндік жасайды, тіл үйренушілердің жағымды мотивациясын тудырады. Ұлттық брендті таныту Қазақстанға инвестиция тартумен қатар, әлемнің түкпір-түкпірінен туристерді қызықтырады, отандық тауарларды әлемдік нарыққа шығарады, қазақ халқының тарихын, әдебиеті мен мәдениетін, салты мен дәстүрін, ең бағастысы, тілінің құдыретін танытады. Бренд – ұлттық имиджді көрсетумен қатар, ел тарихының кешегісі мен бүгінгісінің тоғысы» [6, 28] дей келе 15 бейнесабақты ұсынады. «Бейнесабақтар

маңыздылығы – мемлекеттік тілді дамыту, ұлттық брендті насихаттау арқылы қазақ халқының рухани-мәдени құндылықтарын таныту, лингвмәдениетарлық қатысымды дамыту, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту әдістемесінің сапасын арттырумен қатар, қазақ тілін үйренушілер үшін тиімді меңгерудің жаңа әдістемелік мүмкіндіктерін ашады» деген қорытынды жасайды [6, 28 б.].

Қорыта келгенде, Жарқынбике Нуайқызының ғылыми-шығармашылық жолы қазақ тілін оқытудың барлық бағыттарын қамтиды. Зерттеу еңбектерінің әрқайсысы жаңа мазмұндағы білімге, жаңаша оқыту әдістеріне, тіл үйретудегі инновацияларға толы. Ғалымға толағай табыстар тілеп, ғылым жолындағы қажырлы еңбегіңіздің жемісін көріңіз дегіміз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сүлейменова Ж.Н., Көпеева Г.А. Сабақ – оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы (оқу құралы). Алматы, 2020.-116 б.

2. Құрманәлиева А., Сүлейменова Ж., Исақова Ж., Қитманова М.– Алматы: «Елтаным баспасы», 2018. – 104 бет.

3. Сүлейменова Ж. Н. Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. - Алматы, 2018. -266 б.

4. SULEIMENOVA J., OSMAN GEÇER G., TILEUJANOVA A. ТІЛШАП. РАЗГОВОРНИК. PHRASEBOOK. KONUSMA KILAVUZU. ALMATY – 2014

5. Қазақ музыкасының бәйтерегі. Редакция алғасы: Төлебева Д., Төлебаева Ж., Сүлейменова Ж., т.б. Алматы., Раритет.-2012. 184 б.

6. Сүлейменова Ж., Ермекова Т., Ибраймова Л., Молдағали Б., Рысқұлбек Д. Қазақ тілі. Бейнесабақтар. Алматы: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. 2021. -100 б.

Рустемова Ж.А.

*Филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті
E-mail: rustemova.66@mail.ru*

Серік К.

*4-курс студенті
Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті*

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА «ЕР ТӨСТІК» КОМИКСІН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Түйіндеме. Мақалада әдебиет сабағында «Ер Төстік» комиксін оқытудың тиімді жолдары қарастырылады. Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында қазақ халқының комикс түріндегі ертегілері мен аңыздарын оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді таңдау мәселесі ерекше өзектілікке ие болуда. Орта мектепте комикс жанрын оқытудың оңтайлы жолдарын анықтаудың оқу процесінің тиімділігін арттыруға және халқымыздың ұлттық мұрасына қызығушылық туғызуға ықпалы зор.

Түйінді сөздер: халық ертегісі, комиксті оқыту, әдебиет сабағы, арнайы тапсырмалар, тиімді әдістер

Кіріспе

Комикс – бұл тек оқиға дамуын көрсететін сурет немесе кейіпкерлер кескіні ғана емес, сонымен қатар әдеби бағыттарды біріктіретін ерекше өнер түрі. Комикс жанр мен жасты талғамайды. Комиксте сурет те, сөз де, динамикада бар. Сурет жетекші рөл атқарады. Комиксте вербальды мәтін толықтай суреттер қатарымен байланыста болады, ал иллюстрация мәтіннің міндетті элементі болып табылады[1].

Жаңалығы

Әдеби және фольклорлық жанрларды оқытудың ерекшеліктерін зерттеуге Ә.Қоңыратбаев, А.Көшімбаев, Т.Ақшөлақов, Қ.Бітібаева сынды көрнекті қазақ әдістемешілері айтарлықтай үлес қосты. Соңғы онжылдықта қазіргі білім жүйесінде халық ертегілері мен аңыздарының өзектілігін арттыру мақсатында біршама қадам жасалды. Бұған түрлі аңыз-ертегілердің, тарихи жырлардың, батырлық эпостардың мәтіндерін комикс түрінде ұсынған сайтты мысал ретінде келтіреміз[2].

Қазақ комикстерінің коллекциясына «Ер Төстік», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Айша бибі», «Еңлік-Кебек», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» және тағы басқа фольклорлық туындылар енген. Комикс түріндегі шығармалардың кеңінен таралуы оқушылардың оқу материалына қызығушылығын тудырып қана қоймай, жанрды оқытудың тиімді жолдарын анықтауға ықпал етеді[3].

Мақсаты мен міндеттері

Әдістемелік мақаланың мақсаты – комикс түріндегі халық ертегісін әдебиет сабақтарында оқыту ерекшеліктерін қарастыру

Осы мақсатқа сәйкес келесі міндеттер

қойылды:

1) орта мектеп әдебиет сабақтарында комикс түріндегі халық ертегісін оқытудың неғұрлым тиімді болатын әдістерін қарастыру;

2) әдебиет сабақтарында комикстермен жүргізілетін жұмыс түрлерін талдау.

Нәтижелер

Комикстермен жұмыс істеудің екі тәсілі бар. Біріншісі – дайын комикстермен жүргізілетін жұмыс. Екіншісі – әдеби шығарма бойынша комикс құрастыру жұмысы. Біз дайын комикспен жүргізілетін жұмыстарды сөз ететін боламыз. Комикстің оқушы үшін пайдалы болуы үшін онымен жүргізілетін жұмыс дұрыс ұйымдастырылуы қажет. Әдебиет сабақтарында комикспен жұмыс түрлері оқушылардың сөйлеу дағдысын дамытуға арналған тапсырмалар түрінде көрінеді.

«Ер Төстік» ертегісі – батырлық ертегілер ішіндегі ең ежелгісі және ең әдемісі. Ғалымдар көптеген қазақ ертегісінің сюжеттік желілері «Ер Төстік» ертегісінен алынғандығын болжайды.

«Ер Төстік» комиксінің авторлары комикс құрастыруда ертегінің кейбір бөліктерінің ғана қысқартылғанын

ескертеді[2].

«Ер Төстік» комиксіне арналған тапсырмалар:

Бірінші тапсырма. Әдістемешілер А.С.Петрова мен Т.А.Макаренко атап өткендей, комикстермен жұмыс істеу әдістемесі оқушылардың назарын бір суреттен екіншісіне біртіндеп аударуды көздейді[4]. Мұғалім сюжет бойынша оқушыларға сұрақтар қояды. Сұрақ қоюдағы мақсат – сюжеттегі өзара байланысты оқиғалар, әрекеттер тізбегін тұжырымдау және себеп-салдарлық байланыстарды анықтау.

Оқушылар сюжет кадрлары арасында қандай оқиғалар орын алғанын баяндауы керек. Аталмыш тапсырма оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын дамытады.

- Отағасы, таң атты. Түрегелгейсің. Түндікті ашайын.

- Таң атпай тұрып алып не істе дейсің, кемпір-ау?[2].

Осы кадр диалогынан соң түсініктемесіз(репликасыз) сурет қойылады.

Оқушы репликасыз суреттегі кейіпкерлердің іс-қимыл, әрекеттерін баяндап береді.

Осыдан соң төмендегі сюжет кадрды ұсынылады:

- Кемпір, сүйінші, кер биенің керулі тұрған төстігі майлы көрінеді. Бол, жылдам асып жіберші! [2]. Тапсырма ертегі мазмұнын қабылдауды жеңілдетеді.

Екінші тапсырма.

Оқушылар комиксті рөлмен оқиды. Материалдағы сөз түріндегі және визуальды компоненттерді анықтайды. Тапсырма сабақ процесін қызықты және маңызды етеді.

Үшінші тапсырма. Оқушылар комикс кадрларын дұрыс реттілікпен орналастырады. Бұл тапсырма оқушылардың есте сақтау қабілетін дамытады.

Төртінші тапсырма.

«Ер Төстік» комиксі кейіпкерлерінің репликалары түрлі дыбыстармен, одағай сөздермен толықтырылады. Күндердің күнінде Ер Төстік құс аулап жүріп өрмек тоқып отырған кемпірдің жібін үзіп кетеді. Кемпір Ер Төстікті былай қарғайды:

- Алда ғана шешек-ай! Өрмегімді үзіп кеттің-ау! Ертеден қара кешке дейін құс қуғанша, тентіреп кеткен сегіз ағанды тауып алмайсың ба?[2]. Тапсырма оқушыларға мотивация береді, олардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Бесінші тапсырма.

Оқушылар комикс кейіпкерлерінің репликаларын шығармашылықпен ары қарай жалғастырады.

- Әке, апа! Мен ер жетіп, ес жидым. Жоғалып кеткен ағаларымды іздеу інілік парызым. Баталарыңызды беріңіздер.

- Балам-ау, жоғалғанды іздеймін деп өзің жоғалып, мен сорлы жалғызымнан тағы айрылып қаламын ғой[2]. Тапсырма оқушылардың сөйлеу әрекетін дамытады.

Алтыншы тапсырма. Суреттер бойынша берілетін репликалар алынып тасталады. Оқушылар сол суреттер бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді немесе суреттерге қарап отырып, кейіпкерлер

жауаптарын, яғни ықтимал жауаптарды болжап айтады.

- Ал, бауырым Төстік, ел аман ба? Әке-шешеміз қалай?

- Есендік, ағалар. Тек сіздердің жоқтықтарыңыз, хабарсыз кеткендіктеріңіз әкем мен шешемнің белін бүгіп барады.

- Амал нешік. Малдан айырылып барғымыз жоқ. Мына қылқұйрықтының барлығы айдағанға көн-бей, итімдізді шығарды. Осы даладан біреуі шет бас-сайшы.

- Оның шешімі оңай ғой. Бар жылқымның басы – күрең бие деуші еді әкем. Сол бар ма?

- Әрине, бар ғой. Сол бие қиғылық салатын[2]. Тапсырмалардың бұндай түрі де оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырады.

Жетінші тапсырма.

Пән мұғалімі «Ер Төстік» комиксі бойынша алдын-ала сюжет кадрларын дайындайды. Оқушылар осы кадрлар үшін қажетті репликаларды дайындайды. Бұндай тапсырмаларды орындау үшін әр оқушыда үлестірме материал болуы керек. Суреттер мен репликалары бар карточкаларды мұғалім бөлек таратады.

Сегізінші тапсырма. Комикс негізінде шығармашылық жұмыс жүргізуге болады. Мұғалім оқушыларға комикстің жалғасын өз беттерімен құрастыруға және сол сюжет бойынша сурет салуға тапсырма береді. Оқушылар мұғалім ұсынған репликалар бойынша кадр суреттерін де салады. Тапсырма комикс оқылып және талданғаннан кейін беріледі.

Тоғызыншы тапсырма.

Комикс – балалардың қиялын дамыту құралы. Олар «Ер Төстік» ертегісінің кейіпкерлерімен жаңа комикс құрастыра алады. Ертегі кейіпкерлері үшін жаңа жағдаяттар ойлап табады. Ертегі соңын өзгеше етіп аяқтай алады. Тапсырмалар оқушылардың жазбаша сауаттылығын арттыруға ықпал етеді. Комикс сонымен қатар оқушылардың репликаларды сурет сызығынан шығармай, ұқыпты және әдемі етіп орналастыру қабілетін де қалыптастырады.

Оқушылар комикстер бойынша түрлі жаттығулар мен тапсырмаларды орындап қана қоймайды, олардың үзінділері мен диалогтарын қойылым, көрініс ретінде сахнада көрсете алады. Сахналау комикстің ауызша және визуальды компоненттерін жақсы түсінуге әсер етеді және оқушылардың әдебиет сабақтарына қызығушылығын арттырады. Көркем туындының жекелеген эпизодтарын сахналау – күрделі шаруа. Ал комикс түріндегі әдеби шығармаларды сахнаға шығару оқушылар үшін қызықты және жеңіл болмақ. Комиксті сахнаға қойылым ретінде шығару арқылы оқушылар әдеби образдарды шығармашылықпен қабылдайтын болады.

Онныншы тапсырма.

Оқушылар комикстерге негізделген фильм сценарийлерін жасай алады. Киносценарий жасау – әдістемелік тәсілдің ерекше түрі. Оқушылардың кинаодан алған әсерлері оқырман қабылдауының сипатын өзгертеді, әдеби құбылыстарды

меңгеруді байытады және тереңдетеді. Киноматография бала табиғатына жақын, бала санасына сіңімді. Кинодан балалар өз қабылдауындағы табиғатқа жақын өнерді таниды. Динамизм – кино өнерінің ажырамас бөлігі. Киносценарий оқушылардың бейнелі қабылдау сезімін жандандырады және тұтастан бөлшекті ажыратуға көмектеседі. Комиксті оқыту бойынша жұмыс түрлері жеке және топтық формада жүргізілуі мүмкін.

Қорытынды

Сонымен классикалық шығармаларға негізделген комикстерді оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталған заманауи педагогикалық механизм ретінде пайдалануға болады. Бұл тәжірибе оқушылардың комикс түріндегі әдеби шығармаларға деген қызығушылығын ғана туғызып қоймайды, сонымен қатар ұлттық әдебиетті оқыту әдіс-тәсілдерін жаңғыртуға да мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Громина, С. Использование комикса на уроках русского языка и литературы // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://mogu-pisat.ru/stat/metod/?ELEMENT_ID=11581562
2. Комиксы // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://qazcomics.kz/kz/shop>
3. Emira, D. (2019). Teaching Literature through Comics: An Innovative Pedagogical Tool. International Journal of Applied Linguistics & English Literature. 8(1), 54-61.
4. Петрова, А.С., Макаренко Т.А. Комикс как средство обучения // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2017. – Т. 32. – С. 119-121. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://ekoncept.ru/2017/771035.htm> (дата обращения: 14.05.2019).

А.С.Қыдыршаев,

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
п.ғ.д., профессор (Орал қаласы, Қазақстан)
kdirshaev_abat@mail.ru*

Г.С.Бақытбаева,

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Қоғамдық даму департаментінің ғылыми қызметкері
(Орал қаласы, Қазақстан)
baqytbaevaaaa@mail.ru*

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РИТОРИКАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

Егер де көкте құдайдың, кеудемізде жанның бары рас болса, онда адамзат тірлігі де риторикадан ажырағысыз (С.Лихуд). Өнердің ең алды - сөз өнері. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді (А.Байтұрсынұлы). Осы ғұламалардың тұжырым-түйіндеріне сүйене ой өрсек, мұғалімге сөз өз ойын сапырылыстырып айту үшін емес, шәкірттің ойына қозғау салу үшін беріледі. Ал педагогикалық әңгіме өткізуге төселу үшін, тіпті, дарынды адамның өзіне де көп көмек керек [1; 2; 3].

Елімізде әлемнің бәсекеге мейлінше қабілетті әрі серпінді дамып келе жатқан мемлекеттерінің қатарына қарай қадам басу жолындағы негізгі басымдықтардың сапында осы заманғы білім беруді дамыту, кадрлардың біліктілігі мен оларды қайта даярлауды ұдайы арттыруға баса мән берілуі тегін емес. Білім беру ісінде креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және команданда жұмыс істей білуге басты назар аударылуда. Бұл салада біліктілік талаптарын, оқыту әдісі жүйесін қайта қарау қажет. Осы тұрғыдан ой таразыласақ, бүгінгі таңдағы педагогикалық білім беру тұжырымдамасы оқытушының кәсіби, ең алдымен, достық пейілдегі тиімді қарым-қатынасқа негізделген риторикалық мәдениетін арттыруды көздейді. Оқытушының кәсіби риторикалық мәдениеті - шынайы шындыққа, студент тұлғасының гармониялық тұрғыда қалыптасуына қол жеткізуге бағытталған эмоциональды-сезімталдық кейіптегі ойлана шебер сөйлеу әрекеті үстіндегі адамгершілік-эстетикалық және интеллектуалды қалпы (программасы).

Ритор-педагогтың кәсіби риторикалық мәдениеті оның сыртқы кейінде де, тиісінше сөйлеу әрекеті үстінде де вербальды не бейвербальды қалпымен айқындалады. Көбінесе студенттер не нәрсені де қалайша ұсынуына қарай өзгеріссіз қабылдайды. Ал оқытушы риторикалық тұлға, педагог-ритор ретінде бірден-бір аудиторияға әсер етуші және аудиторияралық байланыс орнатушы болмысында бір мезгілде өз сөзімен, өзіндік адами әдебімен, сөз сөйлеу мәнерімен, сөз мазмұнымен, оқытып жатқан оқу пәнінің көмегімен студент тұлғаны бірлескен түйіндер

жасауға әзірлейді, негізгі басты нысанды терең ұғынуға, түсіністікке ыңғайлайды, нәтижеде оқыта отырып тәрбиелейді, өмірге бейімдейді. Бұған педагогикалық диалогтың субъект-субъектілік қатынасты сақтаушы қалыптасу үстіндегі студентті қатып қалған қарым-қатынас фобиясынан ажырата отырып, өзіндік көзқарас-пікірін болу керектігі іспетті үрейден ада ететін, сөз сөйлеу қадамындағы батылдығын, өзін таныта түсу мәдениетіне белсендіре, құлшындыра ұмтылдыратын демократиялық стилі септеседі [4; 5; 6; 7; 8].

Тұлға қарым-қатынаста шындалады десек, тұлғалылық, яғни, диалогтасушысын тыңдай білу, сөйлесе білу білігі қарым-қатынаста қалыптасады. Тұлға үлгісінен тұлға туындайды, сондықтан оқытушы-педагог төңірек аудиториясы құрметтей сыйлайтын, мәдениетті, зиялы, ибалы тұлға ретінде қалыптасу үстіндегі студентке тиімді қарым-қатынас ырғағын жұғысты етер өзіндік өнеге беруші, тағылым таратушы болуы тиіс. Демек, бұл бағытта сөйлер сөзін өзіндік кәсіби іс-әрекетін ұйымдастыру мен басқару құралы ретінде меңгерген педагог-ритор тұлғасын қалыптастыру мәселесіне айрықша мән берілуі тиіс (В.А.Аннушкин, А.К.Михальская, А.А.Муратов, А.С.Қыдыршаев, М.Қ.Әжіғалиев). Әсіресе, бұл риториканы (шешендіктану) сендіре тиімді сөйлеу ілімі ретінде ғана емес, сөйлеу мәдениетінің, шешендік шеберлік өнерінің биігіне қол жеткізуді игеруші болашақ педагог тіл мамандарын даярлауға қатысты аса өзекті. Бұл ретте аталмыш курс студенттерді семинарларда сөйлеуге, әр түрлі конференциялардың жұмысына қатысуға, университетішілік, мектепшілік газет-журналдарды әзірлеп шығаруға, мектептегі педагогикалық практикадан өтуге және ілгерідегі мектеп оқушыларын жұмысқа даярлаудағы ғылыми-тәжірибелік бағытымен аса маңызды. Бұның бәрі өзіңді ритор маман ретінде танытуға бейімдейді. Ал бұған күні кешегі мектеп оқушылары көбіне-көп даяр емес. Ендеше, ертеңгі маман тұлғасындағы бүгінгі студенттер бойында болуға тиісті аса қажетті білік-дағдыларды қалыптастыруға бағытталған бірқатар міндеттер туындайды. Олар: сөйлеушінің сөйлеген сөзін талдай білу; өз сөзінді әзірлеуде риториканың классикалық қағидаларын қолдана білуге дағдылану; шаршы топ алды сөз сөйлеуге даярлану; өз

курстастарының алдында оқу пәніне орайлас сөз сөйлеу тәжірибесінен өту [9; 10; 11; 12; 13; 14].

«Педагогикалық риторика» (бакалавриат, III курс) курсында оқытушы мен студент арасындағы педагогикалық қарым-қатынас пен этикаға баса мән беріледі. Біздіңше, бұл реттегі аса маңызды тұстар мыналар: Өзін мұғалім рөлінде сезіне отырып, мектепте өткізілетін активті, пассивті педагогикалық практикаға алдын-ала даярлану; сыныпта достық пейілдегі комфортты жағдаят туғызу білігін меңгеру; өзінің педагогикалық іс-әрекетінде оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқытуды жекелік-бағдарлық вариативті жағдайды негізге ала ұйымдастыру [5; 6; 7; 8].

Қазіргі кезеңде оқытушы-педагогтың, сонымен қатар мектеп мұғалімдерінің педагогикалық риторикаға қызығушылығы күн санап арта түсуде. Эксперимент нәтижелеріне, зерттеу еңбектеріне сүйене сан тарау тұжырымдар жасауға болар еді. Бұл ретте педагогикалық шешендіктану (риторика) ілімі әрбір педагогке өз сөзін дәл де нақты, логикалық тұрғыда иланымды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ал оқушылар тарапынан пікірлестер табуға, сабақтарды шығармашылық тұрғыда үйлестіре, дәстүрлі сабақтардағыдай емес, қызғылықты да тартымды өткізуге, ұсыныстар ақпараттарды бұрынғыдан бірнеше есе мол беруге септеседі. Педагогикалық риторика мұғалімге өзара пікірлесу, сөйлесу мүмкін еместей көрінетін ең ауыр сыныптармен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ мұғалім не оқушы тарапынан өзара тіл табысуға еш құлқы, ұмтылысы, мүмкіндігі жоқтай, тіпті қарым-қабілеті таяздау көрінетін алынбас камал сияқты орталарда монологтік сөз сөйлеуге мүмкіндік туғызады. Кез келген педагогикалық тұрғыда әсер етудің сәттілігі мұғалімнің сөз сөйлеу үстінде өзін-өзі танытуы арқылы көрінбек. Мұғалім сөйлеген сөзі арқылы оқытады, тәрбиелейді, өзіндік көзқарасына иландыра жұмылдырады, пікір алмасады, оқушылардың санасында мейлінше тереңірек сыналап ене түсер әсері жоғары образдарды тудырады. Риторика - көркемдік тұрғыда әсер ету амалдарының жүйесіне орай айтсақ, жоғары эстетикалық тұрғыда әсер ету арқылы ауызша сөйлеу туралы ғылым. Егер де педагог өз ойын жай айтып қана қоя салуға ұмтылмай, диалогтасушы оқушысына белгілі бір межелі әсерді

дарыту, алғы ортақ іске жұмылдыруға ұмтылдыру бағытын ұстанатын болса, онда педагогтың алғашқы сөзінен бастап осындай ұшқынды көруге тиіспіз. Яғни, осы іспетті мейжеленген алғы мақсатқа нақты қол жеткізу үшін, сөйленер сөз атаулыны тура мағынасында жоспарлы түрде алдын-ала даярлау керек. Тап осы тұста риторика қағидалары көмекке келіп, сөйленер сөзді лайықты тұрғыда әзірлеуге септеседі. Педагогикалық шешендіктану оқу үдерісі сәтінде туындап отыратын сандарға сауалдарға ("Неге?" "Недіктен?" "Не себепті?") жауап береді. Ал осы тұста болашақ педагог мамандарға ұсынылатын кеңестер де бір шоғыр. Мәселен, жан-жақты білімді, өз ісін жан-тәнімен сүйетін мұғалім неге көпшілік жағдайда оқушысына түсініксіз, яғни, шәкірттерімен тіл табыса алмай жатады? Ал оның өткізген сабақтары мереке іспетті болудың орнына неге шыдамдылыққа жасалған ауыр экспериментке ұқсас болуы тиіс? Әр түрлі аудиторияларда мұғалімнің айтқан сөзіне неге мүлдем қарсы реакция туындап жатады? Айтылған сөзге сәйкесті жоспарлы нақты істі қалай туындатуға болады? Мұғалімнің үнемі ойлағанындай болуы үшін не істеуіміз керек? Сабақ бабында қатты толқып, толғаныста болған мұғалім оқушыларының қолдауына неге не болмайды? Неге кей жағдайда оқушылардың мысқылдай, мазақтай қараған көзқарастарына ұшырап, ал кейде сабақ өткізуге кедергі келтіруге дейін де барады? Педагог оқушыларға қызғылықты мәліметтерді ұсына отырып, неге кенеттен ара-тұра сыныпқа қарата жекуге мәжбүр? Бұндай жағдаят болмауы үшін не істеу қажет? Сондай-ақ мұғалім алдынан сабақ үстіндегі жағдаят ерекшелігінен туындап жататын әр қилы сауалдар да ("қалай?") шығып отырады. Мәселен, сабақ үстінде, егер де сынып оқушылары уақыттың тез өтуін ғана ойлап отырар болса, сынып назарын белгілі бір маңызды мәселеге бұра қалай жинақтауға болатындығы; сыныптағы қай оқушымен көбірек пікір қайшылығы туындап қалудың ыңғайы барын қалай анықтауға болады? Яғни, оқушылардың арасындағы сынып көңіл-күйін бұзып отыруға, ортақ мәселенен басқа жаққа тартуға бейім тұратын, тілдік қарым-қатынас жасауға қиындық келтіретін, тіпті мүмкіндік болғызбайтын оқушылармен қалай тіл табысуға болады? Кейде мұғалімнің өзі де байқамай қалатын тұстың бірі - қарапайым ғана фраза арқылы оқушыларды ойлантуға, айтылғанға құлақ қоюға, шығармашылықпен ой түйіндеуге ұмтылдыруы. Осы бағыттас фразалардың сыры неде? Ең керекті тіркестерді қалай екшеп алуға болады? Оқушыларға бірден-бір тиімдірек әсер ететін сөздерді іріктеудің жолын қалай білуге болады? Құр дидактикалық ақыл айту мен ескерту жасаудан қалай құтылуға болады? Әр түрлі сынып ерекшелігіне сәйкесті қажетті "кілтті" қалай іріктеуге, табуға болар еді? Оқушыны күлкілі нәрсеге күлуге, қызықты тұсқа қуануға, бұлжымас қағидаларды орнымен қабылдауға қалай ыңғайлауға болады? Мұғалімнің сөзі оқушылар үшін ғана айтылып жатқанына әрбіреуінің көзін қалай жеткіземіз? "Ең қысқа сөз - мағыналы көзқарас" дегендей, бір ауыз сөз шығармай-ақ шулы сы-

ныпты тәртіпке қалай шақыруға болады? Өзінің және шәкірттерінің дидактикалық ақаулықтарыңды қалай жоюға болады? Қойылған бағаға келіспейтін әрі мұғалімді сабақтың негізгі мәселесінен ауытқытып әкетуге тырысушы, мейілінше өзіміз оқушымен пікірталастыруда қалай жеңіске жетуге не оның көзін жеткізе басым түсуге болар еді? Оқушының бұрын қажет емес деп білгісі де келмеген мәселесіне оның ынтазарын қалай оятуға, сұранысын қалай туғызуға болады?

Оқытушы-педагог кәсіби тәжірибе жинақтау барысында мейілінше тез ойланып, орынды айтылған бір ауыз сөздің белгілі бір күрделі жағдаяттан шығуға септесер сәтін тап болары сөзсіз. Ал үздіксіз даму үстіндегі, сондай-ақ толқымалы қалыптағы оқушылар құрбылары алдындағы социометрикалық статусын көтеру үшін мұғалімдерімен сөзге келіп қалу, тілдік қағысуларға баруға бірден-бір ыңғайлы болып келеді. Осындай жағдайда педагогикалық риториканың амал-тәсілдері мен заңдылықтарын жан-жақты білген мұғалім көзі ештеңені көрместей, құлағы ештеңені естіместей, сөз ұқпастан ыңғайдағы еш нәрсемен келіспестей оппоненттері тарапынан өзін қолдайтын нағыз пікірлерстерді көре алады. Ал кімде-кім педагогикалық риторика ілімі туралы хабардар болмаса, оның заңдылықтарынан, қағидаларынан бейхабар болса, онда мұғалімге үнемі "Оқушылар тарапынан жоспарланған шабуыл қашан болуы мүмкін?" "Жалпы бұндай болуы мүмкін бе?" деген іспетті сауалдарға ойлануға тура келеді. Сабақ үрдісіндегі бұндай сауалдардың мұғалім ойына келуі бір жағынан қызғылықты секілді көрінгенімен, екінші тұрғыдан қате. Сондай-ақ осы бағыттас ойлар сабақ барысының қалыпты өтуін қиындатып, мұғалім мен оқушы арасындағы толыққанды дәрежедегі қарым-қатынастың орнауына кедергі келтіреді. Тіпті мұндай жағдаятта өзара шығармашылық тұрғыдағы қарым-қатынас туралы ойлау да мүмкін емес.

Қазіргі уақыттағы үздіксіз білім алудың қажеттігін ескерсек, білім берудің, маман мұғалім кадрлардың біліктілігін арттырудың жолдарын айқындау жөн. Біздіңше, бұл мәселенің шешімін таптырар бір қыры - қазіргі мектеп мұғалімінің педагогикалық шешендіктану ілімінен терең білімінің болуы. Бүгінгі педагогикалық шешендіктану (мектеп риторикасы) риторикалық ойлау кезеңімен бір тұтастықта пайда болған. Сократ, Платон, Аристотельдердің өздері оқыту үдерісін диалог тұрғысында, тіпті, жиірек пікірталасу тұрғысында жүргізген. Онда өзара пікірталасу үдерісі риторикалық іс-әрекет күйінде ұйымдастырылған. Бұнда әрбір реплика ойлау үдерісінің бірден-бір белгісін камтиды, сондай-ақ бұл бір мезгілде әрбір диалогшының нақтылы өзіндік көзқарасының танылуына бағытталды. Орта ғасырлық академиялық шешендік - шешендіктанудың осы кезеңдегі маңызды аспектісі. Ал риториканың өзі сол кезеңдегі барлық университеттерде оқылатын бірден-бір ғылыми пән болды. Оның басты өзегі - адамның өзін сөзі арқылы танытуы. Сәйкесінше орта ғасырлық ғалымдар да адамның осы тұрғыда өзіндік дамуының

қалыптасуына, өзін-өзі танытуға баулыды.

Зерттеушілерге сүйенсек, антикалық дәуірде-ақ риториканың өзі бірегей философия ретінде қарастырылған, ал орта ғасырлық дәуірде бұл зат атаулының мәні ғана емес, сөз мәнін ұғушы адамның қоршаған әлемді бейнелеуі болып табылады. Бұл орайда «сөздің мағыналық тұңғиығына терең бойлай білмейсіз, сонда сіз мына жарық дүниені адасудан жартылай құтқарасыз» деген Р.Декарт сөзі ойлантанды. Демек, дидактикалық шешендіктанудың дамуының әр түрлі кезеңдерінде сөз мағынасын анықтауға және оның ойды білдіруге әрі жүзеге асыруға ешбір кедергі болмауы, қайта керісінше, оның дәл жеткізілуіне, ұсынылуына бірден-бір себепкер болуына баса мән беріледі. Сөз - қоршаған әлемге қаратылған терезе, қоршаған ортаға бізді танытушы. Бірақ бұл терезені бізге таныс әрі жақын не бейтаныс та сырт кеңістікті бөле-жара танытуға жасар қызметін ескермей жатамыз. Демек, педагогикалық шешендіктану - оқушылармен арадағы өзара түсіністіктің жоқтығына жиірек өкініш білдіретін мұғалімдерге бірден-бір аса қажетті өз ойын мейілінше түсінікті білдіру мен оны мейілінше дәл түсіну мүмкіндігі. Ал мұның себеп-салдары қос коммуникантқа да, олардың қолданар сөздеріне де, дәлірек айтсақ, сөздердің орналасу ретіне, әрқайсысының қилы сөздеріне байланысты қалыптасқан ассоциациясының жекелік жүйесіне де тірелуі мүмкін. Мәселен, бізге мәлімі - жекелеген сөз атаулының адам көңіл-күйіне, қалпына белгілі бір деңгейде әсер ететіндігі. Ал қазіргі мектеп мұғалімі-педагог қауымы үшін мұның мәні әлдеқайда тереңірек, себебі ол әрдайым оқушымен өзара түсінісуге, жағдаятты тиімді қабылдауға ұмтылары даусыз. Сондай-ақ тілдік қарым-қатынасқа қатысушыларды айырып көрсетерліктей сөз айқындылығы, мағыналық анықтығы мезетте-ақ құбылып отыруы әбден заңды. Олар бір қарағанда бір-біріне түсінікті де қарапайым көрінетін ортақ мәселе туралы айтып отырғанмен, олардың әрқайсысы «өзіндік тілмен» көрініс бермек.

Ендігі кезекте «Педагогикалық шешендіктану» бағдарламасының бағыттарын айтар болсақ, болашақ мұғалімді сан қилы коммуникативтік-сөйлеу жағдайында түрлі тілдік құралдарды еркін қолдана білуге үйрету ауадай қажет. Бұл ретте ең алдымен оларды бірден-бір кәсіби іс-әрекетке байланысты педагогикалық қарым-қатынас мәдениетіне үйрету, мүлтіксіз таза, дұрыс терминологиялық тілде дәл де мәнерлі сөйлеу білім-дағдыларының қалыптасуына баулу керек. Біздің тарапымыздан ұсынылып отырған бағдарлама педагогикалық мамандықтарда оқитын студенттерге (келешек қазақ тілі мен әдебиеті және бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімдеріне) арналған. Бұл орайдағы «Педагогикалық шешендіктану» курсы нақтылы айқындалған кәсіби-педагогикалық бағытқа ие. Сол себептен де негізгі жұмыс формасы зертханалық немесе тәжірибелік сабақтардан құралып, дәріс саны оқу жоспарының өзіндік ерекшеліктеріне негізделіп, мүмкіндігінше семестр бойында

кемінде екі бақылау жұмысын жүргізу көзделеді. Аталмыш курс мақсаты студенттерге оқытудағы, тәрбиедегі және оқушыны дамытудағы өзіндік орны бар коммуникативтік қалыпқа не педагогтың кәсіби іс-әрекетіндегі маңызды құрал сөйлеу мәдениетін меңгеруге көмектесу. Ал курс міндеттері төмендегіше: студенттерді сөйлеу, тілдік қатынас түрлеріне, сөйлеу іс-әрекетіне, сөйлеудің сапасына (дұрыстығы, тазалығы, дәлдігі, байлығы, мәнерлілігі, коммуникативтік сәйкестілігі) қатысты білім негіздерімен, қазіргі қазақ әдеби тілінің негізгі нормаларымен таныстыру, оларды сақтауға қол жеткізу; риторикалық қағидаттар негізінде өзінің сөйлеген сөзін және оқушыларының сөзін талдай білуге үйрету; болашақ мұғалімдерді педагогикалық қатынастың жоғары деңгейде тиімді жүзеге асуына септесер өзіндік дауыс тонына, сөйлеу аппаратына ие болуға баулу; кәсіби тұрғыда аса мәнді сөйлей білу шығармашылығын қалыптастыруға әзірлеу.

Курс құрылымына келсек, бағдарлама негізгі үш сатыға жіктелген. Алғашқы сатыда курс негіздеріне енетін сөз, сөйлеу, тілдік қатынас, сөйлеу іс-әрекеті, оның құрамдас бөліктері (компоненттері), тілдік қатынас формалары мен түрлері, сөйлеу сапасы сынды ұғым-түсініктермен таныстыру көзделген. Бағдарламаның екінші сатысында болашақ мұғалімнің дауыс тонын қалыптастыру мен олардың сөйлеу техникасын жетілдіру бағытындағы жұмыстар қарастырылады. Мұғалімнің эмоцияға бай әсерлі кейіптегі, логикалық негізге сүйеніле, сан қилы интонациямен құбылта да құлпытта берілген жанды (динамикалы) сөзі оқушылардың оқу материалына ынталандыруын еселеп арттырады. Хабарланған материалды жадында жете тоқуға, ықыластана оқуға септесіп, оқушының қабылдау зейінін күшейте түсуге көмектеседі. Нәтижеде мұғалімнің оқушымен мейлінше терең әрі тығыз қарым-қатынасының орнығуына мүмкіндік туғызады. Бағдарламаның үшінші сатысында студенттерді мұғалімнің өзіндік кәсіби іс-әрекетінде қолданатын әр түрлі стильдерге тән сөйлеу жанрларымен (дәріс, баяндама, есеп, пікірталас (дискуссия), жиналыста сөйлеу, өмірбаян, мінездеме, күнделік, т.б.) таныстырылады. Бағдарламада көрсетілген ауызша, жазбаша сөз сөйлеуге қатысты білім-дағдылардың студенттердің бойында қалыптасуына баса назар аударылады.

«Педагогикалық шешендіктану» бағдарламасы бойынша жұмыс бейне-жазбаларға, қазіргі техникалық құралдармен жабдықталған лингафон кабинеттеріндегі зертханалық сабақтар жүйесіне негізделген жазбаша және ауызша тапсырмаларды орындауға сүйеніледі. Сондай-ақ, педагогикалық практика барысындағы мұғалімнің сөйлеген сөзіне, мақсатты бағытта үнемі жүргізілген бақылауларға негізделеді. Бағдарлама жоғарыда айтылғандардың барлық элементтерінің басын біріктіретіндей сабақтарды ұйымдастырудың түрлі нұсқаларын (вариант) әзірлеуге мүмкіндік береді. Білім ретте сөйлеу техникасына қатысты жаттығулар жүйесі аталмыш курстың барлық тарауларын оқып-үйренуге

қатысты сабақтарда қолданылуы міндетті. Ал бағдарлама мазмұны төмендегіше:

- Сөз сөйлеу - оқытудың аса маңызды құралдарының бірі. Педагогикалық қатынас мәдениеті. Сөйлеу мәдениеті және шешендіктану (риторика) ерекше қолданбалы пәндер, оларды педагогикалық жоғары оқу орындарында оқытудың пәні, мақсаты, міндеттері, сөйлеу мәдениеті мен шешендіктанудың өз алдына бөлек ғылыми пән ретінде қалыптасуының негізгі кезеңдері. Сөйлеу мәдениетінің шешендіктанумен, стилистикамен, әдеби тіл тарихымен, қазіргі қазақ тілімен байланысы. Сөйлеу мәдениеті мен шешендіктану талдамаларының қалыптасуына ұлт тілтанушыларының, жазушыларының және педагогтарының үлесі.

- Тіл және сөз (сөйлеу), олардың негізгі қызметі, қатынас түрлері. Сөйлеу іс-әрекеті туралы ұғым. Сөйлеу іс-әрекетінің түрлері (сөйлесім, оқылым, тыңдалым, жазылым). Қатынас және сөйлеу іс-әрекеті. Мұғалім сөзі - оқыту мен тәрбиелеудің құралы. Педагогикалық коммуникацияның ерекшеліктері.

- Сөз сөйлеудің ауызша және жазбаша формалары, олардың ерекшеліктері. Монолог, диалог, полилог туралы түсінік. Мұғалім сөзінің монологтық және диалогтық түрлері, олардың сабақ барысындағы орны. Мұғалім іс-әрекетіндегі вербальды, бейвербальды (ым-ишарат) қатынас.

- Оқу-сөйлеу жағдаяттары мен мұғалімнің сөйлеу стильдері туралы түсінік. Оқу-сөйлеудің типтік жағдаяттары, олардың ерекшеліктері.

- Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің сөйлеу тазалығы мен дұрыстығы. Норма туралы түсінік. Норма - әлеуметтік құбылыс. Норма және қалыптасу (кодификация) мәселесі. Норманың көп нұсқалылығы және ауыспалылығы. Норма қызметі және эволюциясы. Сөйлеудегі жиі ұшырасатын қателіктер және норма келешегі. Оның жүйеге, нормаға және қағидаларға қатысты олқы тұстары.

- Мұғалім сөзінің дәлдігі. Мұғалім сөзіндегі терминдер мен кәсібилік. Терминдерді қолданудағы ұқыптылық. Терминдерді қолдануға енгізу амалдары. Мұғалім сөзінің логикалығы. Жиі кездесетін логикалық қателіктер, оларды болдырмау амалдары. Мұғалім сөзінің байлығы мен мәнерлілігі. Сөйлеу жағдаятына орай таңдалған құралдардың сабақ тақырыбы мен материалға сәйкестігі. Кәсіби сөйлеу барысындағы тұрақты қолданыстардың (штампылы тіркестер, шартты сөздер, ырғақтылық, әуезділік, үнемділік, саздылық қалыптары) үйлесімділігі. Мұғалім сөзіндегі образдылық тудырар құралдар. Қателіктер жиынтығы. Сөйлеудегі қателіктер мен олқы тұстар. Оқушылардың сөйлеуін бағалау шарттары.

- Мұғалімнің сөйлеу мәдениетінің реті. Сөйлеу этикеті. Сәлемдесу, қоштасу, кешірім өтіну, алғыс білдіру қалпын таныту құралдары, байланыс орнату құралдары, т.б. Такт, қолдау, қарапайым кейіп таныту, келісім қалыптары. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі сөйлеу этикасы және сөйлеу этикеті.

- Дауыс қалпы, сөйлеу техникасы. Мұғалім дауысының кәсіби сапалылығы:

жағымдылығы (ырғақ тазалығы мен анықтылығы); дыбыстау қарқындылығы және кең диапазонды ырғақтылығы; сөйлеу жағдаятына сәйкесті табиғи құбылуы, икемділігі; ұшқырлығы (еш ышқынысыз әсерлі де жағымды естілуі); төзімділігі (жоғары деңгейде дыбыстауға қабілеттілігі, шыдамдылығы); бейімделгіштігі (темірлік, әуезділік, динамикалық икемділігі); дыбыстық кедергілерге шыдамдылығы (темірден жаңылмау, дауыс жағымдылығын сақтай білуі, түрлі дыбыстық кедергілерге қарсы тұра білуі); толғанысын тежей білуі (өз дауыс тонында эмоцияны аңғартпауы және сөздің мағыналық құбылуына қарамастан адресатқа әсер ете білуі).

- Дауыс, сөйлеу және дыбыстау бірлігі. Сөйлеу аппараты, оның қызметі. Сөйлеу сәтіндегі тыныс алуды ұйымдастыру. Тыныстау (тыныс алу) механизмі (құрылымы), дауыс қалпы және артикуляция бірлігі. Ән айту мен сөйлеу, олардың бірлігі мен өзіндік ерекшеліктері. Резонаторлар туралы түсінік. Дыбыс спектрі және дауыс тембрі. Дауыс күші мен жоғарылығы, қарқындылығы. Сөйлеу ырғағы (темп), кідіріс. Түрлі акустикалық жағдайлардағы сөз сөйлеу реті. Дыбыстау сәтіне талдау жасау және дыбыстау сәтінің моделі. Дауыс қойылысындағы жекелеген ерекшеліктерді есепке алу. Мұғалім мен оқушының дауыс гигиенасы.

- Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі сөйлеу қалпы (сөйлеу шығармашылығы, жанрлары). Мәтін, мәтіннің басты белгілері және оның ерекшеліктері мен құрылымы туралы түсінік. Сипаттау, баяндау, талдау. Текст типологиясы және жалпы коммуникацияға қатысты мәтіндердің сан алуандылығы, олардың маңызы мен ерекшеліктері. Алғашқы және кейінгі сөйлеу жанрлары.

- Ауызша сөйлеу қалпы. Әңгіме - педагогикалық тақырыпта бір немесе бірнеше тұлғалармен диалог, пікірлесу формасы. Әңгіменің дәрістен айырмашылығы. Әріптестермен әңгімелесу (кәсіби қатынас). Ата-анамен әңгімелесу. Қарым-қатынас мәдениеті, оның қырлары, әңгімелесу үстіндегі мәдениет, оқушылар қатыстырылған ата-аналар жиналысында әңгімелесушіңді (диалогтасушыңды) тындай білу. Есеп, оның тілдік ерекшеліктері. Себеппен салдарлық-бағалаушылық байланыстың көрініс табуы (анықтық, айқындылық, нақтылықтың берілуі).

- Талқы, ойталқы (диспут), пікірталас (дискуссия), пікірталас, осы ауызша қарым-қатынас формаларына тән ортақтық, әрқайсысына тән ерекшеліктер. Ойталқы мен пікірталасуды ұйымдастыру. Пікірталасу тақырыптарының қағидағатты жүйесі. Пікірталасу бағытында сөз сөйлеу, оның ерекшеліктері. Пікірталасудағы сөйленер сөздің эмоционалдылығының талап үлесінде болуы. Эмоционалды бағалауды жүзеге асырудың құралдары. Жүргізуші (модератор), оның рөлі.

- Шешендік сөз, оның ерекшеліктері. Шешен сөйлеу амалдары. Шешен сөзіндегі ым-ишарат. Тыңдаушылармен байланыс орнатудағы вербальды құралдар. Шаршы топ алды үгіт-насихат бағытында сөз сөйлеу, оның ерекшеліктері, интонациялық бояуы (ырғағы, тоны). Әңгіме-

публицистикалық стильде ауызша ой бөлісу бағытында сыни тұрғыда сөйлеу. Ой бөлісудің тоны. Тындаушылармен қарым-қатынас орнату мәдениеті. Құттықтау сөз. Мәжілістерді, конкурстарды, жиындарды, т.б. ұйымдастыру, жүргізу.

- Жазбаша сөйлеу қалпы. Мазмұндама - өткен жағдаят негізінде құрастырылатын мәтін. Өткен материалдар негізіне мәтін мазмұнының сәйкестігі. Қысқа да нұсқа мазмұндау. Ықшам нұсқадағы мәтін деңгейі және тілдік-сөйлеу міндеттері. Конспект, оның түрлері (толық, қысқа тезистік); тезис, резюме (түйіндеме), оның ерекшеліктері. Кітап аннотациясындағы, алғы сөз бен соңғы түйіндегі қысқа да ықшам мазмұндау қалпы, жазбаша пікір берудегі, хат жазудағы, пікіралмасудағы ықшамды мазмұндау. Екшеулі, іріктеулі қалыптағы мазмұндау (жан-жақты електен өткізіле және қысқа мазмұндау). Материалдарды іріктеу, елеулі тұстарды ара-тұра оқу. Әдеби тақырыптағы ойталқыдағы, пікір білдірудегі, рецензия жазудағы екшей, іріктей мазмұндау.

- Аннотация - әңгімеге арқау болып отырған оқиғаға қатысты мәтіннің мазмұны, негізгі даму көздері, авторы турасында мәліметтер берілетін ықшам үлгідегі қысқа да нұсқа мазмұндаудың бір түрі. Аннотацияның әзірлену бағытына қатысты түрлері. Мамандыққа қатысты әдебиеттер, жаңа педагогикалық әдебиеттер турасындағы аннотация. Аннотацияның жазылуы. Пікір (мұғалімнің баяндамасы туралы, мамандыққа қатысты кітаптар туралы, т.б.). Пікір және рецензия (сәйкестігі және айырмашылығы). Рецензия түрлері. Пікір жазудағы және рецензия әзірлеудегі дәйек сөздерге сілтеме жасау этикасы. Баға беруді таныту құралдары.

- Реферат. Мамандыққа қатысты жаңа кітаптар жөнінде, педагогика қақында және т.б. бойынша жазбаша реферат әзірлеу. Реферат ерекшеліктері. Реферативті журналдармен танысу. Шолу рефератының ерекшеліктері. Биография және өмірбаян, ортақ тұстары мен айырмашылықтары. Биография мен өмірбаянның іскерлік тұрғыдағы баяндаудың түрі екендігі. Белгілі педагогтың, мұғалімнің, оқушының өмірбаяны. Мінездеме элементтері қосылған биография. Әдебиеттегі педагогикалық тақырыптағы биографиялық және автобиографиялық жанр.

- Жеке тұлғаға берілген мінездеме-талдама жасаудың түрі. Оқушы мінездемесі (мұғалімге, ата-ананың біріне берілген мінездеме, т.б.). Салыстырмалы мінездеме (екі оқушыны, ата-ананы, мұғалімдерді, т.б.). Топтық мінездеме (сыныпқа, үйірме мүшелеріне, т.б.). Жеке тұлғаға берілген мінездеменің стильдік тұрғыда жіктелуі. Әдебиеттегі педагогикалық тақырыптардағы авторлық мінездеме. Сұхбат - радио және теледидар жанры. Мұғаліммен, мектеп директорымен сұхбат, оқушы ата-анасымен, мектепке (сыныпқа) шақырылған соғыс, еңбек ардагерімен, жазушылармен сұхбат, т.б. Коммуникативтік қойылымға және сөйлеу жағдаятына байланысты сұрақтарды екшей, жүйелей білу. Әңгімелесу және сұхбат жүргізуге даярлығы мен импровизациясы.

- Педагогикалық тақырыптағы баяндама. Реферативтік бағыттағы (әдебиеттерге шолу) баяндама. Баяндама - жұмыс тәжірибесін (өзіңіздің не жинақтанған материалдарыңыз бойынша) жинақтау үлгісі. Шаршы топ алды ауызша сөйлеу формасы ретінде баяндама ерекшеліктері. Баяндаманы даярлау. Тындаушылармен байланыс орнату құралдары. Назар аударту құралдары, танымал болу (танымалдылық) құралдары. Баяндамада сандық материалдар мен дәйексөздер келтіру. Баяндамадағы негізгі ырғақтылық, логикалық екіпін, кідірістер. Себеп-салдарлық-бағалаушылық және мақсаттық қарым-қатынасты аңғарту құралдары. Ғылыми болжам мен зерттеу, хабарлау міндеттерін аңғарту құралдары. Баяндамадағы негізгі және қыстырма құрылымдардың қолданылуы.

- Ата-аналарға, мөлтек аудан тұрғындарына арналған дәріс, т.б. Монолог-дәріс, диалог-дәріс. Тындаушылармен байланыс орнату. Дәріс ырғағы. Дәріске дайындалу. Танымалдылық амалдарын қолдану. Дәрісті тілдік тұрғыдан өңдей әзірлеудің ерекшеліктері. Іскерлік хабарламаның және талдаманың түрлері ретінде үйірме, әдістемелік бірлестік жұмыстары (ауызша, жазбаша) бойынша есеп.

- Газет жанры ретінде мұғалім туралы очерк. Педагогикалық қарым-қатынастағы хат. Ата-аналар хаты, оқушылармен (сыныппен) хат алмасу. Газетке хат жолдау. Ауызша хат (радиоға жолданған, мектеп радиогозеті арқылы берілген хаттар). Әдебиеттегі педагогикалық тақырыптағы хат. Эпистолярлық жанр. Байланыс орнату құралдары. Жеке хат жазысудағы әңгіме стилі. Автор хатының жинақтылығы.

- Күнделік, оның түрлері. Кәсіби бағытқа икемделген жеке педагогикалық күнделік. Еркін үлгідегі жазбалар. Әдебиеттегі педагогикалық тақырыптағы күнделік жазбалары. Мектеп қабырға газеті (электронды газет). Балалар газетінің ерекшеліктері. Балаларға арналған БАҚ материалдарының жанрлық түрлері. Мектеп үнқазының (жарысының) жұмысын ұйымдастыру негіздері.

Демек, «Педагогикалық шешендіктану» курсы мұғалімді кәсіби қарым-қатынасқа үйрету сынды нақты практикалық бағытқа ие. Жоғарғы ретте тарата айтылған бағдарлама нұсқасында аталмыш курстың мазмұны (нақтылы білім мен риторикалық ұғымдар қалыптастырылатын коммуникативті-риторикалық білік; риторикалық идеялар) айқындалған. Бағдарлама интегративті қалыпқа ие. Бұнда курстың жалпы идеясына сай, яғни, мақсатты бағытта тиімді кәсіби қарым-қатынасқа үйретуге бағытталған түрлі тілтану (сөйлеуге баулу) пәндерінің (сөйлеу мәдениеті, шешендіктану (риторика), прагматлингвистика, т.б.) материалдары қамтылған. Сол себептен де бүгінгі зерттеу жұмыстарымызда қарым-қатынастың ерекшеліктеріне баса акцент беріледі. Нәтижеде педагогикалық шешендіктанудың қалыптасу ерекшеліктері, оның негізгі категориялары айқындалып, педагог дауысының өзіндік ерекшелігі, педагогикалық жөсілер, мұғалімнің сөйлеу мәнері, тыңдау мәдениеті, оқу

мәдениеті, мұғалімнің сөйлеу стилінің интонациялық белгілері (мұғалім сөзіндегі интонациялық стиль) таразыланып, сөйлеу мәдениетіндегі педагогикалық интонациялық стильдер жүйесі жіті зерделенуде. Сондай-ақ, мұғалімнің коммуникативтік әрекетінде маңызды орын алатын педагогикалық сөйлеу жанрлары саралана зерттелуі тиіс. Мәселен, ақпараттық оқу диалогы, түсіндіру түріндегі монолог, түсіндіру мақсатындағы диалог, педагогикалық күнделік түзу, мұғалімнің әрекетін бағалау-таразылау бағытындағы сөзі, т.б. Бұған қоса мұғалім сөзіндегі жиі қолданылатын жанрлар, мәселен, ауызша әңгіме, салыстырмалы талдамалар, ата-аналарға арналған дәріс, педагогикалық тақырыптардағы пікіралмасулар т.б.

Заман талабына орай жұмыс берушілердің, аңғарымпаз үздік оқытушылардың ұсыныстарына сәйкес жекелеген факультеттердегі оқу жоспарларының жетілдірілуі, бакалавриаттың ерекшеліктеріне орай қосымша жаңа мамандықтардың (маманданулардың) ашылуы жалпы шешендіктану, сондай-ақ, жеке шешендіктану курстарының, мәселен, журналист шешендігі, іскерлік қатынастағы шешендік, әлеуметтану, экономика, құқықтану мамандықтарына арналған арнайы шешендіктану курстарын енгізуді, олардың бағдарламалар жүйесін талдап әзірлеуді күн тәртібіне шығаруда.

Студенттерді оқытудағы эксперименттік-зерттеу тәжірибелері педагогикалық шешендіктану курсы жүргізуде инновациялық сабақтар фрагменттерінің, бейнефильмдердің, телесұхбат, телехабарлардың, шеңберлік кластарының, тақырыптық дөңгелек үстелдердің бейнежазбаларының ерекше орын аларын байқатады. Осы реттегі оқу құралдары ғана қарым-қатынас үрдісінің дәл өзін, мұғалім мен оқушы арасындағы сөйлеу-сөйлесу әрекетін жан-жақты талдау нысаны тұрғысында қарастыруға толық мүмкіндік береді. Демек, жоғары оқу орындарында және орта мектептерде шешендіктануды оқыту арнайы видеотека құруды және бейнеәдістемелік талдамаларды жүйелі жүргізуді қажет етеді [15; 16; 17].

Қысқасы, бүгінгі негізгі міндеттерінің бірі - «педагогикалық шешендіктану» («педагогикалық риторика») атауын аталған кәсіби бағыттағы оқу пәнін оқытудың ғылыми - әдістемелік жүйесін теориялық тұрғыда негіздей, эксперименттік тұрғыда саралай түсу. Бұл орайдағы басты концептуальды қағидалы ұстаным мұғалім мамандығының коммуникативті салаға бірден-бір қатыстылығына сәйкесті педагогикалық жоғары оқу орнының әрбір түлегінің еркін сөйлей білуіне, қарым-қатынас мәдениетінің білік-дағдыларын меңгеруіне, аудиториямен байланыс орната алуына (белгілі бір деңгейде аудиторияға әсер етуі) негізделеді. Педагогикалық шешендіктану оқу-тәрбие үрдісінде туындайтын сан түрлі коммуникативті міндеттерді шешуге даяр болу қабілеттерін қалыптастыруға қатысты мұғалімнің кәсіби коммуникативтік күздіреттілігінің негізін қалауы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Қыдыршаев А.С., Әжіғалиев М.Қ. Педагогикалық шешендіктану. Бағдарлама. – Орал, 2007. – 24 бет.
2. Әжіғалиев М.Қ. Жоғары оқу орында-рында «Педагогикалық шешендіктану» курсының оқытудың әдістемелік жүйесі. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғыл. дәреж. алу үшін дайындал. дисс... авторефераты. Көкшетау, 2010. – 29 бет.
3. Педагогикалық риторика. Типтік оқу бағдарламасы. Құрастырушылар: Ж.Қ.Балтабаева, Қ.Ө. Есенова, А.С.Қыдыршаев. Алматы, 2016. – 14 бет.
4. Леонтьев А. А. Педагогическое об-щение. - М.,1996.
5. Педагогическое речеведение: словарь

- справочник / Под ред. Т.А.Ладыженской. - М., 1993.
6. Битянова Н.Р. Риторика и техника преподавания учителя. - М.,1994.
 7. Ершова А.П., Букато В.М. Режиссу-ра урока, общения и поведения учителя. - М.Воронеж, 1995.
 8. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. - М.,1987.
 9. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. - Орал, 2004. - 156 бет.
 10. Қыдыршаев А. С. Шешен - лектор профессиограммасы. - Орал, 2004. – 56 бет.
 11. Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы. - Орал 2005. – 142 бет.
 12. Қыдыршаев А.С. Қазіргі мектеп мұғалімі және шешендіктану ілімі// «Орал өңірі» газеті, 2006, 5 қыркүйек, -

2 бет.

13. Қыдыршаев А.С., Төлегенова Д.Қ. Искерлік шешендіктану қағидалары. Оқу құралы. - Орал, 2007. – 68 бет.
14. Қыдыршаев А.С. Кестелі шешендіктану. - Орал, 2007. – 88 бет.
15. Аверьянов А.И., Рассказова А.Л., Чижова К.И. Психолого-педагогические аспекты деятельности современного педагога. Методические рекомендации для студентов МГПИ. 2010.
16. Морева Н. А. Основы педагогического мастерства : Учеб. пособие для вузов -Просвещение, 2006.
17. Дейл Карнеги. Как влиять на людей и выработать уверенность в себе, выступая публично. - Москва: Издательство АСЕ, 2022.

Тұрлыбек Гүлбарам Қайшыбекқызы

Жамбыл облысы Шу қаласы
«Жібек жолы мектеп-лицейі» КММ директоры

СЫР СҰЛУЫ

Мен бүгін сөз еткелі отырған тұлға, ол-студенттік өмірімнің куәгері, жалын атқан жастықтың жаршысы, тобымыздың топжарғаны- Жарқынбике Нуайқызы. Ауылдан мектеп бітіре салып, шыт көйлекпен, шат көңілмен, Алматының көшесін табанымен алғаш басқан кез. Ортамызда Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келген, 1979-1983 жылдары Қызылорда қаласындағы М. Мәметова атындағы педагогикалық училищесін үздік бітірген, бізге қарағанда бой түзеп, ойы ұзарған Жарқынға қызыға қараушы едім. Бояна да білмейтін маған көзін кара қарындашпен қарлығаштың қанатындай етіп, сызып қоятын әдеті ұнаушы еді. Жарқын тек сырт әдемілігімен ғана емес, ішкі жаратылысымен де ерекше екендігін уақыт өте сездім. Көйлегіміз көк болмаса да, көңіліміз тоқ замандағы біздерге білім құдығын қазу үшін бос уақытта А.С.Пушкин атындағы орталық кітапханаға бару, ондағы ерекше атмосфера ны сезіну бақыты дарыпты. Қолға тие бермейтін ғылыми еңбектер, мақалалар, әр түрлі басылымдарды алып, білімнің сарқылмас бұлағынан сусындап, сарайымыз ашылушы еді.

Уақыт -сарқылатын байлық. Мәңгі студент болып қалмайды екенсің, әрқайсысымыз еліміздің әр бұрышына сапар шектік. Жарқын да Қазақ мемлекеттік қыздар педагогтік институтының Филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын үздік бітіріп, жарқ еткен білімін жалғай түсті.

Еңбек жолын 1987 жылы Павлодар пе-

дагогика институтында аға оқытушылық қызметтен бастады.

1989-1990 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында ізденуші, 1990 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында оқытушы қызметін атқарды.

1993 жылы белгілі ғалым, профессор С.М. Исаевтың жетекшілігімен «Оқу орыс тілінде жүретін мектепте қазақ тілінен етістікті оқыту» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, 2005 жылы белгілі ғалым, профессор Н.О. Оралбайқызының жетекшілігімен «Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. 2010 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаулысымен профессор ғылыми атағы берілді.

Ж.Н. Сүлейменова 1990 жылдан осы кезеңге дейін қазіргі Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде аға оқытушылықтан бастап, доцент, профессор қызметін атқаруда. Бірқатар жылдары ректорат кеңесінің ғалым хатшысы, декан орынбасары, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды.

2012-2016 жылдары Түркия Республикасы Нийде Өмер Халисдемир университетінің шақыруымен Түркі тілдері мен әдебиеті бөлімінде профессор қызметін атқарды, бірнеше халықаралық ғылыми жобаларға қатысып, түркі мәдениеті мен тілдерінің дамуына өз үлесін қосуда. 2018 жылы

Түркия Республикасының «Түркі әлеміне еңбегін сіңірген қайраткер» сыйлығының иегері атағымен марапатталды.

Ғалым келбетінің кемелденген кезеңінде Түркия Республикасы, Польша Халық Республикасы, Ресей, Жапония, Қытай Халық Республикасы, Өзбекстан, Азербайжан, т.б. мемлекеттерде өткен ғылыми конференциялар, симпозиумдар мен форумдарда жоғары білім беру жүйесі мен тіл білімі терминдері, түркілік ортақ терминологиялық қор мәселелері бойынша талқылауларға қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісіп келеді.

Бүгінде ғұмырын ғылымға арнаған Сүлейменова Жарқынбике Нуайқызы педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Ғылым жолындағы дара жолы оны қарапайымдылығынан айыра алмаған және ғұмырлық ізденісі арқасында «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі», Қазақстан Республикасы «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының екі мәрте иегері атанды. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің дамуына қосқан үлесі үшін 70 жылдық мерейтойына орай «Құрмет белгісі» медалімен, 2018 жылы Түркия Республикасының «Түркі әлеміне еңбегін сіңірген қайраткер» сыйлығының иегері атағымен, Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Міне, мен таныған Жарқын осындай. Жаны нәзік, қарапайым және еңбектің кермек дәмін көп татқан жан. Еліміздің ғылым саласын дамытуда бедел биігінен түспесе екен деймін.

СҮЛЕЙМЕНОВА ЖАРҚЫНБИКЕ НУАЙҚЫЗЫ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨРНЕКТІ ЖАҢАШЫЛ ҒАЛЫМЫ

Ғылым саласында кейбір адамдар өздерінің жаңашыл жаңалықтарымен ғана емес, сонымен бірге өмірге көзқарасымен, адамзат білімін ілгерілетуге деген құштарлығымен де ерекшеленеді. Қазақстанның көрнекті ғалымы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Сүлейменова Жарқынбике Нуайқызы – ғылыми ортада өзіндік орны бар ерекше жан.

Ғалым мәдени мұраға бай оңтүстік өңірі, Қызылорда қаласы Қазалы ауданында дүниеге келген. Жастайынан ысылып өсіп, еңбекқор, оқуда озат, қатарының алды болды. Атақты С. Исаев, Н. Оралбайқызы сияқты ғалымдардың шәкірті, ізбасары. 1993 жылы белгілі ғалым, профессор С. М. Исаевтың жетекшілігімен «Оқу орыс тілінде жүретін мектепте қазақ тілінен етістікті оқыту» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, 2005 жылы белгілі ғалым, профессор Н. О. Оралбайқызының жетекшілігімен «Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. 2010 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаулысымен профессор ғылыми атағы берілді. 1990 жылдан бүгінгі күнге дейін Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде еңбек етіп, университеттің дамуына, көркеюіне зор үлесін қосып, айтулы оқиғалардың куәсі болған. Еңбек жылдарында оқытушы қызметінен бастап, ректорат кеңесінің ғалым хатшысы, декан орынбасары, кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Кафедра меңгерушісі қызметін атқарған кезде басшыға лайық барлық қасиеттерді көре білдік. Сұлу келбетімен көркем мінезі жарасып, жастарға тек ғылыммен ғана емес, парасаттылығымен, кішіпейлділігі, ортада өзін ұстау мәдениеті, толеранттылығы, сыпайылығы сияқты толған адами қасиеттерімен үлгі болып, кез келген адамды баурап алатын. Мұндай қасиетін түрік бауырларымыз да байқағанын мынадан байқаймыз: 2012 жылы Түркия Республикасы Нийде Өмер Халисдемир университетінің шақыруымен Түркі тілдері мен әдебиеті бөлімінде профессор болып қызмет етуге барып, 3 жылдан кейін келісімшарт мерзімі аяқталған соң да 2016 жылға дейін созылып, олардың тарапынан профессорды қалғанын қаласа да, патриоттық сезімімен елге оралып, қызметін жалғастырды. Ғылыми сауатты, жаңашыл, ұйымдастырушы, көшбасшылық қабілетінің арқасында 2018 жылы Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің жанынан ашылған «6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті», «6D020500-Филология мамандықтары» бойынша докторлық диссертация қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасы қызметін осы күнге дейін

атқаруда.

Ғылым жолында тоқтаусыз ізденісі, қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты жазған еңбектері әдістеме ғылымының дамуына ерекше әсер етті. Ғылымдағы карьерасы Жарқынбике Нуайқызын танымал етіп, оның жаңашыл зерттеулері, авторлық куәліктері мен патенттері, зерттеу жұмыстары, білім берудегі жетістігі «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсының екі мәрте жеңімпазы етті.

Ж.Н.Сүлейменованың авторлығымен бірнеше монография мен оқулықтар, оқу құралдары, электронды оқулықтар жарыққа шыққан. Бірнеше халықаралық, республикалық ғылыми жобалардың жетекшісі, орындаушысы болған.

Тек 2021-2023 жылдар аралығында жүзеге асырылған «Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы ұлттық бренд негізінде меңгерту» атты мемлекеттік гранттық қаржыландырылған жоба аясында жариялаған еңбектері туралы айтатын болсақ: Халықаралық Scopus базасындағы, процентілі 84, Q-1 журналда екі мақаласы, ҚР ҒҖЖБСБК тізіміне енетін журналға 3 мақала, РИНЦ-ке бір мақала жариялап үлгерді. Бұл жобада ең ірі жұмыстар ретінде қазақ тілін шетелдіктерге үйрету үшін даярлаған «Taqazanlingua» мобильді қосымшасы мен платформасын жасауда ғалымның сіңірген еңбегі орасан. Мобильді қосымшаның А1, А2, В1 деңгейлеріне арнап, әр деңгейге 15 модуль, 1 модульде 7 сабақ, әр сабақта 8 тапсырмадан, бас-аяғы 2520 тапсырма құрастырысып, жобаның ең сүбелі жұмысын талмай орындап шықты. 2 бөлімнен тұратын В 1 деңгейге арналған «Саяхаттап оқиық» оқу құралы, «Қазақ тілі» (2022 ж.) электронды оқулығы, 3 бөлімнен тұратын «Қазақ тілі: ұлттық бренд» (2023 ж.) электронды оқулығы, қазақ тілін цифрландыру мақсатында даярланған You Tube арнасындағы 105 бейнесабақтарды даярлау, түсу, «Қазақ тілі: бейнесабақтар» әдістемелік нұсқаулығын құрастыруда жетекші ғалым ретінде жобаның сәтті аяқталуына септігі тиді. Жобаның эксперименттік жұмыстарын жүргізгенде, әсіресе қазақ тілін шетелдіктерге ұлттық бренд арқылы меңгерудің тиімділігін анықтау үшін және бейнесабақтарды апробациядан өткізу үшін жасалған эксперимент жұмыстарын әдіскер ғалым ретінде ұйымдастырып, сауалнама алу, сұқбат жүргізу, олардың қорытындысын шығару сияқты жұмыстарға бағыт-бағдар беріп, жүзеге асырды. Бұл тек бір жоба аясында жасаған жұмыстары десек, ғалымның бұдан өзге мақалалары, оқу құралдары, оқулықтары, монографиялары қаншама?

«Қазақ тілін оқыту әдістемесінен қысқаша анықтағыш-сөздігінде» [1] қазақ тілін оқыту әдістемесінде кездесетін бүкіл терминдік сөздердің түсініктемесін жасап, 290 терминді қамтыған. Айталық, алфа-

вит ретімен орналасқан термин сөздердің барлығы қалай қолданылады, ол қайдан шыққан, кім ойлап тапқан, оның атқаратын қызметі түгел жазылған. Кітаптың көлемі де үлкен, 248 беттен тұрады. Бұл сөздік – бүгінгі күнге дейін магистранттар, докторанттар, тіпті оқытушылар үшін де таптырмайтын көмекші құрал.

Профессор Ж.Н.Сүлейменованың қазақ тілін оқыту әдістемесі әлемінде ерекшелік көрсететін тұсы көп. Соның бірі – жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесін жазғаны. Оқу құралының атауы да тура осылай аталады [2]. Бұл еңбекте жоғары мектепте қазіргі қазақ тілі мен морфологиясы ғылыми курсы оқытуды ұйымдастырудың тиімді жолдары мен белсенді оқыту әдістері, техникалық оқу құралдарын қолдану әдістемесі баяндалған. Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінен сабақ берген жас мамандар осы кітаптарды басшылыққа алып, оқытудың белсенді әдістерін үйрене алды.

Қазақ тілін дамытуға қосқан үлесін Қазақша – орысша – ағылшынша - түрікше тілдер» атты жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарына, докторанттарға, жалпы, тілдерді өз бетінше үйренуші қауымға арналған еңбегінен байқаймыз [3]. Бұл еңбек шетелдерге туристік немесе ғылыми, іскери, басқа да қызмет бабымен сапарға шығатындар мен шетелдік компанияларда жұмыс істейтін қызметкерлерге арналады.

Осы сияқты 2014 жылы басқа авторлармен бірлесе даярлаған түрікше-қазақша сөздікте ең жиі қолданылатын 2500 сөз, сөз тіркестері қамтылған [4].

Бұл сөздіктердің ғалымның Түркияда түріктерге қазақ тілін үйретуде сөздіктердің жетіспеушілігі қажеттілігінен жасалғаны сөзсіз. Сөздікте күнделікті тұрмыста және мерзімді басылымдарда жиі қолданылатын, яғни тілде қолданылуы белсенді, қоғамдық өмірдің әр алуан саласында жиі қолданылатын екі мың бес жүзге жуық сөздер мен сөз тіркестері қамтылды. Сөздіктің мақсаты - қазақ тілін үйренушілердің сөздік қорын кеңейту, лексикалық бірліктерді дұрыс қолдана білуге дағдыландыру, сөздерді орфоэпиялық нормаларымен дұрыс айта білуге, қазақ тіліндегі сөздік қорын игеру ту арқылы, қатысымдық құзыреттілік қалыптастыруға ықпал ету. Аталмыш сөздік түрік студенттері мен магистранттарға, сонымен қатар қазақ тілі мен түрік тілдерін өз бетінше үйренуші қауымға, жалпы, тіл үйренушілерге арналады.

Ғалым – тек қазақша-түрікше ғана емес, 4 тілді қамтыған Қазақ-орыс-ағылшын-қытай тілдерінің сөздігін құрастырушы, сондай-ақ, «Ұйғырлардың материалдық емес мәдени мұрасы Қазақстан бойынша» атты ұйғыр-қазақ тілінде жазылған, 457 беттен тұратын қомақты жобалық еңбектің

құрастырушысы.

Еңбектердің ішінде қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты жазылған, оның ішінде өзге тілді мектептерде қазақ тілін меңгертуге байланысты оқу құралын ерекше атауға болады. Кітаптың алғашқы бетінде «Асыл ұстазым, ҚР ҰҒА-ның корр.-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор С.М.Исаевтың рухына бағыштаймын» деп жазылған сөйлем ұстазына деген ілтипатын көрсетеді. Оқу құралында өзге тілді мектептерде қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері ұсынылған деуге негіз бар. Өйткені қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихына шолу жасаудан бастап, өзге тіл ретінде оқытудың психологиялық, педагогикалық негіздері айтылады. Өзге тілді мектептерде қазақ тілін оқытудың әдістері, сабақ құрылымы мен түрлері толықтай сипатталады. Кітапта етістіктің барлық категорияларын қалай оқыту туралы егжей-тегжейлі жазылған [5].

Қорыта келе айтар болсақ, Жарқынбике Нуайқызы қазақ тілін оқыту мен педагогика саласындағы жаңашыл зерттеулерімен

қазақ ғылымының дамуына елеулі үлес қосты. Мәдени және тілдік мұраны сақтаудың айрықша маңыздылығын ескере отырып, ол өз күш-жігерін қазақ тілін оқыту мен меңгертуді жетілдіруге бағытталған инновациялық әдістемелерді әзірлеуге арнады. Оның жұмысы қазақ тілін меңгертуге және сақтауға, әсіресе тілді қолдануда қиындықтарға тап болған өңірлерде терең әсер ететін тиімді білім беру тәсілдері мен бағдарламаларын жасауға көмектесті.

Сонымен қатар, оның білім беру технологиясындағы еңбегі тілді оқытуды ілгерілетуде маңызды рөл атқарды. Сүлейменова Жарқынбике Нуайқызының зерттеулері тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде қазақ тілін меңгергісі келетін адамдар үшін тілді үйрену нәтижелерін жақсартуға көмегі тиетін жаңа әдістер мен тәсілдерді енгізуге өз үлесін қосты.

Ол артынан ерген шәкірттеріне, докторанттарына, әріптестеріне үлгі бола отырып, түрлі тәлімгерлік бастамалардың басы-қасында жүреді. Ғылымға деген қызығушылық арту үшін табанды болудың маңызды екендігін әрдайым айтып отыра-

ды. Сұлулық пен көркем мінездің үйлескен символындай болған апайымыз әрі әріптес, әрі ғылымдағы біз сияқты сіңлілеріне нағыз педагогтың жарқын үлгісін көрсетті. Жүз жасаңыз!

Әдебиеттер тізімі:

1. Сүлейменова Ж., Орынбаев А., Абитжанова Ж. *С 85 Қазақ тілін оқыту әдістемесінен қысқаша анықтағыш-сөздік.* - Алматы, «Эверо» 2009. - 248 бет

2. Сүлейменова Ж. *Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқу құралы.* - Алматы, 2018. - 266 б.

3. Suleimenova J., Osman. *Geçer G., Tileujanova A. Tilaşar.* Алматы, 2014. – 220 бет.

4. Süleyменова J., Baltabaeva J., Yılmaz G., Sarbalina A., Soydan S., Sametova J. *KAZAKÇA-TÜRKÇE TÜRKÇE -KAZAKÇA EL SÖZLÜĞÜ.* ALMATY – 2014. – 228 бет.

5. Сүлейменова Ж.Н. *Қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері.* Алматы, 2001. – 115 бет.

Жаңабекова А.А.

*Ф.ғ.д., бас ғылыми қызметкер,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Қазақстан, Алматы қаласы
aiman_miras@mail.ru*

«ҚАЗАҚ СӨЗФОРМА ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЖИЛІК СӨЗДІКТЕРІ» АТТЫ ЕҢБЕК БОЙЫНША СТАТИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУЛАР

Ғылыми-техникалық прогресс, электронды-есептеу техниканың дамуы, нақты әдіс-тәсілдердің түрлі білімдер салаларында қолданыс табуы тіл біліміне, соның ішінде түркітануға да өз ықпалын тигізді.

Өткен ғасырдың өзінде үндіеуропа тіл білімінде кең тараған статистикалық әдіс түркітануда, соның ішінде қазақ тілінде тек XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап жүйелі және ғылыми тұрғыда қолданыла бастады. Бірақ бұдан бұрын да аталған әдіс ішінара қолданыс тауып, тілдің әр деңгейіндегі бірліктердің сандық және пайыздық арасалмағын анықтаумен шектеліп келген болатын.

Тіл ерекшелігі мәтіндердің жанрлық (стильдік) түрлеріне қарай да ажыратылады. Осындай айырымдарды қазақ тілінің әртүрлі жанрларына қатысты статистикалық жолмен негіздеуді қазақстандық статистика тобының ғалымдары 70–80-жылдары өз мақсаты етіп қойған болатын. Мысалы, Қ.Молдабеков пен Б.Е.Қалыбековтер балалар әдебиеті мен бастауыш сыныптарының оқулықтарын зерттеуді өз міндеттеріне алса, А.Р.Зекенова – М.Өуезовтің драмалық шығармалар тілін, А.Ахабаев – газет тілін, А.Белботаев – ғылыми-техникалық стиль,

математикалық стиль тілдерін өз зерттеу нысандары етіп алып, алғашқы ғылыми нәтижелерге қол жеткізді.

Түркі тіліндегі мәтіндерді статистикалық тәсілмен зерттеу – бұл тілдің ішкі табиғатына, яғни агглютинативті құрылымына негізделеді. Мамандардың пайымдауынша, кітаби және сөйлеу тіліндегі түрлі типті сөздердің әр ыңғайдағы қолдану жиілігін анықтайтын мұндай тәсіл тілдің құрылымдық-грамматикалық, кейде стильдік-семантикалық айырым белгілерін ажырата отырып, осы стильдерге тән қасиеттерді анықтауға мүмкіндік жасайды.

Тіл – дамып отыратын динамикалық құбылыс. Сондықтан тілдегі кейбір құбылыстарды әркез қайта қарастырып, ондағы өзгерістер мен жаңалықтарды тіркеп, реттеп отыру қажет. Қазақ жазуын реформалау тек әліпби ауыстыру ғана емес, тілдік заңдылықтарды қайта жаңғырту мәселесімен де тығыз байланысты. Осы орайда қазақ жазуын латын қарпіне ауларым жасауда тілдік бірліктер туралы эмперикалық сипаттағы статистикалық мәліметтер алу қазақ тілінің әліпби жүйесін ретке келтіріп, реформалауда аса қажет. Кезінде ЭЕМ-дердің жұмысы арқылы

алынған статистикалық мәліметтер мен қазіргі миллиондаған сөзқолданыстан тұратын көлемді мәтіндерден алынған статистикалық мәліметтер ақпараттың шынайылығы мен дәлдігі жағынан айырым табатыны күмәнсіз. Бүгінгі таңда, осындай ақпараттық технология заманында ұлттық корпустар мен көлемді лингвистикалық базалармен жұмыс істеу күн тәртібіне қойылып отыр. Қазақ жазуын реформалау кезіндегі емле ережелерін жасау, орфографиялық сөздіктер құрастыру істерін жүзеге асыру үшін қазақ тіліндегі әріптен бастап сөзформаларына дейінгі тілдік бірліктердің жиілік сөздіктерін құрастырып, статистикалық зерттеулер жасау мақсат етілген болатын.

2018 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Қолданбалы лингвистика бөлімі профессор А.Жұбановтың жетекшілігімен қазақ тіліндегі әріп, әріптіркес, қосымша, түрленім форма, буын, сөз, сөзформа және т.б. бірліктердің жиілік сөздігін құрастырып («Қазақ сөзформа құрылымының жиілік сөздіктері», 2018), олардағы жиілік ақпараттарға статистикалық талдау жасалған «Қазақ жазуын латын қарпіне көшірудің

статистикалық негіздері» (2018) атты кітап шығарды.

Қазақ әріптері мен әріп тіркестерінің жиілік сөздігінің сипаттамасы:

Әріптер мен әріп тіркестерінің жиіліктерін анықтау қазақ әліпбиін латын қарпіне көшірудегі бірнеше теориялық-практикалық бағыттағы мәселелерді шешуге септігін тағызеді. Әсіресе, әріп, әріп тіркестерінің жиілігі мәтінді қолмен теруде жылдамдықты арттыру үшін латын қаріпті қазақ пернетақтасына әріптерді тиімді орналастыруда қажет.

Қазақ тіл білімінде әріптерді статистикалық тұрғыдан зерттеудің тарихы 1973 жылы жарық көрген «Қазақ тексінің статистикасы» атты еңбектен басталады деуге болады.

Кітапта қазақ тіліндегі әріп жиілігі бойынша жасалған зерттеулерге шолу жасалып, қазақ тіліндегі жиі кездесетін дыбыстар (әріптер) мен сирек кездесетін әріптердің жиілігі бойынша сипатталды. Зерттеулердегі жанрлық, екі тілдегі (қазақ және өзбек говорлары) әріптердің жиілігі бойынша салыстырмалы талдаулардан әріп жиілігі бойынша негізінен ұқсас, барабар жиынтық шамалар алынғанын байқаймыз.

Ұсынылып отырған қазақ әріптерінің жиілік сөздігі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу және жасау» мегажобасы бойынша орындалған «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігінің» бір түрі ретінде алынған үлкен бір нәтиже – «Сөзформалардың жиілік сөздігінің» мәтінінен алынды. Қазақ әріптерінің жиілік сөздігі екі түрлі нұсқада жасалды. Бірі – «Қазақ тіліндегі әріптердің әліпбилі-жиілік сөздігі», екіншісі «Қазақ тіліндегі әріптердің жиілікті-әліпбилі жиілік сөздігі».

Бұның алдында жасалған әріптердің статистикалық талдауларындағыдай, қазақ тілінде ең жиі кездесетін әріп А фонемасы. Одан кейінгі орында Е, Ы фонемалары. Ал Ө, Ұ, Ү дыбыстарының сирек кездесуі қазақ тілінде ерін үндестігінің жазуда сақталмауынан болар деп ойлаймыз. Яғни бұл дыбыстар түбір сөздер құрамында болғанмен, қосымшалар құрамында езулік дыбыстармен жазылғандықтан, аз санды көрсетіп отыр. Ал дауыссыздар ішінде ең жиі кездесетін әріп Н фонемасы, Т, Р, Л әріптері жиілігі бойынша екінші орында. 30-орында тұрған Ә-ден төмен тұрған әріптердің барлығы (я, х, ц, ф, в, э, ь, ю, һ, ь, ч, щ, ё) кірме әріптер. Ә әрпінің сирек кездесуі бір жағынан қосымшаларда кездеспеуінен болуы да мүмкін.

Қазақ тіл білімінде әріп тіркестерін статистикалық тұрғыдан зерттеудің тарихы да 1973 жылы жарық көрген «Қазақ тексінің статистикасы» атты еңбектен басталады. Бұл ретте Қ.Бектаев, А.Қ.Жұбановтың «Графема-фонема тіркестерінің жиілік тізімдері туралы», А.Қ.Жұбановтың «Қазақ текстеріндегі әріптер тіркестерінің статистикасы», Е.Агманов пен А.Қ.Жұбановтың «Распределения частот появления сочетаний знаков в орхоно-енисейской письменности», Қ.Бектаевтың «Қарақалпақ тіліндегі

фонема тіркестерінің статистикасы» атты еңбектерін атап айтуға болады.

Ұсынылып отырған қазақ әріптер тіркесінің жиілік сөздігі жоғарыда аталған «Сөзформалардың жиілік сөздігінің» мәтінінен алынды.

Қазақ әріп тіркестерінің жиілік сөздігі екі түрлі нұсқада жасалды. Бірі – «Қазақ тіліндегі әріп тіркестерінің әліпбилі-жиілік сөздігі», екіншісі – «Қазақ тіліндегі әріп тіркестерінің жиілікті-әліпбилі жиілік сөздігі».

Екіәріптік жиілік сөздікте әртүрлі тіркестердің рет саны 1160-қа тең, ал осы екіәріптік тіркестер қайталануы қолданыла келіп, олардың абсолютті жиіліктерінің қосындысы 67.604670 мәтін бойындағы екіәріптік тіркестердің 100 пайызын құрайды. Ең жиі тіркесетін әріп тіркестері ретінде ар, , ан, ал, ын, да, та, ен, ер, қа, де, ін, ла, ды, ты... атауға болады. Осы сөздіктің жоғары жиілікті бөлігінен үзінді ретінде берілген 217 екіәріптік тіркес барлық мәтіннің 90 пайызын қамтиды. Статистикалық мәліметтер толық болу үшін біз өз зерттеуімізде сөз басында және сөз соңында кездесетін екіәріптік тіркестерінің де жиілік сөздіктерін құрастырдық.

Ұлттық қазақ әліпбиін пернетақтада орналастырудың статистикалық негіздері:

Әліпби ауыстыруда маңызды мәселелердің бірі – әріптерді пернетақтада орналастыру. Әріптерді пернетақтада орналастыруда қандай ұстанымдарға сүйенеміз деген мәселенің басын ашып алу қажет. Оның біріншісі – пернетақтадағы ағылшынша жазатын латын қаріптерінің тұрған орнын сақтап, кирилдегі қазақша әріптер тұрған жоғарғы жақ қатарға жаңа таңбаларды орналастыру. Бұл ағылшын пернетақтасында тұрған латын қаріптерін басуда шатастырмау үшін тиімді деуге болады. Екіншісі – ағылшын пернетақтасындағы латын қаріптерін сақтай отырып, жоғары жаққа емес, негізгі үш қатардағы бос орындарға жаңа таңбаларды қою. Үшіншісі – әлемдік тіл білімінде ұстанылатын принцип – пернетақтада әріптерді қолданыста жиі кездесуіне қарай орналастыру, яғни жиі кездесетін әріптерді пернетақтада басқанда оңай, икемді басылатын жерлерге қою болып табылады.

Әріптерді пернетақтада тиімді орналастыру мәселесіне қатысты А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қолданбалы лингвистика бөлімі қолданыстағы әріптердің кездесу жиілігін анықтады. Осы жиілік талдау (әріп және әріп тіркесінің жиілік сөздіктері) нәтижесі бойынша қазақ әріптері мен әріп тіркестерінің жиі кездесуі ескеріліп орналастырылған пернетақтаның пилоттық жобасы ұсынылды.

Пернетақтада әрбір әріптің кирилдегі және латындағы баламалары келтірілді. Пернетақтаның ортаңғы бөлігінде жиілік сөздіктегі ең жиі қолданылған әріптер орын алды, ал олардың оң жақтарында екіәріптік тіркес жиілік сөздігінен алынған әріптер орналастырылды. Пернетақтаның шеткі жақтарына сирек кездескен әріптер орнала-

стырылды. Осы әріптер орналастырылған пернетақтада теруге арналған арнайы компьютерлік бағдарлама жасалды. Жиілік талдау бойынша орналастырылған латын әріптері бірнеше пернетақта бағырмасына жапсырылып, бұл пернетақта нұсқасының мәтін теруге ыңғайлы, тиімділігі уақыт пен сапасына қарай сынақтан өткізілуде.

Қазақ тіліндегі буындардың жиілік сөздігінің сипаттамасы:

Фонетика саласындағы буын теориясы ең күрделі және маңызды мәселелердің бірі деуге болады. Буынның жиілік сөздігін алу басқа тілдік бірліктерге қарағанда күрделірек. Өйткені қазақ тілінде сөздерді буынға бөлу айтылымда жақсы ажыратылғанмен, кирил қарпінің әсерінен көптеген сөздерімізді буын жігін сақтамай жазу нормаға түскендіктен, ауызша буынды басқаша дыбыстаймыз, жазуда басқаша жазамыз. Сондықтан сөздерді буынға бөлу жазуға бағына бермейді.

Қ.Жұбановтың “Буын жігін қалай табуға болады?”* атты мақаласында буындардың моделі арқылы “буын жігін оңай, механик түрде табуға болады” – дейді. Қазақ тіл білімінде белгілі ғалым Қ.Бектаев қазақ буындарының жиілік сөздігін 1973 жылы шыққан «Қазақ тексінің статистикасы» атты жинақта береді.

Қазақ буындарының жиілік сөздігін қазіргі заманауи және қазақ тілінің барлық стильдерін қамтитын мәтіндерден алу мақсатында «Қазақ тіліндегі буындардың жиілік сөздігін» ұсынып отырмыз. Бұл жиілік сөздікті жасауда буын жігін автоматты жолмен ажырату қиын болғандықтан, Қолданбалы лингвистика бөлімінің серверде орналастырылған «Қазақ тілінің мәтіндер корпусынан» қазақ тілінің бес стилі бойынша жасалған 6 миллион сөзқолданыстан тұратын мәтіндер жинағынан әр стиль бойынша 10 000 сөзқолданыстан, барлығы – 50 000 сөзқолданыстан тұратын мәтін алынып, «қолдап» буынға бөлінді, яғни «Қазақ тілі буындарының жиілік сөздігін» құрастырудан бұрын көлемі 50 мың сөзқолданыстан тұратын мәтін бойынша сөзформалардың жиілік сөздігі құрастырылды. Бұл сөзформалардағы сөзтізбенің рет саны 32304 сөзформаға тең.

Бұл «Қазақ тіліндегі буындардың жиілік сөздігі» дәстүрлі типі бойынша үш түрлі нұсқада жасалды. «Қазақ тіліндегі буындардың әліпбилі-жиілік сөздігі», «Қазақ тіліндегі буындардың жиілікті-әліпбилі сөздігі» «Қазақ тіліндегі буындардың кері әліпбилі-жиілік сөздігі».

Кітапта берілген «Қазақ тілі буындарының жиілік сөздігінде» қазақ тіліндегі буындардың реттік саны – 1225, олардың қайталана қолданылуы негізінде буындардың қосынды жиілігі 124063-ке тең. Буынның жиілік сөздігі бойынша, қазақ тілінде сан жағынан бітеу буындар (үш және төрт әріпті) көп екен. Жоғарыда 1225 реестрдің 952-сін құрап, 40 пайызын осы бітеу буындар алады. Алайда бітеу буындардың саны көп болғанмен, ашық буындар кездесу жиілігі жағынан бітеу буындарды басып озады. Мәселен, жоғарыдағы буындардың жиілікті-әліпбилі сөздігіндегі

жоғары жиіліктегі 26 буынның 25-і ашық буындар. Ашық буындар реестр саны бойынша 173 болғанмен, мәтінде қайталана қолданылып, мәтіннің 55 пайызға жуығын құрайды. Ал тұйық буындар реестр саны бойынша 100-ге жетпейді және жоғары жиіліктегі 26 буын реестрінің құрамында кездеспейді. Мәтінде қайталанып қолданыла келе, мәтіннің 4,24% пайызын ғана құрайды. Үш әріпті тұйық буындарға карағанда екі әріпті тұйық буындар көп, жиілік сөздікте үш әріпті тұйық буындар 9 ғана болса, 91-і екі әріпті тұйық буындар, екеуі қосылып 100 реестрлік қатарды құрайды.

Қазақ тіліндегі қосымшалардың (түрленім формалардың) жиілік сөздігінің сипаттамасы:

Қайсібір тілде болмасын сөздер жалғыз өздері тұрып, бір-бірімен байланыспаса, ой дұрыс жеткізілмейді. Сөз бен сөзді байланыстырудың құралы тілдегі грамматикалық бірліктер болып табылады. Грамматикалық бірліктер (қосымшалар, көмекші сөздер) түбір сөздерге жалғанып не тіркесіп келіп, сөздерді байланыстырады. Тілдегі лексемалар сияқты қосымшалардың да байланысу тәсілдері мен қолданыс аясы бар. Сөз түрлендіруші қосымшалар әдетте сөздерге талғамай жалғанады да, сөздерді түрлендіреді. Осындай сөз түрлендіруші қосымшалардың саны (варианттарын қосқанда) мен түрленім формалардың санын және олардың мәтіндердегі қолданыс жиілігін анықтаудың маңызы зор.

Ә.Ахабаев пен Қ.Бектаев зат есімдердің, Ә.Ахабаев есімдіктердің морфологиялық құрылымына талдау жасаса, С.Мырзабеков туынды түбір туынды етістіктердің, Қ.Бектаев пен С.Мырзабеков етістіктің форма өзгертіш аффикстеріне, А.Белботаев ғылыми-техникалық стильдегі сын есім аффикстеріне, А.Жұбанов пен Е.Жұбанов «Абай жолы» романындағы сын есімдердің лексика-морфологиялық формаларына статистикалық талдаулар жасады.

Қазақ тіліндегі түрленім қосымшаларының, яғни форма тудырушы қосымшалардың жиілігі Қолданбалы лингвистика бөлімі құрастырған «Қазақ тілінің мәтіндер корпусы» деп аталатын 6 миллионнан тұратын бес стильден алынған корпус мәтіндерінен алынды.

Мәтіндерден қосымшалар жиілігін алу үшін мәтін алдымен морфологиялық анализатордан өткізілді. Морфологиялық анализатор автоматты түрде мәтіндегі сөздерді түбір мен қосымшаға бөліп, содан соң лемматизацияланған (түбірі бөлінген) бөліктен бөлек екінші жағындағы сөзтүрленім формаларын арнайы қосымшалар кестесі бойынша бөлшектеп және кестеде берілген шартты грамматикалық белгіленімдері бойынша сипаттап шығады. Содан кейін бірдей қосымша бөліктерін грамматикалық сипаттамаларымен бірге топтастырып, бірдей формалардың санын шығарады. Ұсынылып отырған қосымшалар сөздігі осылай автоматты әдіспен алынып отыр. Автоматты әдіс болғандықтан, омонимдерге қатысты кейбір нақты емес жағдайлар

кездесуі мүмкін. Алайда 95 пайыз дұрыс ақпарат береді деп ойлаймыз.

«Қазақ тіліндегі қосымшалардың жиілік сөздігі» әдеттегідей үш типте жасалды: «Қазақ тіліндегі қосымшалардың әліпбилі-жиілік сөздігі», Қазақ тіліндегі қосымшалардың жиілікті-әліпбилі сөздігі», «Қазақ тіліндегі қосымшалардың кері әліпбилі-жиілік сөздігі».

Біз қарастырған мәтіндерде түрленім қосымшалардың 26 түрі айқындалды. жоғарыдағы статистикалық мәліметтерді қорытындыласақ: қосымша атауларының 12-сі жоғары жиілікте кездеседі. Олар: тәуелдік жалғау, табыс септік, есімше, көсемше, жіктік жалғау, барыс септік, көптік жалғау, жатыс септік, ілік септік, тұйық етістік, шығыс септік, болымсыздық жұрнақ түрлері қайталана қолданыла келіп, мәтіннің 93,74 пайызын қамтыған. Осы қосымша атаулары ішінде жиілігі жағынан тәуелдік жалғау, табыс септік, есімше, көсемше түрлері мәтіннің 55,33 пайызын қамтып, қазақ тілінде ең жиі кездесін қосымшалар екендігін көрсетеді.

Түрленім формалар дегеніміз – сөздің түбіріне (негізгі және туынды) жалғанатын қосымшалардың жеке немесе бірінің үстіне бірі жалғануындағы сөздің түрленуі.

Түрленім формалардың жиілік сөздігі де жоғарыда аталған 6 миллиондық корпус мәтінінен автоматты жолмен алынды. Олар: «Қазақ тіліндегі түрленім формаларының әліпбилі-жиілік сөздігі», Қазақ тіліндегі түрленім формаларының жиілікті-әліпбилі сөздігі», «Қазақ тіліндегі түрленім формаларының кері әліпбилі-жиілік сөздігі».

Жоғарыдағы түрленім формалардың жиілік сөздіктерінде түрленім форма саны – 2945. Абсолютті жиілігі ең жоғары түрленім формалар тәуелдік жалғаулары болып тұр. Мәселен -і/ТЖ 6 миллион сөзқолданыстан тұратын мәтінде 335313 рет кездессе, жуан варианты -ы/ТЖ 160419 рет кездесіп, екеуі қосылып, бүкіл мәтіннің 10 пайызын құрайды. Бұл жерде түрленім форманың жиілік сөздігі болғандықтан байқайтынымыз – тәуелдік жалғаудың 3 жағының жеке дара қолданысының жиі кездесуі.

Түрленім формалардағы жиілік негізінен жалаң қосымшалар жиілігімен шамалас. Бұдан қазақ тілінде түрленім формалары дара, жалаң тұлғада жиірек кездесетінін байқаймыз.

Сонымен қатар, қосымшалардың түрленім формалардың жиілік сөздігіндегі реестр бойында кездесуіне қарай сан жағынан ең бірінші орынға ие болып тұрған түрленім формасы – жіктік жалғау (ЖЖ) реестрде 538 рет кездесіп, 2945 реестрлік бірліктің 18,27 пайызын қамтиды. Бұдан қазақ тілінде сөздер жіктік жалғауымен жиі түрленіп қолданылатынын көреміз, яғни бұл жіктік жалғауының предикаттық қызметімен тікелей байланысты болса керек.

Сонымен бірге жіктік жалғаудан басқа да реестр бойында сан жағынан жоғары сатыдағы түрленім формаларына жататындар: табыс септік, тәуелдік жалғау, барыс септік, ілік септік, көмектес септік,

шығыс септік, жатыс септік, салыстыру форма қосымшалары екені анықталды. Бұл қазақ тіліндегі септік жалғауларының сөз байланыстырушылық қызметімен байланысты. Ал тәуелдік жалғаудың реестрдегі түрленім формалар құрамында көп кездесуі оның жалпы жиілік сөздіктегі бірінші орынға шығуына да ықпал еткен. Ал салыстыру формасының реестр бойындағы жоғары жиіліктегі топқа енуі -дай/дей қосымшасының кез келген сөзге жалғанып, сөз бойында жалғаулар сияқты еркін қолданысымен байланысты.

29-кестедегі статистикалық мәліметтер бойынша тұжырым жасайтын болсақ, жіктік жалғау түрленім форма реестрінде жиі кездесуі жағынан, яғни реестрді қамту пайызы жағынан ең жоғары жиілікті көрсетіп, тізімде бірінші болып тұрған болса, мәтінді қамту пайызы жағынан жоғары жиілікті тәуелдік жалғауы алып кетеді. Тәуелдік жалғаулары 6 миллион сөзқолданыстан тұратын мәтіннің 18,80 пайызын құрайды. Ал табыс септігі 12, 23 пайызын, жіктік жалғау – 9,48 пайызын, барыс септігі – 8,83 пайызын қамтиды. Осы төрт түрленім қосымша қосылып мәтіннің 50 пайызға жуығын қамтиды екен.

Қазақ тіліндегі сөздердің жиілік сөздігінің сипаттамасы:

Қазіргі кезде қазақ лексикологиясының аса бір маңызды мәселесінің бірі – қазіргі қазақ тілінің қолданыстағы лексикалық жүйесінің шекарасын айқындау. «Қазақ тілінің жиілік сөздігі», ең алдымен, жиі қолданыстағы сөздік қорымыздың шекарасын анықтап алу үшін өте қажет.

Қазақ тіліндегі сөздердің жиілік сөздіктерінің статистикалық деректері қазақ тілінің лексикалық құрамын жан-жақты зерттеуде салыстырмалы талдауды жүзеге асыруға, сөз табына қатысты нақты фактологиялық мәліметтер беруге, тұтастай алғанда, қазақ тілінің көптеген теориялық мәселелерін шешуге мүмкіндік туғызады.

70-жылдары Қ.Бектаевтың басшылығымен және жетекшілігімен А.Қ.Жұбанов, С.Мырзабеков, А. Белботаев, Ә.Ахабаев т.б. зерттеушілер жиілік сөздіктер құрастыру ісімен айналыса бастады. Абай тілі сөздігінің жиілік сөздігі, М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар тексінің жиілік сөздіктері, сонымен қатар, ертегі тілінің, публицистика тілінің, математика терминдерінің жиілік сөздіктері жарық көрді.

Осы жиілік сөздіктерден кейін қазақ тілінде жиілік сөздіктер құрастыру ісі тоқтап қалды. 2012-2014 жылдары А.Байтұрсынұлы атындағы ТБИ Қолданбалы лингвистика бөлімі аз көлемдегі қаржымен «Қазақ тілінің квантитативтік құрылымы (Қазақ тілінің жиілік сөздігі)» деген гранттық тақырып аясында бұрын жарық көрген сөздіктердің басын біріктіру арқылы әртүрлі стильдерді қамтитын біртұтас жиілік сөздікті құрастырып, баспаға ұсынды.

2016 жылы Білім және ғылым министрі Сағадиевтің тапсыруымен мемлекеттік тілді оқытудың тиімді әдістемесін жасау

мақсатында лексика-грамматикалық минималдар үшін қажетті қазақ тілінің жиілік сөздігін құрастыру ісі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына тапсырылған болатын. Осы тапсырма бойынша институт қысқа мерзімнің ішінде «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» жарық көрді.

«Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігін» құрастыруға көркем әдебиет, публицистикалық стиль, ғылыми, публицистикалық, сөйлеу стильдер мәтіндері қамтылған, яғни қазақ тілінің 5 функционалдық стилі сөздіктің базасын құрайды. 36 265 сөзтізбеден (сөз, лексикалық бірлік) тұратын бұл сөздік дәстүрлі сөздіктер түрлері болып табылатын үш түрлі құрылымда (Әліпбилі-жиілік сөздік; Кері әліпбилі-жиілік сөздік; Жиілікті-әліпбилі сөздік) жасалған. Сонымен қатар бұл сөздік әрбір стильдер бойынша да «Таралым сөздігінде» (Распределительный словарь) жіктеліп берілген.

Жиілік сөздік жасаудың әдіс-тәсілдері әртүрлі. Соның бірі – мәтінді сөзформалар сөздігіне түсіріп, сөзді түбірге келтіру. Екіншісі – мәтінді морфологиялық анализатор арқылы өткізіп, түбір мен оған қойылатын сөз табы белгісімен бірге автоматты жолмен алу. Біріншісі көп қол жұмысын керек етеді. Мұндайда қосымша жалғанғанда түбір сөздердің омонимдерін ажырату мүмкін болса, түбір формадағы сөздерге келгенде олардың сөз табына қатысын анықтау қиын болады.

Екіншісі оңай, тез жүзеге асырылғанмен, жүз пайыздық шынайылықты бермейді. Бұл әдісте те омонимдер автоматты түрде ажыратылмайды. Автоматты жолмен омонимдері ажыратылған жиілік сөздіктерді тек омоним ажыратылған мәтіндерден ғана алуға болады.

Осы орайда Қолданбалы лингвистика бөлімі қызметкерлері проза жанры (М.Әуезов, Ә.Кекілбаев т.б.) бойынша 500 000 сөзқолданыстан тұратын мәтіндерге «қолдап» морфологиялық белгіленім қойған болатын. Біз ұсынып отырған жиілік сөздік осы сөз таптары қолмен қойылған, омонимдері ажыратылған, яғни омоним жоқ мәтіннен алынды. Сөздің жиілік сөздігі бойынша әртүрлі сипаттағы жиілік талдаулар жасалды. Мәселен, 500 000 сөзқолданыстан тұратын мәтінде Қ және Т әрпінен басталатын сөз саны 1019 реестрлік сөзді құрап, барлық реестрлік сөздер ұзындығының 22,539 пайызын қамтиды екен. Сөз басында кездесетін әріптердің (осы әріптен басталатын сөздердің) мәтіндегі абсолюттік жиіліктері реестрдегі кездесу санынан басқаша. Бұл статистикалық мәліметтер бойынша, қазақ тілінде мәтін ішінде сөз басында жиі қолданылатын әріп – Б, одан кейін – Қ. Одан кейін – К, Ж, А, Т, С, Д, Е, О. Осы 10 әріп мәтінде сөз басында жиі қолданыла келе, 500 сөзқолданыстан тұратын мәтіннің 80 пайызға жуығын құрайды.

Сөздіктердің басым көпшілігінде сөздер алдыңғы дыбыстар бойынша әліпби тәртібімен орналасса, кері әліпби сөздікте, керісінше, сөз бен сөзтұлғалар соңғы әріп-дыбысынан басталып әліпби тәртібіне

келтіріледі және сөздердің соңғы жағынан тегістеліп беріледі. Сөздіктің бұл түрі «Кері әліпби-сөздік» немесе тек «Кері сөздік» деп аталып жүр. Жиілік сөздіктің кері әліпби түрінде реестрлік сөзге (сөзтұлғаға) қосылған біркелкі жалғаулар мен жаңа сөз жасаушы немесе сөз түрлендіруші жұрнақтар бір жерге жинақталып берілуі тілді зерттеушілер үшін аса құнды тілдік мәліметтер болып табылады.

Сөздердің кері-әліпбилі жиілік сөздігі бойынша сөз таптарының реестр бойын қамтуына қарай зат есім сөздер көп кездеседі. 4521 реестр сөзден тұратын бұл жиілік сөздікте зат есімдер 1753 реестр сөзді, ал етістіктер 1236 сөзді құрайды. Екеуі қосылып, реестр бойынның 40 пайызға жуығын алады екен. Одан кейінгі орында сын есімдер тұр.

Ал сөз таптарының мәтінде қайталана қолданыла келе, абсолютті жиіліктері бойынша жоғарыдағы сөз таптарының жиілік дәрежесі өзгереді. Мәтінде жиі қолданылуы бойынша етістіктер зат есімдерді басып озып, алдыңғы орынға шығып кетеді. Демек, реестр бойын қамту пайызы жағынан зат есімдер алдыңғы орында, мәтінді қамту пайызы бойынша, етістіктер алдыңғы орында, ал екеуінде де сын есімдер үшінші орында иеленеді. Модаль сөздер, көмекші есімдер, еліктеуіш сөздер, одағай сөздер сирек кездесетіндерге жатады.

Сөздіктердің «жиілік сөздік» түрі әліпбилі-жиілік сөздіктен басқаша, дәлірек айтқанда, әр сөздің (сөзтұлғаның) қолдану жиілігінің дәрежесіне қарай орналасады: ең бірінші ретте орналасатын мәтіндегі ең жиі қолданылған сөз (не сөзтұлға), екінші, үшінші (тағы тағылар) ретте орналасатын сөздер – кездесу жиіліктері бірте-бірте кеміп отыратын сөздер (сөзтұлғалар).

Сөздердің жиілікті-әліпбилі сөздігі бойынша, ең жиі кездесетін «бол» етістігі мәтін ішінде 666 рет қолданып, жалғыз өзі-ақ мәтіннің 2,320 пайызын қамтыған. Бол етістігінің ең жоғарғы жиілікті көрсетуі бұдан бұрын шыққан сөздіктерде де орын алған. Бол етістігінің жоғары жиілікті көрсетуі оның көмекші етістік болып, грамматикалық мағына үстеуші қызметімен тікелей байланысты деуге болады. Өйткені жиі қолданылу, грамматикалық абстракция жасайтын грамматикалық бірліктерге тән қасиет. Жиілік сөздікте бол етістігі сияқты жоғары жиілікте тұрған көп сөз осы көмекші етістіктер. Мысалы, де, еді, кел, ал, тұр, отыр, жатыр, көр, айт, бер, шық, кет, жүр, бар, түс, қыл, сал, қой, баста т.б. Сол сияқты жиілік сөздікте шылаулардан да, де, мен, бірақ, ғой, қарай, ғана, және, тағы шылаулары, сондай-ақ есімдіктер (бұл, өз, сол, ол, осы, бар, мен) жиі кездескен. Бұл жиілік сөздік тек көркем шығарма мәтіндерінен алынғандықтан, термин сөздер аз, тіптен кездеспейді десе де болады.

Сонымен, «Қазақ графемаларының жиілік сөздігіне» статистикалық талдау жасауға арналған «Қазақ жазуын латын қарпіне көшірудің статистикалық негіздері» атты еңбекте қазақ тіліндегі әріп, әріп тіркесі, буын, түрленім қосымша, түрленім форма, сөз графемаларының

әрқайсысына жиілік сөздік бойынша әр қырынан статистикалық мәліметтер берілген. Сонымен қатар осы тілдік бірліктердің қазақ статистикасының зерттелу тарихындағы деректері қоса келтірілген. Статистикалық талдау нәтижесінде алынған мәліметтер қазақ тіл білімінің лингвостатистика саласының теориялық мәселелерін толықтыратын болады және жалпы тілдік зерттеулер үшін нақты статистикалық ақпараттар береді. Әсіресе, қазақ жазуын латын графикасына көшіру ісінде, атап айтқанда, емле, орфография ережелерін жазуда, пернетақта жасауда фактологиялық дереккөз болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Исенгельдина А. Факторы, определяющие относительную частотность фонем // Статистика казахского текста. – Алматы, 1973. – С.643-685.
- 2 Джубанов А.Х. К вопросу о графемной статистике казахского текста // Вопросы казахской фонетики фонологии. – Алма-Ата: Наука, 1979. – С.49-52.
- 3 Қазақ тілінің сөзформалар жиілік сөздігі. – Алматы, 2016. (электрондық).
- 4 Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы, 2016. – 1472 б.
- 5 Бектаев Қ. Статистика фонемосочетаний в каракалпакском языке // Статистика казахского текста. – Алматы, 1973. – С.635-642.
- 6 Джубанов А.Х. Статистика буквосочетаний в казахских текстах // Статистика казахского текста. – Алматы, 1973. – С.614-629.
- 7 Жұбанов Қ. Қазақ тілі бойынша зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966.
- 8 Бектаев Қ. Қазақ тілі буындарының алфавитті-жиілік сөздігі // Статистика казахского текста. – Алматы, 1973. – С.566-610.
- 9 Ахабаев Ә., Бектаев Қ. Зат есім сөздердің морфологиялық құрылымына статистикалық талдау // Статистика казахского текста. – Алматы, 1973. – С.49-87.
- 10 Ахабаев Ә. «Есімдіктердің морфологиялық құрылымына статистикалық талдау» // Статистика казахского текста. – Алматы, 1973. – С.88-116.
- 11 Мырзабеков С.Туынды түбір етістіктердің құрылымына статистикалық талдау // Статистика казахского текста. – Алматы, 1973. – С.117-135.
- 12 Белботаев А. Ғылыми-техникалық стильдегі сын есім аффикстерінің қолданылуы туралы // Статистика казахского текста. – Алматы, 1973. – С.225-230.
- 13 Джубанов А.Х., Жубанов Е.Х. «Статистика лексико-морфологических форм прилагательных в романе М.Ауезова «Абай жолы» («Путь Абая») // Статистика казахского текста. – Алматы, 1973. – С.231-248.
- 14 Жұбанов А., Жаңабекова А., Карбонова Б., Қожахметова А. Қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 665 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі қарқынды ғылыми-инновациялық және әлеуметтік экономикалық даму жағдайындағы қоғамымызға тек бейімделіп қана қоймай, бұл үрдістерді дамытуға өз үлесін қоса алатын құзыретті, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау жоғары мектептің маңызды міндетіне айналып отыр. Жоғары мектеп оқытушысына қойылатын кәсіби талаптар жоғарылауда. Бұл тұрғыда бүгінгі ғылыми-инновациялық үрдістерде еркін бағдарлана алатын, жоғары мектептегі тұтас педагогикалық үрдісті, болашақ мамандардың және өзінің кәсіби-тұлғалық дамуын басқара алатын, ғылыми жұмыс, кәсіби даярлау және тәрбие жұмысын үйлестіре алатын филолог мамандарды даярлау өзекті мәселеге айналып отыр. Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар оқу үдерісінің бір бөлігіне айналды. Бүгінде біздің еліміз жаңа жаһандық экономикалық интеграция жағдайында әлеуметтік жаңғыртудың, индустриаландырудың және жедел инновациялық сын-қатерлердің жаңа міндеттерін талап етуде. Осыған байланысты Қазақстанның білімді және жоғары білікті жастарына ХХІ ғасырда ұлттық бәсекеге қабілеттілікті дамыту, елдің бүкіл әлемде өркендеуі мен жалпыға бірдей танылуын қамтамасыз ету сияқты үлкен жауапкершілік жүктеледі. [1]

Біз елімізде қашықтықтан білім беру мен барлығына қолжетімді онлайн-білім беруді қоса алғанда, инновациялық әдістерді, шешімдер мен құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз. Білім берудегі инновацияның рөлі зор. Білім беру үдерісінде компьютерлер, интернет, мультимедиялық ресурстар сияқты инновациялық технологияларды тиімді пайдалану-білім беру сапасын көрсетудің жалғыз тәсілі. Оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін арттырудың инновациялық технологияларының бірі оқыту және оқу процесінде мультимедияны қолдану болып табылады. Сабақтарда мультимедияны дұрыс қолдану оқушыларға сабақтың негізгі міндеттері мен мазмұнында үлкен мән береді. Сонымен қатар, білім беру технологиялары оқу бағдарламасының ажырама бөлігі болып табылатындықтан, оқушылар электрондық ресурстарға қол жеткізу және оларды пайдалану дағдыларын меңгеруі тиіс. Білім беру мекемелерін мультимедиялық өніммен қамтамасыз ету бөлігінде бүгінгі таңда мынадай мәселелерді шешуді талап ететін бірқатар проблемалар бар:

білім беру мекемелерінде мемлекеттік тілдегі отандық электрондық

оқулықтардың нақты болмауы; қолданыстағы электрондық оқулықтарды пайдалану тиімділігінің жеткіліксіздігі;

электрондық оқулықтарды пайдалану бойынша мұғалімдерді даярлаудың төмен сапасы;

оқу процесіне жаңа білім беру технологияларын жеткіліксіз енгізу;

оқытудағы автоматтандырылған бағалау жүйесінің төмен тиімділігі.

"Инновация" деген сөз қандай да бір жаңашылдықты білдіреді. Бүгінгі таңда мектептегі инновациялық үдерістер сәнді емес, маңызды қажеттілік болып табылады.

Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар оқыту кезінде мұғалімнің мұқият және әңгімелесушінің қызығушылық танытатын және таным процесіне байланысты болатындай етіп өзгертуді көздейді.

Жас ұрпаққа саналы білім беру үшін мұғалімдер қауымдастығының қосатын үлесі зор. Ал білім мен тәрбие негізі тіл арқылы беріледі. Қазақстанның болашағы қазақ тілінің дамуына, тағдырына тікелей байланысты. Сондықтан да мемлекеттік тілдің оқытылу жағдайына көп көңіл бөлініп отыр. Біз бүгін еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» дәуірлеген заманымызда ұрпақ тәрбиесінде маңызды орын алатын сала білім саласы екені бәрімізге аян. Бұл орында мұғалім қауымына артылатын жүктің салмағы ауыр екені белгілі. Ұстаздың жүгін адал орындау біздің парымыз. Ең алдымен мұғалімге керегі өз пәнін жете меңгеру. Ол үшін үздіксіз ізденіп, өз біліктілігін арттырып, оқушылардың мүмкіндіктеріне қарай озық тәжірибелерді іскерлікпен пайдалану керек. [1]. 21 ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Бүгінгі білім, қоғамдағы демократиялық бастамалар барлығы мұғалімдер арқылы жүзеге асады. Өйткені, мұғалім - қоғам айнасы. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «21 ғасыр ақпараттандыру ғасыры» деп аталуы да бекерден бекер емес. Қазақ еліміз ғылыми-техникалық үдерістің негізгі белгісін қоғамдық ақпараттандыру болатын жаңа кезеңге енді. Уақыт өтіп жатыр, жаңа заман, заманына қарай жастардың да дүниетанымы өзгерген. Соған орай, қазіргі технология заманында сабақтарда, соның ішінде қазақ тілін оқытып үйрету кезінде технологияны көп қолдану керек, бұл қазіргі уақытта көп сұранысқа ие дүние болып тұр.

Сондықтан, ұстаздық жолды таңағаннан кейін, ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу- менің ұстаздық міндетім. Өзім сабақ беретін пәнді толықтай зерттеп, іздену үстіндемін. [2]. Оқушыларды жаңа заман технологияларын пайдалана отырып оқытудың негізгі қағидаларымыналардан тұрады:

1. Баланың танымдық белсенділігін дамыту;

2. Баланы ізгілікті адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу;

3. Өз бетімен әрекеттесу әдістерін меңгерту;

4. Тілдік қорын молайту, өз ойын еркін еркін жеткізе білуге үйрету;

Білім беру саласында жоғарғы мектепте филолог мамандарды даярлауда түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Қазіргі таңда айтар болсақ, көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдану әдісін ақпараттық-коммуникативтік технологияның бір өзі атқара алады. Және де сын тұрғысынан ойлау технологиясы сабақты жоспарлауда өте тиімді. Мақаланың негізгі бөлімінде осы екі технологияның тиімділігі жайында айтқым келіп отыр. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда бұл екі технологияның тиімділігі туралы бастамас бұрын, «инновация» ұғымының мағынасы ашып алғым келіп отыр. Өйткені, инновация, бұл-жаңалық. Мысалы, Э. Раджерс инновацияны былай түсіндіреді: «Инновация – нақтылы бір адамға, жаңа болып табылатын идея». Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады. Осы инновациялық технологиялардың ішіндегі сын тұрғысынан ойлау және ақпараттық коммуникативтік технологиялары - мен үшін өте ұтымды [3]. «Мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дөнін сеуіп, нұр құтын тынымсыз жалын иесі»- деген чех педагогі Я.А. Коменскийдің сөзін басшылыққа ала отырып, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сыни тұрғыдан ойлауды іс жүзінде жүзеге асыру өте тиімді. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша сабақ құрылымы қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс кезеңдерінен тұрып, әр 248 кезеңдегі тәрбиелік және оқу мақсаттары әр түрлі стратегияларды қолдана отырып, алға

мақсат қою, мәселені зерттеу, жауап іздеу, дарынды оқушылардың өз ойларын ашық айта білуге тәрбиелейді. Менің байқағаным, сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданғанда оқушының ойы шындалып, өз даму деңгейінде белгілі бір жетістіктерге жете алады. Оқушылардың пәнді терең түсіну қабілеті дамиды, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайларда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етеді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы оқушыға мынандай мүмкіндіктер беретінін анықтадым:

1. Мұғалімге тәуелділіктен арылып, өзінің білім беру қызметін өздері басқаруға;

2. Білім мәдениеттілігі мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;

3. Жеке ерекшелігі мен қабілетіне сай тапсырмаларды өзі таңдап, іздеп тауып, белсене орындауға; мұғалімнің көмегінсіз ұжымдасып жұмыс істеуге. [4]. Ең бастысы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артып, олардың бір-бірімен пікір алмастырып ашық сөйлеу, еркін сөйлеу дағдылары қалыптаса бастайды. Өздеріне сенімсіздік білдіріп, бұйғығы отыратын оқушылар өз ойларын аз да болса жүйелеп, еркін айта бастайды. Бұрын шығарма, мазмұндама жұмыстарында оқушылар өз ойын білдіруге қиналса, қазір оқушылар ой толғанысын жасап өз ойын жазбаша, ауызша білдіре алады. Ал ақпараттық технология арқылы біз, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері сабақтарды түрлендіріп, жаңаша ұйымдастыра алуға мүмкіндік аламыз. Мәселен, білім берудің жаңа мазмұнындағы бағдарламаға сәйкес, әр сабақта тұсау кесу жүргізуге тырысамын. Бұл міндетті түрде тақырыпқа байланысты бейнежазба көрсету арқылы балалардың сабаққа деген уәжін көтеріп, белсенділігін арттыру. Интербелсенді тақтадан көрсетілген бейнежазба арқылы оқушылар сабақтың тақырыбын ашып, мақсатын анықтайды. Себебі, жаңа заман мұғалімі – бағыттаушы мұғалім. Өзінің еңбек тәжірибемде байқағаным, ақпараттық технологияның көмегімен жүргізілетін сабақтарда – оқушы өзін белсенді және еркін ұстай алады. Психологтардың пайымдауынша, сабақта әр түрлі компьютерлік технологияларды пайдалану оқушылардың қызығушылықтарын арттырады және өз қабілетіне сенімділігін тудырады. «Жаңаша жаңартып оқыту, жоғары белсенділікті дамыту және деңгейлік оқыту әдістемелерін жоғары дәрежеде дамыту оқытудың техникалық және электронды құралдарын жан-жақты пайдаланғанда ғана толық орындалады» [5]. Бірақ оқытудың жаңа техникалық құралдарын тиімді пайдалану, мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Компьютерлік оқыту технологиясы педагогтің мүмкіндігін күшейтетін құрал екені сөзсіз, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Яғни, мұғалімнің білімі мен шеберлігі таяз болмауы керек. Мен өз тәжірибемде компьютерлік оқыту технологиясын пайдалану арқылы білім

сапасын арттыруға ерекше көңіл бөле отырып өз алдыма төмендегідей мақсат қоямын. Компьютерлік оқыту технологиясы арқылы білім сапасын арттыру. Өз сабақтарымда: оқытуды ұйымдастыру формаларын - жеке, топтық, ұжымдық жұмыс жасау формаларын пайдаланамын. Бұл жұмыс түрлерінің барлығын компьютер арқылы жүргізу өте тиімді. Қазіргі таңда мектепте WI-FI желісінің қосылуымен сабақты ғаламтор арқылы өткізу де өте тиімді және қызықты. Мысалы, сабақтарымда кез келген жазушыны өтіп жатып, оқушыларға гипперссылка жасау арқылы қосымша материал іздеуге дағдыландырамын. Ұтымдылығы, оқушылардың қызығушылықтарының оянуы соншалық, деңгейі төмен шәкірттердің өзі тапсырманы орындай бастайды. Сонымен қатар ғаламтор желісіне қосылған компьютер арқылы сабақ өткізу, сөйлеу әрекетінің төрт түрін де (оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым) пайдалануға болатыны. Интербелсенді тақта-топтағы оқушылардың барлығын оқыту үшінқұнды құралы. Бұл оқытушы жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге мүмкіндік беретін баға жетпес құрал. Интербелсенді тақта арқылы өткізілген сабақтарымда, көбінде алдыма қойған мақсаттарыма 90% жетіп жатамын. Себебі жаңа тақырып аясындағы жаңа ойларым, идеяларым интербелсенді тақтаның арқасында әсерлі, тартымды болып шығады. Бұл, әрине, мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Педагогтар өз сабақтарында ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, мынадай артықшылықтарды көре алады: 1. Тақырып шеңберіндегі айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады, яғни уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік алады; 2. Оқушылардың ғаламтор арқылы өз бетінше ізденіп жұмыс жасауларына мүмкіндік жасалады; 3. Оқушы өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызылады; 4. Сабақта өтілетін тақырыпқа байланысты киноларды, слайдтарды, суреттерді, кестелерді пайдалана отырып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады; 5. Электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы сабаққа жаңашылдық енгізеді; электрондық оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі – пәнді, екіншісі – компьютерлік білім. Өз тәжірибемде келетін болсам, әсіресе сабақтың тақырыбын ашып, мақсатын анықтауда түрлі бейнероликтер, слайдтар жиі пайдаланамын. [6]. Оқушыларға гипперссылка арқылы жасалған тапсырмалар өте ұнайды. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының «Ой қозғау» кезеңінде оқушылар ойларын терең жеткізіп, қиялдарына еркіндік береді. Өз өміріне, қоршаған ортаға сын көзбен қарауға үйренеді. Өзгенің пікірін тыңдап, оған өз көзқарасын қоса біледі. Менің таңдап алған әр технологиям оқушының белгілі бір жетістікке жетуіне, жұмысының нәтижелілігіне бағытталған. «Айтушы ақылды бол-

са, тыңдаушысы дана болады» дегендей сөзімді қорыға келе, оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағытталған тапсырмалар саны 250 көбейгенде ғана, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындай аламыз. Тәрбиесіз берген білімнің зияны туралы бұдан бұрынғы ғұламалардың айтып кеткені белгілі. [7] Менің бақылауым бойынша, қазақ тілі сабақтарында оқытудың инновациялық технологияларын қолдану оқушылардың әртүрлі қабілеттері мен тілдік қарым-қатынас мәселелерін шешуге, сабақ уақытын тиімді пайдалануға, ағылшын тілін үйренуге ынталандыруды арттыруға көмектеседі. Сабақта тілдік қарым-қатынастың жаңа формалары балалардың шығармашылығын, танымдық белсенділігін, дербестігін қалыптастыруға ықпал етеді. [8] Педагогикалық практикада дәлелденгей, оқытудың нәтижелілігі оқу мотивациясымен байланысты. Ал мотивация білімнің маңыздылығын түсінуге тікелей байланысты. Мұғалім сабақты жобалау кезінде өмірлік жағдайларды модельдейтін сабақта білім алушылардың қызмет түрлеріне артықшылық беруі тиіс. Мұғалім өз сабақтарын құрушы болып есептеледі.

Қорытындылай келе, қазіргі заманғы педагог заманауи оқыту құралдарымен жұмыс істей алуға міндетті деп айтқым келеді. Инновациялық технологиялар бұл қызмет үшін үлкен алаң. Сабақта қолдануға болатын көптеген әдістер бар. Тек ерінбей ізденіп, табу үшін уақыт мен мүмкіндіктер дұрыс пайдалана білу керек.

Пайдаланылған Әдебиеттер

- [1]. Қазақстан-2030 Стратегиясы – ел дамуының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасы. 1997 жылы 1 қазанда қабылданған.
- [2]. Әмірғалина Н. «Білім берудің инновациялық технологияларының бірі – тірек конспектілері». Білім. 2009ж.
- [3]. Садуова Ж. «Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану». Білім. №5. 22-24 бет.
- [4]. Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. А. 2000ж.
- [5]. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияның элементтерін қолдану. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. 2015, №5, 14-22-б
- [6]. Инновациялық технологиялар арқылы функционалдық сауаттылықты көтеретік. Қазақстан мектебі. 2014, №9, 17-19-б
- [7]. Метафоризация языка как способ его инновационного изучения: Методическое пособие для учителей. -Л.: ЛПИУУ, 1991. -47с.

П.ғ.д., Л. Гумилев атындағы ЕҰУ
қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры
Астана қ.

Ж. СҮЛЕЙМЕНОВА – ӘДІСКЕР-ҒАЛЫМ


Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік гранттың иегері Сүлейменова Жарқынбике Нуайқызы – ғылыми және ұстаздық қызметті қатар атқарып келе жатқан, өз мамандығының акме биігіне көтерілген маман. Адам өмірге келгенде Алла тағала оның мүмкіндіктеріне қарай бір миссия жүктейді екен. Өмірінің мәнін адаспай тауып, бар қарымын сала қызмет атқарып, нақты жетістіктерге қол жеткізген адам бақытты жан деп саналады екен. Абай айтқандай, «адамдықтың қарызы үшін еңбек қылып», туған елінің, ана тілінің бүгінгі мен болашағы үшін қызмет етуді өмірінің басты мұраты етіп келе жатқан Жарқынбике Нуайқызын сондай бақытты жандардың бірі деп санауға болады. Ғалымның ұстаздық ғұмырында атқарып келе жатқан игі істері, түрлі мінберлерден айтып жүрген ғылыми ой-пікірлері мен әр жылдарда жазылған еңбектері бұған дәлел бола алады.

Әдіскер-ғалымның еңбектерінің басым көпшілігі қазақ тілін оқытып-үйретудің теориялық-әдістемелік мәселелерін зерттеп-зерделеуге арналады. Солардың ішінде «Қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері» атты сабақ орыс тілінде жүретін мектепте қазақ тілін оқытумен байланысты кейбір мәселелерге арналған оқу құралы етістік сөз табын оқытуға арналған материалдардың негізінде жазылған. Автор еңбегін асыл ұстазы, кандидаттық диссертациясының ғылыми жетекшісі болған ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ф.ғ.д., профессор С.М. Исаевтың рухына бағыштайды.

Етістік – лексика-семантикалық сипаты, грамматикалық формалары, синтаксистік қызметі жағынан аясы кең сөз табы. Тіліміздегі ең күрделі категориялардың бірі – етістікті дұрыс меңгерген оқушы іс-әрекет атауларын білдіретін сөздерді өз сөздік қорына қосады, олардың түрлену жолдарын меңгеру арқылы сөйлемдер құрастыра алатын болады. Ғалым: «Тілдің кейбір жүйелі топтары мен грамматикалық категорияларын меңгерудің әдіс-тәсілдерін қарастырмай тұрып, қазақ тілін бұл типті мектептерде оқытудың әдістемелік жүйесін жасау мүмкін де емес», - дей келе, етістікті оқыту тәжірибесінен туындаған тиімді әдістемелік ой-пікірлерімен бөліседі. Етістіктің жіктелуі, болымды, болымсыз формалары, негізгі, туынды етістіктер, есімше, көсемше, шақ, рай категорияларын оқытудың тиімділігі тәжірибеде дәлелденген түрлі әдіс-тәсілдерін нақты мысалдармен ұсынады [1]. Мектеп оқулықтарында етістіктердің оқытылуының жай-күйіне талдау жасай келе, «Қазақ тілінде жіктелу жүйесінің күрделілігіне қарамастан, мек-

теп оқулығында арнайы тақырып етіп берілмеуі етістікті меңгеруде қиындық келтіреді», - деп атап көрсетеді [1, 91].

Автор ұсынған коммуникативтік әдіске негізделген жағдаяттық тапсырмалар мен дидактикалық мәні жоғары грамматикалық ойындардың түрлерін негіз етіп алып, солардың үлгісімен көптеген жаттығулар жасауға болады. Тілдегі бағыттық мәнде қолданылған етістіктердің мағыналарын түсіндіруде ұсынылған схемалары (1-сурет) тіліміздегі етістіктерді жеңіл жолмен, көрнекі әдіс арқылы түсіндірудің тиімді үлгісі деп санауға болады [1, 28].



1-сурет. Бағыт мәнді етістіктердің мағыналарын түсіндіру.

Күрделі етістіктерді түсіндіруде мақсатында мысалдарды кесте арқылы беріп, дара және күрделі етістіктердің айырмашылығын көрнекі әдіспен түсіндіреді (1-кесте) [1, 73].

1-кесте. Дара және күрделі етістіктердің айырмашылығы

Оқушылар күзде колхозшыларға көмектеседі. Сахара түйесі аптасына бір рет су ішеді. Машина көшені тазартады.	Оқушылар колхозшыларға көмектесіп жүр. Мысық ыдысқа құйылған сүтті ішіп кетті. Машина көшені тазартып кетті.
Корытанды: 1. Бір етістіктен тұрады. 2. Негізгі мағынаны білдіреді.	1. Бірнеше сөзден тұрады. 2. 1-компоненті негізгі, 2-компоненті көмекші мағынаны білдіреді.

Тілімізде құрамында етістік жоқ сөйлемдер өте сирек кездесетіні белгілі. Олай болса, тіл үйренуші осы күрделі де қызықты тілдік бірлікті меңгерсе, тіл үйренудегі қиындықтардың жартысын меңгерді деп айтуға болады. Сондықтан ғалымның осы еңбегінде айтылған ой-пікірлерін саралап, тәжірибеде қолданудың маңызы зор. Еңбекте берілген етістікті меңгерудің теориясы жайлы авторлық тұжырымдар мен тапсырмалардың озық үлгілерін бүгінгі оқу құралдарына енгізу қажет деп санаймын.

Біздің талдау нысанамызға алынған Ж. Нуайқызының келесі бір еңбегі – 2018 жылы жарық көрген «Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты оқу құралы. Еңбекте жоғары мектепте қазіргі

қазақ тілі морфологиясы ғылыми курсы оқытуды ұйымдастырудың тиімді жолдары мен белсенді оқу әдістері, техникалық оқу құралдарын қолдану әдістемесі баяндалады. Еңбек магистранттарға, оқытушылар мен мектеп мұғалімдеріне, студенттерге арналған [2].

Жоғары мектепте маман даярлау мәселесі – күрделі дидактикалық көпқырлы үдеріс. «Болашақ ЖОО оқытушысының мұғалімнің кәсіби-әдістемелік даярлығы ең алдымен Мемлекеттік Білім Стандарты бойынша белгіленген кәсіби арнайы пәндерді игеру негізінде қалыптасатыны белгілі.

Сондықтан ЖОО-да оқылатын тілдік пәндер бойынша магистранттардың кәсіби-теориялық құзыреттілігін қалыптастыру, келешектегі кәсіби қызметіне қажетті тілдік теориялық біліммен қатар, кәсіби-әдістемелік іскерліктер мен дағдылар жүйесін меңгеруді көздейтін еңбектің маңызы зор. Ғалым дамыта оқыту, проблемалық оқыту, жобалап оқыту

технологияларының тиімді стратегияларын шеберлікпен қолдана отырып, студентке ойтурткі сұрақтар қою арқылы сыни тұрғыдан ойлауын дамытуды көздейтін тапсырмалар жүйесін беру қажет екенін ескертеді. «Мысалы, жіктеу есімдіктерінің көмектес септігіндегі тұлғалық ерекшелігін түсіндіруде оның даму тарихын «бірлән» шылауымен байланыстыра отырып, «неге?», «не себепті?» деген сұрақтар қойып, студенттерді ойлата, іздендіре отырып, проблема қоя отырып, жауабын табу өз нәтижесін береді. Ойлау проблема немесе сұрақ қоюдан, таңданудан басталатыны белгілі,

сондықтан оқытуды студентті өз бетімен жұмыс істеуге, өз бетімен ойлана, іздене білуге үйретуі керек», - деп санайды [2, 24]. Жоғары оқу орнында қазақ тілін оқыту үдерісін лексика-грамматикалық, парадигмалық, тілдің салаларын бір-бірімен байланыстыра оқыту, сабақтастық, тарихилық, кері байланыс және ғылыми ұғымдарды сатылай беру ұстанымдарына үйене отырып жүргізу дұрыс деп санайды [2, 63]. Білім беруде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданудың маңыздылығына мән бере отырып, мультимедиалық энциклопедия, электронды оқулықтарды қолданудың тиімді жолдары жайлы да айтып өтеді. Ғалымның «Іскерлік қазақ тілі», «Қазіргі қазақ тілі морфологиясы» электронды оқулықтары мен оқу

құралдары да зор сұранысқа ие.

Ж. Сүйлейменова өз еңбектерінде М.Дулатовтың “оқуда мақсат жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру керек” деген қағидасын [3, 239] ұстаным етіп алады. Әріптестерімен авторлық бірлікте жазылған диактикалық еңбектеріне енгізген тәрбиелік мәні жоғары оқылым мәтіндерін іріктеуде осы қағидаға сүйенгенін анық байқауға болады. Әдіскер-ғалымның «Қазақ тілі сабақтарында жүргізілетін тіл дамыту жұмыстары», «Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабақтарында жүргізілетін оқу ойындары» (Ф. Төрегелдиевамен бірге), «Сабақ – оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы», «Қазіргі қазақ тілі морфологиясынан өздік жұмыс тапсырмалары», «Әдебиет әлемінде», т.б. оқу құралдары, мектеп оқушыларына арналған «Қазақ тілі» (1, 5, 6-сынып-

тар) оқулықтары мен оқу құралдары, т.б. еңбектері осыған мысал бола алады.

Бізге қазақ тілін оқыту мен үйретуге қатысты еңбектер жыл сайын аздық көпті шығып жатады. Дегенмен олардың басым бөлігі көпшіліктің қолына тие бермейді. Содан келіп, әр мұғалім өз қазанында қайнап, әдіс іздеп шарқ ұрып жүреді. Әдіскер-ғалымдардың еңбектерін жүйелеп, бүгінгі күн тұрғысынан саралап, ұсынған ғылыми тұжырымдары мен тиімді әдіс-тәсілдерін жаңартып, жаңғыртып, жинақтап, жүйелеп отырсақ, мұғалімдер қауымы үшін де, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқып жатқан студенттер мен магистрант, докторанттар үшін де пайдасы орасан зор болар еді.

Жарқынбике Нуайқызы «...қазақ тілін абыроймен оқытып-үйрету, оның қоғамдық беделін көтеру – болашақ қазақ тілі маманының қасиетті борышы,

міндеті», - деп санайды [2, 19]. Өзі де осы адамдық борышын абыроймен атқаруға барлық күш-жігерін жұмсайды. Әдіскер-ғалымның ғылымға адалдығына, ұстаздық болмысына тәнті болып отырып, «Мал, мақтан, ғиззат-құрмет адамды өзі іздеп тапса, адамдықты бұзбайды һәм көрік болады», - деген хакім Абайдың сөзінің растығына тағы да бір көз жеткізгендей боламын.

Әдебиеттер тізімі:

1 Сүлейменова Ж.Н. Қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері. Оқу құралы. - Алматы: «Білім», 2001. – 115 б.

2 Сүлейменова Ж.Н. Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. - Алматы, 2018. -266 б.

3 Дулатов М. Шығармалары. - А., Жаушы. 1991. -209 б.

Мөхәммәтшина Алисә Фәиз кызы,

*II курс магистранты,
Казан федераль университеты,
Казан, alisafaizovna99@mail.ru*

Нурмөхәммәтова Раушания Сәгьдәтжан кызы,

*филология фәннәре кандидаты,
Казан федераль университеты, Казан,
rsagadat@yandex.ru*

ЧИТ ТЕЛГӘ ӨЙРӘТКӘНДӘ ТУГАН ТЕЛГӘ ТАЯНУ

Туган телнең чит телне өйрәнуге йогынтысы проблемасы күп еллар дәвамьнда актуаль булып кала бирә. Бу хакта Ю.Н. Караулов [Караулов, 1987], В.А. Виноградов [Виноградов, 2003], И.В. Арнольд [Арнольд, 1991] һ.б. галимнәрнең чит телләрне өйрәтү теориясе һәм практикасы өчен кызыксыну тудырған әлеге мәсьәләне эшкәртүгә багышланган хезмәтләре сөйли.

Белем алуучыларның аңында чит тел стереотибын формалаштыруның иң уңышлы ысулларын эзләү белем бирү практикасында туган телнең ролен төрлечә бәяләүгә бәйле. Бу хәл чит телгә өйрәтү процессы сөйләшүченең аңында ике тел системасының үзара тәэсир итешү проблемасы белән тыгыз бәйләнгән булуы белән аңлатыла.

Методика фәннендә чит телне өйрәндү туган телнең урынын бәяләүдә берничә карашны аерып күрсәтергә мөмкин. Бу хезмәттә һәркайсы үз укыту методларын эшкәртә торган ике юнәлеш турында сөйләү мақсатка ярашлы булып дип уйлайбыз.

Интуитив юнәлеш телне турыдан-туры кабул итүгә басым ясай – чит тел күренешләрен анализламыйча, туган телгә тәржемә итмичә генә өйрәнү. Әлеге очракта төп роль фаразлау механизмына бирелә, ә бу исә укучыларны телне суыкырларча өйрәнергә мәжбүр итә.

Чит телне укыту методикасында икенче юнәлеш аңлылыкка таяна, ул өйрәнелә торган күренешләрне төшенүне, алган белемнәрне гамәлдә куллана белүне күздә тотта.

Чит телгә өйрәтүнең мақсаты – өйрәнелә торган телдә сөйләм эшчәнлеге, яғни коммуникатив компетенция формалаштыру. И.А. Зимняя фикеренчә, «чит телне укытуда төп укыту объекты сыйфатында сөйләм эшчәнлеге карала» [Зимняя, 1989: 72]. Өйрәнелә торган телдә сөйләм эшчәнлеге һәм өйрәнү предметы буларак телнең психолингвистик планындагы аңлатмаларга караганда, И.А. Зимняя телнең укыту предметы буларак түбәндәге үзенчәлекләрен билгели: беренчедән, ул кешегә объектив дөнья турында яңа белемнәр бирми, икенчедән, телне өйрәнү үзенчәлекле аралашуны канәгатьләндерә.

Телнең төп үзенчәлеге – уку дисциплинасы һәм укыту объекты буларак сөйләм эшчәнлеге, шулай ук әлеге эшчәнлекнең гомуми принциплары укучыларга таныш булуы. Шулай уайдан, чит телгә өйрәтүнең иң кулай юлларының берсе – туган телнең грамматик структурасын аңлау. Чит телдә сөйләм эшчәнлегенә өйрәткәндә, «чит тел» укыту предметы чагыштыру предметы булып тора, чөнки ике телнең охшашлыклары һәм аермалары карала.

Туган тел сөйләүченең чит телне үзләштерүдә чагылыш таба торган сөйләм гадәтләрен формалаштыра. В.А. Виноградов алда искә алынган «Лингвистика и обучение языка» хезмәтендә бер телнең икенче телгә ничек йогынты ясауын күрсәтә: тел сыйфатларын үзләштерү өчен гадәти һәм гадирәк тел характеристикалары бар; өйрәнелә торган телнең башка үзенчәлекләре ул кадәр әһәмиятле түгел, чөнки алар туган телдә юк; өченчеләре берничә вариантка ия, ә туган телдә алар өчен бер генә вариант бар. Чит телне өйрәнү бары тик туган тел белән чагыштыруга юнәлтелгән, шуңа күрә бу чит тел мәдәниятен үзләштерүнең табигый процессын беркадәр боза. Әмма чит телгә өйрәтү процессында без туган тел белән билгеле бер параллельләр үткәрә алабыз, бу исә укыту процессын жиңеләйтә.

Л.С. Выготский [Выготский, 2014: 92] фикере буенча, чит телгә өйрәтү «өстән аска» бара, яғни тел элементларын һәм аларның аралашу ситуацияләрендә ярашуын аңлы рәвештә куллануға бәйле.

Бу шартларда тел сәләтенә бер өлешен тәшкил итүче элементларны һәм аларны сайлау кагыйдәләре махсус аңлау предметы булырга мөмкин. Мондый эш нәтижәсендә телдә булган мөгьнәләрне тапшыру өчен хезмәт итәрдәй система төзәлгә тиеш. Туган

тел һәм өйрәнелә торған тел система-сы элементлары һәм аларның яшәеш кагыйдәләре өстендә аналитик эш әлеге эшнән нәтижәсе күрсәтелгән система формалашканда гына мәгънәгә ия. Дәрәсләктә өйрәнелә торған тел система-сы әлеге функциональ системаның нигезе булып тора, чөнки чит телгә өйрәткән вакытта туган тел һәм өйрәнелә торған тел системаларын чагыштыру проблема-сы туа.

Чит телне өйрәнгәндә, укучылар аңлы рәвештә туган тел һәм чит телнең тел системаларын – фонетика, грамма-тика, лексиканы чагыштыралар. Бу әлеге системаларның эшләвен яхшырак тикшерергә мөмкинлек бирә. Укучының эзерлек дәрәжәсе никадәр югары булса, туган тел шулкадәр азрак йогынты ясый. Башта укучыларда туган телдән өйрәнелә торған телгә күчү күнекмәләрен формалаштырырга кирәк, аннары икенче телне куллану вакытында бер тел си-стемасын нейтральләштерү формала-ша. Чагыштыру һәм капма-каршы кую алымнары кирәк вакытта таныш лексик берәмлекләрен активлаштыруга һәм тел чараларын сайлау мөмкинлегә тудыруга юнәлтелгән.

Туган телгә таяну принцибы чит тел буенча гамәли дәрәсләрдә чагыштыру һәм тәржемә итү алымнарын рациональ куллануны да аңлата. Уку тәржемәсе дәрәстә башкарыла торған күнегүләр системасының мәжбүри элементы бу-лырга тиеш. Күнегүләр системасы бер телдә ике телне биремнәрен дә үз эченә алырга тиеш. Бу очракта ул чит тел сөйләм стереотибын формалаштыруга ярдәм итәчәк.

Әмма һәртөрле чагыштыру өйрәнелә торған тел системасының теге яки бу элементларын аралашу актында ни өчен кирәклегә турында күзаллаулар укуы өчен файдалы булмака мөмкин. Ту-ган телгә таянуның кайвакыт чит телгә өйрәтү процессында проблемалар ките-реп чыгару ихтималы да бар. Шундый проблемаларның берсе – яңа чит тел сүзенең туган телдә эквиваленты булма-ган очракта, ике телдә сүзләр арасында ялгыш бәйләнешләр урнаштыру. Мон-нан тыш, туган тел, һичшиксез, укучы сөйләмдә һәрвакыт өстенлек итәчәк, икенче һәм аннан сонгы телләрен ба-сып һәм тел интерференциясенә сәбәбе булып торачак. Туган телне исәпкә алу принцибын нәтижәле файдалану һәм аңа таяну өчен, гамәлдә, тел системала-рын чагыштыруның бик кирәк булуын исәпкә алырга кирәк. Моңың өчен тел һәм сөйләмне тасвирлаган лингвистика мәгълүматларына, укучыларның актив һәм пассив сүз запасына мөрәжәгать итү зарур.

Хәзерге вакытта туган телне исәпкә алу принцибы бәхәслә түгел. Л.В. Щер-ба чит телгә нәтижәле өйрәтү максат-тыннан, чагыштырма грамматика бул-дыру кирәклеген күрсәткән иде инде [Щерба, 1945: 184]. Чагыштыру грамма-тика укуының тел эчтәлеген тәшкит итүче күренешләрен яхшырак аңларга, укучыларның нинди кыенлыкларга юлыгуын ачыкларга мөмкинлек бирә. Чит телне өйрәнгәндә, кеше әйберләр,

вакыйгалар, фактлар дөньясын күрү ысулын үзгәртә. Ул моңың өчен кирәкле формаларны, сүзләрен, синтаксик конструкцияләрен өйрәтә. Бу очракта икенчел тел шәхесе формалаштыру ту-рында сөйләргә мөмкин. Икенчел тел шәхесенә билгеләмә Н.Д. Гальскованың «Чит телләргә өйрәтүнең заманча мето-дикасы» кулланмасында болай бирелә: «Икенче тел шәхесе – кешенең мәдәниятара дәрәжәдә чит телдә арала-шуга сәләтләре кыелмасы, бу вакытта чит мәдәният өкәлләре белән адеква-ват бәйләнеш аңлашыла» [Гальскова, 2000: 72]. Икенчел тел шәхесе форма-лашу процессы чит телне үзләштерү, анда үз фикерләрен белдерү осталы-гы белән генә түгел, бәлки кешенең аңында тел эчтәлегенә хас булган дөнья картинасының формалашуы белән дә бәйләнгән. Укучы яңа лингвосоциумга керергә, аның концепциясенә төшенергә тиеш. Тик шул шартларда гына өйрәнүче өчен өйрәнелә торған тел «чит тел», э шул телне йөртүчеләр культурасы «чит мәдәният» булудан туктаячак. Шулу вакытта без еш кына туган телдә анало-глары булмаган яки төрлечә кулланылган тел күренешләре белән очрашабыз. Бу очракта интерференциянең тискәре ягы барлыкка килә. Чит телгә өйрәтү про-цессында без туган тел белән билгеле бер параллельләр үткәрә алсак, гомуми закончалыклар урнаштырсак, укуы про-цессында кыенлыктар саны азаячак.

Туган тел системасын укуы процес-сыннан төшереп калдыру туган телнең интерференция йогынтысын булдыр-мый, бәлки чит телгә өйрәтү процессын-да кешенең фикерләвен үзгәртәргә омы-лыш булып тора. Интерференциядән азат икетеллек ике телне параллель кулла-ну шартларында да барлыкка килергә мөмкин, чөнки системалы һәм аңлы рәвештә телләрен өйрәнү аларның чи-сталыгын тәэмин итә. Чит телне өйрәнү шартларында, чит тел тирәлегә һәм / яки тел практикасы житәрлек күләмдә бул-маганда, югары уку йортларында гамәли дәрәсләрдә болар аеруча әһәмиятле. Бу ситуациядә туган тел һәм чит тел әлеге телләрдә аралашу күзлегеннән дә, сөйләм нормаларына туры килү дәрәжәсен контрольдә тоту мөмкинлеге күзлегеннән дә тигез хокуклы түгел.

Шулай итеп, туган тел чит телне укуы практикасында мөһим роль уйный. Чит телне өйрәнгәндә, укучы, туган телгә та-янып, туган телнең һәм өйрәнелә торған телнең төп сыйфатларын үз эченә алган үз тел системасын төзи, нәтижәдә, эзле-кле рәвештә чит телне үзләштерә. Чит телне укуы методикасының төп бурычы – укучыларга туган телнең интерферен-ция тәэсирен жиңәргә булышу, шулу вакытта аны чит тел өйрәнгәндә таяныч итү.

Бүгенге глобализация чорында ике һәм аннан артык тел белү мөһим. Бу ха-лыкларны берләштерә, алар арасындагы тел киртәләрен жимерә. Моннан тыш төрле милләт кешеләренә бер-берсен аңлауга мөмкинлек бирә. Полилингвал нигездә укуы гомуми тел эзерлеген һәм махсус фән максатларында чит телләрен белүне камилләштерергә, предметларны

тирәнәйтәргә һәм мәдәниятара укуы өлкәсен киңәйтәргә, шулай ук чит тел-не өйрәнүдә мотивацияне арттырырга ярдәм итә. Әмма студентларга икенче телне өйрәткәндә аларны шулай ук әлеге халыкның мәдәнияте һәм тарихы белән дә таныштыру да мөһим.

Туган тел һәм чит тел өйрәтү методи-касында шактый гына аермалыктар бар. Мәсәлән, туган телне сөйләм үстерү максатыннан, э чит тел коммуникатив компетенция булдыру өчен өйрәтелә. Аермалыктар шулай ук уку-укуы про-цессында, укуы механизмнарыннан да табыла.

Ике яки берничә телне бертигез кулла-нып яисә туган тел аша чит тел ярдәмендә кызыклы дәрәсләр, дәрәстән тыш чара-лар үткәрергә мөмкин. Телләрен ох-шаш яклары шактый булганга күрә, алар телләрен камилрәк үзләштерергә дә, ны-гытырга да, кызыксындырырга да ярдәм итә ала.

Яңа телне өйрәнүче кеше һәрвакытта туган теленә таяна. Ул телләрен чагыш-тыра, ассоциацияләр ясый. Телнең төрле бүлекләренә (фонетика, лексика, грамма-тика) караган уртак һәм аермалы яклар-ны капма-каршы кую тел өйрәнүчегә яна телне үзләштерү процессын жиңеләйтә.

Шуны кызыклы, туган тел аша ит телне өйрәнгән очракта индивид үзенә генә хас мөстәкыйль тел системасын барлыкка китерә. Әлеге тел системасы үз эченә туган һәм чит тел үзенчәлекләрен тулпый. Үзенә туган тел тәжрибәсенә һәм белемнәренә таянып, тел өйрәнүче чит телнең дә системасын камил белгүе таба бара.

Әдәбият

1. Арнольд И.В. Основы научных исследований в лингвистике: учебное пособие. – М.: Высшая школа, 1991. – 123 с.
2. Виноградов В.А. Лингвистика и обучение языку. – М.: Academia, 2003. – 370 с.
3. Выготский Л.С. Мышление и речь: монография. – М.: Директ-Медиа, 2014. – 570 с.
4. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам: пособие для учителя. – М.: АРКТИ, 2000. – 165 с.
5. Зимняя И.А. Психология обучения неродному языку (на материале русского языка как иностранного). – М.: Русский язык, 1989. – 219 с.
6. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987. – 261 с.
7. Щерба Л.В. Очередные проблемы языковедения // Известия Академии наук СССР. – М.: изд-во АН СССР, 1945. – Т. IV. Вып. 5. – С. 173–186.

А.М. Абасилов,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ: БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҒЫЛЫМҒА БАУЛУ ЖӘНЕ ОНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Еліміздің ұлттық білім беру жүйесі қазіргі таңда өте қарқынды өзгерістер сатысында тұр. Мұндай кезеңдегі негізгі мақсат – ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, оны әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу болуы керек. Ол үшін білім алушылардың белсенділігін арттырып, ізденімпаздыққа баулып, білімді өз бетінше алу мен қолдана білуге дайындаған жөн. Өйткені ХХІ ғасыр – бәсеке ғасыры, ол енжарлықты, кертартпалықты көтермейді. Оның үстіне ғылымға – бұл санаулы адамдарға ғана емес, саналы адамның барлығына тиесілі әрі қажет зат.

Оқушының немесе студенттің өз бетінше зерттеу жүргізуі, біріншіден, жеке талабын қанағаттандыруға, екіншіден, көкейінде жүрген сұрақтарға жауап табуға үлкен ықпал етеді. Үшіншіден, өз бетінше зерттеу жүргізу интеллектуалдық және шығармашылық қабілетінің және ойлау, зерттеу білігінің дамуына мүмкіндік туғызады. Білім алушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, жаңа білімді дайын күйінде емес, іздену арқылы алады.

Ғылыми жұмыс – бұл зерттеушілік дағдыларын қалыптастыратын, сол арқылы білімін жетілдіретін, интелектісін дамытатын, практикада іске асатын педагогикалық жүйедегі білім алушының шығармашылық жетістігі.

Зерттеу жүргізудегі ең маңызды нәрсе проблеманы көре білу болып табылады. Проблема жай ғана мәселе деген сөз емес, «проблема» сөзі ежелгі грек тілінен аударғанда «міндет», «кедергі», «қиындық» деген ұғымды білдіреді [1]. Проблема теориялық немесе практикалық болуы мүмкін. Ол – белгілі бір қиыншылыққа тап болу. Ал қиындықтан шығу зерттеуге бағытталған жан-жақты ізденісті талап етеді. Проблема дегенді тағы да былайша анықтап түсіндіруге болады:

1. Проблема бұл – ғылымдағы бар білімге қайшы келетін сұрақ.

2. Проблема бұл – түсіндіруді, ашуды, дәлелдеуді қажет ететін ғылымдағы, практикадағы белгісіз нәрсе.

3. Проблема бұл – қандай да бір құбылысты, нысанды, үдерістерді түсіндіруді қарама-қарсы позиция түрінде қарастыратын қарама-қайшы жағдай. [2].

Проблеманың шешімі тақырыппен ашылады. Зерттеу тақырыбы – бұл

зерттеу ұғымдарындағы проблеманың көрінісі. Тақырып нақты анықталған шекараларға ие болуы керек. Егер тақырып өте кең болса, онда бұл құбылысты егжей-тегжейлі зерттеуді қиындатады және бір адамға қиын болатын материалдың көптігіне әкеледі.

Жалпы тақырып деген зерттеушіге жүктелмеуі керек және оны таңдау кезінде зерттеушінің бейімділігі, қабілеттері мен білім деңгейі ескерілуі керек. Тақырыпты таңдау зерттеушінің проблемаға қызығушылығына, нақты практикалық деректерді алу мүмкіндігіне, сондай-ақ арнайы ғылыми әдебиеттердің болуына қарай жүзеге асырылады.

Зерттеу тақырыбы деген не? [грек тілінің Thema - негізге алынған нәрсе деген сөзі] – өзінің шешімін талап ететін жеке ғылыми мәселенің аты, атауы немесе күрделі теориялық немесе практикалық міндеттердің жиынтығы [3].

Зерттеу тақырыбы түрліше болуы мүмкін. Ең бастысы, ол білім алушыларды қызықтыра алуы тиіс. Қазіргі классификациялауда тақырыпты шартты түрде теориялық, практикалық және аралас болып бөлінеді [4].

Теориялық тақырыптар негізінен әдеби дереккөздерді қолдана отырып жасалады. Басқаша айтқанда, оларға түрлі теориялық дереккөздерден, кітаптардан, адамдардың әңгімелерінен алынған материалдарды, деректерді зерттеуді және жинақтауды талап ететін проблемалар жатады.

Практикалық тақырыптар тәжірибені зерттеу, жалпылау және талдау негізінде жасалады. Оларды кейде эмпирикалық тақырыптар деп те атайды. Ол өзіндік бақылау мен эксперимент жүргізуге бағытталып, тәжірибемен байланысады.

Ал аралас тақырыптар зерттеудің теориялық және практикалық аспектілерін біріктіреді.

Тақырыпты дұрыс, салмақты таңдау – ғылыми жұмысты сәтті орындаудың ажырамас шарты. Тақырыпты таңдағанда: оның өзектілігі, жаңалығы, теориялық және практикалық пысықталуы, маңыздылығы, зерттеуді әзірлеу үшін зерттеу материалдарының болуы, тақырыпты сәтті зерттеудің/игерудің субъективті мүмкіндіктері ескеріледі.

Зерттеу үшін проблеманы таңдаудың негізгі критерийі оның тақырыптың өзектілігі болып табылады. Тақырыптың өзектілігі дегеніміз бұл – қазіргі

уақытта бұл мәселені неге зерттеу керек екенін тұжырымдау деген сөз. Басқаша айтқанда, ол қандай да бір проблеманың немесе сұрақтың, мәселенің шешілуінің маңыздылық дәрежесін көрсетеді [5]. Таңдалған зерттеу тақырыбы қоғамға, адамдар тобына, ғылымға және практикаға неге керегі бар, қандай қызығушылық тудырады деген сұрақтарға жауап беруі керек.

Білім алушының немесе зерттеушінің ғылыми зерттеу жұмысының нысанын анықтау да маңызды мәселе болып табылады. Зерттеу нысанына теория мен практикадағы байланыстар, қатынастар, қасиеттер жиынтығы және ақпаратты зерттеудің қажетті дереккөздер жатыды.

Тақырыпты таңдалып, оның өзектілігі мен зерттеу нысаны анықталғаннан кейін болжам жасауға үйрену керек [6]. Зерттеушілік пен шығармашылық ойлаудың негізі болжам құра білу болып табылады. «Болжам» деген сөз ежелгі грек тілінен аударғанда құбылыстар арасындағы заңды байланыстар туралы негіздеме деген ұғымды білдіреді. Болжам – бұл әрі айқындалмаған, логикалық дәлелденбеген және тәжірибеден өтпеген білім. Болжам шындық та, жалған да болуы мүмкін емес, ол тек ғана анықталмаған құбылыс. Егер болжам теорияға айналмаса, жалғанға айналады. Болжамдағы басты талап нақты материалдармен келісілуі тиіс.

Жұмыстың болжамы анықталғаннан кейін оны зерттеудің мақсаты мен міндеттерін құра білу керек [7]. Мақсат – біреу, міндеттер бірнешеу болады.

Зерттеу мақсаты – бұл біз зерттеу жүргізу кезінде алғымыз келетін болашақ болжамды нәтиже, болашақтың кейбір бейнесі. Мақсат зерттеушінің негізгі жоспарына сәйкес қысқа, нақты болады. Зерттеу мақсатын анықтау өзіне және өзгеге қойылатын сұраққа жауап болып табылады. Мәселен, «Қызылорда қаласының эргонимдері» деген тақырыпты алайық. Онда білім алушының анықтауы бойынша зерттеу мақсаты – Қызылорда қаласы эргонимдерінің мағыналық, құрылымдық түрлері мен үздемелік сипаттамасын беру болып табылады. Ғылыми жетекші мақсатты айқындаудағы шығармашылық тәсілдерді білім алушылардың есіне салып отыруы тиіс. Оның мынадай үлгілерін көрсетуге болады: – ... айқындау; – ... анықтау; – ... зерттеу; – ... сипаттамасын беру; – ... қарастыру т.б.. Мақсат зерттеудің міндеттерінде дамы-

тылады, айқындалады.

Зерттеу міндеттері – бұл жұмыста қойылған мақсатқа жету, мәселені шешу немесе тұжырымдалған зерттеу болжамын тексеру үшін жасалуы керек зерттеу әрекеттері.

Міндеттер қойылған мақсатты нақтылауы керек. Міндеттерді тұжырымдау мынадай сұраққа жауап береді: мақсатқа жету үшін не істеу керек? Мақсат пен міндеттерді қоюда жиі қолданылатын етістіктер: зерттеу, қарастыру, салыстыру, айқындау, білу, бағалау, таңдау, тексеру, анықтау, жүргізу, негіздеу, талдау, көрсету, ашу, қарастыру, әзірлеу, құру, ұсыныстар беру және т.б.

Зерттеу міндеттері мақсатты нақтылауды көздейді. Егер мақсат жалпы бағыт көрсетсе, міндеттер негізгі қадамдарды сипаттайды. Мәселен, білім алушы Қызылорда қаласының эргонимдерінің ерекшелігін зерттей отырып, өзіне мынадай міндеттер қояды:

1.Эргоним ұғымының мәні мен оның лингвистикалық мәртебесін анықтау.

2.Эргонимнің «қала тіліндегі» және жалпы ономастикадағы орнын белгілеу.

3.Атқаратын қызметіне байланысты эргонимнің өзіндік ерекшелігін айқындау.

4.Эргонимдердің түрлерін айқындау, оларды топтастырудағы көзқарастар мен ізденістерге шолулар жасау.

5.Эргонимдердің лингвистикалық кеңістікте пайда болуы мен жасалуындағы уәждемелерін, оның түрлерін қарастыру.

6.Қызылорда қаласы эргонимдерін лексика-семантикалық топтарға бөлу, оларға талдаулар жасау.

7.Қала эргонимдерінің сөзжасамдық ерекшеліктерін көрсету.

8.Қаладағы эргонимдердің жасалуы мен жазылуындағы қателіктерді, қайшылықтарды көрсету.

Зерттеудің келесі кезеңі зерттеу әдістерін таңдау болып табылады. Зерттеу әдісі – бұл міндеттерді шешуге және зерттеу мақсатына жетуге мүмкіндік беретін әдіс. Әдістердің көмегімен зерттеуші зерттелетін пән туралы ақпарат алады. Зерттеудің теориялық және эмпирикалық деген түрлері бар.

Теориялық әдістер мен ғылыми танымның әдістері фактілерді терең талдау, маңызды заңдылықтарды ашу, ойлау модельдерін қалыптастыру, болжамдарды қолдану және салыстыру, талдау, синтез, ұқсастықтарды іздеу, дедукция, индукция, жалпылау, абстракциялау, модельдеу, нақтылау, гипотеза әдісі, идеяларды шығару әдістерін т.б. қамтиды.

Ал эмпирикалық зерттеу әдістері (бақылау, сауалнама әдістері, эксперимент және т.б.) тәжірибеге, тәжірибеге негізделген. Эмпирикалық әдістердің мәні құбылыстарды, фактілерді, олардың арасындағы көрінетін байланыстарды бекіту және сипаттау болып табыла-

ды. Осылардың ішінде бақылау – өте кең таралған және тиімді зерттеу әдісі. Бақылау әдісін белгілі бір мақсатқа негізделген қабылдау түрі деп атайды. Ол практикалық, танымдық міндеттерде бақылау зерттеу әдісі ретінде түрді сипаттайды.

Эксперимент – зерттеу әдістерінің ең маңыздысы. Ол барлық ғылым саласында зерттеумен бірге қолданылады. «Эксперимент» деген сөз латын тілінде «тәжірибе» деген ұғымды білдірді. Бұл таным әдісі арқылы қоғамдағы немесе табиғаттағы құбылыстар қатаң бақылау мен басқару жағдайында зерттеледі. Кез келген эксперимент тексеру мен салыстыру мақсатында қандай да бір практикалық әректікөздейді. Эксперимент ойлану кезеңін өткізетін ойда жүрген мәселе де болуы мүмкін.

Зерттеуші зерттеу жолдарын анықтағанда, алдымен, материалдар жинайды және төмендегі тәртіппен жүйелейді:

- 1.Ойлау.
- 2.Өзіне-өзі сұрақ қою.
- 3.Басқа адамнан сұрау.
- 4.Кітаптардан қарау.
- 5.Бақылау.
- 6.Эксперимент жүргізу.
- 7.Интернет жүйесін қарау.
- 8.Материалдар жинақтау.
- 9.Қорытынды жасау.

Зерттеудің соңғы кезеңі орындалған зерттеу жұмысын қорғаумен аяқталады. Қорғау – зерттеудің жетістігі және жаңа зерттеулердің бастапқы кезеңі болып табылады. Қорғауға әдетте шектеулі уақыт (6-7 мин) беріледі. Осы уақыт ішінде зерттеуші ғылыми тақырыбының өзектілігін аша білу тиіс, сондай-ақ жұмыстың логикасы, тілі, құрылымы мен жиналған материалдың құндылығы, практикалық мәні бағаланады.

Қорыта айтқанда, білім алушы бойында шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен-күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана білімгердің бойында білім нұры тасып, бір сатыдан екіншісіне көшкен сайын оның ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, дүниетанымы арта түсері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Проблема//<https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D1%80%D0%BE%D0%B1%D0%BB%D0%B5%D0%BC%D0%B0>

2.Большая советская энциклопедия. – Москва: Советская энциклопедия, 1990.

3.Тема//<https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D0%B5%D0%BC%D0%B0>

4.Темы научно-исследовательских работ для студентов// <https://sibac.info/blog/temy-nauchno-issledovatel'skih-rabot-dlya-studentov>

5.Актуальность темы исследования, как написать: пример//<https://xn--7sbbaar5acc1ard1a0beh.xn--plai/blog/>

Aktualnost-temy-issledovaniya

6.Как правильно сформулировать гипотезу в рамках исследования// <https://russian-science.info/kak-pravilno-sformulirovat-gipotezu-v-ramkah-issledovaniya>

7.Цель и задачи во введении студенческой работы//<https://kursach37.com/cel-i-zadachi-issledovaniya-v-kursovoy-diplomnoy-rabote/>

ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Сегодня многое изменилось в школьном образовании. Время заставляет сделать школьные уроки яркими, запоминающимися, чтобы дети увлеклись предметом и с желанием шли на урок. И это не случайно. Новое время предъявляет нам, учителям, новые требования. Роль образования на современном этапе развития общества, обеспечивающего способность страны конкурировать с передовыми странами мира, возрастает. Чтобы идти в ногу со временем, чтобы повысить качество образовательного продукта, необходимо прежде всего модернизировать систему образования через применение современных технологий. Именно это станет эффективным способом повышения качества урока, который повлияет на качество обучения учащихся. Накопление учеником определённой суммы знаний, умений, навыков нужно, но важна и подготовка школьника к самостоятельной жизни. Смысл применения инноваций состоит, прежде всего, в использовании личностно-ориентированного обучения, в поиске условий для раскрытия творческого потенциала ученика.

Опыт работы в школе подсказывает, что ежеурочная обстановка сотрудничества ученика и учителя поможет выработать долговременную положительную мотивацию к обучению. А включение учащихся в креативную деятельность позволит раскрыть его потенциал и способности. В арсенале современного учителя множество разнообразных методов и форм обучения, способных развивать творческие способности школьника. На мой взгляд, ведущая роль среди всех методов принадлежит учебным проектам. В технологии учебного процесса происходит смещение акцентов на самостоятельность учащихся. При обобщении, закреплении и повторении учебного материала, при отработке навыков и умений его практического применения этот метод принадлежит к числу наиболее эффективных. Учебный проект – это возможность делать что-то интересное самостоятельно, максимально используя свои способности, приложить свои знания, решить интересную проблему. Проектная исследовательская работа позволяет реализовать межпредметные связи в обучении русского языка и литературы, осуществить опору на практические виды деятельности, такие как умение работать с дополнительной литературой, выделять главное, обобщать прочитанное, сравнивать, представлять результаты своего труда в виде текстов, таблиц,

диаграмм, излагать свое видение проблемы и отстаивать свою точку зрения, работать индивидуально или в группе. А самое главное научит ученика школы самостоятельно приобретать прочные знания в области предмета.

В системе моей работы значительное место занимает метод проектов, который направлен на то, чтобы развить активное самостоятельное мышление ребёнка и научить его применять знания на практике. Литературное произведение – одно из перспективных направлений в этой работе, являясь частью национально-регионального компонента, оно помогает воспитывать любовь к родному краю, интерес к его культуре и истории. Жамбылская область и Шуский район дают большие возможности для плодотворной работы в этом направлении. В качестве примера использования проектного метода и регионального компонента на уроках литературы хочу предложить вашему вниманию выездной урок в 5 классе по произведению М.Д. Зверева «Тайна двухэтажного города» в с. Головачевка Жамбылской области с целью ознакомления с памятниками культуры: музейным комплексом Айша-биби, Бабаджи – хатун и музеем Карахана, который состоялся после внеклассного изучения повести М. Зверева. Предварительно ученики получили задание, которые выполнялись в группах. Группа литераторов должна была собрать материал о писателе Звереве и истории создания его произведения «Тайна двухэтажного города», познакомиться с легендой и записать ее. Группа историков работала над изучением материала о создании музейного комплекса под открытым небом Айша-биби, Бабаджи-хатун и Карахана. Выпускающие редакторы готовый материал, полученный от литераторов и фотокорреспондентов, должны обработать и подготовить к печати – выпуск литературной газеты. Фотографы запечатлели на плёнку увиденное в музее, отснятый материал систематизировали и отобрали для иллюстрирования текста художественного произведения и своего выступления - отчёта на уроке. Репортеры брали интервью у хранителя музея, с этой целью была разработана система вопросов. Также состоялось интервью со школьниками, родителями и учителями, принимающими участие в поездке. Итогом нашей работы стал обобщающий урок по произведению, где ребята в форме деловой игры дали творческий отчёт о проделанной работе на экскур-

сии в село Головачёвку и создали макет будущей литературной газеты. При этом были соблюдены все методические принципы: принцип обучения – пятиклассники получали новые знания по теме, принцип научности – занимались исследовательской деятельностью, творческими проектами, в результате которых был дан творческий отчёт на уроке, прошла защита работ в форме выпуска литературной газеты. Принцип доступности и занимательности – дети получили и знания, и удовольствие от поездки, и с огромным интересом работали как дома, так и на уроке. Были реализованы эстетический и культурологический принципы, они способствовали активизации межпредметных связей с дисциплинами лингвистических, исторических циклов, искусствоведением, журналистикой. Считаю сверхзадачей использования регионального компонента – формирование у детей творческого потенциала, развитие эстетического вкуса, воспитание гражданских качеств – гордость за богатую историю родного края, любовь к родной земле. И все это основано на сопутствующем обучающему принципу воспитывающем принципе.



Решаем смысловые пропорции, знакомясь с темами «Синонимы», «Антонимы». Грусть: радость = Жара : X
Найти X.

Родина: Отчизна: Отечество = глаза : X : Y
Найти X и Y.

На основе предложенных смысловых пропорций ученики делают выводы: слова используются в разных языковых ситуациях: глаза - нейтральный стиль, очи - высокий, торжественный, гляделки – сниженная разговорная лексика. Высказываются мнения, где и в каких языковых ситуациях уместно использовать слова. Выводы записываем в тетрадь. Это пример исследовательской работы

с учениками на уроке, которая позволяет школьникам младших классов и учиться исследовать языковые элементы, и учиться умению аргументировать.

При изучении вводных тем «Русский язык как средство общения», «Язык и речь» разбирали проблемную ситуацию, которая представлена в виде лингвистического эксперимента.

Лингвистический эксперимент № 1. Вызываю двух учеников, один из которых владеет казахским (английским/немецким/турецким) языком, другой – нет. Говорящий на казахском (английском/немецком/турецком) языке задаёт вопрос своему товарищу. Его товарищ ответить на заданный вопрос не может, тогда этот же вопрос даётся на русском языке. Далее делается вывод: Что необходимо, чтобы состоялось общение? Ребята без труда определяют и делают выводы: знание языка, наличие собеседников и общей темы разговора. Выводы записываются.

Лингвистический эксперимент № 2. Участники: 2 ученика. Прошу попробовать донести до своего товарища без слов какую-либо мысль, используя только жесты, мимику.

- Каковы итоги эксперимента? Возможно ли общение без слов?

Предполагаемые выводы: общение без языка затруднительно (запись выводов в тетрадь и на доске) и возможны разночтения мыслей.

Деловая игра. Участники: класс, поделённый на 2 племени (команды). Представьте, что вы охотники из разных племён. Охота первого племени была удачна. Вы хотите, чтобы о вашей радости узнали соседи – второе племя. Но вот беда: там говорят на другом языке, а вы его не знаете. Для второго племени ситуация аналогичная. (Создание проблемной ситуации для деловой игры)

-Как вы расскажете им о своей удаче?

Предполагаемый ответ: Изобретём новое письмо – рисованное.

-Чем рисованное письмо отличается от обычного для нас письма?

Предполагаемый ответ: информацию несут не слова, а рисунки.

(Работа класса над рисунками с последующей их защитой). Ребята показывают рисунки и пробуют их прочитать, т. е. взять информацию, заключённую в рисуночном письме. Такой вид работы способствует развитию образного и креативного мышления школьника (см.рис).

- Каковы итоги игры?




Рис. Урок русского языка «Язык и речь». Деловая игра, 5 класс.

Рис. Урок русского языка «Язык и речь». Деловая игра, 5 класс.

-Можно ли с помощью рисунка передать точную информацию?

Предполагаемый ответ: возможны разночтения,

-Можно ли с помощью рисунка передать чувства охотника, его эмоции: страх, радость, гордость, разочарование?

Предполагаемый ответ: Нет, только конкретные, а не отвлечённые понятия,


-А какие вспомогательные средства общения известны вам?

Предполагаемый ответ: азбука Морзе, сигнальные флажки, дорожные знаки и другие.

Предполагаемые выводы: возможны разночтения в работе с рисуночным письмом, с помощью рисунка передать чувства охотника, его эмоции нельзя, так эмоции человека - не конкретные, а отвлечённые понятия.

Также хочу отметить, что неплохо использовать на уроках литературы компьютерные презентации. Это уроки по биографиям писателей с богатым иллюстративным материалом, позволяющие осуществить исследование в рамках одного урока. Часто использую фонохрестоматию - эталонное прочтение, в познавательных целях, чтобы познакомиться с голосом знаменитых писателей, актёров; видеоролики - на уроках литературы важен исторический комментарий, который содержит сведения об исторических личностях, событиях, иллюстративный и видеоматериал.

Ребята не просто смотрят видеоролик. Им заранее предлагаются задания, вопросы, на которые надо ответить после просмотра видеосюжета. По ходу просмотра они могут записывать основные факты, даты или составлять тезисный или простой план, что развивает общеучебные умения и навыки, также можно просматривать фрагменты экранизаций литературных произведений, аудиозапи-



си для повышения эффективности урока. ЭСО, используемые в образовательном процессе, должны соответствовать общедидактическим требованиям: научности, доступности, проблемности, наглядности, системности и последовательности изложения материала, сознательности обучения, самостоятельности в работе, прочности усвоения знаний, единства образовательных, развивающих и воспитательных функций.

Вышеперечисленные приёмы не являются единственными в рамках обсуждаемой темы, но наиболее полно соответствуют главной задаче – созданию креативной образовательной среды, развитию творческих способностей учащихся, умению проявить себя в исследовательской деятельности, получить навыки самостоятельного поиска и обработки необходимой информации.

Использованная литература

1 Пахомова Н.Ю. Метод учебного проекта в образовательном учреждении. М, 2003, с. 14

2 Соколова Ю.А. Учебный проект и возможности его реализации на уроках русского языка / Ю.А.Соколова // Русский язык в школе. – 2008. – №3. – с. 3-10

3 Ступницкая М.А. Новые педагогические технологии: учиться работать над проектами: рекомендации для учащихся, учителей и родителей / М.А.Ступницкая; художник А.А.Селиванов. – Ярославль: Академия развития, 2008. С. 7- 197.

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ГЕЙМИФИКАЦИЯНЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Білім берудегі геймификация – ойын элементтері мен оның принциптерін оқыту үдерісіне кіріктіру дегенді білдіретін ұғым. Соңғы жылдары мұғалімдердің тек қана сапалы білім беріп қана қоймай, заман талабына сай интерактивті және иммерсивті тәсілдер арқылы оқушыларды оқу үдерісіне қызықтыру қажеттілігі туды. Оның басты себебі жаңа «Z» және «Альфа» ұрақтың дүниеге келуі.

«Z» ұрпақ ақпаратты оқып емес, оны көріп немесе тыңдап қабылдайды. Олар сондай-ақ көлемді мәтіндерге, ұзақ бейнероликтерге зейін аудармайды, ұзақ жүргізілген үдерістен тез зерігеді. Ал «Альфа» ұрпақ әлемдік ғаламтор желісін динамикалық пайдаланушылары. «Ofcom» зерттеу орталығының «Балалар мен ата-аналар: БАҚ-ты пайдалану және қарым-қатынас туралы есеп» мақаласында 2 жастағы балалардың шамамен 80%-ы смартфондар мен планшеттерде белсенді түрде ойындар ойнайтындығын дәлелдеген болатын. Бұл мәліметтерге сүйене отыра, білім беруде геймификацияны қолдану тек «тренд» қана емес, қажеттілік екендігіне көзіміз жетіп отыр.

Негізгі бөлім.

Геймификация – ойын элементтерін оқыту үдерісіне енгізу процесі. Бұл оқушылардың сабаққа белсенді қатысуы мен оқуға деген ынтасын арттырады және материалды тиімді меңгеруіне көмектеседі.

«Геймификация» термині алғаш рет баспасөз материалдарында 2002 жылы көрініс тапты. Термин авторы британдық бейне ойын бағдарламашысы Ник Пеллинг болды. Ойын технологиясының жедел дамытынына кәміл сенімді болған Н.Пеллинг өзінің шағын ойын стартапын құрды. Бірақ XXI ғасырдың басында компьютерлік технологиялардың жеткіліксіз дамуы және де терминнің ғылыми ортада танымал болмауы «геймификацияның» дамуын баяулатты. Мобильді құрылғылардың пайда болуымен «геймификация» термині 2008 жылы жаңа контексте екінші рет жарыққа келді. Егер 2002 жылы геймификация туралы әңгімені ойын индустриясының өкілі бастаса, 2008 жылы кәсіби орта өкілдері жалғастырды. Компьютерден мобильді гаджеттерге жаппай көшкен заманда бұл терминнің тек ойын индустриясында ғана емес, сонымен қоса маркетинг, бизнес, менеджмент салаларында жаңа мүмкіндіктердің ашылуына себепкер болды. Кейін «геймификация» термині тек бағдарламалау мен кәсіпте ғана емес, білім беру саласына да түгіптеп енген болатын.

Ресейде геймификация термині 2010 жылы педагогика ғылымында геймификация туралы идеялардың қалыптасуымен байланысты пайда болды. Білім берудегі геймификация бағыттың қалыптасуы 2010 жылы К.Вербахтың зерттеу үдерісінен бастау алады. Бұл ғылыми бағыттың дамуына үлкен үлес қосқан ғалымдар: Л.А.Аванесян, И.А.Большакова, А.В.Бурлаченко, Д.В.Бурмирова, А.И.Войтенко, А.Голубова, В.В.Горгорова, Л.А.Кобина, Е.Е.Егоров, П.А.В.Пучанзи, Н.В. Чиряев және т.б. [1, б. 169].

Қазақстандағы геймификация ұғымы педагогикада алғашқы рет «ойын педагогикасы» немесе «ойындық оқыту әдістемесі» деп танылды. Бұл әдіс оқушылардың белсенділігі мен оқуға деген ынтасын арттыруды, сыни тұрғыдан ойлауды, коммуникативті дағдыларды және басқа да құзыреттерді дамыту мақсатында оқу үдерісінде ойын элементтерін қолдануды көздейді. Ойын педагогикасы неғұрлым қызықты және тиімді білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді.

Ойын технологиясы жайлы алғашқы көзқарасты ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде кездестіре аламыз. Ол: «Баланы ойыны қайсы «жұмысы» қайсы, айыруға болмайды. Ойыны да ойын, «жұмысы» да ойын, бәрін де ойын үстінде, ойын үшін істейді... Жас балаларға жақсы іс, дұрыс білім үйрету дегенде мектеп балаларына сабақ үйрету үлкендерге іс үйрету сияқты емес, әлгі айтылған сияқты балалар табиғаты тілейтін жолмен үйрету айтылады. Яғни баланы ойынға үйрету, қатыстыру арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп үйрету деп білу керек» - дейді өзінің «Баяншы» еңбегінде. [2, б. 261].

Ж.Аймауытов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердіұлы, С. Торайғыров секілді ұлт ұстаздары оқушы психикасының дамуында ойын әрекетінің маңыздылығын ашып, оқушылардың күзіреттілігін дамытуда шешуші рөл атқаратындығын жазып кеткен. Педагог-ағартушы Н. Құлжанова өз еңбектерінде ойын технологиясын әдептілік, тәрбиелік мақсатта пайдалану оқушының болашақ өміріне түзу жол салу,

үлкендерге еліктеу және өмірдің талаптарына сай бейімдеу деп түсіндірген. Ф. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова, Ж. Ә. Әбиев, С. Б. Бабаев, А. М. Құдиярова және т.б ғалымдар ойын технологиясын өз еңбектерінде зерттеген.

Ойын – оқу үдерісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Ойынның мақсаты – ойын технологиясы арқылы оқушылардың күзіреттілігін дамыту, коммуникациялық және білімгерлік дағдыларын қалыптастыру. Міндеті – оқушының қызығушылығын оятып, оқу белсенділігін арттыру. Ойын технологиясының төмендегідей түрлері бар. [3, б 160].

Сызба – 1. Ойын түрлері.



Дидактикалық ойындар оқушылардың білім, білік және дағдыларды меңгеруі үшін оқу мақсаттарында қолданылатын ойын түрі. Оның негізгі мақсаты – академиялық немесе танымдық құзыреттерді дамыту және нығайту. Оқушылар дидактикалық ойын барысында тапсырмалар, жұмбақтарды шешу, сұрақтарға жауап беру және басқа оқу әрекеттері арқылы жаңа білім алады.

Іскерлік ойындар – оқу-тәрбие процесінде оқушылардың белсенді қатысуы үшін қолданылатын әдіс. Ол оқушылардың оқу материалына деген қызығушылықтарын арттыруға, қарым-қатынасты, ынтымақтастықты, мәселелерді шешуді және шығармашылық (креативті) ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Іскерлік ойындардың үш түрі бар: рөлдік, имитациялық және операциялық.

Рөлдік ойындар:

Рөлдік ойындарда оқушылар әртүрлі кейіпкерлердің рөліне еніп, нақты әлемді немесе жағдайларды имитациялайтын параметрлерде белгілі бір рөл атқарады. Рөлдік ойындардың мақсаты – оқушыларға әртүрлі адамдардың көзқарастарын жақсы түсінуге көмектесу, эмпатия және аналитикалық талдау дағдыларын дамыту.

Имитациялық ойындар:

Имитациялық ойындар нақты жағдайдың «моделін» құруға негізделген. Ойынның бұл түрінің негізгі мақсаты – оқушылардың талдау, сыни ойлау және шешім қабылдау дағдыларын дамытуға көмектесу.

Операциялық ойындар:

Операциялық ойындар ойын барысында оқушылардың орындайтын нақты тапсырмалары немесе әрекеттеріне бағытталған. Мысалы, бұл модель жасау немесе эксперимент жүргізу болуы мүмкін. Операциялық ойындардың мақсаты – оқушыларға «тәжірибе арқылы үйренуге» мүмкіндік беру және іздемпаздық пен практикалық дағдыларды қалыптастыру.

Педагогикалық ойын технологиясы мен геймификацияның негізгі қозғалтқышы «ойын» болғанымен, интерактивті және практикалық тәжірибелер арқылы оқыту нәтижелерін жақсартуға бағытталғанымен, олардың жүзеге асырылуы айтарлықтай ерекшеленеді.

Ойын технологиясы білім беру мақсаттары үшін арнайы әзірленген ойындарды пайдалануды қамтиды. Бұл ойындар оқу бағдарламасының мазмұны мен оқу мақсаттарын қоса алғанда, мықты педагогикалық негізбен мұқият құрастырылуы тиіс. Оның негізгі мақсаты – оқушылар белсенді қатысатын және жаңа ұғымдар мен дағдыларды меңгеретін қызықты орта құру. Бұл ойындар жиі сыни ойлауға, мәселелерді шешуге, оқуға ынталандыратын әрекеттерді қамтиды.

Ал білім берудегі геймификация ойын элементтері мен механикасын дәстүрлі оқыту процесімен біріктіруді негізге алады. Мұғалімдер толыққанды ойындарды пайдаланудың орнына өз сабақтарына ұяйлар, деңгейлер, бейджерлер, көшбасшылар тақтасы және марапаттар сияқты ойын компоненттерін енгізеді. Геймификацияның мақсаты – ойында жиі кездесетін психологиялық әдістерді

қолдану арқылы оқушылардың белсенділігін, мотивациясын және қатысуын ынталандыру. Мысалы, оқушылар тапсырмаларды орындау үшін ұпай жинай алады, белгілі бір бөлестерге жету үшін жетістіктерді аша алады немесе көшбасшылар тақтасында бірінші орын үшін сыныптастарымен жарыса алады. Геймификация оқуды қызықты етуге және оқушылар арасында бәсекелестік, ынтымақтастық және өзін жеке тұлға ретінде дамытуға бағытталған. [4, б. 9].

Ойын технологиясы да, геймификация да ойын элементтерін білім беру контекстінде пайдаланудың бірдей тұжырымдамасын білдірсе де, негізгі айырмашылық олардың қолданылуында. Білім берудегі ойын технологиясы мазмұнды ойынға терең кіріктіретін, бай және көп қырлы оқу тәжірибесін ұсынатын жан-жақты жүйені қамтамасыз етеді. Ал, геймификация бар білім беру құрылымдарын таңдаулы ойын мүмкіндіктерімен безендіреді, мазмұнды кеңейтуден гөрі мотивация мен белсенділікке басымдық береді. Қысқаша қайырсақ, ойын технологиясы оқушыларға білімнің практикалық жағына көбірек мән берсе, геймификациямен оқушылардың білімін цифрлық оқыту, бекіту және бағалауға бағытталған.


Сөзіміз дәйекті болуы үшін мысал келтірсек. «Қазақ тілі» сабағынан «Етістіктер» тақырыбын алып, ойын технологиясы мен геймификация үлгілерін жасап көрейік. Ойын технологиясымен «Етістік» грамматикалық тақырыбын түрлендіру үшін «Таймлайн» әдісін қолдануға болады. Бұл ойын етістіктің шақтарын бекіту үшін арналған карталық ойын. Шақтық категориядағы етістік жазылған карталар таратылып, оқушылар берілген сөзді пайдаланып оқиға желісін құрады. Ойын соңында оқушылардың өз ойынан құрастырған әңгімесі жарыққа келеді. Оқушылар тек қана грамматикалық ережені бекітіп қана қоймай, өздерінің фантазиясын, аналитикалық және коммуникациялық дағдысын дамытады. Ал геймификациямен осы тақырыпты өткізетін болсақ танымал «Wordwall», «Learning apps», «Kahoot» платформаларынан басқа «Gamekit», «Genially», «Umoigra» сервистерін пайдалануға болады.



Сурет – 1. «Genially» және «Umoigra» сервистері.


Геймификацияны оқу үдерісінде қолданудың тағы да мысалдарын ұсынғымыз келеді:

Интерактивті тапсырмалар мен квесттер. Дәстүрлі оқыту жаттығуларының орнына оқушыларға интерактивті ойындар мен тапсырмаларды ұсынуға болады. Мысалы, етістіктің келер шақ категориясын өту барысында оқушылардың шақ түрлерін ажырата отырып, бекітуге берілген тапсырмаларды «Joyteka.com» сервиси арқылы «квест» түріндегі ойынмен орындауға болады. Бұл сервистің көмегімен оқу үрдісін қызықты әрі танымды жүргізіп қана қоймай, оқушылардың білімін бірден тексеру мүмкіндігін аласыз.




Сурет – 2. «Joyteka.com» сервиси.

Виртуалды жарыстар. Оқушылар өтілген тақырып бойынша жарыстарға немесе турнирлерге қатыса алады. Бұл олардың білім деңгейін көтеруге ғана емес, сонымен бірге командалық рухты және қысым жағдайында жұмыс істеу қабілетін дамытуға көмектеседі. Мысалы, «Bamboozle» онлайн сервисті қолдану арқылы топқа бөлінген оқушылардың білімін викторина сайысы арқылы тексеруге болады. Оқушылар өздерінің ұжымдық рухын көтеріп қана қоймай, коммуникациялық дағдыларын дамытады.



Сурет – 3. «Bamboozle» сервиси.

Өткен материалды есте сақтауға көмектесетін ойын. Геймификацияны қолдану күрделі ұғымдар мен тақырыптарды бірден есте сақтауға мүмкіндік береді. Мысалы, «Flippity» сервисимен оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамытып қана қоймай, материалдарды жедел меңгеруіне арналған «үстел ойынын» құрастыруға болады. Оқушылар интерактивті үстел ойынын ойнау арқылы текше көрсеткен картаны ашып, жауап беріп, келесі деңгейге өтуге мүмкіндік алады.



Сурет – 4. «Flippity» сервиси.

Бұл оқушылардың ынтасын арттыру, өмірлік дағдыларын дамыту және оқуды жақсарту үшін білім беруде геймификацияны қалай қолдануға болатынын көрсететін аз ғана мысал. Геймификацияны білім беруде қолдануға арналған сапалы сервистер өте көп. Оқу үдерісін жаңғыртуға, жаңартуға, оқушыларды қызықтыруға арналған геймификация үлгілері сабағыңызды естен кетпестей етіп қана қоймай, оқушылардың сіздің сабағыңызға деген қызығушылығын арттырады.

Білім берудегі геймификацияның артықшылықтары:

1. Белсенділіктің артуы. Білім берудегі геймификация оқушылар үшін оқу үрдісін қызықтырақ ете алады, бұл белсенділік пен мотивацияны арттырады.
2. Жетілдірілген оқу үрдісі. Ойындардың ақпаратты интерактивті және қызықты түрде ұсыну мүмкіндігі бар, бұл оқушылардың жалпы оқуын жақсартады.
3. Дербес оқыту. Геймификация жекелендірілген оқытуға мүмкіндік береді, өйткені ойындар оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімделуі және жылдам кері байланыс қамтамасыз етеді.
4. Дағдыларды дамыту. Ойындар көбінесе проблеманы шешу дағдыларын, сыни ойлауды, стратегиялық жоспарлауды және командалық жұмысты талап етеді, бұл ойынның өзінен тыс қолданылатын құнды дағдыларды дамытуға көмектеседі.
5. Дерек кері байланыс. Геймификация арқылы оқушылар өздерінің жетістіктері туралы дерек кері байланыс алады, бұл олардың мықты және әлсіз жақтарын түсінуге және сәйкесінше түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Білім берудегі геймификацияның кемшін тұстары:

1. Сыйақыларға артық мән беру. Геймификация оқушылардың ішкі мотивациясы мен оқуға деген шынайы сүйіспеншілігін дамытуға ғана емес, марапаттарға тым көп көңіл бөлуіне сепіттің тигізуі мүмкін.
 2. Зейіннің дұрыс қойылауы. Оқушылардың білім беру мазмұнына емес, ойын аспектісіне шамадан тыс назар аудару қаупі бар, бұл оқу нәтижелерін нашарлатуы мүмкін.
 3. Білімнің шындыққа жанаспайтын көрінісі. Кейбір жағдайларда ойынға негізделген білім беру мазмұны күрделі пәндерді тым жеңілдетуі немесе бұрмалауы мүмкін, бұл оқушылар арасында түсінбеушілік тулдыруы мүмкін.
 4. Іске асыру мәселелері. Геймификацияны білім беруге интеграциялау бюджеті немесе инфрақұрылымы шектеулі мектептер үшін іске асыру қиындықтарын тудыруы мүмкін технологиялар мен ресурстарға инвестицияны, сондай-ақ мұғалімдерді дұрыс оқытуға талап етеді.
- Білім берудегі геймификацияның артықшылығы оқушылардың сабаққа белсенді қатысуын ынталандыруы мен ойын элементтері арқылы оқуға деген қызығушылығын тудыратындығында. Сондай-ақ геймификация оқушылардың мотивациясын арттырып, ақпаратты жақсырақ есте сақтауына көмектеседі.
- Дегенмен, геймификацияның бірқатар кемшіліктерін де атап өткен жөн. Егер геймификация бұрыс қолданылса немесе тиянақты дайындалмаса, ол үстірт оқуға алып келеді және материалдың сапасын төмендетеді. Білім беруде геймификацияны ойдағыдай жүзеге асыру үшін оның жағымды және жағымсыз жақтарына назар аударып отырып, геймификацияны дәстүрлі оқытуға алмастырмайтын оқу үдерісінің бір бөлігі ретінде қарауымыз қажет.

Қорытынды.

Білім берудегі геймификация оқушыларды оқуға қызықтырып, ынталандырудың тиімді құралы екенін дәлелдедік. Ұпайлар, деңгейлер, марапаттар және жарыстар сияқты ойын элементтерін оқу іс-әрекетіне қосу арқылы оқытушылар оқушылардың сабаққа қатысуын, ынтымақтастығын, мәселені шешу дағдыларын және жалпы оқу үлгерімін жақсартуға болатынына көзіміз жетті. Сондай-ақ геймификация оқушылардың ақыл-ойының өсуіне ықпал етіп, табандылық пен іздемаздық қабілеттерін дамытады.

Геймификацияны сәтті жүзеге асыру мұқият жоспарлауды және ойлануды қажет ететінін атап өткен жөн. Мұғалімдер оқу максаттары мен оқу бағдарламаларының стандарттарына сәйкес келетін ойындарды мұқият тандап, жобалауы керек. Сонымен қатар, геймификация белсенділік пен мотивацияны арттыра алғанымен, ол дәстүрлі оқыту әдістерін толығымен алмастырмайды. Ойынға негізделген әрекеттерді де, дәстүрлі оқытуды да біріктіретін теңдестірілген тәсіл оқушылардың білімін арттыру үшін тиімді болып есептеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сартакова Е.Е. Проблемы развития теории геймификации в России. Вестник Томского государственного педагогического университета. 2022 год. Вып. 2 (220).
2. Сербаева С.Т. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі оқыту әдістері мен тәсілдері. Ахмет Байтұрсынұлы: ақын, ғалым, публицист. Облыстық ғылыми-практикалық конференция. Қостанай: 2022.
3. Берібекова Ф. Б., Жанатбекова Н. Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.
4. Gamification in on-line higher education - 2020-1-PL01-KA226-HE-096034.

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІ ОҚЫТУ

Ұлттың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты, өресі биік, өз Отанын сүйетін азаматты тәрбиелеу – әр мұғалімнің алдында қойған мақсаты.

Бүгінгі қоғам сауатты, білімді, өз ойын еркін де ұтымды жеткізе алатын, рухы таза, ой-өрісі биік, шыдамды да еңбеккор тұлғаны талап етеді. Жалпы, әр баланы жеке тұлға деп қарай отырып, бойларындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуына көңіл бөліп, олардың рухани адамгершілігін дамыта оқытуды басты назарда ұстау қажет. Жан-жақты жетілген, қоршаған ортасының қадір-қасиетін бағалай алатын парасатты, көрген-білгенін бағамдай алатын зерделі, зерек балаларды қалыптастыру үшін қазақ әдебиеті сабағында шешендік сөздерді оқыту өте тиімді.

Қоғам қашан да дарынды, қабілетті адамдарға мұқтаж. Дарынды адамдар қатарын көбейту үшін баланың сөйлеу тілін, танымын дамыту керек. Қазіргі кездегі оқу-тәрбиенің міндеті даналыққа құрылған қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді, шешендік өнерді жас ұрпақтың санасына сіңіру.

Соңғы кезде қазақ балаларына арналған ауыз әдебиетінің үлгілерін, оның салаларын оқытуға ерекше көңіл бөлінуде. Оқу материалдарына аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, жырлар, шешендік сөздердің түрлерін балалардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізу дүние танымын кеңейтуге, жан-жақты дамуына ықпал етеді. жас ұрпаққа қазақтың би-шешендерінің өмірінен мәлімет беріп қызықты тұстарынан сөз қозғау өнегелі істерге апарар жол.

Адамзат тарихындағы рухани материалдық мәдениеттің дамуының негізгі құралдарының бірі, шешендікке құрылған әңгімелерді, аңыздарды және өлеңдерді бастауыш сыныпта оқыту оқушы тілін ұштайды, сөздік қорын байытады, өмірге деген көзқарасын оятып, дүниетанымына жол ашады.

Жоғары деңгейде қазақ халқының атақты шешендері Қаз дауысты Қазбек, Төле, Әйтеке билерді қазақ тілі пәні арқылы таныстырып, олардан қалған құнды да мол мұраларды оқыту, ұлағатты сөздерін жатқа айтқызу – уақыт талабы.

Сонымен, қазақ әдебиеті сабағының танымдық мақсатына мыналар ескерілу қажет:

1. Шешендік сөздерді халқымыздың қадір тұтуы;

2. Шешендік сөздердегі ұлттық мәдениет және парасаттылық;

3. Асыл сөздің астарындағы ұлағатты сөздер;

4. Дау-жанжалдардың бітімін екі-ақ ауыз сөзбен шешіп, ел мен елді бітістіріп, жарастырып келелі мәселелерді тындырып отыратындығы.

Билер мен шешендердің көрегендігін, даналық сөздерін оқытып, жатқа айтқызу жас ұрпақты шешендікке, ата-бабадан қалған мол мұраны игеруге баулиды.

Бүгінгі қолымызға жиналған мәліметтерді саралай келгенде шешендік сөздердің көлемінің тым ауқымды, ішкі жанрлық түрлерінің де алуан түрлі екендігіне, классикалық әдебиеттің келелі мәселелерін шешуде кәдеге асып жатқан шығармалар екендігіне көз жеткіздік.

Жоғары деңгейдегі оқушыларға шешендік сөздерді оқытудың негізгі мақсаты жоғары деңгей оқушыларын өз ойы мен пікірін еркін жеткізе алтын тұлға деңгейіне көтере, яғни ұлттық шешендік сөйлеуді айла амалдарын шешендік өнерді сыр мен сымбат, тапқырлықты, тақырыптық тәсілдері қолдану бүгінгі ұрпақтың бойына сіңіру.

Оқушыларға шешендік сөздер туралы сөз қозғағанда ең алдымен, оқытушыға назар аудару керек. Оқушылар күнделікті сабақ беру үрдісінде шешендік сөздерді орынды жерінде ойын дәлелдеуде дәнекер етсе, оқушыларды тілге шебер ойы орамды мәдениетті сөйлеуге тәрбиелейді.

Шешендік сөздерді оқытуға басты мақсат – оқушылардың сана-сезімі мен ақыл-ой ұшқырлығы, сөз шеберлігі, дұрыс ойлау жүйесін қалыптастыратын шығармашылық қабілетін арттыру.

Қорытындылап қарасақ, шешендік сөздерге халық даналығы, инабаттылық пен ізгілік нышандары жатады екен.

Шешендік сөздердің жоғарғы деңгей оқушыларының тілін дамытуға, сөздік қорын байытуға қаншалықты қажет екенін көріп отырмыз.

Сөз мәдениеті адамның ойлау

мәдениетінің жоғары болуына ықпал етеді. Ана тілін ардақтау, тілді құрмет тұту, оны талғампаздықпен жұмсау, тілдік амал-тәсілдерді қарым-қатынас мақсатына сай қолдана білу – жалпы мәдениетке, оның ішінде сөз мәдениетіне қойылатын аса қажетті шарттар. Осы шарттарға толық жауап беретін сөз шешендікке ұласады.

Шешендік – болашақтағы қадамдарыңызға жол ашатын, өзіңізді танытуға мүмкіндік беретін, биік белестерге жетелейтін қуатты құралымыз, пәрменді күшіміз. Сондықтан бұл сабақтың мақсаты – шешендік өнердің алуан сипаттары, тарихы, шешендік сөздің түрлері мен ерекшеліктері, пікір-талас мәдениеттің талаптары жөнінде жан-жақты мағлұмат бере отырып, сөйлеу этикасын меңгеруге, тілді әлеуметтің қызметіне сай орынды жұмсай білу іскерлікті жетілдіруге, өмірге қажетті тілдік, қарым-қатынастық біліктерімізді дамытуға мүмкіндік жасайды.

Патшаның тағынан шешеннің бағын жоғары бағалап, сөз өнерін өнердің бастауы деп таныған халқымыздың даналық қасиетін терең түсіну үшін тіл - құралды дұрыс қолданудың маңызы зор. Атақты шешен Цицерон айтқандай : «Ақындық туа бітті өнер болса, шешендік жүре келе қалыптасатын қасиет». Олай болса, шешендік өнерді үйрену – әркімнің рухани қажеттілігі деп білемін.

Көпшілік алдында сөйлейтін кез келген сөз шешендік сөз болмайды. Шешендік сөз мынандай талаптарға жауап беру керек:

1. Белгілі бір әлеуметтік мәні бар тақырыпты қозғайтын және шаршы топ алдында айтылатын сөз болу керек;

2. Әңгіме өзегінің дәлелі болуы тиіс;

3. Тыңдаушыларға бір нәрсені әуелі түсіндіріп, содан соң ойлантып, ақырында белгілі бір әрекетке ұмтылдыруды көздеуі қажет;

4. Тыңдаушыларға жақсы әсер етіп, құлақ құрышын қандырып, сүйсіндіретін эстетикалық қасиет болуға тиіс;

5. Шешендік шындықты, ақиқатты тануға ұмтылдыруы тиіс.

Шешендік сөздің аясы кейінгі кезде арта түсуде. Шешендік сөздің қолдану өрісі кеңіді. Ол қоғамның

саяси әлеуметтік өмірінің барлық саласындағы идеологиялық-тәрбиелік іс-әрекеттердің, оқу-білімнің, заң мен ғылымның, ел басқару істерінің пәрменді құралына айналды. Жиналыс, мәжіліс, құрылтайларда, пікір-сайыстарда, жиындарда, семинарда шешендік сөз өте-мөте қажет. Мұндайда шешендік сөз әдемі сөйлеудің үлгісі емес, талапқа сай сөз амалы болуы керек.

Бұрынғы билердің жаңа жолдарымен қазіргі шешендердің мазмұн, сипаты жағынан елеулі айырмашылықтары бола тұра, оларға ортақ бірнеше факторлар бар:

- Сөздің көркем әрі әсерлі болуы;
- Көркемдеу тәсілдерінің орынды қолданылуы;
- Әлеуметтік мүдденің қорғауы;
- Тыңдаушыға жағымды әсер туғызатындығы.

Көпшілікті иландырып, олардың ойына қозғау салатын сөзді айту кез келген адамның еншісіне тие бермейді. Сыпайы да салмақты, алғыр да ақылды, білімді де білікті адам ғана, ойлы да оралымды сөз айта алады. Шешен адамның бойында осындай қасиеттің болуы басты шарт. Әл-Фарабидің сөзімен айтқанда интеллектуалдық «Жанның ақыл-парасаттық жағына жататын қайырымдылық, даналық, ақыл-ойдың тапқырлығы, ұғымталдық, ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік деп білеміз.

Осы орайда оқушылардың бойына сөйлеу мәнерін қалыптастыру үшін алдыма бірнеше мақсат қойдым. Олар:

- Ұлттық шешендік үлгіні меңгерту;
- Сөз бостандығы деңгейінің табиғатын білдіру;
- Этика мен тілдің ара-қатынасын таныту;
- Ұлттық қасиеттердің сөз арқылы танылуына көңіл бөлу;
- Сөз мәнерін тануға ұмтылу.

Сабақ барысында оқушылар сөйлеу сипатына, интонацияға, сөздің айтылу әсерлігіне назар аударды. Бірнеше сұрақтар бойынша жауап берді.

Шешендік тану ғылым екенін, шешендік сөз – белгілі бір оқиғаға қатысты көркем тілмен кестеленген шындық сөз екеніне көз жеткізді. Интеллектуалдық пен этика шешеннің қос қанаты екенін танып білді. Шешендіктің өнер ретінде қайдан бастау алатынын білді. Шешендік өнердің тарихында орны бар даналар туралы мағлұмат алды. Шешендік өнердің өз топырағымызда қалай дамығандығына көз жеткізді.

Осы сабағымда оқушыларымнан төмендегідей нәтижелер күттім:

- Оқушылар шешендіктану, шешендік өнер мен шешендік сөздің айырмашылығын білді;
- Шешендік өнер туралы түсінік қалыптасты;
- Шешендік сөздерге байланысты нақыл сөздерді жинақтауды үйренді;
- Оқушылардың тілі дамыды;
- Жан-жақты дамыған тұлға ретінде танылды;
- Жүйелі сөйлей білу әдіс-тәсілдерін үйренді;
- Кейіпкерлерге мінездеме беруді үйренді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай. Шығармалар жинағы. 2-т. – Алма-Ата: Жазушы, 1986.
2. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Рауан, 1996.
3. Адамбаев Б. Шешендік өнер.- Алматы: Ғалым, 1999.
4. Апресян Ю.Д. Ораторское искусство. – М.: ИМУ, 1972.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алма-Ата: Мектеп, 1982.
6. Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996.
7. Қазақ әдеби тілінің тарихының проблемалары. – Алма-Ата: Ғалым, 1987.
8. Төрекұлұлы Н. Қазақтың 100 биешені. – Алматы: Қазақстан, 1995.
9. Шешендік шыырлары. – Алматы: Қайнар, 1993.